

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ
ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ



Гүлзия ПІРӘЛІ

ҚАЗІРГІ МҰХТАРТАНУ

2-КІТАП

Алматы
«Елтаным баспасы»
2014

ӘОЖ 821.512.122.0 (075)

КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 7

П 95

Пікір жазғандар:

Н. АҚЫШ,

филология ғылымдарының докторы;

С. ҚОРАБАЙ,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Пірәлі Г.Ж.

П 95 Қазіргі Мұхтартану: 2-кітап / Г.Ж.Пірәлі. – Алматы:
«Елтаным баспасы», 2014. – 224 бет.

ISBN 978-601-7348-73-1

«Қазіргі мұхтартану» атты монографиялық еңбектің екінші кітабында әдебиетіміз бен өнеріміздің, жалпы ұлттық руханиятымыздың жаңару процестері ұлы суреткеріміз Мұхтар Әуезовтің шығармалары негізінде зерттеліп, қазақ әдебиеттану ғылымының бүгінгі тынысы, оның ішінде мұхтартанудың өзекті жайттары зерделенеді.

М.Әуезовтің шығармашылығын әр қырынан талдаған мұхтартанушы ғалымдардың (А.Нұрқатов, З.Қабдолов, Б.Құндақбаев, Р.Нұрғали, К.Сыздық, М.Мырзахметұлы, Б.Майтанов, Т.Жұртбай) зерттеулеріндегі жазушының шығармашылық-тұлғалық болмысын біртұтас тануға мүмкіндік беретін ғылыми танымдар мен көркемдік-эстетикалық ізденістер жаңаша көзқараспен талданады.

Кітап филолог мамандарға, студенттер мен магистранттарға, көпшілік қауымға арналады.

ӘОЖ 821.512.122.0 (075)

КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 7

ISBN 978-601-7348-73-1

© Пірәлі Г.Ж., 2014

МАЗМҰНЫ

А.Нұрқатов зерттеулеріндегі мұхтартану мәселесі	4
Көркем мәтін, интерпретация, суреткерлік шеберлік	12
М.Әуезовтің әсемдік әлемі	18
М.Әуезовтің драматургиясын зерттеуші – Р.Нұрғали	26
Мұхтардың драмаларындағы көркемдік ізденістер	42
М.Әуезов және Абай.....	51
Мұхтартанудың беймәлім беттері	64
М.Әуезов шығармашылығының дүниетанымдық өзектері	79
Лингвистика және мұхтартану мәселелері.....	83
Тарихи роман зерттеушісі – Р.Бердібай	89
Б.Майтанов және қазіргі қазақ әдебиетіндегі постмодернизм	98
Мұрағаттарда қатталған қаламгердің құпия әлемі	104
Ж.Дәдебаев және М.Әуезов шығармашылығы.....	132
Т.Кәкішұлының М. Әуезовті тануы мен танытуы (Бір мақаладан туған ойлар)	138
«Әуезов тағылымы».....	147
Тәуелсіздік және Әуезов бейнесі.....	158
Т.Әлімқұлов шығармашылығындағы Әуезов дәстүрі.....	171
Ұлылардың дерті – ұлт қамы	178
М.Әуезов және Л.Н.Толстой.....	188
Адамзат ой-санасын түбірімен өзгерткен кемеңгер	196
Мұхтар Әуезов өмірбаянындағы өнегелі кезең	203
Мұхтар Әуезовтің туған күні қыркүйектің 15 ме, әлде 28-і ме?.....	212

А.НҰРҚАТОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ МҰХТАРТАНУ МӘСЕЛЕСІ

Мұхтар Әуезовтің мұрасын қазақ әдебиетіндегі мәңгі құндылықтардың бірі ретінде әр ұрпақ өздерінің рухани қажеттілігі тұрғысынан қарап, танып, біліп жатады. Өз заманының интеллектуалды-эстетикалық талабына лайықты білімдар жанға М.Әуезовтің «Абай жолы» – күнделікті таза ауадай сұраныс тудыруы заңды да.

Жұлдызды құйрықтай жарқ етіп не небәрі 37 жас қана өмір сүрген филология ғылымдарының кандидаты, көрнекті сыншы Айқын Нұрқатовтың шығармашылығы жөнінде бүгінде біреу білсе, біреу біле бермейтіні рас. Оның осы азғана ғұмырында А.Құнанбайұлы, Ш.Уәлиханов, Ж.Жабаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин сынды қазақ әдебиетінің алыптарының өмірі мен шығармашылықтары туралы ғылыми монографиялар мен өз замандастары Т.Жароков, И.Байзақов, Ғ.Орманов, З.Шашкин, Ж.Саин, Т.Ахтанов, С.Мәуленовтердің шығармашылық портреттерін жазуы шын мәніндегі өз кәсібін ерекше сүйген ұлтжанды азаматтың сүбелі еңбегі деп танымыз. Оның 2010 жылы жарық көрген 5 томдық таңдамалы жинағы – шын мәніндегі өз ұлтының әдебиеті мен болмысын шексіз сүйген адамның жүріп өткен қысқа соқпағы мен артына қалдырған рухани мұрасы. Осынау мол мұраның ішіндегі ірі де күрделі зерттеуі – «Мұхтар Әуезов» атты көлемді монографиясы. Бізді қызықтырғаны – кезінде өзін Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке қабылдаған Мұхтар Әуезовтің шығармалары жөніндегі шынайы сын пікірлері болды. Кеңестік кезеңнің қылышынан қан тамған 1950-60-жылдардағы кесепатты кедергілеріне қарамай, саяси соққының астында жүрген А.Құнанбайұлы, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов сынды сөз саңлақтарының шығармаларын талдау, жетістіктеріне жоғары баға беру, жүрексінбей кемшіліктерін де көрсету, оны жоғары мәдениеттілікпен, кәсіби сауаттылықпен саралай дәлелдеу, сөз жоқ отызында орда бұзар жастың ғана қолынан келер ерлік-тін.

Айқын Нұрқатов «Мұхтар Әуезов» атты монографиялық очеркінде (Шығармалар жинағы. 1 том. – Алматы, 2010. – 248 б.) көрнекті суреткердің бүкіл шығармашылығын толық қамтып, жан-жақты филологиялық талдау жүргізген. 1960 жылдары жарық көрген бұл монография араға 50 жыл салып оқушыларымен қайта қауышып отырса

да өз құндылығын жоғалта қоймағаны анық. «Ұлы шығарма жайында не айтылатындығы туралы мәселенің маңызы сол ұлы шығарманың өзінен кем емес» деген В.Белинскийдің сөзі бізге Толстойдың «... мен Пушкинді Белинский сынынан соң ғана таныдым» деген пікірін еске салады.

М.Әуезовтің жалпы шығармашылығы мен Абай туралы эпопеясының идеялық-көркемдік қасиетін талдауды мұрат тұтқан зерттеуші қаламгердің алғашқы шығармаларында жол берілген тәжірибесіздіктер мен кемшіліктердің себебін сол кезеңдегі тарихи оқиғалармен байланыстырып: «М.Әуезовтің шығармашылық жолы 1917 жылы, яғни ұлы да үлкен тарихи әлеуметтік сілкінулер кезінде басталды... М.Әуезов кеңестік үлкен әдебиетімізге біраз уақыт ада-судан, жаза басудан кейін барып келді», – деп саяси соққылардың сырына үңіледі /5-б./. Сондай-ақ, «Кінәмшіл бойжеткен» әңгімесіндегі натуралистік сарынды сынға ала отырып, авторды: «Ғайшаны сондай күйге душар еткен жайлардың түптөркінін де терең ашып, өткір әшкерелемеген» десе, «Жинақтағы бұлардан басқа «Барымта» атты әңгіме ескі қазақ ауылындағы айықпас, кеселді әдет-ғұрыптардың бірі барымта жайын баяндауға, ал «Үйлену», «Сөніп жану» сияқты әңгімелер тұрмыс, мораль тақырыптарына арналған. Оларда атап айтуға тұрарлық тереңдік те, көркемдік те жоқ», – деп қатты сынға алады. Мұхтардай ғұлама ғалым, әлемге дүркіреп даңқы шыққан жазушыға жүрексінбей осындай батыл сын айту ол кезде сирек кездесетін құбылыс еді. Әйтсе де, әділ сынға әуелден зәру қазақ әдебиеті, ұлы суреткердің өзі де үрікпей, әдеби заңдылық деп қабылдайды. Бұл жөнінде А.Нұрқатовтың курстас досы, «Қазақ әдебиеті» газетінің 8 шілдедегі санында (2012) ҚР ҰҒА-ның академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Серік Қирабаев та: «...Әуезовтің шығармасына да бірқатар сындар айтылды. «Абай» романының бірінші, екінші кітабы шыққанда мақтаулар да, сын, ескертпелер де айтылып жатты. Ғабит Мүсірепов, Темірғали Нұртазиндер мақала жазды. Мұхтар да соның бәрін ескерді... Мұқаңдар қабылдаған сын. Сын қашанда керек», – дейді. Шынында жазушыға қашанда сырт көздің пікірі керек. Мұхтардың шын жанашыр, адал айтылған, авторға ғана емес, жалпы әдебиетке, оның көркемдігі мен сапасына байланысты айтылған сынды қабылдағаны және сол ұсыныс, тілек бойынша қолжазбаларын қайта қарап, өңдегені жөніндегі әдеби

фактілер де жеткілікті. (Мәселен, «Абай жолындағы» әйелдерге қатысты әдепсіздеу эпизодтың Ғабит Мүсіреповтің ескертуінен соң алып тастауы секілді т.б.). Тіпті жазушының өзі де: «...Біз, жазушылар, терең ғылымдық сынға ұдайы мұқтажбыз. Күнде мұқтажбыз... Сонымен, бізде жоқ сынның олқысын, орнын толтырайық... Бұрынғы Белинскийден басталған ұлы сыншылардың барлығының еңбек тәжірибесіне қарасақ, олардың үлкен ғылым тудыруға себепші болған үлкен сындарының тең жартысы жақсылықты айту емес, кемшілік пен мінді нақтылап көрсету арқылы пайдалы болғанын есте ұстайық», – деген пікірлерді әрдайым айтып отырған.

Көркем әдеби сынға қажетті кәсіби талап пен шартты анықтап берген М.Әуезовтің бұл пікіріне бүгінгі әдеби қауымда зәру екендігі белгілі. Қазақ әдебиеті жайлы түрлі жиындарда, бүкіл баспасөздерде сыналып жататын сауатты сынның болмауы – қай кезеңге де тән ортақ олқылық. Бұл жерде әр елдің, ұлттың ар-ұяты саналған зиялы қауым мен әдеби ортаның әділ сынға деген әлі де болса эгоистік көзқарасы, сынды көтере алмаушылығы, жеке адамның амбициясы кедергі болып отырса керек-ті. Бұл көзқарас өзгермей біздің сөз өнерімізде өріс алған олқылықтар жойылмасы хақ. Олардың көпшілігі шығармасын жазып болысымен-ақ, өзінікі емес, ол елдің рухани қазынасына айналатынын, яғни Р.Барт айтқандай автор «өліп», оқырманның, жалпы халықтың ортақ мұрасы болатынына терең мән бермейтін сияқты. Адамның ақыл аумағын кеңейтетін азаматтық парыз, ұлтжандылық қасиеттер қаламгерлерге дарымай бұл кемшіліктерден көз ашпасымыз да анық. «Ғасыр халтуршигі» атансақ та айыбымызды мойындап, оны өңдеп, түзетуге тер төкпей, тек тірі дұшпан тауып, ерегіскенде амалы мен аяласын тауып, бүкіл атақ-дәрежені иемдену сияқты сайқымазақ дерттен қай дәуірде айрылсақ, сонда ғана Мұхтар мақсат еткен «сын шын болып, шын сын болатын» болар, бәлкім?...

Бүкіл адамзаттың рухани қажеттілігін өтейтін ортақ мұра – көркем шығарма, ондағы өмір шындығы мен көркемдік құндылығы туралы айтылған батыл ойлы, әділ пікірге М.Әуезов үлкен парасаттылықпен қараған. Адал ақиқатты сын алдында ұлы болсын, балғын болсын бәрі борыштар екендігін сезінген Мұхтардың өмірбақи ізденіп, шығармаларына бірнеше қайтара оралып, бірнеше нұсқауларын жазуы, өңдеуі, қайта жазуы, тынымсыз түрлендіріп, түзетуі сияқты толып жатқан шығармашылық іздену жұмыстарын жүргізуі өз ісіне

деген адалдығы мен ұлт пен ұрпақ алдындағы жауапкершілігін танытса керек. Осы ретте замандасы Константин Алтайскийдің «Встречая с Ауэзовым» деген естелігіндегі мына сөздері бүгіндері болмай жатып Толстой сезінетіндерге құлаққағыс сынды: «...молодым писателям непременно надо показывать рукописи Ауэзова или хотя фотокопии их. Испещренные поправками и сокращениями, хранящие зримые следы взыскательности художника, рукописи эти красноречивее слов скажут, каким тружеником был Ауэзов. Вся жизнь его была непрерывным, упорным, никогда не прекращающимся трудом. Когда перебираешь в памяти все сделанное им, трудно поверить, что все это сделал один человек за четыре с небольшим десятилетия...» /75 стр/ («М.Ауэзов в воспоминаниях современников» Алматы, 1972).

Бүгіндері кітап санын көбейтіп, көркем әдебиеттің абыройын әбден түсіріп біткен небір қалың «кірпіштерді» көргенде: «Мұхтардың осы қасиеттерінен неге өнеге алмайды екен» деген ойға қаласың. Мұхтардың мінсіз сұлу да мінезді сөз тіркестерін, көпқырлы, терең мағыналы, сөздік қоры қисапсыз мол, өмірдің мәңгілік құндылықтарын шынайы бейнелеген шығармаларын оқып отырып, шын мәніндегі сөз өнерінің сөлді шырынын сезінесіз. Мұндай шығарманы оқуға кеткен уақыт та еңбек те еш кетпесі кәміл.

Бұл фактілердің бәрі М.Әуезовтің өзі талап еткендей «сын шын болсын, шын сын болсын» деген ұстанымға сай өз заманындағы «өзара сынға» кеңшілік беріп, кек сақтамағанын көрсетеді.

А.Нұркатов суреткердің алғашқы классикалық дүниесі «Қорғансыздың күні» әңгімесінің көркемдік құндылығына жоғары баға бере келіп, оны Карамзиннің «Бейшара Лизасымен» салыстыра талдап, әлем және орыс әдебиетінің әсерін жіті байқайды. Жазушының шығармашылық қызметінің алғашқы белесінде бой алдырған кемшіліктері бертін келе кәсіби шеберленгенін, 1932 жылдары негізінен жүрегіне жақын екі жанрда – драматургия мен прозаның шағын жанрында еңбек етіп, кәсіби шеберлігін әбден шыңдап алғанына да мән береді. 1934 жылғы 8 қаңтардағы «Казахстанская правда» газетінде жарияланған М.Әуезовтің «Над чем я работаю» деген мақаласындағы драматургия жанрының қиындықтары мен ерекшеліктері, оның жаңа жағдайдағы жауапкершілігі мен міндеттері жайындағы пікірлерін ескере отырып, зерттеуші автордың кеңестік кезеңнің өмір шындығын бейнелемек болған пьесаларындағы

әлі пісіп-жетілмеген сюжеттік желілерді, образдарды ашу мен көркемдік талаптан кеткен кемшіліктерге көңіл бөледі: «Бұл ретте оның «Тас түлек», «Ақ қайың», «Тартыс», «Алма бағында», «Шекарада» сияқты пьесалары мен «Шатқалаң», «Білекке – білек», «Іздер», «Бүркітші», «Құм мен Асқар», «Үш күн» сияқты повесть, әңгімелерін атауға болады. Бірақ бұл шығармалар ондағы авторлық ойлар мен идеяның жеткілікті ашылуы және көркемдік қасиеті жағынан ала-құла әртүрлі...», – дей келе олардағы оқиғалардың өмір шындығына сай келе бермейтінін, көңілден шығар кейіпкерлердің кемшін екендігін: «...олардың характерлері терең ашылмаған және іс-әрекеттерінің мотивировкасы айқын да нанымды берілмегенін» ескертеді. Тіпті «Ақ қайың» атты пьесаны (Ө.Тәжібаевпен бірігіп жазған) – жазушының шығармашылық табысына қосуға татымайтын шығарма», – деп ащы ақиқатты айтуға дейін барады. Жас та болса жеке жазушының абыройынан гөрі ұлт өнерінің намысын жоғары көретін зерттеушінің әдебиетке деген адалдығы мен шексіз сүйіспеншілігі сыр береді, мұнда. Сөз өнеріне өрескел талап қойылып, өрісі мен өресі тар, таптық талдау, саяси астар іздеген іріткі сын емес кәсіби деңгейдегі көркемдік шарт талабына сай жазылған парасатты пікір болғандықтан да шығармашылық тұлғаның шамына тимегені байқалады. Жөнсіз мінге міндетті түрде жауап беріп, «Жақсы сынға жан пида» дейтін дана дарын өз кемшілігін де кемеңгерлікпен тани білетіндігі табиғи заңдылық болса керек-ті.

Айқын Нұрқатовтың «Мұхтар Әуезов» атты монографиялық очеркінде осындай орынды сынға көбірек орын берілген. Ауыр болса да ақылға қонымды сауатты сындар «Тас түлек» пен «Тартыс» пьесалары жөнінде де айтылыпты: «...Бірақ автор кейіпкерлерінің тағдырын, іс-әрекеттерін осылайша шынайы суреттемек болғанмен, олардың сол әрекеттерінің мотивировкасын жеткілікті аспаған. Сөйтіп, характердің даму логикасы біраз көмескіленген. Сондай-ақ, Бөлтірік, Топай және Сөлкебай арасындағы «драма» да ерсі көрінеді және оқушыға да жасандылық сезімін туғызады», – деп көркем мәтіндерден дәлелді кемшіліктерді көрсете отырып, кәсіби баға береді.

Зерттеуші еңбегінде ұлы суреткердің шығармаларындағы кемшіліктерді жіпке тізіп, тырнақ астынан кір іздеуді көксемегені монографияда мен мұңдалап көрініп отырады. Шығарманың шынайы сұлулығын, кәсіби шеберлігін бағалауда зерттеуші міндетті түрде көркем мәтіндегі

мысалдарға сүйене отырып, суреткердің сұлу тілін, образды ойнату шеберлігін, кейіпкерлер арасындағы драмалық тартыстардың дәмін келтірер қақтығыстардың қыр-сырын, монологтар мен диалогтардың характер ашудағы міндеттері мен мақсаттарын мінсіз атқарған рөліне баға бере келіп, көркемдік шеберліктің сырларына үніледі.

Біз зерттеудегі сын мәселесін ғана қозғап отырғандықтан М.Әуезовтің шығармаларына жылы лебіз, жетістіктері жөніндегі тұстарға тоқталмай, сынның кәсіби дәрежеде айтылу мәдениетіне кеңірек мән беріп отырмыз.

Мәселен, зерттеуші жазушының жоғарыда аталған әңгімелері мен драмалық шығармаларының көркемдік деңгейінің әртүрлі дәрежеде жазылғанын жан-жақты талдай келіп, көбіне схемалық суреттерге, жалаң баяндауға ұрынып, кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесін терең танып, талдамайтынына реніш білдіреді /36-б/. Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысы кезіндегі майдан мен тыл өмірін бейнелеуге арналған «Намыс гвардиясы», әсіресе «Сын сағатта» атты пьесаларындағы өмір шындығының көркемдік шешім таба алмағандығын, бас кейіпкерлер Ескендірдің Назымға деген сезімін суреттеу сәттері мен Назымның майдан шебіндегі жолдасы Нұрланмен кездесуі, оның ерлікпен қайтыс болуы секілді күрделі адам тағдырының бейнеленуінде шынайылықтан гөрі жасанды схемаға салынуы салдарынан сюжетінің сөлсіз, тілінің нәрсіз шыққанын сынға алады. Бұл да мойындалмасқа болмайтын тарихи әрі ғылыми дерек. М.Әуезов «өз заманының көркем шежіресін жасамады, совет өмірін жырламады» деген солақай сындарға жауап ретінде өз кезеңінің өмірін өзек еткен шығармалары болғаны және олардың кейде асығыс жазылғаны да рас-тын. Жүрек қалауымен және жазушының сүйікті эпикалық жанрда кеңінен көсіліп, тереңнен толғап жазылмағаны байқалады. Әсіресе өзінің «Абай жолы» эпопеясын орысшаға аударып жатқанда «сөйлемдеріңіз тым ұзақ, қысқартсақ қалай болады?» – деген Н.Ановқа: «Я люблю длинные фразы, это мой стиль» дегеніндей, өз жазу машығы байқалмайтын туындыларында мұндай кемшіліктердің орын алғаны көпшілікке де мәлім. Ал, «нағыз өнердің тууына жан дүниендегі жинақталған сезімдерді сыртқа шығаруға деген құштарлық себепші болмай» (Л.Толстой), әрі жүрек қалауы емес, қоғамның талабы бойынша жазылған дүниенің қашанда құны төмен болатыны белгілі емес пе? М.Әуезовтің замандастары сол кезеңнің тақырыбын қамтимыз деп С.Мұқановтың «Трактор» деген романында оның қалай от алатынына бірнеше бет

арнап, ұятқа қалса, жыр дауылпазы С.Сейфуллин атақты «Көкшетау» поэмасында телефон, телеграф, аэроплан секілді темір-терсектерді тізіп толғанамын өлең сөздің өрнегін өрескел бұзғаны бар. Бұлардың бәрі заман талабынан, сол кездегі науқаншылықтан туып жатқан кемшіліктер-тін. Өз заманының шындығын да тереңдікпен талдап, асыл сөздермен ажарлап, конъюктурадан ада, сөз өнерінің өзіндік міндеті мен көркемдік талабына сай жазуды дағдыға айналдырған Мұхтар Әуезов науқаншылық «науқасымен» көп ауырмаған суреткер. Әдетте, қандай оқиғаны да ойға құрып, ондағы іс-әрекеттің, тартыс-даудың, қақтығыс-қайшылықтың себеп-салдарын ашуға айрықша көңіл бөлген Мұхтар да Еврипид сынды: «Вы пишите для трех дней, а я пишу для вечности» деген мәңгілік құндылықты мақсат тұтқан ғой.

Әуезовтің жаны мен жүрегіне жақын, әрі өмірлік ұстазы, рухани серігі болған ұлы Абай туралы қай жанрда жазса да шоқтығы биік шеберлікке жетуі сөз жоқ оның кемеңгерге деген шексіз махаббатының, өз жүрек қалауының жемісі.

Сондай-ақ, оның «Абай жолы» романына ұзақ жылдар бойы асқан ұқыптылықпен дайындалғандығы, шеберлігін әбден жетілдіріп, бай тәжірибе жинап барып барғандығы бұл тақырыпты игеруде ешқандай кемшілікке кеңдік бермегендей көрінеді. Әйтсе де «Абай» романын Айқын Нұрқатов секілді жас сыншының кәсіби тұрғыдан талдап, сын пікір білдіруі әдеби қауымды әжептеуір сүйсіндірген еді. Әрине, сыншы қауымның суреткердің өзінен білім парасаты асып тұруы керек деген ұстанымына сүйенсек, Айқын Нұрқатовтың бұл ерлігі – өзінің кәсіби біліміне, сыншылық қабілетіне деген сенімін аңғартатындай. Сыншының әдеби, теориялық дайындығы «Мұхтар Әуезов» атты арнайы жазылған монографиялық еңбегіндегі кәсіби көзқарастардан байқалады. Ол М.Әуезовтің Абай өмірінің мәліметтерін тұңғыш рет жүйелеп жинап, оның мазмұнына тереңдеп, ақынның шығармашылық өміріне ену арқылы «қазақтың қара сөзінің бас шығармасының» авторы болғанын айта отырып, өзі байқаған кемшіліктерді де жасырып қалмайды: «Абай» романы – сөз жоқ, әлеуметтік тынысы кең, өресі биік, нағыз үлкен, тұлғалы шығарма. Бірақ романның бұл қасиеті, құндылығы оның кейбір кемшіліктерін айтуға бөгет жасаймайды, – дей келе, /124-б./ романның 1-ші кітабындағы ру аралық тартысты суреттеуге көп орын берілгенін, тап тартысын терең аша алмағандығын, қазақтың ескі әдет-ғұрпын, салт-жоралғысын кеңірек

суреттеймін деп, оларды дәріптеуге көп көңіл бөлінгенін, соның салдарынан шынайылық шегінен алыстап кеткенін, көбіне авторлық көзқарасын білдіре бермейтінін сынға алады. Және сыншы романға тек өз тарапынан ғана емес, ол жарыққа шыққалы бері көптеген сын мақалалардың болғандығын, оның ішінде: «сыңаржак, үстірттері, тіпті теріс бағытта жазылғандары да болды. Бірақ, жұртшылық ондай сындарға дер кезінде соққы беріп отырды», – деп өз көзқарасын да білдіреді /128-б./.

«Абай» романына әділ баға берілген Т.Нұртазиннің «Абай» романы («Әдебиет және искусство», №4, 1948), М.Ғабдуллиннің ««Абай» романы – қазақ әдебиетінің зор табысы» («Әдебиет және искусство», №7, 1949), Т.Ахтановтың «М.Әуезовтің «Абай» және «Абай жолы» романдары туралы» («Әдебиет және искусство», №10, 1953), Қ.Нұрмахановтың «Абай образы көркем әдебиетте» атты мақаласы, З.Кедринаның «Мұхтар Әуезов» (Москва, 1951) атты сындық-биографиялық очерктері жайлы жылы лебіз білдіре келе: «...сонымен қатар олардың мақалаларына тән ортақ бір кемшілік те болды. Ол кемшілік сол аталған мақалаларда романның көркемдік ерекшеліктерінің ашылмауына, жазушының суреттеу құралдары мен тәсілдерінің талданбауына байланысты еді. Бұл кемшілік, бір жағынан, жалпы сол кездегі әдеби сынымызға түгелдей ортақ болатын», – деп /128-б./ сол олқылықтардың орнын толтырып, сынды кәсіби деңгейге көтеруге мән береді. Өзі де осы еңбегінде романның тек көркемдік әлеміне сыни-ғылыми талдау жасауға тырысады. Зерттеуші монографиясында М.Әуезовтің бүкіл шығармашылық мұрасын жүйелі әрі кешенді түрде теориялық тұрғыдан талдайды. Мүмкіндігінше теориялық ұғымдар мен әдеби сынның өз категорияларымен сөйлеуге тырысқан әдебиетші ғалым шығарманың көркемдік және шеберлік ерекшеліктерін көркемдік құндылық тұрғысынан қарап, ғылыми тұжырымдар жасайды. Дегенмен, қай дәуірде де кез-келген көркем шығарма үшін ең үлкен әрі қатал сыншы – халық пен уақыт екендігін, ол екі сыннан да М.Әуезовтің «Абай» романы сүрінбей өткендігін сөзге өзек етеді /130-б./. Кезінде баспасөздердегі сындар мен жана-шыр қаламдастарының ескертпелерінен қорытынды шығарылып, түгелдей қайта қаралып, түзетіліп 1959 жылы «Абай жолы» деген атпен 4 томдық эпопея жарық көргенін, оған Лениндік сыйлық беріліп, бүкілодақтық әдебиеттің алтын қорына қосылғандығын асқан

қуанышпен айтады. Бұл нені көрсетеді? Әрине, бұл М.Әуезовтің сырт көздің сынынан жақсы қорытынды жасағанын, оның жемісі оң, жетістігі зор екендігін сөз етеді.

Әдебиетші ғалым, сыншы Айқын Нұрқатовтың жоғары кәсіби деңгейде жазылған «Мұхтар Әуезов» атты монографиялық очеркі «шынның сын, сынның шын болғандығын» тағы да дәлелдейді. Бүгін, міне, осындай әділ де адал айтылған сындар жетіспейтіндігі өкінішті.

КӨРКЕМ МӘТІН, ИНТЕРПРЕТАЦИЯ, СУРЕТКЕРЛІК ШЕБЕРЛІК

Әдебиеттану ғылымында мәтінді қабылдау, тану, түсіну мәселелері автор мен оқырман арасындағы ғылыми, әдеби диалог арқылы айқындалады. Мәтінді түсініп талдамай, соған сәйкес интерпретация жасамай, оның мағынасы ашылмақ емес. М.Әуезов Абайдың өмірі мен шығармашылығын жүйелеп, өзінің ұлы туындысының тарихын кейіпкер өмір сүрген кезең рухымен, ондағы қоғамдық, саяси-әлеуметтік, көркемдік үдеріспен бірге сабақтастырып, қазақ өміріне тән ұлттық психологияны терең танып, зерделеуі бір ұлт, бір ұрпақ емес бүкіл адамзат баласының рухани қажеттілігін өтейтін өлмес мұра ете білді. Сондықтан да оның шығармашылығы әлемдік әдебиетте және жалпы мәдениет тарихының әртүрлі кезеңдерінде де жаппай оқылып, жаңа мазмұнда интерпретацияланып, жаңаша қабылданып жататыны мәлім. Әр кезеңнің көркемдік талабына сай ішкі бір рухани қуатымен құбылып, үнемі жасарып, жаңғырып, адамзат жанына жаңа шуақ, ойына тың нәр, бойына бекзаттық сыйлайтын бұл шығарманың құдіретіне әлі талай ұрпақ танданып, әлі талай зерттеуші назарын салары да хақ. Бейнебір жыл өткен сайын қазақ халқының тарихы мен ұлттық табиғатын жаңаша түрлендіріп, жаңа бір тақырыптай тамсандырып, сөз өнеріндегі тосын түрдей (форма) құбылтып, тап осы кезеңнің өзекті мәселелерін ойлап өзегі өртенген жаңа Абай мен жаңа Мұхтар мұңының ғылыми тұрғыдан интерпретациялануы сөз жоқ, бұл шығарманың құндылығын танытады. Кеңестік кезеңнің саяси талабына сай жазылған шығармаға бүгінгі тәуелсіз ой-сана тұрғысынан талдау жасап, көркем мәтіндегі

тарихи және көркемдік концепцияларды жаңаша көзқараспен зерделеген З.Ахметовтің «Роман-эпопея Мухтара Ауэзова» (Учебное пособие. – Алматы: «Санат», 1997. – 288 стр.) атты еңбегі тағы бір дәлел. Жалпы адамзат тарихындағы барлық рухани құндылықтар, ғылыми, әдеби, мәдени мұралардың, тарихи тұлғалар тағдыры мен тағылымы әр кезеңде өз бағасын алып, жаңаша сарапталып жатуы әдебиеттану ғылымында бар заңды құбылыс. Сондықтан да ұлы суреткердің басты шығармасы «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу мен жариялану тарихы аралығындағы ұзақ, жүйелі әрі іркіліссіз ізденісті құрайтын шығармашылық өмірбаянға, зертханалық құпияға, ондағы суреткерлік шеберлік сырларына Зәки Ахметов сынды сирек кездесетін зерек зерттеушінің баруы да заңды. Шығарманы герменевтикалық тұрғыдан талдауда әдеби қисындардың барлық талабына сүйене отырып өзіндік ой айтып, пікір түйіндеуге еркі бар интерпретатордың құқығын Зәки Ахметов тек тұспал, жорамалмен емес, өзінің биік өресімен, теориялық дайындығымен, М.Әуезовтің кәсібилік те, кісілік те табиғатын терең танитын тұлға ретінде мәтін арқылы дәйектеп, дәлелдеп, нақтылап отырады. Мәтіннің түпкі мақсаты мен міндетін, оның жазылу тарихын, автордың психологиялық табиғатын терең білетін зерттеуші әрбір ғылыми болжауында сауатты интерпретатордың үлгісін танытады. Тақырып пен идея, образдар жүйесі, жанрлық бітім, стиль мен әдеби тіл, сюжет пен композиция, уақыт пен кеңістік сынды әдеби категориялар арқылы шығарманың көркемдік әлеміне зер салған зерттеуші романдағы қазақтың жарты ғасырлық өмір көшінің бейнеленуі, олардың қарапайым тұрмыс-тіршілігінен бастап рухани құндылықтарына дейінгі тарихының көркем шежіресін жазудағы суреткердің кәсіби шеберлігіне мән береді. Ол ойын мынадай ғылыми пікірімен: «С ростом жизненного опыта и художественного мастерства у Ауэзова постепенно вызревал огромный по масштабу замысел – создать большое эпическое произведение и через многоплановое изображение центрального образа Абая, и широкой социальной панорамы глубокого постигнуть правду исторической жизни народа целой эпохи», – деп дәйектейді (5 стр.).

Ақиқатында, шығарманың жетістігі тек көркемдік құбылыстардың ұйымдастырылуында ғана емес, әр кезеңнің аудиториясымен байланысын үзбей, оның әдеби аренада көркем сын мен зерттеулер арқылы жаңаша интерпретацияланып, қоғамдық,

көркем эстетикалық пікірге ие болуында да болса керек. Сонда ғана ол оқырманның рухани қажеттілігін өтеп, қабылдаушы талабына сай интерпретацияланып, бағаланып отырады. Академик Зәки Ахметов «Роман-эпопея Мухтара Ауэзова» (Учебное пособие. – Алматы: «Санат», 1997. – 288 стр.) атты еңбегінде М.Әуезовтің өмірлік деректі өнерлік шындыққа айналдырудағы суреткерлік шеберлігі, мәтіннің көркемдік әлемі жеке мұрағаттағы нақты тарихи, әдеби құжаттарға сүйене отырып зерделенеді. Әдебиеттің әрбір көкейкесті мәселесін көркем мәтіндегі рухани құбылыс пен мұрағат мәліметтерімен салыстырыла әрі автормен үнемі іштей диалогқа түсе отырып, ғылыми ойларын дәйектеп, көркем мәтіндегі көркем образ, олардың ғұмырлық тарихтары өмірдің өзінен ойып алынса да көшірме еместігін, онда автордың тұтас бір тарихи кезеңнің рухани бейнесін, түрлі типтегі адамдардың кісілік құндылықтарын, қазақ тұрмысындағы таптық ерекшеліктерді, т.б мәңгілік мұра етудегі идеялық-эстетикалық мұраты тұрғыдан терең талданған. Суреткер санасында сәби кезінен қабылданып, кейіннен шығармашылық құндылыққа айналған өз ортасының объективтік болмысы, ұлы ұстазы Абайдың бейнесі мұрағаттағы баға жетпес қолжазбалар, деректі тарихи құжаттар негізінде, әсіресе Әрхам Ысқақов, Қатпа Қорамжанов, Мадияр Түсіпов, Көкпай Жаңатаев, Баймағамбет Айтхожин, Тұманбай Наданбаев, Сыдық Махмудов, Ермұса, Әлімбет, Хасен сынды тарихи кісілердің естеліктері көркем шығарманың өмірге келуіне көп септігі тигендігін тілге тиек етеді.

З.Ахметовтің абайтануда айтарлықтай орны бар талантты теоретик ғалым екендігін ескерсек, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихы мен көркемдік әлемі жөніндегі зерттеуіне де тәжірибесі мол ғылыми қуатымен, мол даярлығымен келгендігі мәлім. Ұлы ақынның әрбір өлең жолдарындағы ерекше өрнек пен тәсілдік құрылымдарындағы жаңалықты жете танып, ондағы ақын ойлары мен сырларына, ұлы мұраттары мен қиын да күрделі ішкі тағдырына қанық білгір маман бұл тақырыпты тосырқамай, еркін жазғаны да әдеби қауымға аян. Өзіне таныс тақырып төңірегіндегі ғылыми топшылауларына жазушының объективті оқиғаны қабылдауы, шығарма жазу идеясының келу сәтінен бастап, (1933 жылдан 1959 жылдар) көркем мәтінді тұтас бір көркемдік құбылысқа айналдыруға дейінгі шығармашылық процесі кең тыныс береді. Автор тұлғасына,

шығармашылығына қатысты биографиялық, ақпараттық деректерді анықтауда жазушының жеке жазбаларын, ой толғаныстарын, жұмыс жоспарларын, әр кездері баспасөз беттерінде айтылған сөздерін, пікірлерін, әсіресе «Как я писал ...» деген автобиографиялық мақаласындағы мәліметтерді негізге алады. Осы орайдағы ойларын: «...Включение в роман множества ситуаций, сцен, картин жизни, рожденных художественным воображением писателя, творчески свободная интерпретация образов героев, вплоть до введения в произведение многих частично или полностью вымышленных персонажей, – все это рождено стремлением писателя показать во всей конкретности и яркости всю сложность, все многообразие социальных отношений людей в казахском обществе той эпохи, затрагивая при этом все важнейшие стороны общественной жизни...», – деген ғылыми тұжырымдармен түйіндеп отырады (37 с). Тұлға мен творчествоның біртұтас көркемдік құбылысқа айналғанын зерттеуші осылай айқындап береді. Тегінде кез-келген эстетикалық элемент, поэтикалық форма, конструкция мәселелерінің жәй қарапайымдылықтан күрделі шеберлік шыңына дейінгі даму жолы толық зерттелінгенде ғана ғылыми негізде мойындалары хақ. Олай болса, кез-келген туындының интерпретациялануында оның шығармашылық тарихы маңызды рөл атқарып, оның барлық көркемдік актілері, атап айтқанда суреткер рухының психологиялық жағдайы, оның шығармашылық толғаныстары, шығарманың түпнұсқасын анықтайтын бірнеше мәтіндік нұсқалары, шығарманың жазылу тарихы мен зертхана психологиясы міндетті түрде қарастырылады. Автордың ойтүрткілерін, шығармашылық жоспарын, олардың көркем мәтіндегі көріністерін жаңаша интерпретациялау, яғни бүгінгі талап тұрғысынан қабылдауымыз арқылы біз суреткердің шығармашылық өмірбаянына, зертхана құпияларына қаныға түсеміз. Ең бастысы суреткерлік шеберлігінің қыр-сырына үңілеміз. Әдебиет тарихындағы классикалық туындылардың өмірге келу үрдісіне көз салсақ, рухани құндылыққа қол жеткізілген әрбір туынды табанды еңбектің жемісі екендігіне куә боласыз. Оған әдебиет тарихында үздік үлгі, нақты мысалға айналған мына мәліметтер куә: Грибоедовтің «Горе от ума»-сының 3, Л.Толстойдың ең көлемді де күрделі «Война и мир» эпопеясының бақандай 4, Гогольдің атақты «Ревизорының» 5, ал М.Әуезовтің «Абай жолының» 4 нұсқасының (1933-1940-1945-1950) болуы оқырманды ойлантпай қоймайды. Бұл дерек бүгіндері бір

жазғанды қайта қарауды мін көретін кейбір «жазғыштарға» өнеге болса керек.

Бұл әдеби нұсқалардың бір-бірімен салыстырылуы, түрлі қолжазбаларының қорын мәтіндік талдау – автордың алғашқы ойының қалай жүзеге асқандығы жолындағы бағытын анықтайды және бұл материалдардың бәрі шығарманы интерпретациялау құралдарына айналады. «Абай жолында» өмірді нақты нақыштау мен көркем бейнелеудің арақашықтығында айтарлықтай айырма болмай біртұтас көркемдік құбылысқа айналуының басты себебі сол заманның әрқилы характері, идеялары, рухани-адамгершілік құндылықтары экзистенционалдық мәселелер тұрғысынан талданып, қарастырылуында болса керек. Бір қазақ емес, жалпы адамзатты толғандыратын мәңгілік сауалдар төңірегінде толғанған екі бірдей шығармашылық тұлғалардың (Абай мен Мұхтар) ортақ мүддесін зерттеуші жазушы лабораториясындағы психологиялық жұмыстар мен архивтік материалдар, жазушының өз мәлімдемелері, түпнұсқалар, куәгерлер сөздері, естеліктері негізіндегі деректі дәлелдермен дәйектей, бір нысанда қарастырады. Тұтас монографияда сөз болған жазушының кейбір жеке тарауларды қысқартуы, өзгертулері, шағын оқиға желісі, түрлі мінездердің мүсінделуі, уақыт пен кеңістік, тақырып пен идеялар туралы оқыс ойтүрткілері жөніндегі ізденістері мен суреткерлік шеберліктері жан-жақты талданып, зерттеушілік байламдармен беріледі.

Әсіресе, зерттеушіге көркем мәтінді интерпретациялау мәселесінде М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын орыс тіліне аударған тәржімашылармен көп хат жазысқаны, ондағы жекелеген эпизодтарды, бірде бүтіндей бір оқиғаларды, кейбір күрделі кейіпкерлердің тағдыры мен табиғатын, болмыс-бітімін түсіндіруі, олар жөніндегі өз көзқарасын егжей-тегжейлі баяндаған тұстары көп көмегін береді. Романның жолма-жол өз аудармасы мен орыс тіліндегі нұсқаларынан үзінділер келтіріп, автордың айтпағын айқындап, оларды тексере қарап, тарихи-мәтіндік ұстаным негізділігіне айғақ етеді. Жазушы мен зерттеушінің мәтіндегі мүддені түсіндіруіндегі ортақ мұраты осы ретте тағы бір мансұқталады. Жазушының өз қолымен жазған хаттары да шығарманы интерпретациялауда өте беделді де қажетті деректер қатарына жатады. Роман авторының хаттарында шығарманың ойтүрткісінен бастап, оның мәтінінің басылып шығуына дейінгі тарихы, санадағы тақырып пен идеяның пісіп жетілуі, олардың баспасөз бет-

теріндегі, әріптестермен әңгіме барысындағы пікір жарыстырулардың түсіндірмелері, баспаға дейінгі және кейінгі түзетулер мен өңдеулер, толықтырулар, комментарийлер сияқты құнды материалдардың мол болатыны мәлім. Сондай-ақ, қаламгер күнделіктері, қойын дәптері мен ол жазбалары сынды эпистолярлық жанрдағы түрлі мәтіндердің де зерттеуші үшін маңызы зор. Эпистолярлық мәтіндердегі сол кезеңдегі әдеби үрдіс, жазушының шығармашылық психологиясы, оның өмірлік материалмен қалай жұмыс жасағаны, суреткерлік дағдысы, көңіл күйі, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы, жалпы шығармашылық әлемі З.Ахметовтің монографиялық еңбегінде терең талданған. Зерттеуде автор-жаратушы, автор-персонаж, автор образы, бейтарап баяндаушы сынды өзге де көркемдік категориялар теориялық тұрғыдан қарастырылып, мәтіннің көркемдік әлемі жан-жақты ашылады. Абайдың ақындық дарынының Әуезовтің жазушылық шеберлігін арттырудағы айтарлықтай әсерін де зерттеуші назардан тыс қалдырмаған. Жазушының сан салалы сұрыптау, сапалы түзету мен өңдеу, қажетті қысқарту мен толықтыру, бірінші кітап жарияланғаннан кейінгі сын-ескертпелерден соңғы қайта қарау жұмыстары, кеңестік кезеңдегі социалистік реализм талабына сәйкес тұтастай алынып тасталған тараулар, ойдан қосылған оқиғалар мен кейіпкерлер, сол кездегі саясатқа сай сомдалған орыс ұлт өкілдерінің бейнелері, халықтар достығы жайы таусылмайтын шығармашылық бейнет, кәсіби шеберлікті шыңдау жолындағы жанкештілік еңбек жан-жақты қарастырылған. М.Әуезовтің «Ақын аға» романының өңделген нұсқасына айналған «Абай жолындағы» Абай образы-идеялық-эстетикалық ой аумағы ғана емес, сюжеттік-композициялық, құрылымдық тізгін ретінде де қарастырылады. Әлем әдебиетіндегі ең күрделі қайшылыққа толы образ дәрежесіне көтерілген кейіпкер – Абай бейнесі, оның өмірбаянының тарихи шындықпен байланысын, әлеуметтік-қоғамдық жағдайды, әке мен бала арасындағы таптық қайшылықты екі ұрпақ қақтығысына айналдырудағы автор шеберлігін, көркемдік шешім мен тарихи шындықтың арасындағы мұндай айырмашылықтарды типтік образды сомдауы үшін қолданған қаламгерлік қиялы мен қасиеті екендігін де ғалым ерекше атап көрсетеді. Осы орайдағы ғылыми пікірін зерттеуші былай береді: «...Автор эпопеи сумел дать художественно убедительную трактовку образа главного героя Абая в полном соответствии с тем представлением о внутреннем

облике поэта и просветителя, которое возникает у нас при чтении его поэтических произведений, отразивших всю глубину и силу его духовной мощи» (18 стр). Шындығында да көркем образ өмірдің дәлме-дәл көшірмесі емес. Мұнда қаламгердің кәсіби шеберлігі мен қиял дарынының шексіздігі, тақырыбын терең білуі, нақты өмірдің әдеби интерпретаторы болуы шешуші рөл атқарады. Дегенмен өмір деректерін шығармашылық өңдеу мен жетілдіру – көркем антропология, этнопсихология, мәтін лингвистикасы сияқты ілімдер арқылы өмірлік деректердің көркемдік құндылықтарға ие болары да заңды құбылыс әрі қажеттілік. Сонымен бірге суреткердің ішкі рухани еркіндігі мен ой бостандығы болатынын да естен шығармаған жөн.

Зерттеуші З.Ахметов «Абай жолындағы» көркем образдар галереясының әдебиеттану ғылымының көркем бейнелеу заңдылықтары мен шарттарына сай бейнеленгенін, олардың табиғатын тануда сол кезеңнің әлеуметтік-психологиялық, мәдени-тілдік характердің фактор болатынын бүгінгі әдебиет теориясының талабы бойынша интерпретациялау арқылы автор мен зерттеушінің арасындағы сұхбаттық әлемге айналдыра білгені аян. Және әр уақыт пен кеңістіктің өз өлшемі, өз заманының рухани зәрулігіне сай оқырманның өз шығармасы, өз түсінігі, өз қабылдауы, өзін толғандырған сауалдарына жауап тапқан немесе іздеген өз әлемі болатынын теорик ғалым Зәки Ахметов автордың шығармаға қойған мақсат-мағынасын ғылыми интерпретациялау арқылы түсіндіреді.

М.ӘУЕЗОВТІҢ ӘСЕМДІК ӘЛЕМІ

Академик Зейнолла Қабдолов ұлы ұстазы, көрнекті суреткер, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің туғанына 100 жыл толу мерейлі мерекесіне өзінің өмір бойы аңсаған «Менің Әуезовім» деген роман-эссесін арнап, тарту еткені белгілі. Қабдоловтың жүрекжарды сезімінен туған бұл туындысы өзге де беллетристикалық және публицистикалық шығармаларымен бірге 1997 жылы «Әуезов» деген атпен Алматыдағы «Санат» баспасынан 352 беттік көлемде жарық көрді. Жинақтың 1-кітабын құрайтын «Менің Әуезовім» роман-эссе әдеби шығарма болғандықтан оған арнайы тоқталмай, «Әуезовтің әсемдік әлемі» атты екінші кітаптағы ғылыми зерттеу мақалаларды талдауға тырыстық.

Р.Нұрғалиевтің құрастыруымен жарық көрген «М.Әуезов тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер (Алматы: Жазушы, 1987. – 432 бет) атты жинаққа «Әуезовтің әсемдік әлемі» (237-288 бб.) деген атаумен енген зерттеу мұнда да сол қалпы берілген.

«Салыстыру атаулының бәрі сәтті бола бермейді. Десе де, Погодиннің метафорасында (Николай Погодин: «Қазақстан үшін Әуезов – екінші Абай, біз үшін – шығыстың Шолоховы, бұл жазушылар өздеріне дейін әлемге беймағлұм болып келген орасан зор халық өмірін классикалық түрде ашып берді») бірсыпыра шындық бар: Абай Құнанбаев та, Мұхтар Әуезов те – жомарт табиғаттың жарық дүниеге тым сараң сыйлайтын біртуарлары, халқымыздың парасат әлеміндегі ғасырлық ғажайыптар, саф таза сұлу, айрықша оқшау құбылыстар», – деген өзіне тән жоғары пафосты парасатты пайыммен басталған зерделі зерттеушінің ғылыми пікірі қос бірдей шығармашылық тұлғаның күрделі тағдырлары мен таланттарының тамырластығын өзі де Пушкин мен Лермонтовтың рухани туыстығына теліп, ақынның шабыт алған шақтарындағыдай шумақ-шумақ ойларын төгіп қоя береді. Бейне бір ғылыми мақала емес екі алыптың асқан ақыл-ойының қайнарына Зейнолла Қабдоловтың ғана қолтаңбасын танытатын шабыт пен шеберліктің шыңындай шын жүректен шығып, кез-келген жүректі шымырлап толқытатын толғақты ойлармен тамсана табынып, тәңтілікпен қанығасың: «...Абай қазақ поэзиясының қадым заманнан бері қалыптасқан көне дәстүріне өзінің көл-көсір жаңалығын қосқан новатор – ақын, қазақ өлеңін тотының түгіндей құлпыртып, мазмұн мен пішіннің бұрын-соңды ешкім көріп-білмеген көркем келбетіне көшірген ұлы реформатор ақын болса, Мұхтар Әуезов қазақ топырағында бұрын-соңды болмаған жаңа жанрлар туғызып дамытқан және сол жанрларда сөз өнерінің бұрын-соңды болмаған ғаламат үлгілерін сомдап соққан саңлақ суреткер», – деп өзіндік пікірін өрелі оймен тұжырымдайды (238-б.). М.Әуезовтің әдеби-шығармашылық еңбегін талдауды тұңғыш жарық көрген туындысы «Адамдықтың негізі – әйел»(1917) деген публицистикасындағы парасат-пайымның биігінен бастай отырып, оның тамыры туған өлкесіндегі өлең-өнердің ордасынан өріс алғанын, әлемдегі әсемдік атаулы әйел баласының әлдиінен әуелеп барып, адамзат бойындағы рухани биіктікке дәнекер болатынын ондағы ой-тамыздықты қазақ

әдебиетіндегі «Әуезов әйелдері» деген жан тебіренер сырбаз да сұлу образдар галереясынан іздеу керектігіне кеңес береді.

«Драматургия – қазақ әдебиетінде тек Әуезов ғана тудырған жанр» деген Сәбит Мұқановтың сөзіне сілтеме жасай отырып, ұлттық драма театрының тұңғыш шымылдығын ашқан М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасының тағдыры мен көркемдік әлеміне кеңінен тоқталып, тереңнен толғанған талантты тәлімгер, жазушы-академик Зейнолла Қабдолов ондағы әрбір кейіпкердің табиғаты мен оларды сөйлетудегі суреткердің кәсіби шеберлігіне тоқталады. Зерттеушіні «Қаракөздің», «Түнгі сарынның» тағдыры да қатты толғандырады. Ұлы жазушының жігерін жанып, санасын сарсытқан саяси соққылардың жиі соққан самалы да мұнда ескерусіз қалмайды. Әрі әріптесі, әрі жақсы көрген шәкірті ретінде ұстазының ұнжырғасын түсірген ұрымтал тұстарды да тап басып, сол кездегі жазушының жан әлеміндегі күрделі әлемнің күрмеуін шешуге де тырысады.

М.Әуезовтің әңгіме жазудың ұлы шебері, ұлттық көркем прозадағы психологиялық талдаудың таңдаулы тәлімгері болған қасиетін де «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Қыр суреттері», «Сөніп-жану» туындыларын талдау барысында тиянақтап танытады. Әуезовтің әңгімелерін сөз еткенде тек тақырып аясы мен кезеңдік мәселелермен шектеліп қалмай, қаламгердің қалай қалыптасып, суреткерлік шеберлігінің сапалық өсу барысына, шығармаларының көркемдік әлеміне теорик ғалым ретінде өзіндік ғылыми бағасын да әділ беріп отырады: «Мұншалық жан-жақтылық, адамның азамат ретіндегі үш (биіктік, кеңдік, тереңдік) өлшемінің асқан үлгісі біздің ұлы замандасымыздың өзгеше бітіміндегі дана да сара қасиеттерінің тұтастығынан ғана туған» (267-б.).

Мәңгілік кітаптар тарихының бірі емес, біргеі болған М.Әуезовтің «Абай жолын» «кітап авторына, автор кітабына айналғанын» (268-б.), жазушының бұл туындысына келу тарихы мен осы жолдағы жанкешті еңбектерін тізе келіп: «Төрт кітаптың өнбойында адам образдарын жасауға қызмет етпейтін бірде бір деталь, штрих, керек десеңіз, бір де бір сызық жоқ. Бәрі де мінездеу мен мүсіндеу, жинақтау мен даралау міндеттерін атқарып тұр. Әр характердің жасалу тарихы бар. Әр образ тип дәрежесіне дейін көтерілген. Басты кейіпкерлер ылғи өрбу, өсу үстінде көрінеді...», – деген ғылыми пікірі мен көркемдік-эстетикалық

талдауы роман-эпопеяның әлемдік рухани әлемдегі өзіндік орны мен ерекше өрнегін танытады (272-б.).

3.Қабдолов сылдыр сөз құрмай, саликалы сөз айтады, тегеурінді ой, теориялық талдау жасайды. Әуезов – Абайша, ал Қабдолов Әуезовше ғылыми стилдің өзін өлендей өрнектеп, өрелі ойға өріс берген. М.Әуезовтің «Абай жолындай» тарихи, философиялық ой-құнары мықты, парасат пайымы биік, сұлу да эстетикалық көркемдігі үздік үлгілі шығарманың адамзат ақыл-ойының сарқылмас кені екендігін академик Зейнолла Қабдолов өзінің ғылыми-теориялық тұжырымдарымен дәлелдей білгенін осы М.Әуезовтің әсемдік әлемі» атты еңбегі еріксіз мойындатады.

3.Қабдоловтың «Әуезов» атты жинағындағы ендігі көлемді де күрделі зерттеу – «Абай һәм Әуезов». Зерттеуші бұл үлкен тақырыпты бір кісінің игеруі мүмкін еместігін ескеріп, ұжым болып атқарғанын: «Абайдың ақындығын және Әуезовтің әдеби-ғылыми туындыларының өзегіне айналған Абай тақырыбын мен зерттедім. Абай поэзиясының сөздігін профессор Р.Нұрғалиев, ғақлия-қара сөздерін доцент З.Бисенғалиев, аудармаларын академик З.Ахметов, сатирасын профессор Т.Қожакеев талдаса, Мұхтар Әуезов шығармаларындағы Абай дәстүрін профессор Ж.Дәдебаев, «Абай жолы» романындағы психологизм мәселесін профессор Б.Майтанов, Абай Құнанбаев пен Мұхтар Әуезов шығармаларындағы діни сарындарды доцент А.Жақсылықов пайымдап шықты. Сөйтіп, Абай Құнанбаевтың 150 жылдығына және Мұхтар Әуезовтің 100 жылдығына байланысты біз жетекшілік еткен оқымыстылар ұжымына арнайы белгіленген іргелі де күрделі тақырып осылай игеріліп, нәтижесінде біртұтас монографиялық еңбек жазылып бітті. Оқып отырғаныңыз сол еңбектің бір тарауы ғана», – деп атап көрсетеді (285-б.). Ғылым тілін төгілген поэзияға айналдырып жіберетін академик ғалым қазақтың екі дана дарынының даралықтары мен бірін-бірі байытып, толықтырған тұтас бір рухани құбылыс екендігін жоғары пафосты патетикалық баяндаумен береді: «...Әр қазақ Абайдың әр бетінен өзін көреді. Абай томдарының бір де бір беті, Абай өлендерінің бір де бір жолы тектен-тек, тегін тұрған жоқ. Әр бет, әр жол роль ойнап, қызмет атқарып тұр. Сол арқылы бәрінен бұрын, әр қазақтың өзін өзіне танытып тұр» (290 б.). Міне, бұдан артық қалай бағалауға болады? Шығармадағы шындық пен шеберліктің шыңы осындай-ақ болар. Өзінің төл топырағындағы тума

таланттардан тәрбие-тағылым алып, орыс және әлем классиктерінің шығармаларынан шеберлік меңгерген ұлы Абайдың құнарлы тілі, тамыры тереңге кеткен күрделі де мағынасы терең ойлары қазақтың қара өлеңінің өңін айналдырып, өзгеше өрнек, жаңаша түр беріп құлпыртты. Осы ретте «Жазғытұры қалмайды қыстың сызы», «Көлеңке басын ұзартып» поэзия туындыларының көркем мәтіндерін мысалға ала отырып, олардағы мазмұндық, пішіндік, көркемдік жаңалықтарды жүйелі түрде анықтап, ғылыми тұжырымдармен дәйектеп береді.

М.Әуезовтің көркем, драмалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарына шолу жасай отырып, олардың әрқайсының қазақ руханиятындағы тарихи орны мен құндылығы туралы толғақты ойларын ортаға сала отырып, олардың бәрі тұтасып, М.Әуезовтің ұшан-теңіз «Әсемдік әлемін» жасағанын ғылыми тұрғыдан талдап, тың теориялық тұжырымдарды алға тартады.

Ал, «Ғұлама» атты мақаласында ұстазы М.Әуезовтің жолын қуып, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде қазақ әдебиеті кафедрасында өмір бойы қызмет еткен академик З.Қабдоловқа: «Профессор Әуезов өте шешен лектор болған деседі. Осы туралы не айтар едіңіз?» деген университет студенттері қойған сұраққа жауап ретіндегі ойлары жазылған. Мұнда ұлы Мұхтар Әуезовтің адами табиғи қасиеті, ұстаздық ұлағаты, кісілік келбеті, даналық дәрістері, ғұламалық гибраттары нақты өмірлік фактілер арқылы өрнектеледі.

«Мұхандай шешен адамды өз басым ғұмырымда көріп-білген емеспін. Мінбеде не кафедрада күркіреген өзенше тасып, яки толассыз сіркіреген ақ жаңбырша төгіліп тұрушы еді. Және бір кереметі – Мұханды енжар тыңдау мүлде мүмкін емес. Өйткені, ол жазғанда ғана емес, ауызекі сөйлеген сөзде де ғаламат суреткер болатын», – деп, алдымен кібіртіктегенмен кейіннен көсілгенде шексіз білім мен терең ойдың тегеурінсіз тасқынына кез болып, тәнті болатын шешендік өнерінің өзгешелігін ерекше сүйіспеншілікпен суреттейді (230-б.). Ұстазы М.Әуезовтің: «Шешен болу үшін адам кәдімгідей қанатты болуға тиіс...Тегінде, әдебиеттен сабақ беретін әр адам, өз сабағын шын мәніндегі эстетикалық сұлулық биігіне көтеріп әкетуі тиіс... Ұстаздық – ұлы нәрсе!...», – деген даналық сөздерін дәріптей отырып, 1960 жылы 24 декабрь күні университет студенттерімен кездесу өткізгенін, кейін бұл күн дәстүрге айналып, онда ұлы ұстаз туралы естеліктер айтылатынын айта келіп: «...Әйтпесе, бағзы бір

естеліктерден Мұханның өр тұлғасы, өзгеше болмыс-бітімі көрінудің орнына, естелік авторының өз қалпағы қылтындай берсе, бұған қынжылмасқа болмайды», – деген зерттеуші сөзі кімге болса да өнегелі өсиет болса керек (232-б.).

«Тасқа тіл бітірген...» атты мақаласында М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының 4 кітабының талқылауынан кейінгі толғауға ерік береді. Көркем шығарманың ғұмырлығын – «бір кезеңдегі қилы-қилы өмір-тірлік синтезінен», енді бірде «тірі адамдар тағдырынан, ондағы ой мен әрекет қақтығысынан қалмайтын қаһармандар әлемі мен қоғам мен санаға салар салмағы бар, ерекше адуынды қоғамдық-өзгертушілік қасиет-күшінен іздейтін зерттеуші 6 баяндамашы байқамаған, көңіл бөлмеген «Ол – ғажап поэтикалық образ. Ол – қазақ даласының образына» тоқтала келіп: «Әдеби сынымызда күні бүгінге дейін көлеңкедей ілесіп келе жатқан бір кемшілік-әдеби шығарманың көркемдік ерекшелігін ұмыту, ұмыту емес, байыптай алмау деп білемін. Бұл не деген сөз? Бұл – сыншының өз еркінен тыс (ол қаласын, қаламасын), әдебиеттің спецификасын, көркем шығарманың тек өзіне ғана тән ерекше сырын жете анықтамау, творчествоның психологиясына еркін тереңдеп ене алмау деген сөз», – деп өз кезеңіндегі көркем талдаудың кемшіліктеріне тоқталады (307-б.). Баяндаманың ішіндегі шығарманың көркемдік эстетикалық, стильдік ерекшеліктерін, тілдік, түрлік қасиеттерін асқан кәсіби біргірлікпен теориялық тұрғыдан талдай білген Зейін Шашкиннің талғамына көңілі толғанын, келешекте туындының фабуласын сөз етіп, мазмұндаудан биіктеп, суреткерлік ерекшелік пен шеберлік мәселесін көтеретін көркем сынды дамыту керектігін, «Тілден аңғарылатын жазушының өз көркемдік талғамы, мәдениеті, ой-өрісі, құлаш-өрісі, тағы басқа сол сияқтылар маңында қаншама мәселе бар?!», – деген ғылыми пікірлерін ортаға салады (309-б.).

Шағын мақаласында З.Қабдолов М.Әуезовтің бірнеше зерттеуге нысана боларлық мұхиттай мол мұрасы – тіл құнары мен оны қолданудағы жазушы шеберлігі жөніндегі ойларының бірін ғана: Әуезов тілінің қазіргі қазақ прозасының жеткен биігін танытатын таразы, өлшем екендігін, қазақтың тек өзіне ғана тән өзгеше сөйлеу жүйесі, сөз рухы, ұлттық пішін екендігін ескерте келіп: «Қысқасы, жазушы болсын, сыншы болсын, әдеби тілге немқұрайды қарамауы керек! Рас-ақ, тілге немқұрайды қарайтын адам – немқұрайды ой-

лайтын адам. Темір жайын білмейтін адам токарь емес. Тіл жайын білмейтін адам әдебиетші емес. Көркем әдебиеттің ең негізгі, ең басты құралы-тілді сөз етпей орағытып өтіп, көркемдік, шеберлік сырын ашу мүмкін емес. Сондықтан, бұл мәселе алдағы уақытта әрқашан күн тәртібінде тұруға тиіс...», – деген Зейнолла Қабдоловтың 1957 жылы жазған сөзі әлі де өз мағынасын да зәрулігін де жойған жоқ. Әдеби, көркем тілсіз әдебиеттің жасалуы мүмкін еместігі қанша ұрпақ ауысса да өмір мен өнер ақиқатынан айнамай келеді.

«Әдебиетті – ардың ісі» деп өсиет етумен қатар өзі де сол қағиданы ұстанып, мүмкіндігінше арлы, сөз өнеріне адал болуға тырысқан көрнекті ғалым З.Қабдолов ұлы ұстазы М.Әуезовке деген өмірлік махаббатын үнемі алға тартып, мүмкіндік болған жерде ол туралы толғанудан тартынбаған, ол туралы естелік айтудан жалықпаған, оның адами қасиеті мен ұстаздық ұлағаты, мұхиттай терең білімдарлығы, ділмарлық даналығы т.б жөнінде жырлап, жазуды доғармаған дара талант иесі. Ол ғылым туралы толғанса да, жазушылық шеберлік туралы сыр шертсе де, университет, не кафедра, не әріптестері туралы әңгіме қозғаса да Мұхтар Әуезовке соқпай өте алмайды. Қабдолов үшін әдебиет пен өмір, өнер мен білім бәрі тұтасып Әуезовтің әсемдік әлеміне айналып кеткен. Өткен мен бүгін, бүгін мен келешек, Абай мен Мұхтар, Мұхтар мен Қабдолов, тіпті бүтін бір ұлт, қазақтың рухани әлемі бүтін бір бітімге ұласып, тұтасып кеткендей болады.

«Әуезов кафедрасындағы Әуезов дәстүрі» деген еңбекте екіншісі бірі біле бермейтін қызықты факт – 1934 жылы Қазақ мемлекеттік университетін ашу жайы күн тәртібіне қойылып, филология, педология, математика кафедраларын құру жоспарланғанда оларды басқару тек қана үш оқымыстының – Ахмет Байтұрсыновтың, Халел Досмұхамедовтің, Әлімхан Ермековтің ғана қолынан келуі мүмкін деп ұйғарылғанын, алайда олар Ташкентте «ұлтшыл алашордашылар» деп қуғында еді. «Өз мамандықтары бойынша сыңарлары жоқ дана да дара санаткерлердің» екеуі келісімін беріп, ал А.Байтұрсыновтың «мұндай орасан жауапты жұмысқа дайын емес екенін» айтып, бас тартқаны (312-б.). Қазақ ғылымында, ұлттық әдебиеттану саласында тұңғыш рет «Әдебиеттанушы» атты оқулық, теориялық еңбек жазған әмбебап ғұламаның осынау ғибратты тағылымы нағыз тәрбиенің, ұрпақ алдындағы ұстаз ұлағатының ұлы үлгісі екендігі айқын. Бұл жөнінде автор: «Ойлап қарасақ, Ахаңның осы қылығының өзі өнеге;

қазақ әдебиеті математика секілді бір орталықта жасалған жалпыға ортақ бағыт-бағдармен оқытылатын пән емес. Қазақ әдебиетінің бағдарламасы да, оқулығы да тек қана Қазақ әдебиеті кафедрасының өзінде жасалуы тиіс...», – дей келіп, сол кезден бастап бұл кафедраны М.Әуезов басқарып, өмірінің соңына дейін қазақ фольклорынан, «КСРО халықтарының әдебиетінен» жалпы курс, «Абайтанудан» арнаулы курс жүргізіп, үздіксіз оқылатын пәндерге айналдырғанын, содан бері жүйелі түрде жүретін Әуезов дәрістері дәстүрлі түрде дамып, тұрақты түрде оқытылып келе жатқанын, кафедраны Әуезовтің әріптестері мен шәкірттері – Б.Кенжебаев (1940), Мәстүра Сармурзина (1950), З.Қабдоловтың жетпісінші жылдардың орта тұсынан басқарып, ұлы ұстаз дәстүрін берік сақтап әрі дамытып отырғаны жөнінде жүрек толқытарлық толғақты ойларын ортаға салады. Бүгінде мәтелге, қанатты сөзге айналып кеткен: «Ұстаздық ету – өз уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау. Бұдан асқан қиямет-қайым қиындық, азап пен бейнет жоқ. Осы қиындықты жеңген, осындай азап пен бейнетке көнген адам ғана ұстаз. Әуезовтің кемеңгерлігі – жазушылығымен, ғалымдығымен бұрымдай өріліп кеткен ұстаздығы», – деген тағылымды сөзі әрдайым қайталанып отыратынына көпшілігіміз куәміз (315-б.).

1950 жылы жазылған «Абайдың лирикасы» атты зерттеуін академик З.Қабдолов 1995 жылы ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы қарсаңында қайта қарап, Әуезов ашқан хан-қазынаға қайта үңіліп, жаңаша пайымдаулар жасайды.

А.Байтұрсынов анықтап бергендей, Абай қазақта бұрын да кейінде болмайтын бірегей, қайталанбас рухани және көркемдік құбылыс екендігін, бұл тақырып сонау студенттік кезде дипломдық жұмысқа ұлы М.Әуезов тақырып етіп бергеннен бері етене жақын таныстығын, сондықтан да көсіліп те көшелі де ой айта алатынын алға тартады. Өзі де әдебиет теориясынан жоғары оқу орындарының студенттеріне оқу құралын жазып, ол тұрақты түрде қайта жарияланып, қолданыста болғандығын ескерсек, бұл еңбектің авторы ғалым ұстаз З.Қабдолов әдебиеттанудың үш негізгі саласы – эпос, лирика, драмаға, олардың жанрлық табиғатына тоқтала келіп, Абайдың лирикасының көркемдік ерекшеліктеріне ғылыми-теориялық тұрғыдан талдаулар жүргізеді. Ақынның табиғат, махаббат лирикаларына арнайы тоқталып, мәтіндегі мазмұндық, көркемдік, стилдік, пішіндік ерекшеліктері, табиғатты тірілтудегі қайталанбас қолтаңбасы жайлы құнды пікірлер айтады:

«...Абайдан бұрын табиғат көрінісін мұншалық шебер, мұншалық терең һәм жан-жақты жырлаған ақын болған емес... Қысты адам бейнесінде суреттеу – қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын атымен болған емес. Бұл жерде де мәдениетті поэзияның өкілі Абай өзінің өзгеше өлең өрімін, жаңаша үлгі-өрнегін төгіп отыр...» (330-331 бб.).

Зерттеуші өзінің ғылыми пікірлері мен көркем-эстетикалық талдауларын көбіне М.Әуезовтің Абай туралы зерттеулеріндегі ойлармен толықтырып, салыстырып, сабақтастырып, тұздықтап отырады.

Жалпы академик ғалым Зейнолла Қабдолов М.Әуезовтің көркем шығармалары мен ғылыми зерттеулерін үнемі назардан тыс қалдырмай ой жарыстырып отыруды әдетке айналдырғандай. Ұлы ұстаз алдындағы парызын да осылай оқтын-оқтын ой қозғау арқылы адал атқарғандай. Оған автордың жоғарыда аталып, талданған ғылыми зерттеулері мен «Менің Әуезовім» атты әдеби шығармасы, яғни роман-эссесі дәлел.

М.ӘУЕЗОВТІҢ ДРАМАТУРГИЯСЫН ЗЕРТТЕУШІ – Р.НҰРҒАЛИ

Көрнекті ғалым, әдебиеттанушы, академик, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Рымғали Нұрғалидың «М.Әуезов және Алаш. Әдебиеттегі ұлттық рух. Көмекші оқу құралы» (Алматы: «Санат», 1997. – 432 бет) атты еңбегі екі тараудан тұрады. «Алаш ұранды әдебиет» атты бірінші бөлім А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ә.Бөкейхановтардың өмірі мен шығармашылықтарына арналған алты тараудан тұрса, «Әуезов әлемі» деген екінші бөлімі «Ей, халайық, барым ең сен» атты жетінші тарау мен «Алаш ұранды әдебиеттің негізгі сипаттары» деген соңғы сөзді құрайды. Бізді М.Әуезов шығармаларының тәуелсіздік тұсындағы зерттелуі қызықтырғандықтан бұл еңбектегі М.Әуезов шығармашылығы мен драматургиясы турасындағы толғақты ойлары мен теориялық талдаулары топтасқан «Әуезов әлемі» деген тақырып аясындағы «Адамзаттың Әуезовы», «Классикалық проза», «Ұлттық эпопея», «Биік эстетика», «Драма табиғаты», «Мәңгілік жалғасу» деген тараушаларға тоқталдық. Қазақтың тұңғыш драматургы, көрнекті суреткер М.Әуезовтің ұлттық театр, кино, опера сынды өресі биік өркениетті өнер өлкесіндегі өлшеусіз қызметі

жөніндегі бұл еңбек тәуелсіз еліміздің ғылымына қосылған құнды еңбек деуге әбден болады.

«Қазақтың киіз үйінен шығып, XX ғасырдың цивилизация биігіне көтерілген Мұхтар Әуезов шығармалары ұлттық шеңберден шығандап көтеріліп, әлемдік мәдениеттің қымбат қазынасына толымды қор болып қосылғандығын ерекше сүйіспеншілікпен сөз еткен зерттеуші: «...оның мұрасы әлі ұзақ уақыт жан-жақты, сан алуан, әр бағыттағы зерттеулердің объектісі болуы қажеттігін» және олардың «идеялық – көркемдік, образдық, жанрлық ретпен де, ізденіс өрістері, қаламгерлік эволюция тұрғысынан да ақтара қарап, саралауды талап ететінін» ескертеді (181-б.).

Осындай орын алған олқылықтың бірі ретінде жазушының алғашқы публицистикалық шығармаларының ғылыми айналымға түспей зерттеушілер назарынан тыс қалып келгенін айта келіп, 1917 жылы жарық көрген «Адамдық негізі – әйел» атты алғашқы мақаласынан бастап, 1930 жылдарға дейінгі мерзімді баспасөздерде жарияланғанымен арнайы зерттелмеген еңбектеріне жеке-жеке тоқталып, олардағы көтерілген өзекті мәселелерге, сол кезеңдердегі көркемдік-эстетикалық талапқа сай шығармашылық ізденістері мен қоғамның әлеуметтік, әдеби-мәдени өміріндегі өзіндік қолтаңбасына бүгінгі тәуелсіздік көзқарасы тұрғысынан талдаулар жүргізеді. Мұндағы зерттеу нысаналары 1997 жылы жазушының 100 жылдық мерейтойына орай «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы шығарған 512 беттік орыс және қазақ тіліндегі «Мұхтар Әуезов. Таңдамалы» атты жинақтағы «Мұхтар Әуезовтің ғылыми-зерттеу еңбектері» деген мақаласымен мазмұндас, ортақ болғандықтан соңғы еңбекке тоқталуды жөн көрдік. Тәуелсіздік тұсындағы жаңару бағытында жаңаша көзқараспен қайта қаралып, ұлттық құндылықтарымыздың тиесілі заңды тарихи орындары анықталып, саясаттан тыс тек ғылыми-теориялық, көркемдік талап тұрғысынан талданған бұл еңбек зерттеушінің М.Әуезовтің әдеби мұрасына деген соны көзқарасын танытады. Әлемдік мәдениетке қазақ өнерінің көркемдік игіліктерін танытып, шеберлік деңгейін мойындата білген кемеңгер қаламгерді зерттеуші: «... әдебиеттану, фольклор, тарих, философия, эстетика саласында да аса бай мұра қалдырған энциклопедиялық қуаты бар тамаша ғалым ...», – дей келе, оның ғылыми-зерттеу еңбектерінің, жалпы шығармашылығының зерттелмей келе жатқан тұстарын, онда қандай мәселелерге терең мән

берілмегеніне өкініш білдіреді: «... Қазірде Әуезовтің толық зерттелмей жүрген бірталай еңбегі бар. Ол – жігіт Мұхтардың қаламгерлік жолындағы алғашқы шығармалары. Жаңа жаза бастаған талапкердің апыл-тапыл басқан жаттығу қадамы күйінде қалып қоймай, бұл туындылардың елеулі маңызға ие болу себептерін ашу керек...» (478 б.). Осы ретте баспасөзде ең алғаш жарияланған «Адамдық негізі – әйел» (1917) деген публицистикалық мақаласындағы: «...Ер жағы басқаға қарамай жүргенде, балаларын баулып, асырап, үйлік ұйымның басын құраған – әйел», – деген тіршілік философиясының түйінін тастай етіп тереңдікпен тұжырымдап берген небәрі 25 жастағы жігіттің білім дәрежесінің биіктігіне тәнті болады. Қандай тақырыпты жазса да оның астарын ашып, түптамырын қазып, тарихынан тарамдап ой қозғайтын жазушының ағайын алауыздығы, күндестіктің кесірі, қазақты қазаққа жау етіп қоятын ескі салт-дәстүрдің салдары секілді түйткілді мәселелерді қозғағанда Абай поэзиясы мен қара сөздерінің әсері барлығын байқатады.

Зерттеуші «Қайсысын қолданамыз?», «Ғылым», «Ғылым тілі», «Оқу ісі» мақалаларындағы ағартушылық, ұлт зиялыларын қалыптастыру, ұлттық ғылым тілін, пән сөздерін, яғни терминдерді жасау, оқулықтар жазу, шығару жайы қозғалса, «Мәдениетке қай кәсіп жуық?», «Мәдениет һәм ұлт», «Философия жайынан», «Земство һәм кооператив қауымдары» мақалаларындағы зерттеушілік зейінді жоғары бағалап, ертедегі Аристотель, Бэкон, Декарт, Кант сияқты даналардан дәріс алған дарындылығын дәріптейді.

«Мұхтар Әуезов. Таңдамалы» атты 1997 жылы жарияланған жинақтағы «Мұхтар Әуезовтің ғылыми-зерттеу еңбектері» мен «Әуезов және Алаш» атты зерттеуінде де М. Әуезовтің алғашқы публицистикалық мақалалары жан-жақты талданып, автордың алға қойған ғылыми мақсатын ой талқысына түседі. Р. Нұрғалидың «Мұхтар Әуезовтің ғылыми-зерттеу жұмыстары» деген еңбегінде жазушының ғылыми зерттеулері негізгі нысанаға алынса, «Әуезов және Алаштағы» «Ей, халайық барым ең, сен» деген тарауда жазушының өмірі мен шығармашылығы тұтас алынып, әр кезеңнің уақыт талабына сай туындаған шығарма тақырыбы мен идеясы, уақыты мен көркемдік кеңістігі, стилдік өрнектері сөз етіледі. Мұхтартанушы ғалым өзінің ғылыми тақырыбы М. Әуезовтің драматургиялық шығармалары мен 1917-1922 жылдар аралығындағы «Қазақ қалам қайраткерлеріне

ашық хат» (1922), «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» (1922) деген мақалаларындағы қазақ әдебиеті тарихына шолу мен сөз өнерінің адамзат өмірі мен қоғамдағы атқаратын қызметі жайлы ойларына ерекше тоқталып, ескі әдебиеттің, қазақ эпостары «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қобыланды», «Ер Тарғындардың» көркемдік қуатының зор екендігін, олардағы кейіпкерлердің типтік образдар дәрежесіне көтерілгенін әлемдік әдебиеттердегі бейнелермен салыстыра отырып, орынды теориялық талдаулар жасағанын жіктеп, әдеби қисындармен дәйектейді. Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деген әдеби-сын очеркіндегі Абай шығармашылығы, оның қазақтың жаңа әдеби тілін жасап, поэзия мәдениетін асқар шыңға көтерген кемелдігі жөніндегі ойларына: «Әдебиеттану ғылымымыздың тарихындағы алғашқы профессионалды, сапалы еңбектердің бірі», – деп жоғары бағасын береді (190 б.). Зерттеуші М.Әуезовтің Кеңес өкіметіндегі саяси мектептен өтіп, тәжірибе жинақтап, дүниетанымын кеңейтіп, ой-өрісінің кеңейіп, пікірінің өткірленіп, білімінің тереңдеуі, өзіндік көзқарасы қалыптасып, өмірлік ұстанымы айқындалғанын осы публицистикалық мақалаларында көтерген ғылыми, әдеби мәселелерінен байқалатынын нақты ғылыми деректермен тұжырымдап, мәтіндердегі мысалдармен нақыштайды.

Р.Нұрғали М.Әуезовтің халық әдебиетіндегі, фольклорлық жанрлардағы, ұлттық салт-дәстүрдегі драматургияға жақын әдеби-сахналық нұсқаларды кәсіби шеберлікпен пайдаланып, әлемдік өркениеттегі профессионалдық деңгейді тез арада меңгерудегі жетістігіне тәнтілік танытып, оның қазақ тұрмысындағы сауық түрлері, қыз ұзату салтанаты, алтыбақан ойындарын драмаға тұңғыш ендірумен қатар, толғау, айтыс, жер дауы, жесір дауын дәнекер еткен шешендік өнердің тамаша үлгілерін театр, кино, опера өнерлерінде келісті кірістіріп, көркемдік әлемін әшекейлеп, өрісін кеңейтудегі қызметін орынды бағалайды. 9 жасынан қалада өсіп, орыс театрларында болып, Еуропа драматургиясымен танысу, Шекспир, Гоголь, Погдиндердің шығармаларын аудару сынды сан тарапта өткен шеберлік мектебі Әуезовтің 30-дан астам драмалық шығарма жазуға даярлауға себепкер болғаны жөнінде әдеби деректер келтіріледі. Жеке пьесалардың нұсқаларын қосқанда 50-ден аса драмалық туынды жазғандығын алға тартқан зерттеуші олардың тақырыптарына қарай шартты түрде бірнеше салаға бөледі:

«а) аңызды, эпосты арқау еткен шығармалары: «Еңлік-Кебек», «Қобыланды», «Айман-Шолпан», «Бекет»;

ә) тарихи-революциялық тақырыпқа жазылғандары: «Октябрь үшін», «Түнгі сарын», «Ақ қайың»;

б.) кеңестік өмір кезеңдерін бейнелейтін шығармалары: «Тартыс», «Тас түлек», «Алма бағында», «Шекарада», «Алуа»;

в) Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналғандары: «Намыс гвардиясы», «Қынаптан қылыш», «Асыл нәсілдер»;

г) фантастикалық пьесалар: «Дос-Бедел дос», «50 жыл өткен соң»;

ғ) ақындар өмірі туралы: «Абай», «Ақан-Зайра», «Қарагөз»;

д) сценарийлер: «Райхан», «Абай әндері», «Қалқаман-Мамыр» (192-б.). Бұл жіктелу ұлы суреткердің барлық жанрда, сол жанрлардың түрлі формаларында ізденістер жүргізгенін айғақтайды. Әр заман өзінің рухани қажеттілігін тудырады. Және сол кезеңнің уақыт тынысы мен көркемдік кеңістігі бейнеленер туындылар әр қаламгердің шығармашылық шеберлігін, ізденіс іздерін, кәсіби қабілеті мен табиғи талантын танытары сөзсіз. М.Әуезов фольклорлық мәтіндер мен аңыздарды сюжеттік желіге алып отырғанымен оны жаңа заман талабына сай соны бейнеде сомдауы, кейіпкерлеріне жаңа мазмұн беріп, оқиғаға жаңа ой қосып, тың түрлік, тосын тәсілдік құбылтулар қосып, оның философиялық, көркемдік, психологиялық құндылықтарын арттыруға айрықша мән берген. Жалпы ХХ ғасыр басындағы қазақ қаламгерлері әдеби жанрлардың барлық түрлерін де жаңадан игеріп, өзіміздің көнеден келе жатқан фольклорлық мұраларымызда, ауыз әдебиетінде қалыптасқан жанрлардың түрлік тәсілдерін жаңғыртып, жаңартып, жазба әдебиетке тән көркемдік кеңістігін кеңейтіп, жаңа ізденістерге негіз салғаны тарихи факт. Және олардың бәрі де бірден өткеннен безіп, өзгелерді өнеге тұтып, әлемдік әдебиет тарихындағы тәжірибелерді көз жұмып көшіріп немесе соған елтіп, еріп кеткен жоқ. М.Әуезовтің шығармаларында тарихи шындық, ұлттық құндылықтар ұйысып тұрды. М.Әуезовтің бүкіл драмалық туындыларының негізін фольклорлық, аңыздық сюжеттер құрап, олардың көтеріп отырған мәселесі бүкіл адамзатқа ортақ өмір мен өлім аралығындағы экзистенционалдық мәңгілік құндылықтарды құрады, яғни жақсылық пен жауыздық, ерлік пен ездік, парасаттылық пен пайымсыздық әшкереленді. Кеше де бүгін де өзінің

мазмұндық, көркемдік құндылығын жоймаған шығармалар ертеңгі ұрпақ үшін өзінің маңызын жоймақ емес. Сондықтан да М.Әуезовтің әдебиетке деген алғашқы махаббатын тудырған, тұңғыш туындысы болып талабын күшейтіп, талантының тұсауын кескен «Еңлік-Кебек» драмасының көркем мәтінін 1922 жылы алғаш рет ақ қағазға түсіріп, Орынборда жарияласа, 1943 жылы қайта жазып, көп жерін қайта жөндесе, 1956 жылы тағы бір рет оралып, олқылықтардан арылтып, заманауи талаптарды ескереді. Ұлы жазушының бір шығармасына үш рет қайтара оралып, әрдайым жетілдіріп отыруының мәнісі-оның мәңгілік-махаббат тақырыбының уақыттың қай кезеңінде де сұранысқа ие екендігін көрсетеді. Әуезовтің бұл шығармасын Ж.Шаниннің жоғары бағалап, Қызылордада, сонсын Алматыда сахналағанын, ол кезеңдегі театр, сахна өнерін өрістету көкейкесті мәселе болып, халық мәдениетінің, кәмілетінің, рухани өрлеуінің көрінісі болғаны жөніндегі ойлары жоғары деңгейдегі кәсіби баға беруімен құнды. Зерттеуші «Түнгі сарын», «Октябрь үшін», «Тартыс» пьесаларында реалистік драма жасауда түрлі көркемдік, философиялық ізденістерге барғанын, кейіпкер тағдырларының ішкі рухани бұлқыныстарын суреткерлік шеберлікпен астарлай бейнелей білгеніне мән берген. Жазушының таптық тақырыптағы туындыларына көрнекті театртанушы Бағыбек Құндақбаев, өзге әдебиет зерттеушілері «кейінгі кездері жан-жақтан соққан саяси соққыдан құтылу барысында жазылғандықтан көркемдігі кемшін түсіп жатыр» деген пікірлеріне қанша олқы болғанымен дарынның ішкі білім қуаты, суреткерлік шеберлігі шаң бермей қоймайтынын алға тосады: «Түнгі сарын» – драматургиядағы совет классикасының бірі. Оның туу тарихы М.Әуезовтің эволюциясын көтереді. Мұхтар 1929 ж., 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісі жайлы «Қилы заман» повесін жазады. Шығарманы 1972 ж. А.Н.Пантиелеев орысшаға аударған. Алғы сөзін Ш.Айматов жазған», – деп зор мақтанышпен сөз етеді (193 б.). Бұл еңбекті дер кезінде рухани қолдағандар да тегін тұлғалар еместігі ескертіледі. Зерттеуші М.Әуезовтің студент кезінің (1926) өзінде жазған «Қарагөзінің» театр туындыларындағы тұңғыш сыйлықты иеленгеніне таршылық танытқандарды да осы ретте атап көрсетіп, тарих қашанда ақиқатты талап ететінін алға тартады. 1930-жылдардағы белгілі әдебиет сыншысы саналған Ғ.Тоғжановтың, Ж.Орманбаевтың бұл драманы ескі көшпелі өмірді мадақтау деп сөгуін, оның астарында іштарлықтың ізі жатқандығын, алайда сыннан

соң автордың бұл пьесаға қайта оралып, жаңа нұсқа жасағанын, ұлттық драматургияны дамытуда көптеген ізденістерге барғандығы жөніндегі ғалымның ғылыми барлаулары да өте қызғылықты. 1918 жылы Әуезов тұңғыш рет ақын жайлы мақала жазғанын, ол Л.Соболевпен бірлесіп жазған «Абай» пьесасының кейінгі эпопеяға алғашқы барлауы болғанын, ұлы ақын тағдыры мен шығармашылық тұлғасына лайық сөз өрнектерін, тартыс, әрекет, қақтығыс мәселелерін биік шеберлік деңгейінде шешкенін, кейін олардың опера либреттосы, киносценарий кезінде одан әрі жетілгені жөніндегі автордың ойлары да орнықты. Өзі де ғылымда жастай танылған зерттеушінің рухани ұстазы саналған М.Әуезовтің «Абайдың» 1-кітабы басылғанда 40-тардың ішінде, ал тұңғыш әңгімесін 24 жасында жариялағанын, қазақ әдебиеті тарихында реалистік прозаның көшбастаушысы болғанын, Әуезовке дейін прозамызда адам психологиясының, автор идеясымен сабақтас пейзаждың болмағанын, ол диалог, монолог үлгілерінің небір үздіктері тек Әуезовтен кейін ғана сөз өнерінде өріс алғанына тәнтілік танытады.

Кезінде көп даутудырған «Көксерек» пен «Қараш-қараш оқиғасы» туындыларында жазушының бүкіл көркемдік-эстетикалық ізденістері шаң беріп, әлемдік шедеврлермен теңдей талданатын талантты, философиялық, психологиялық шығарма болғанын шетелдік үздік шығармалармен салыстыра отырып, ғылыми салыстырулар жүргізеді. Одан әрі де зерттеуші М.Әуезовтің «Өскен өркен» романы, «Абай жолы» эпопеясын жазу барысындағы шығармашылық зертханасына зер салып, олар туралы әр кездері жазылған зерттеулер мен әдеби сындағы пікірлерге тоқталып, өзінің 3 арнадан тұратын ғылыми пікірлерін ұсынады: «Бірінші арна: Роман психологиялық әлеуметтік тартыстар, күрескер жүйесіне құрылған. ...Екінші арна: Романда терең психологизм бар. Барлық күрес үнемі психологиялық кілтпен шешіліп отырады. ...Үшінші арна: Адам кейіптері ішкі, сыртқы өзгерістерімен, тіл ерекшеліктерімен, әрекет, қимыл үстінде, ой, сезім тебіреністерімен, психологиялық портрет арқылы беріледі... Бұл орайда М.Әуезов тарихи романға үлкен көркем жаңалық әкелген, тұтас дәстүр жасаған жазушы... Эпопея қазақ әдебиетінің көркемдік деңгейін көтерді, жаңа эстетикалық игіліктер жасады, тақырыптық ауқымын кеңейтті... Романның полифониялық сипаты оның көркемдік, стильдік құрылысының

барлық деңгейінен көрінеді...», – деп зерттеушілік бағасын береді (197-198-бб.).

Бұл зерттеуде М.Әуезовтің тұңғыш туындысы «Қорғансыздың күнінен» соңғы шығармасы «Өскен өркенге» дейінгі жазушының кәсіби шеберлігінің өсу динамикасы, шығармашылық зертханасына катысты құнды барлаулар, әр туындының жазылу тарихы мен кейіпкерлер тағдыры, өмір мен көркем шындықтар шырғалаңдары, көркемдік-эстетикалық ізденістері, олардың әлем әдебиетіндегі классикалық шығармалармен өзара салыстырылады. Жалпы көркемдік әлемі, жазушының қазақ әдебиетіне алып келген жаңалықтары, көркемдік компоненттер, стилдік өрнектері арқылы айқындалып, ғылыми талқылаулар (интерпретация) жүргізіліп, герменевтикалық талдаулар жасалады. М.Әуезов шығармаларындағы көркем мәтіндердің мағыналарын ашып, айқындайтын Р.Нұрғалидың зерттеушілік ойлау қабілеті де, ғылыми теориялық тұжырымдары да ерекше білімдарлықты байқатады. М.Әуезовтің шығармаларын, әсіресе драматургиялық туындыларын зерттеу барысындағы көркем мәтінді қабылдау, оның мағыналық, философиялық, психологиялық мәнін тану мен танытудағы ғылыми талқылаулары зерттеушінің көп еңбектенгенін көрсетеді. Әсіресе, М.Әуезовтің өзі құрметтеп, ұстаз тұтқан Шекспирдің «Отеллосын» аударудағы ізденістері өзіміздің төл туындыларымыз – «Еңлік-Кебек», «Қарагөз», «Хан Кене» трагедияларын ақ өлеңмен жазудағы тәжірибелерін өзге елдегі ямб өлшемімен өрнектей келгенде жаңа бір тосын көркемдік тәсілдердің, «ырғақ тудырушы – жол басында келетін ассонанс, аллитерация, ішкі ұйқас. Тармақтағы буын сандары әртүрлі: 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14» болып келетініне түпнұсқамен қазақша нұсқаны салыстыра отырып көз жібереді.

Сондай-ақ, ғалым М.Әуезовтің аудармашылық палитрасындағы бай бояулар мен қазақ тілінің лексикасындағы сан алуан сөздерді құлпыртып, жаңғыртып пайдаланудағы жетістіктеріне, тәржімелеудегі тың тіркес, жаңа сөздер, дәл баламалармен қазақ тілінің байытылғанына да мән беріп, сөздіктер ұсынады. Өте дәл әрі нәрлі болғандықтан ұлы жазушы қолданған сөздерді назардан қалдырмай, үнемі қолданысқа қолайлы екендігін ескеріп, толық беруге тырыстық: «Труба – керней, флейта – сырнай, свита – нөкер, латук – тікен, колбаса – бүйен, ядро – топ, ночная рубашка – еткөйлек, носилка – көтергіш, хризолит-лағыл тас» делініп дәл баламалары берілген. Рогоч – алданған ер,

мнительный – сезікшіл, чудной – ерепейсіз, благородный – асылзада, лстивый раб – жорға құл, дикая драка – қырықпышак, убитый гневом – ашуынан қайғы шеккен, клянусь христовой верой – иманыммен ант етемін, катехизи – мөңкір-нәнкір, хаос – дозақ, клянусь я светом – жарық күнім суалсын, монахиня – сопы қатын болып сәтімен аударылған» (242-б.).

Зерттеушінің шығармаларды талқылауда өзіндік негізгі ұстанымдары, сыни пікірлері болғаны да белгілі. Мәселен, «...Кровная причина», «наставишь рога» деген тіркестер солғын аударылған. Сөйлемдегі сөздердің орны да орысша текстің ізімен берілген. Мұндай олқылық әр жерде кездесіп отырады. Дездемонаны өлтіретін сәтте Отелло аузынан айтылатын «молиться» деген үш рет келетін сөзді Әуезов екі рет «намаз оқу», бір рет «дұға қылу» деп аударарды... Намаз оқу-мұсылман дінінің ритуалы. Сондықтан осы орайда үш ретте те «дұға қылуды» қолданған дұрыс еді. Аудармашының кейде мифологиялық ұғымдарға байланысты сөздерді, географиялық атауларды тастап кеткен кемшіліктерін дұрыс көрсеткен «... «Отеллоның» соңғы қазақша басылымында (1969) бірталай сөздерде қате кетіп, көп мағына бұрмаланған (Қараңыз: Р.Нұрғалиев. Өнер алды – қызыл тіл. – А.: 1974. 137-141-беттер)», – деп көрсетілген (243-б.). Бұл зерттеуші Р.Нұрғалидың сол алғашқы ғылыми талпыныстарында-ақ тартыншақтамай кеменгер суреткердің кейбір кемшін түсіп жатқан олқылықтарын орынды түрде атап көрсеткенінің нақты дәлелі. Ғылыми талдау болсын, әдеби-көркем сын болсын тек мадақтаудан немесе тек жақсы тұстарын теріп талдаудан тұрмайтыны белгілі. Орынды айтылып, нақты мәтіндегі мысалмен дәлелденген кез-келген кемшілікке көпшіліктің көңілі толатыны айғақ. Олай болса жас та болса да өзі ұстаз тұтқан ұлы суреткердің туындыларында кездесетін түйткілдерді зерттеушілік зердемен, қырағы назардан тыс қалдырмауы автордың қазақ әдебиетінің көркемдік дәрежесіне, әдеби тілдің әрленуіне, тіліміздің дұрыс қолдануына салғырттық танытпайтын жанашырлықты айғақтайды.

Одан әрі зерттеуші «Еңлік-Кебек» трагедиясының көркемдік мәтінін 244-283-бетке дейін автордың идеясымен оның түйіні-трагедияның сахналануы, олардың қабылдануы, әдебиетшілер мен зерттеушілер тарапынан талқыланып, танылуы, түрлі пікір қайшылықтарының туының себептері, оларды жинақтап, жүйелеудегі

өзіндік ізденістері герменевтикалық талдау тұрғысынан жан-жақты түсіндіріліп, талқыланады. Алайда, олардағы тың пікірлер мен ғылыми талқылаулардың құндылықтарын, бағалы сараптама, байыптауларды бағалай отырып, оларға тұтас тоқталудың мүмкін еместігін ескертеміз. Әрбір пікіріне көркем мәтіннен айғақ ала отырып, ғылыми байлауын жасайтын ғалым Р.Нұрғали «Қарагөз», «Бәйбіше-тоқал» пьесаларын Ленинград университетінде оқып жүріп, дүниежүзілік әдебиеттің мөлдір қайнарынан сусындап жүріп жазғандығын, олардың көркемдік поэтикасының классикалық деңгейде көрінуіне себеп болғандығы жөніндегі пікірлері де қызғылықты фактілер төңірегіне топтасқан. Жалпы сахналық шығармаға қойылар бірінші талап – әдеби, шырайлы тілсіз характердің көріне алмайтынын, әрекет пен пікір қайшылығы мен тартыс қақтығысы да болмайтынын М.Әуезов драматургиялық шығармаларындағы әрбір нұсқаларына ғылыми байыптаулар жасай келе: «Әуезов драматургиясы-әлеуметтік тартыстар, кесек мінездер, үлкен идеялар драматургиясы. Мұнда қазақ халқының қилы-қилы өмір кезендері жанды бейнелер арқылы сыр шертеді, ұрпақтар шеруі көз алдына келеді», – деп өз тұжырымын жасайды (417-б.).

Р.Нұрғалидың М.Әуезовтің публицистикалық мақалаларының тарихы, олардың көркем мәтіндерінде қоғамдық-әлеуметтік мәселелер маңызы, олардың келешек кемеңгер жазушының суреткерлік шеберлігін шыңдаудағы атқарған орасан зор қызметі, қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет шығармашылық тұлға тағдыры мен творчествосы, ғылыми өмірбаяны туралы даңқты туынды, көлемді зерттеулер жазған талантты танытуда зерттеуші де, жазушы да, әдебиетші маман ретінде де кәсіби пікір білдіріп, ғылыми талдаулар жасайды. Және әдеби орта мен туған жер қасиеті, шығармашылық зертханасы, бұрындары арнайы ешкім сөз етпеген авторы белгісіз, бірақ стилі Әуезов әуеніне келетін мақалалардың иесін айқындау сынды сала-сала ғылыми-теориялық мәселелер де ғалымның назарынан тыс қалмайды. Осы ретте Әуезовтің бүркеншік аттары – «М.Ә», «М», «Айғақ», «Арқалық», «Қоңыр», «Жаяу сал», «Арғын», «Екеу», екендігін айқындаған әдеби фактілері де сол кез үшін де, бүгін де, жалпы мұхтартану мәселесі саласына қосылған сүбелі үлес деуге әбден болады. Сондай-ақ зерттеушінің Әуезовтің әдеби-мемориалдық музейінің архивіндегі 102-103 санды папкадағы жазушының өз қолтаңбасымен (автографы) жазылған және 99-100-ші папкалардағы

кейінгі латын әрпімен машинкаға басылған «Абай» трагедиясының түпнұсқаларындағы көркем мәтіндердің түрлі сын-ескертпелерден кейінгі түзетілу тағдырлары туралы толғаныстары мен кейіпкерлердің аттары ғана емес, тағдырлары да өзгеріске ұшырағаны, ол құнды қолжазбалардың жазылу, сақталу сапалары жөніндегі ойлары да оқушысын ойлантпай қоймайды.

94 беттік қолжазбадағы 4 актілі, 7 суретті трагедияны тұтастырып тұрған түпнұсқамен кейінгі нұсқалардағы айырмашылықтар – «Әйгерімнің орнына – Еркежан, Оразбайдың орнына – Ерден, Долговтың орнына – Долгополов алынғандығын» (327-б.), алайда олардың аттары өзгергенімен оқиғаға қатысы, басты қаһармандармен байланысы, айтатын сөздері, монологтары бір» (328-б.), – екендігін ескерте келе: «Қолжазбаның 4-7,10-20, 23, 25-30, 33, 37,39, 40-43, 46-47, 49, 53-55, 57-60, 64-66 беттеріндегі тұтас диалогтар, жеке сөйлемдер, кейбір тіркестер, орамдар қысқартылған. Драматург қолжазбадағы әрәдік диалогтарды қаһармандар характерін сомдау мақсатымен өзгерткен», – деп өз түйінін жасайды (329-б.).

Мұндай мәтіндер арасындағы өзгешеліктерді талдаулары зерттеушінің М.Әуезовтің әдеби, ғылыми мұрағаттарынан мол мәліметі барлығын, олардың бәрін түпнұсқалармен салыстыру арқылы интерпретация жасағанын айғақтаса керек-ті.

Мұхтартанушы ғалым: «...Алдымызда жатқан Мұхтар Әуезовтің қолжазбалары араб, латын, орыс графикасымен, түрлі сиямен, қарындашпен жазылған. Әріптердің қағазға түсу қалпында асығыстық, ырғақ, екпін бар сияқты. Әуелде ойда пісіріп, ширатып, толғағын жеткізіп алған сырлар асығыс ақтарылғандай. Кей беттері тап-таза, кей беттері сан сызылған, сан алуан өзгерістерге түскен. Қырқыншы жылдардың ортасына дейін шығармаларын қағазға жазып түсіретін Әуезов кейін әуелгі нобай, нұсқаны машинисткаға, стенографисткаға айтып жаздыруды дағдыға айналдырды. Редакциялау, ажарлау, тереңдету, көркемдеу әртүрлі вариант, нұсқаларды тудырды», – деп шығармашылық зертхана мен психологияның құпия сырларын, күрделі табиғатын айқындап береді (418-б.).

Р.Нұрғалидың «Мұхтар Әуезов Таңдамалы» атты (1997) жинақтағы «Мұхтар Әуезовтің ғылыми-зерттеу еңбектері» деген мақаласында 1920-30 жылдары мерзімді баспасөздерде жарияланған алғашқы публицистикалық шығармалары тұңғыш рет

арнайы ғылыми айналымға түсіп, олардың идеялық, көркемдік, эстетикалық маңызы мен міндеттері қарастырылады. Мақалада ерекше мән берілген М.Әуезовтің XX ғасыр басындағы баспасөздердегі алғашқы мақалалары, атап айтсақ 1925 жылы «Таң» журналында жарияланған «Қобыланды» жайлы зерттеуі, Ақылбайдың өлеңдерін, Сыбан Ақтайлақ бидің шешендік сөздерін, «Қозы Көрпештің» ең көркем Жанақ вариантын бастырған ғылыми еңбектері, оның ішіндегі күрделі зерттеуі «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты әдеби-сын очеркін қазақ әдебиеттану ғылымының тарихындағы алғашқы профессионалды, сапалы еңбектер екендігін және бұл эволюцияның ойдың тереңдеуінен, пікірдің өткірлеуінен, білімнің молаюынан, стильдің айқындалуынан байқалатындығына жоғары баға береді.

Р.Нұрғали қазақ фольклоры мен әдебиетінің тұңғыш зерттеушісі М.Әуезовтің еңбектерін 1. Абай жайлы; 2. Театр, драматургия, аударма жайлы; 3. Проза жайлы; 4. Дүниежүзі халықтары әдебиеті жайлы; 5. Фольклор жайлы деп бес салаға бөліп қарастырады. Ұлттық әдебиеттануда ең алғашқы болып абайтануды ғылыми жүйеге түсіріп, негіздеген М.Әуезовтің Абай өлеңдерін жинаушы, зерттеуші, жариялаушы ретінде қара жұмыстарға да белсене атсалысқанын, өзі көзі тірісінде ұлы ақын өмірі мен шығармашылығына қатысты әрбір мақаладан бастап, күллі мұраларының дұрыс жариялануына, насихатталуына мұқият назар аударып, шынайы жанашыр бола білгендігін, әрбір ізденуші үлгі ала аларлық табанды да адал еңбегінің тарихи маңызын орынды дәріптейді.

Ұзақ жылдар КазПИ, КазГУ-де оқыған арнайы курстық пәнге дайындалған дәрістердің негізінде жарияланған «Абай Құнанбайұлы» атты монографиясының ақын туралы зерттеулерінің басты арналарын белгілеп, жүйелеп бергендігіне мән береді, осы еңбегінде ғалым Ташкенттегі аспирантура оқып жүрген кезінде зерттей бастаған «Манас» жыры мен саяси репрессияға ұшыраған «Әдебиет тарихының» (1924) жазылуына фольклорлық мұраларға деген қызығушылығы түрткі болғанын, жазушының көзі тірісінде не жарияланбай не аталмай, «өлдіге саналғанда» Ғабит Мүсіреповтің ширек ғасыр бойы бойтұмардай сақтап, кейін өз иесіне сыйлағаны жөніндегі тарихи дерек жөнінде де зерттеуші жан толғанысымен қызықты баяндайды. Белгілі ресей әдебиеттанушысы Л.Соболевпен бірігіп жазған «Қазақ әдебиеті мен фольклоры» деген зерттеуі тек

орыс қана емес өзге ұлт өкілдерінің де қазақтың бай ұлттық рухани мұрасымен кеңінен танысып, хабардар болуына жол ашқаны айғақ.

Зерттеуші «Әдебиет тарихындағы» әдебиет тарихын дәуірлеу («Зар заман») мәселелеріндегі, жанрлық жіктеулерді, әдеби ұғымдардың, ғылыми түсініктердің, терминдердің, оларға берілген анықтамалардың дәлдігін, тереңдігін, ұлттық сөз өнерінің ерекшеліктерін тап басып берерлік байқағыштық, білімпаздықтың бастауы жазушының Семей семинариясында, Ленинград университетінде ірі ғалымдардан алған дәріс пен өз ізденістерінің нәтижесі деген пікір айтады: «Әділін айтқанда, М.Әуезов еңбегінде классикалық әдебиеттанудың орнықты, ғылыми жүйесі, үлкен мәдениет, ой тереңдігі, стиль сұлулығы сайрап жатыр. Өнерді өмірдің образды, суретті бейнесі, жанды адам баласының көркемдік игіліктерді бірінші қатарға шығару, ұлттық сұлулық категориялары, терминдер әлемдік әдебиеттің биік-биік тұғырларымен салыстырыла, шендестіріле алынады» (483 б.). М.Әуезов енгізген «Зар заман» дәуірінің әдебиетіндегі, әсіресе Шортанбай өлеңінен алынған осы терминдік түсініктің теориялық тұжырымдары мен азаттықты аңсаған елдің ғасырларға ұласқан ұлы жорықтарының, табанды текетіресінің нәтижесінен туындаған тәжірибесінің тағылымын, тәрбиелік рөлін тиянақтайды.

Р.Нұрғали М.Әуезовтің әдебиет тарихы, сыны, теориясы жөніндегі еңбектерімен қатар қазақтың тұңғыш драматургия саласын зерттеушілерінің де көшбасында болғандығын ескерте келіп, ұлттық сахна өнерін дамытудағы еңбектерін бірнеше салаға бөле отырып, теориялық ой-тұжырымдарымен бөліседі. М.Әуезовтің театр саласындағы тұңғыш еңбегі «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген мақаласындағы көне грек, ежелгі Еуропа театрларының тарихынан тамыр алып, төл театр тарихын қалыптастырып, дамыту жолындағы, әсіресе театр, спектакль, режиссура, актер өнері жөніндегі ғылыми теориялық тұжырымдары мен профессионалдық деңгейдегі жүйелі, кәсіби пікірлеріне тоқталады. М.Әуезовтің қазақтың тұңғыш кәсіби актер-өнерпаздары Әміре Қашаубаев, Жұмат Шанин, Елубай Өмірзақов, Қалыбек Қуанышбаев сынды сирек кездесетін тума таланттар өнерінің ерекшеліктерін дәріптеген шығармашылық портреттерінің өзі үлкен ғылыми зерттеулерге бергісіз бағалы еңбектер екендігін, ондағы қазақ музыкасының өзгеше табиғатын, төл театрымыздың өрлеу мүмкіндіктерін, драматург идеясы мен режиссер трактовкасының

ұштасуы жайлы теориялық тұжырымдарының құндылығын үлгі етеді.

М.Әуезовтің қазақ прозасы, оның әр жанрдағы даму жолдары, ұлттық сөз өнерінің өркендеуіне ықпал етіп жүрген жазушылардың шығармаларындағы көркемдік-эстетикалық ізденістер мен жеке қолтаңбаларына, стилдік ерекшеліктеріне тоқталған ғылыми ой-пікірлері мен әдеби-сындағы мақалалары жөнінде де сүбелі ойлар айтқан ғалым – Р.Нұрғали.

Бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізілмеген жылдары жазушы шығармашылығындағы, ғылыми зерттеу жұмыстарындағы ұлттық идеялар мен көркемдік эстетикалық құндылықтар ашық айтылмай жалпылама баяндалса, Р.Нұрғалидің «Мұхтар Әуезовтің ғылыми-зерттеу еңбектері» атты мақаласында жазушының бұрындары бір жақты талданып келген және сыннан басы арылмаған зерттеулеріндегі мәтін астары, ойлар тасасында тұншыққан халық менталитеті мен ел өмірінің, төл руханиятымыздың келелі мәселелері түптамырымен талданып, теориялық, әдістемелік, ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан зерттелуі табиғи заңдылық та секілді.

Көрнекті ғалым, мұхтартанушы Рымғали Нұрғалидың «Әуезов және Алаш» атты зерттеу еңбегі қазақ халқының тарихын, психологиясын, философиялық, рухани құндылықтарын дала данасы даңқты ақын Абай Құнанбаевтың шығармашылық тағдыры мен тарихи тұлғасы арқылы әлемге танытқан Мұхтар Әуезовтің ұлттық көркем прозадағы, драматургиядағы, театртанудағы, кино, опера өнеріндегі көшбастаушы қызметі, халық ауыз әдебиеті, фольклорлық мұралар, әлем халықтары әдебиеті, жанрлар теориясы, қазіргі әдеби процесс, көркем сын, көркемдік категориялар жөніндегі күрделі де терең танымдық туындылар, ғылыми зерттеулер жазған ғұлама ғалымдығы, алғашқы филолог мамандарды тәрбиелеудегі табанды ұстаздық еңбегі, қазақ прозасына әкелген түрлік, стилдік, жанрлық жаңалықтары жөніндегі зерттеушілік бақылаулары мен ғылыми байыптаулары шын мәнінде құнды.

Ұлы жазушының туылғанына 90 жыл толу мерекесіне орай белгілі мұхтартанушы ғалым Р.Нұрғалиевтың құрастыруымен «М.Әуезов тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер» (Алматы: Жазушы, 1987. – 432 бет) атты жинақ жарық көрген. Өзі мұрындық болған жинаққа автордың «Еңлік-Кебек» трагедиясы» деген зерттеуі

еніпті (328-371-бб.). Мұнда автор «Еңлік-Кебек» трагедиясының «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деген атпен 1892 жылы «Дала уәлаяты» газетінің 31-39 сандарында жарияланған алғашқы нұсқасының мазмұнын баяндай келе: «Еңлік-Кебектің» қағаз бетіне түскен бұл бірінші нұсқасында халықтық сарын, халықтық идея басым. Тілі, сюжеті, композициясы, стилі, образдары – барлық көркемдік компоненттері жіптіктей болып тұрмаса да, бұл әңгіме осы қасиетімен құнды», – деп баға береді (331-б.). «Дала уәлаяты» газетінің 1900 жылғы 46 санында жарияланған 2-і нұсқасындағы өзгешеліктер – кейіпкер аттарында, мәселен – жігіт – Кебек емес-Серғали, қыз – Қаңлық, Абыздың аты – Келдей, Тоқтамыс – Бесқабан, Кеңгірбай – Шалпақ деп берілген. Шыңғыс, Хан, Ақшоқы сияқты таулардан басқа Далаған, Бүркіттау деген жерлер де айтылады. Адам есімдерінен басқа сюжет желісі мен образдар қалпында ерекше өзгеріс жоқ екендігін, ал үшінші нұсқа – Мағауияның «Еңлік-Кебек» поэмасы, ол Қазақ ССР Ғылым академиясы архивінде сақталған қолжазба бойынша 1960 жылы «Дастандар» жинағында басылғанын, оның оқиғасы, сюжеті, композициялық құрылысы 1892 жылғы алғашқы нұсқамен аралас екендігін көркем мәтіндерді салыстыра отырып, дәлелдейді (332-б.).

Төртінші нұсқаның 1912 жылы Семейде жеке кітап болып басылып шыққан «Жолсыз жаза» поэмасы (Мұнда поэма авторы белгісіз, зерттеу 1965 жылы жазылғандықтан Шәкәрім Құдайбердиевтің есімі мұнда аталмаған – Г.П.). Зерттеуші осы төрт нұсқаның мәтіндерін салыстыра келіп, олардағы оқиға, образдар, композицияның көп өзгешелігі жоқтығы, тек адамдар аттарында ғана азғана ауытқулардың барлығын баяндайды.

Бұл еңбекте басты назар аса күрделі шығармашылық тұлға М.Әуезовтің тырнақалды пьесасына айналған бұл трагедияның түпкі мақсаты мен көркемдік-эстетикалық құндылығын түсінуге тереңдік танытпай, үстірт пікір айту үрдіс алғанын, 1930 жылдардағы алғашқы кәсіби сыншы Ғаббас Тоғжановтың «Әдебиет және сын мәселелері» (1929) деген кітабындағы көшпелі қазақ тұрмысы суреттеледі деген пікірден кейін тұтас концепцияға айналып, сынаудың қолшоқпарына айналғанын, оның ақыры М.Әуезовтің 1932 жылғы «Ашық хаттағы» еріксіз мойындауға алып келгенін, оны алға тарта берудің артықтығын, соның салдарынан «Еңлік-

Кебек» пен «Қаракөздің» алғашқы нұсқалары көп редакцияланып, 2-ші рет 1960 жылы жарияланған «Бәйбіше-тоқалдан» бір көрініс қысқартылғанын, бұрын романнан үзінді деп салынған «Заман еркесі» (1923-25) деген әңгімесінің аты – «Сөніп-жану», ал, «Қазақ қызы» (1925) әңгімесінің аты – «Кінәмшіл бойжеткен» болып қайта қойылғандығы жөнінде тың әдеби деректер келтіріледі (338-б.).

Осы мақаласы арқылы мәлім болған тағы бір тарихи дерек – 1917 жылы май айында Семейде қойылған «Еңлік-Кебекке» 50 тиыннан билет сатылып, одан жиналған 54 сом 50 тиынды Құлжадағы ашаршылыққа ұшыраған қазақтарға көмекке жіберуі (339-б.). Бұл да М.Әуезовтің ұлтжандылығын дәлелдейтін деректер.

Р.Нұрғали М.Әуезовтің 100 жылдық мерейтойында жасаған «Әуезов және Алаш» деген баяндамасында Алаш зиялаларының адами қасиеттері мен тұлғалық табиғаттарына, ізгілік істеріне ерекше тоқталады: «...Желісі үзілмеген жеке адамдар арасындағы ұстаздық-шәкірттік, ағалық-інілік, туыстық-бауырлық қарым-қатынастар қаншама: Мағжан мен Сәкеннің семинарияда қатар оқуы, Жүсіпбек пен Мұхтардың «Абай» журналында бірге істеуі, Смағұлдың Әлиханға күйеу бала болуы, Ахметтің Смет Кеңесбаевты, Жүсіпбектің Мәулен Балақаевты, Мағжанның Бейсенбай Кенжебаевты оқытуы Алаш қозғалысы рухын кейінгі ұрпақпен жалғастырған мың сан тамырлар. Мұның үстіне Мәдениет министрі Илияс Омаровтың Мағжанды ағартуға күш салуын, Ахмет Жұбановтың жүрген жерлерінде Мағжан өлеңдерін жатқа айтып отырғанын, Әди Шәріпов Ахметтің «Әдебиет танытқышын», ал Бауыржан Момышұлы Ахметтің «Маса», «Қырық мысал», Бейсенбай Кенжебаев Жүсіпбектің «Психология», Ахметтің «Әдебиет танытқыш», Құрманбай Толыбаев Міржақыптың «Оян, қазақ!», «Бақытсыз Жамал» кітаптарын сақтап келгендігін, оларды жасырын түрде жеткізгенін, оған кейінгі буынның ақындығын қоссаңыз, ұлы арнаның үзілмегеніне әбден көзіңіз жетеді», – дей келіп, күні кешеге дейін алаш тарихы теріс оқылып келгендігін, тек 1988 жылдан соң ғана сеңнің бұзыла бастағанын, бұл буынның жаппай оқулық жазудағы, оқу-ағарту саласындағы, газет-журналдар ашып, баспа ісін жақсартып, енді білекпен емес, біліммен күресіп, руханият жолында бет бұрылғаны жөнінде ғылыми сараптама жасайды (149-б.). Бұл да бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық тағылым.

«Қилы заманды» 40 жылғы қамауынан алып, көпшілікке ұсынған 27 жастағы Р.Нұрғалидың ерлігін де әдеби орта ұмыта қойған жоқ. Өйткені, «Қазақ әдебиеті» газетінің 1967 жылғы 1 сентябрь күнгі санында жарияланған «Қилы заман» қандай туынды?» атты Рымғали Нұрғалидың мақаласы Мұхтар Әуезовтің «Қилы заманына» берілген алғашқы әділ баға болатын.

Шынында да Р.Нұрғали – М.Әуезовтің көркем және драмалық шығармаларының көркем мәтінін әдебиеттану ғылымының өз категориялары арқылы олардың көркемдік табиғатын, ішкі иірімдерін, реалистік тереңдікті, құбылыстың әлеуметтік астарын ашуды құнттап, талдаған және жүйелі түрде зерттеген ғалым.

МҰХТАРДЫҢ ДРАМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

Көрнекті театртанушы ғалым Бағыбек Құндақбаевтың «Мұхтар Әуезов және театр» (Алматы: «Ғылым», 1997. – 248-б.) атты монографиясында М.Әуезовтің ұлттық театр мен драматургияның тууы, дамуы мен қалыптасуына қосқан еңбегі сөз болады. «Автордан» деп аталатын алғы сөзінде автордың ұлы суреткермен алғашқы кездесуіндегі сұхбат кеңінен сөз болып, бұрындары өнер, драматургия, театр, опера, кино сынды күрделі саланы зерттеумен өзге ұлт өкілдері айналысатынын, онымен арнайы айналысуға ынта білдірген қара көз жастың талпынысына әрі таңданыс әрі тілектестік білдірген ұлының қазақ өнерін өрістетуде өлмес мұра қалдырған талай тарихи тұлғалардың барлығын, оның ішінде Ж.Аймауытовтың, С.Сәдуақасовтың аттары аталуы кітап жазылған уақыттағы еркіндікке ие бола бастаған жылдар елесін танытады. Ұзақ уақыт бойы ғылыми кеңесін беріп, келешек жұмысына жақсы бағыт сілтеген М.Әуезовтің: «...Қазақ театрының 20-30-жылдарын зерттеу қиындау екенін, жарияланған материалдардағы қайшылық, пікір алшақтығын ескеріп, бәрін бір концепцияға бағындыруды, сілтемеге көп үйір болмауды, спектакль мен пьесаға, актер ойындары мен режиссерлік интерпретацияларға (ол бұл терминді осылай атаушы еді) деген зерттеуші көзқарасының айқындығы мен нақтылығына көңіл бөлуді ескертті. Басқа елдердің театры туралы жазылған ғылыми еңбектерді тәжірибе тұту қажеттілігін

түсіндірді...», – деген даналығын еске түсіру арқылы берілген кеңестік мекемгерлігі, өмірлік өнеге болғандығына мән береді (6-бет). Бүгінгі қазақ театрының кәсіби деңгейінің биіктеп, көркемдік шыңға жетуіне көшбастап, көшелі бағыт берген ұлы тұлғаның қазақ драматургиясы мен театрын дамытудағы мол мұрасын театртанушы ғалым сахналық қойылым, әр спектакльдегі режиссердің, актердің, шеберліктерімен бірге көркемдік тұтастықпен қарастырған. Автордың өзі білетін, тамашалаған, жетістіктері мен кемшіліктеріне куә болған 45 жылға жуық уақыт ішіндегі М.Әуезов пьесалары негізінде әкем театрдан бастап, барлық қазақ-орыс және облыс театрларында қойылған туындыларды кәсіби маман ретінде талдап, осы тақырып төңірегінде табанды түрде жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қолға түскен, құнды мәліметтер мен мұрағаттағы мұраларға, жазушымен жүздескен өнер қайраткерлерінің естеліктеріне сүйене отырып, жүйеленген ғылыми жұмыстары берілген. М.Әуезовтің театр өнеріне қатысты құнды пікірлері мен драматургиялық шығармаларының сахналану тәжірибесіне тереңдей еніп, ғылыми тұрғыдан талданған «М.Әуезов және ұлттық өнер» атты алғашқы тарауында автор қазақтың ұлттық театр өнерінің дүниеге келуіне тікелей атсалысқан тұлғаның бұл саладағы сайрап жатқан ізін өзі өмірге келген Семейдегі 1890 жылы ұйымдастырылған «Музыка және драмалық өнер әуесқойларының қоғамымен» байланыстырып, 1913-1914 жылдары қаладағы қазақ, татар мұғалімдері мен оқушы жастарының «Шығыс кеші» атты ойынауықтарының белсенді мүшелері М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Қ.Сәтпаев жастарды өнерге баулудағы ұйымдастырушылық еңбектеріне де кеңінен тоқталады. Шынында да, қазақ театр өнерінің тарихымен М.Әуезовтің шығармашылық өмірі өзектес өріледі. 1914 жылы Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына байланысты Семейде тұңғыш рет мұғалімдер семинариясының ұстаздары – Нұрғалы мен Нәзипа Құлжановтардың, ақын Тайыр Жомартбаевтың ұйымдастыруымен өткен әдеби-этнографиялық музыкалық кеште алғаш рет Абай туралы ресми сөз естіп, оның шығармалары оқылып, әндері Еуропа үлгісіндегі концертте тұңғыш рет орындалады. Осы Семейде алғашқы сахналық қойылым Ж.Аймауытовтың өңдеуімен «Біржан-Сара айтысы» қойылса, 1917 жылы М.Әуезовтің «Еңлік-Кебекті» шығарады. 100-ден аса көрермені болған Абай ауылындағы қанаттас тігілген қос киіз үйде қойылған алғашқы қойылымнан қанат жайған ұлттық

театр өнері мен драматургиялық шығармалар шоғырын «Ел ағасы» толықтырады. «Еңлік-Кебекке» 50 тиыннан билет сатылып, жиналған 54 сом 50 тиын Құлжадағы ашаршылыққа ұшыраған қазақтарға жіберілген деген дерек М.Әуезов драматургиясын алғаш арнайы зерттеген Р.Нұрғалидың еңбектерінде айтылып жүр. М.Әуезовтің туындысымен қазаққа театр табалдырығын алғаш аттатқан «Еңлік-Кебекпен» 9 жылдан соң Қызылорда қаласындағы тұңғыш ұлттық театр өз шымылдығын ашқаны белгілі. Сол «Еңлік-Кебек» әлі күнге дейін өзгеге өнеге, үздік үлгі, тағылымды тәжірибе болып талай толқынды тәрбиелеп, талайды таңдай қақтырудан танбай келеді.

Қазақ топырағындағы алғашқы талпыныстармен бірге түлеген театр өнері туралы М.Әуезов алғашқылардың бірі болып оның бүкіл мәселелерін қозғаған мәнді мақалалар да жазып отырған. 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің ақпан айындағы санында жарияланған «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген мақаласында әлем әдебиетіндегі драматургия, театр өнері туралы бай мұраны меңгеріп, олардың тәжірибелері мен теориялық тұжырымдарына сүйене отырып, ұлттық театр өнерін қалай өсіруді, профессионалдық деңгейге қалай жететінімізді, ол үшін қандай бағыт-бағдар ұстануымыз керектігіне кеңес беріп, шығармашылық жоспар ұсынады. Осы алғашқы мақаласының өзінде-ақ зор өре, биік профессионалдық деңгей барлығын байқатқан М.Әуезов өмір бойы осы бағыттан айнымай ұлт өнері жолында табанды тер төкті. Көп замандастары айтатындай М.Әуезов бұл салада да «балаңдық», «шәкірттік» кезеңді кешпегендей көрінеді. Оған қазақ өнерінде тәжірибе болар түгі жоқ драматургияның іргесін қалап, 20-ға да жетпеген жасында «Еңлік-Кебекті» жоғары кәсіби деңгейде жазып шығуы айғақ. Шығарманың композициялық үйлесімі, драмалық архитектоникасы, туындыдағы тартыстар, кейіпкерлер тағдыры мен психологиясындағы қайшылықтар, оларға тән табиғи болмыс ерекшеліктері дәл бүгінгі дамыған кезеңдегі драмалық туындыларда да тапшы болып жатуын қалай түсіндіреміз. Әрине, мұның бәрі М.Әуезовтің дарынының даралығында болса керек.

Сондай-ақ, Еуропа, орыс әдебиетінің бай қазынасын, адамзатқа ортақ әлемдік классикалық дүниелерді түгел тауысу, арғы-бергі тарих, саясат, социология, философия, география, экономика, жаратылыстану, бүкіл қоғамдық ғылымдар жүйелерімен түбегейлі танысу, қаламгерді қалыптастырған білімнің қайнар бұлағы еді. Оған Омбыдан кейінгі

қоры мол Семейдегі Абай сусындаған кітапхана мен Ленинградтағы әлемдік әдебиетті, өзге де театр өнеріне қатысты құнды рухани дүниелерді қамтыған кітапханаларды қосыңыз.

Өнер атаулыда таптаурын тақырып болмайды. Әуезов драмаларына дәнекер болған махаббат мәселесі мәңгілік тақырып, көнеден күні бүгінге дейін жырланып келеді, бірақ өңін бермейді, әр шығарманың өресіне қарай өріс алады. 7 ғасырдағы «Ләйлі мен Мәжнүннен» ХХІ ғасырдың әрбір ақынының жүрегін маздатып, мазасын алған махаббат тақырыбы М.Әуезовтің де бүкіл драмаларының өзегіне арналған. Махаббаттың машақатын кешкен «Еңлік-Кебек», «Қарағөз» бен Сырым, «Айман-Шолпан», «Абайдағы» Ажар мен Айдар тағдыры бүгінгі жастардың тағдырымен тамырлас. Сондықтан да автор қазақ театрының тарихы, бүгінгі жеткен көркемдік биігі М.Әуезовтің драмалық шығармаларының деңгейімен өлшенетінін өнеге етеді. М.Әуезовтің сахна өнерінің барлық компоненттеріне, декорация, киім, сөйлеу, өзін ұстау, қимыл-қозғалыс секілді спектакльдің көркемделуі мен кейіпкерлердің сахналық характерді ашатын өзге де бейнелеу құралдары жөніндегі пайымды пікірлері бүгін де зәрулікке ие. Театрдың профессионалдық ерекшелігін тереңнен танып, табиғатын жанымен түсінетін ғұлама ғалымның құнды пікірлеріне жиі жүгінген автор әрбір драма жөніндегі еңбектеріндегі ойлы сөздеріне көбірек сілтеме беріп отырады.

Театртанушы ғалым М.Әуезовтің актерлік өнер, олардың кәсіби шеберлігі, ішкі рухани қуаты, білімі мен табиғи таланты турасындағы тұжырымдарының бүгін де өзінің тәжірибелік құндылықтарын жоғалтпауының сырына үңіледі. М.Әуезовтің әлі күнге дейін әрбір артистің ұстанар қағидасы боларлық құнды пікірін келтіреді: «...Артист әдеттегі өз қалпына ұқсамауы керек. Танымастық болып құбыла білу керек. Құбылыс бетте, денеде ғана емес, жүректен, тереңнен шыққан толқындай болып келсе, нағыз бойды жеңген шындығы айқындалып шығу керек.

Осы күйлерді әрбір артист өзіне хас болған ерекшелікпен шығару керек. Сонда ол ешкімге ұқсамайды да, оған ешкім ұқсай алмайтын болады. Бұл өзгешелік оның туыстан ала келген өзгешелігі сияқты-өнерінің өзгешелігі» (14 б.). Ғалым, міне, осы талап бойынша өзі талдап отырған драмалық шығармалар кейіпкерлерінің сахналық өнердегі табыстарына әділ бағасын беріп, талдайды. Монографияның

«Еңлік-Кебек» деген тарауында осы спектаклдің сахналық өмірінің тарихынан бастап, әр жылдары ойнаған әрбір актердің кәсіби шеберліктеріне, олардың әрбір қойылымдарындағы жетістіктері мен кемшіліктеріне кеңінен тоқталып, ұлттық театр мен драматургияның даму жолын салыстырып, ғылыми сараптама жасайды. Бұл ғылыми барлау «Қарагөз», «Айман-Шолпан», «Түнгі сарын», «Абай», «Қарақыпшақ Қобыланды» және «Аудармалары» деген тарауларда да қайталанып, осы үрдіс үзілмей, бір-бірімен үндесіп жалғасып жатады. Аталған тараулардың бәрінде орталықтағы бас театрдан бастап, облыстық драма театрларында және орыс театрларында қойылған әрбір спектаклдегі әрбір әртістің кәсіби шеберлігі, шығарманың идеясы, образдар қалай сомдалғаны, режиссерлік шешім сынды көкейкесті мәселелері жан-жақты ғылыми негізде сөз болады.

Қазақ сахнасындағы өздеріне тән өнер ерекшеліктерін, қайталанбас актерлік шеберліктерін ішкі рухани қуатымен, табиғи талантымен таныта білген біртуар дарын иелері Қалыбек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Серке Қожамқұлов, Әбіқай Абдуллин шығармашылық табыстарын өте жоғары бағалаған М.Әуезовтің пікірі монографияның өн бойына өзек болып отырады. Ұлы жазушының ұлттық драматургия, театр өнері, сахналық қойылым, актер шеберліктері жөніндегі жазған ғылыми мақалалары да әр тарау сайын тақырыпқа сай орайластырылып, ой қозғауға тамызық болған.

Ғалым сондай-ақ қазақ драматургиясын зерттеген ғалымдардың, атап айтсақ, М.Әуезовтің, Ә.Тәжібаевтың, Р.Нұрғалиевтың және орыс зерттеушілерінің де теориялық тұжырымдары мен кәсіби маман ретіндегі пікірлеріне сүйене отырып, талдаулар жүргізеді. Және бұл еңбектің тағы бір құндылығы әрбір қазақ актерлерінің сомдаған образдары, олардың кейіпкерлерді сахналаудағы шеберліктері, жетістіктері мен кемшіліктері туралы толық мәлімет алуға болады.

1932-1944 жылдары М.Әуезовтің қазақ драма театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметіне келуі ұлттық театрдың кәсіби тұрғыдан қалыптасуына, ондағы режиссер, актерлердің теориялық білім деңгейлерінің өсуіне орасан зор ықпал еткені, тұңғыш рет әлемдік театр өнерінің тарихы мен оның түрлі жанрлары жөніндегі ғылыми еңбектерден тұратын бай кітапхана жасақтағаны белгілі. Әуезовтің өз міндетіне қатысты репертуар мәселесіне қоса, театрдың көркемдік жұмысына, драматургтер мен режиссерлер арасындағы

шығармашылық ынтымақтың ұйытқысы болғанын: «...Әсіресе, сол тұста театрға жан-жақтан шақырылған орыс режиссерлердің жұмыстарының жемісті болуына, актерлердің олардан түбегейлі білім алып, сахна сырын меңгеруге ерекше ықпал жасады, көп уақытын солармен бірге репетиция залында өткізді», – деп орынды баға береді, автор (17-б.). Өзге де шығармашылық, қоғамдық, ғылыми жұмыстары бола тұра, ұлттық өнердің өркендеуіне уақытын да, білімін де аямай жанкештілікпен еңбек етуі нағыз ұлтжандылығының озық үлгісі болса керек. Енді ғана қалыптасып, нағыз қазақы мінезді, табиғи талантты тарландардың орыс режиссерларымен тіл табысып, түсінісуіне де тікелей дәнекер болған М.Әуезов 1933 жылы қазақ театрының көркемдік жетекшісі қызметіне келген тәжірибелі режиссер М.Г.Насоновпен бірге аударма пьесалардың сахналануына, сөйтіп, әлемдік деңгейдегі өнер туындыларының ұлттық театрдың шығармашылық тынысына кең жол ашуына мүмкіндік туғызғанын, репертуар қорын молайтып, актерлер шеберлігі мен білімін көтеруге көп көмегін тигізгені жөнінде толғақты ойлар айтады. Бұл жөнінде театртанушы ғалым: «...Бұрыннан біліп-тоқығандарының үстіне, ол Санкт-Петербургтің театрларында орыстың атақты режиссерлері қойған талай спектакльдерді көріп, олардың сол елдің ғана емес, басқалардың да өнерін ерекше бір белеске көтеретін көркемдік қуатын сол студент кезінде-ақ көкейіне түйген-ді. Гоголь, Шекспир сынды әлемдік классиктердің шығармалары өркениетті елдердің театр репертуарларында орнығып қалғанын М.Әуезов көріп те, сезіп те жүрді. Осындай асыл дүниелерді өз ұлтының сахнасына шығаруға асықты», – дейді (227-б.). М.Г.Насоновтың қазақ театрына келуі М.Әуезовтің осынау ойларының жүзеге асуына себепкер болғаны белгілі. Айталық, М.Әуезовтің аудармасымен «Любовь Яровая», «Ақсүйектер», «Менің досым», «Мылтықты адам», «Астық», «Сұңгуір қайық», «Жойқын князь Мстислав» секілді аударма пьесаларының қазақ театрларында қойылуы соның айғағы. Кезінде арнайы тапсырмамен тәржімаланып, сахналанғанымен қазақ көрермендерінің әлем жұртшылығының алуан тарихымен, қоғамдық мінез-құлқымен, өзге де болмыс-бітімімен таныстырып, өнер өрісін кеңейтуге кең жол ашылғандығы мәлім.

1940 жылы режиссер М.В.Соколовский, 1946 жылы режиссер Ю.Л.Рутковский, А.Л.Мадиевский, 1943 жылы әйгілі шебер-ұстаздар О.И.Пыжкова мен Б.В.Бибикиппен тығыз шығармашылық бірлікте

еңбек етіп, әлемдік туындыларды тәржімелеп, төл театрымыздың қорын байытуы сөз жоқ М.Әуезовтің дарындығын дәлелдейді. Ұлы жазушы бұл жөніндегі ойларын 1937 жылы «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар» деген мақаласында да жалғастырып, көптеген мысалдармен толықтырған. Әсіресе, Вильям Шекспирдің «Отелло», «Ромео мен Джульеттаны» және «Укрощение строптивой» («Асауға тұсау») комедиясын сахнаға шығарардағы еңбегін автор былай бағалайды: «... Басқасын айтпағанның өзінде, трагедияның сахнаға қойылуының өзі мәдени құбылыс. Және күрделі шығарманың көркемдік һәм жанрлық сипатын ажыратып, түсінуге М.Әуезов қосқан үлес мол. Ол тіпті кім қандай рөлге лайық келетініне дейін кеңес беріп, үнемі репетицияға қатысып, актерлердің кейіпкер сөзін меңгеруіне, философиялық һәм әлеуметтік мән-мағынасын ұғынуына үнемі көмектесіп отырған»-дейді (237-б.). Әлемдік деңгейдегі театр өнерімен кеңінен таныс атақты режиссерлердің өзі М.Әуезовтің классикалық өнер туындыларын терең біліп, кәсіби деңгейде талдағандарына әрдайым таңданыс білдіріп, тәнті болатындығын айта келіп, орыс драма театрының бас режиссері А.Лакшинның «Простор» журналының 1977 жылғы 9-санындағы «Незабываемые встречи» деген мақаласындағы ұлы жазушының телегей теңіздей шалқар білімі мен таным әлемінің кеңдігі жөніндегі ойларына көбірек орын береді. Орыс әріптестерінің ортақ пікірін білдірер бұл ойлар М.Әуезовпен бірге қызмет еткен қазақ актерлері мен режиссерлерінің, жалпы қазақтың бүкіл зиялы қауымының да айтар пікірі екендігі ешкімге таңсық болмаса керек-ті.

М.Әуезовтің өмірі мен өнерінің өзегі болған Абай әлемі мұнда да молынан қамтылған. 1940 жылы 30 қазанда қазақ драма театрында қойылған М.Әуезов пен Л.Соболевтің «Абай» трагедиясынан бастау алған ұлттық театр, кино, опера өнеріндегі Абай әлемі «Абай» атты тарауда жан-жақты талданады. Спектакльді қойған Асқар Токпановтың көркемдік репертуарына жетекшілік етуі, XIX ғасырдың соңындағы қазақ халқының әлеуметтік-қоғамдық, саяси, рухани тіршілігі мен сол кезеңдегі этнографиялық, салт-дәстүрлік сипаттары мен жеке шығармашылық тұлға Абайдың ақындық, адамгершілік бейнесін сомдаудағы ізденістерін ғылыми тұрғыдан талдаған ғалым: «... спектакльді қойған режиссер Асқар Токпанов ақын әлеміне терең бойлап, оның өлеңдері мен қара сөздерінің философиялық һәм көркемдік сипаттарын, әлеуметтік мән-мағынасын толық тануының

үстіне, қойылым барысында автормен бірге қоян-қолтық қарым-қатынаста болып, үнемі ақылдасып отырған, ұзақ әңгімелер мен пікір алысулардың нәтижесінде сахнада тарихи шындықтың терең ашылып, Абай тірлік кешкен ортаның, оған араласқан адамдардың шынайы бейнеленуіне қол жеткізген», – деп жоғары бағасын береді (185-186-бб.). Әсіресе, Абай бейнесін соншалықты шынайы да на-нымды бейнелеген Қ.Қуанышбаевтың актерлік шеберлігі шабыттана сөз болады. Жазушы-режиссер-актер арасындағы шығармашылық байланыс пен ынтымақтың кейін мәңгілік достыққа ұласуы секілді тағылымды тәрбиелік мәні де мұнда ескеріліп отырылады. Кейіпкердің әлеміне ену жолындағы ізденісі мен табанды еңбегіне риза болған А.Токпанов: «Қалыбектен жұрнақ та қалмай, дәл алдымда тірі Абай тұрғандай болды. Қарасы да, тыңдасы да бәрі-бәрі Абай болып шыға келді» деп жазуында актерлік шеберліктің кәсіби деңгейде меңгерілгендігін аңғартады (187-б.). Театртанушы Б.Құндақбаев монографияның «Соңғы сөз орнына» деген мақаласында жалпы ұлт театрының тарихымен қоса өрілген М.Әуезовтің драматургиядағы шығармашылық өнері жөніндегі түйінді ойларын былай қорытады: «...Абай университетінен басталатын мол халықтық білімі мен таны-мы, орыс пен батыстың ойшылдары мен мәдениетінен алған рухани тағылымы М.Әуезовті ұлттық өнердің көшін ілгері тартып, биікке самғауға, оны тәжірибелік істерімен ғана емес, теориялық жағынан да байытуға итермеледі. Осындай теориялық ойлары мен пайым-дауларын өзі жазған пьесаларында жүзеге асырудың нақты жолын көрсетті. Ол – ұлттық драматургияның өз топырағында қалай туа-тынын, фольклордың мол қорынан қалай сусындау керектігін, озық елдердің жетістіктерінен үйренудің, тәжірибе тұтудың жөн-жосығын дәлелдеп берген ғалым-драматург» (242-б.).

Ғалым монографиясындағы зерттеулер арқылы аңғарған бір сырды да ашық айтады: «...Театрдың шығармашылық ісі әлсіреп, репертуарының жұтаң тартуы – М.Әуезовтің басынан кешкен қайғы-қасірет кезеңімен тұспа-тұс келеді екен» (243-б.). Даңқты дарынның шығармашылық өмірі ұлттық өнер атаулының өрістеп дамуымен бір кездердегі тоқырап, өшуімен де өзектесіп, бірге өріліп жатқандығына мұнда ерекше мән беріліп, тұлға шығармашылығы мен театр тарихының тамырластығы біртұтас көркемдік құбылыс ретінде қарастырылады.

Сондай-ақ, зерттеуші бұл еңбегінде М.Әуезовтің даңқына сай келмейтін, жүрегі қаламай жазған драматургиялық дүниелердің де болғандығын, алайда, Абай айтпақшы, «жүректен шықпаған жүрекке жетпегендігінен» жұқартып болса да емеурін танытады: «...Бұрынғы шығармаларындағы тарихи шындықты көркемдік шындықпен ұластыратын тәсілден тайқып, тақырып еркіндігінен айрылған жазушы бос насихат, жалған тартысқа құрылған, өзін кеңестік жазушы ретінде танытуға ұмтылған «Октябрь үшін», «Тастүлектер», «Алма бағында», «Асыл нәсілдер», сәл кейінірек жазылған «Алуа» пьесаларын берді. Бұлардың бәрі де бұрынғы дүниелерімен салыстыруға келмейтін, идеологиялық қысымнан құтылу үшін жазылған ортаң қол шығармалар еді. Кейбіреулері сахнаға қойылғанымен, ғұмырлары қысқа болды» (243-б.).

Ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойына тарту ретінде жазылып, оқырманға ұсынылған Бағыбек Құндакбаевтың бұл монографиясын көрнекті суреткер Мұхтар Әуезовтің ұлттық топырақта театр мен драматургияның негізін қалап, теориялық қағидаларын қалыптастырған, жанрларын жан-жақты дамытқан тұңғыш қайраткер екендігін тарихи және ғылыми құнды деректер арқылы айқындап берген кәсіби талдауға құрылған іргелі зерттеу деуге әбден болады.

Б.Құндакбаев бұл зерттеуінде М.Әуезов аударған шығармалардың көркемдігіне, оларды сахналаған актерлердің кәсіби шеберліктеріне арнайы тоқталып, өзінің театртанушы маман ретіндегі бағаларын береді. Аталған аудармалар мен жазушының төл туындыларының әрбір қойылымдарындағы жаңалықтар мен жетістіктерге, кейбір көңілге кірбің ұялатар кемшіліктерге де кеңінен тоқталған. Бұл еңбек тек қана М.Әуезовтің драматургиялық шығармаларының ғана сахналану тарихы емес, жалпы қазақтың ұлттық театр тарихының қалыптасу жолдары, даму деңгейі, актерлердің мол тәжірибелік мектебі, режиссерлердің біліктілігі жөніндегі іргелі ойлар айтылған ғылыми зерттеу деуге болады. Әрине, мұнда талданған әрбір актердің кәсіби шеберлігі жөніндегі ойларға кеңінен тоқталсақ, тіпті көптеген құнды тарихи деректерге жолығарымыз хақ. Және олардың бәрі оқырмандар үшін де ерекше қызықты жайттар болары сөзсіз.

Б.Құндакбаевтың драматургия, режиссура, актерлік өнер туралы кәсіби пікірлері М.Әуезовтің ғана емес, ұлттық драматургияның

классикалық туындылары санатындағы «Еңлік-Кебек», «Абай», «Қарагөз», «Айман-Шолпан», «Қарақыпшақ Қобыланды» төңірегіндегі теориялық талдауларға ғылыми негіз болғаны белгілі. Театртанушы ғалымның «Мұхтар Әуезов және театр» (1977) атты монографиясында аталған шығармалардың республика көлеміндегі өнер ордаларында, яғни облыстық театр сахналарындағы спектакльдердің көркемдік деңгейін де назардан тыс қалдырмай өзара салыстыра отырып, ой түйіндеуі нағыз ғалымның жанкешті еңбегін танытады.

Қазақ Ұлттық театрының дүниеге келуінен бастап тәуелсіздік кезеңінің алғашқы жылдарына дейінгі ауқымды қамтыған театртанушы ғалым Бағыбек Құндақбаевтың бұл зерттеуі драматургияның бүкіл даму жолын М.Әуезов шығармаларымен байланыстырып, жоғары кәсіби маман ретінде бағалаған құнды еңбек.

М.ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ АБАЙ

Көрнекті ғалым, абайтанушы, мұхтартанушы Мекемтас Мырзахметұлының «Абайтану» (Астана: Деловой мир, 2010. – 554 б.) атты екі кітаптан тұратын іргелі еңбектің 1 кітабын ұлы ойшыл ақын Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасын 1965-2010 жылдар аралығында жазған ғылыми зерттеу еңбектері құраған. Бұл еңбектің ерекшелігі мен құндылығы ақын мұрасының шығысқа қатысы алғаш рет ғылыми жүйеге түсіріліп, «толық адам» ілімінің жаңаша таным тұрғысынан талдануында болса керек.

Біздің міндетіміз мұхтартанудың тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеу жайы болғандықтан М.Мырзахметұлының М.Әуезовке қатысты «Абайтану проблемалары» мен «Абай және Әуезов» атты еңбектеріне ғана тоқталмақпыз.

5 тараудан тұратын «Абайтану проблемалары» атты еңбектің «Кіріспесінде» автор: «Бұл еңбек Мұхтар Әуезовтің жарияланып, баспа бетін көрген шығармаларына, әсіресе, әлі де қолжазба күйінде жарық көрмеген сын, мақала, зерттеулері мен арнаулы түрде жазылған тезистеріне, шашпа пікірлері мен нашія түріндегі архив деректерінің негізіне сүйеніп жазылды. Еңбекте, негізінен, архивтік деректер көзі басым жатқандықтан, сілтемелер көбіне соларға орай берілетін жақтары да бар. Осы ерекшелікке қарай Мұхтар Әуезовтің абайтану

саласындағы зерттеу еңбектерінің архив қазынасында жарияланбай жатқан аумағы мол деректер көзін жинастырдық. Олар «Мұхтар Әуезовтің абайтану саласында жарияланбаған еңбектері» деген атпен арнайы ғылыми түсініктемесі қоса жазылып, даярлану үстінде», – дейді (97-б.).

Және абайтанудың негізін қалаған ғұламаның осы еңбектерінің өзі көп салалы мұхтартануды қалыптастырып отырғанын, оның көп жылдық (1917-1977) тарихының өзі көп даярлықты талап етеді.

Зерттеуші мұхтартану тарихы 1917 жылғы 5-6 сын мақаладан өріс алып, республиканың 15 жылдығы тұсында (1934) 1 жылда 52, оның 33-і орыс тілінде, «Абай» романың 2 кітабы жазылып біткен 1949 жылдары 80-ге, 1957 жылы 186, ал 1967 жылы 480-ге, 1977 жылы 80-ге келуіне байланысты 1 жылда 600-ге тарта мақалалар мен мерекелік жинақтар, зерттеулер, ғылыми сипаттама, СССР халықтары және шетелдер тілдеріне аударылуы турасында әдеби еңбектер саны беріліп, қызықты деректер келтіреді. Және мұхтартануды зерттеушілердің аға буын өкілдерінің, атап айтқанда С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, М.Қаратаев, Ә.Тәжібаев, Б.Кенжебаевтардан бастап, бұл саланы жалғастырған Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин, М.Фетисов, Т.Нұртазин, Қ.Жармағамбетов, З.Кедрина, Е.Лизунова, Ы.Дүйсенбаев, А.Нұрқатов, З.Ахметов, Р.Бердібаев, Х.Сүйіншәлиев, З.Қабдолов, М.Сильченко, Н.Смирнова, Б.Құндақбаев, Л.Әуезова, Х.Әдібаев, Ә.Байтанаев, Р.Нұрғалиев, Б.Сахариєв, Ә.Молдаханов, Қ.Тасболатов, Ө.Тыныбаева, С.Чукашева сынды ғалымдардың тізімдері түгенделеді. М.Мырзахметұлының зерттеуіндегі тізімдерді кейінгі жылдары М.Әуезов мұрасының әртүрлі салаларынан монографиялық еңбектер, кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғаған ізденушілер толықтырғаны және олар келешекте де саны артатыны белгілі.

«Абай өмірбаяны – абайтанудың іргелі саласы» атты 1-тарауда Абайдың тұңғыш биографы – Кәкітай Ысқақұлы туралы айта келіп, 1924-1925 жылдар аралығында Семейдегі оқу орындарында Абай мұрасынан дәріс оқып, «Таң» журналында акын шығармаларын жариялап, оның өмірбаяны жайлы мол деректер жинауы абайтануға үлкен зерттеушінің қосылғанын байқатады. Содан бастап өмірлік тақырыбына айналған абайтануда М.Әуезов ғұмырының соңына дейін екі салада көркем және ғылыми тұрғыдан табанды еңбек етті. Олардың тарихы жазушының өз сөздері, жинаған тарихи, әдеби, ғылыми де-

рекері, оның зерттелу тәжірибелері, Абай өмірбаянының 4 нұсқасы, кішкентайында куә болған оқиғалары, «Абай жолындағы» ішкі байланыстар арқылы дамытылып, ғылыми дәйектеледі. Бұл мәселелер «1. Абай өмірбаяны және ондағы тарихи деректер көзі» деген тараушада тіпті таратыла талданады. Абайдың ғылыми өмірбаянында берілген 95 нақтылы деректер «Абай жолы» эпопеясының сюжет желісінде шығармашылық қиялмен тарихи шындықтар көркемдік болмысқа алмастырған. Осы аталмыш 95 деректің 10-ы Абай өмірбаянына қосымша деректер ретінде берілген әртүрлі естеліктерден алынғаны жөнінде айта келіп, зерттеуші: «Абай жолы» эпопеясының (12 томдық бойынша) бірінші кітабындағы: 169, 327-бет, екінші кітаптағы: 151, 342-343, 402-бет, үшінші кітаптағы: 209, 355-бет, төртінші кітаптағы: 345, 369-370, 396-беттерінде аталмыш деректер көрініс береді», – деген пікірлері бірден оқушысын ынтықтырары хақ (103 б.).

95 деректің сырын, олардың көркем дүниеде қалай бейнелегеніне қызығушылық қай кезеңнің де оқырманына тән. Романда пайдаланған кісі, жер, су, ру аттары мен ақын оқыған 72 кітаптар әлемі сөз жоқ табанды ізденістің нәтижесі.

Ал, «2. Абай өмірбаянының соны деректермен қордалануы» деген тарауда ақын өмірбаянын уақыт өткен сайын құнды құжаттармен қордаландырып, әрбір өлең жолдарының астарлы ойын, жұмбақ сырын (қашан, кімге арналды, не мақсат), көркемдік әлемін анықтау мақсатында М.Әуезов мұражайындағы ақынның өмірі мен шығармашылығына тікелей қатысты 15 томға жетерлік қолжазбалар мәтіндері зерттеушінің ой елегінен, ғылыми сүзгісінен өтеді. Мұнда бір тақырып төңірегінде жинақталып, жүйеленген, а, ә, б, в әріптерімен белгіленіп, түйінделіп берілген тұжырымдары М.Әуезовтің ғалымдық, жазушылық зертханасының көп сырына қанықтырады. Тәуелсіздік жылдары белгілі болғандай Құнанбай мен Кенесары қатынасы жайлы деректердің романға енбей қалуы, ақын өмірбаянына қатысты алғашқы нұсқадағы 106 адамның 4-нұсқада 47 адамға түсірілуі, Абайдың Қоңыр Көкшеге тағайындау арқылы болыс болғанда жаулары жала жауып, 12 іспен Семейде тергелгені жөніндегі дерек 1-нұсқада 1869-1870 жылдары делінсе, 2-нұсқада – 1872-1873 жылдары, яғни Абайдың 27-28 жасында делінсе, 4-нұсқада 1877-1878 жылдары болғанын, бұлардың бәрі ақынның өмір жолдары жылдар бойынша анықталып, оқиғалардың болып өткен мерзім кезеңдері хронологиялық тұрғыдан

жасалғаны жазушының арнайы іс жоспарында байқалады. Оларды дүркін-дүркін сана сүзгісінен өткізіп, таразылау шығармашылық тұлғаға оңай болмағаны белгілі.

«3. Абай өмірбаянының төрт нұсқасының» (1-1933, 2-1940, 3-1945, 4-1950) ғылыми тұрғыдан жазылуына Көкбай Жаңатаевтың, Кәкітай Ысқақовтың, ақын замандастары, туыстары, балалары, жауларымен де, тіпті көрші облыстардағы уақ, керей, найман елдеріндегі білетін кісілермен жеке кездесіп, жазып алған естеліктері себеп болғаны және жазушы өмірінің соңына дейін сол кезеңдегі Абай араласқан әртүрлі ресми қызмет адамдары мен түрлі саяси-әлеуметтік топтардың өкілдерімен жазысқан хаттар, естеліктер, күнделіктер түрінде құнды жазба деректердің табылары сөзсіз деген үмітте болғаны жөніндегі зерттеуші пікірлері деректі мәтіндермен дәйектеліп отырады. Осы ретте автор «4. Өмірбаяндық деректерді екшеу тәсілдері» деген тарауда М.Әуезов жазған 4 нұсқаны топтап, оларға арнайы ғылыми түсініктеме жазып, жариялау мәселесін қояды.

Іргелі еңбектің 2-тарауында «М.Әуезов – Абай шығармаларын жинаушы және текстологы», «1. Абай шығармаларының таралу жолдары», «2. Абай өлеңдерін түпнұсқа қалпына келтіру», «3. Абай өлеңдерінің жазылу мерзімін анықтау», «4. Абай шығармаларындағы арнау өлеңдердің жазылу сыры», «5. Абай поэзиясының өрнек-үлгісін қалыптастыру», «6. Өлең жолындағы сөз өзгерістерін анықтау», «7. М.Әуезовтің текстологиялық зерттеулері – ақын шығармаларының канондық тексін жасаудың негізі» деген мәселелер салыстырмалы-типологиялық әдіс тұрғысынан талданып, кеңестік кезеңдерде жете зерттелінбеген жайттарға көңіл бөлінеді. Әр тарау тақырыбының өзі мұхтартану мәселелерінің ең өзекті жайттарын қозғайды. Бүгінгі тәуелсіз қазақ әдебиеттануы үшін үлкен жаңалықтар болып табылатын тың тарихи, әдеби деректерге талдаулар жүргізу әрине, үлкен олжа.

«Абайдың әдеби ортасы» туралы ғылыми ойлар топтасқан 3-тарауда «1. Абай ақындығының айналасы немесе «өзі алған нәрлері», «2. Абайдың ақындық дәстүрі немесе «өзгеге берген нәрі» сынды тақырыптар қарастырылған.

«Абайтану» атты 4-тарауда қазақ әдебиеті тарихындағы ең ірі сала – абайтанудың алғашқы іргесі ресми түрде 1889 жылы қаланып, 1934 жылы аяқталғанын, ал 2-кезеңі 1934-тен басталып, 1961 жылы аяқталған М.Әуезов дәуірі болғанын, 3-ші, 1961 жылдан кейін-

гі дәуір деп бөлінеді. Бірінші бөлімінде Әуезовке дейінгі дәуірді, олардың көрнекті өкілдерінің бұл салаға сіңірген еңбектеріне, әсіресе ақынның әдеби мұрасының сақталуына, дұрыс бағытта насихатталуына Ыдырыс Мұстанбайұлының бірнеше мақалалар циклін арнағанына, XX ғасырдың 20-30-жылдары саяси-әлеуметтік жағдайға байланысты туындаған 3 түрлі – тұрпайы социологиялық танымдағы ағым, түршілдік (формалистік) және компаративистік таныммен бағаланғанына бүгінгі тәуелсіз әдебиеттану ғылымының талабы бойынша ғылыми баға берсе, «Абайтанудағы М.Әуезов кезеңі (1933-1961)» деген 2-тарауында кеңестік кезеңде бел алған алуан түрлі саяси ахуалдарға таза көркемдік талаппен теориялық ойлау жүйесі тұрғысынан талдау жүргізеді. М.Әуезов кезеңінде Абай өлеңдерінің саны 148-ден 230-ға жеткенін, яғни жаңадан 82 өлең немесе 2096 өлең жолы қосылып, канондық мәтіні жүйеленгенін және арнайы диссертациялық зерттеу еңбектерінің жазыла бастағанын, әсіресе академик Қажым Жұмалиевтің «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» атты диссертациясының жазылуы бұл саладағы үлкен құбылыс болғанын, С.Мұқанов, М.С.Сильченко, Қ.Бейсембиев, Қ.Мұқаметханов, Ә.Жиреншин, З.Ахметов, Полибина, М.Фетисовтардың абайтанудың ғылыми деңгейін көтерген зерттеу еңбектері дүниеге келгенін, алайда олардың көпшілігі кеңестік жүйенің таптық идеологиясы талабына сай Абай мен орыс әдебиетінің қарым-қатынасы туралы мәселеге арналғанына тоқталады.

«Абайтанудың М.Әуезов дәуірінен кейінгі даму жолына», оның көрнекті өкілдерінің еңбектеріне, ондағы ғылыми жайттарда оң өзгерістер, жаңа танымдар, бұрындары беймәлім болған құнды деректердің бой көрсетуін тәуелсіздік жемісі ретінде бағалайды. Абай мұрасының исламиятқа қатысы, оның рухани нәр алған салалары туралы М.Әуезов ұстанымының 1965 жылдан бастап ғылыми тұрғыдан орныға бастағанын, осы бағытта «Абайтану тарихы» (1994), «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» (1982), «Абайдың адамгершілік мұраттары» (1994) деген монографиялық еңбектердің жазылғандығын, қоғаммен бірге өзгерген сана мен ғылыми ойлау жүйесінде тың жаңалықтардың көптігіне жаңаша пайымдаулар жасайды.

«Абайтанудың бүгінгі таңдағы міндеттері» деген 5-тарауда ғалым қазіргі қазақ әдебиеті тарихында «Абайтану» және «Абайтану тарихы» деп аталатын екі пән саласының қалыптасып даму

үстінде екендігін, ғасырдан астам тарихы бар абайтанудың алда әлі де атқарар 10 тармақтан тұратын міндеттері бар екендігін, оның аса қажеттілігін атап көрсетеді. 1-ден, кезінде соцреализм әдісі тұрғысынан жазылған бұралаң танымдардың болмысында жатқан бүктесіндердің сырын ашып, ғылыми тұрғыдан түсіндіріп, насихаттау мәселесі, мысалы тарихи Құнанбай мен көркем шығармадағы Құнанбайдың айырмашылығын айту; 2-ден, Абайдың философиялық, этикалық дүниетанымын еуропалық қалыппен шеше алмайтынымызды түсіндіру; 3. М.Әуезовтің еріксіз түрде өзгертілген танымдарын табиғи қалпына келтіру керектігі; 4-ден, академик Қ.Жұмалиевтің докторлық диссертациясында тұңғыш рет ғылыми негізге алынып, кейін саясаттандырылу жағдайына байланысты жалғасын таппаған Абайдың халық поэзиясымен шығармашылық қарым-қатынасының болмысын қайта қарап, жаңаша танып білуге ұмтылу; 5. Абай дүниетанымының қалыптасуы, исламиятқа қатысы, философиялық танымдарын ғылыми тұрғыдан шешу; 6. Абайтанудың ғасырдан астам тарихын жеке дербес түрде зерттеу мәселесін күн тәртібіне қою; 7. Абай туындыларындағы ұғынуға қиын термин, діни ұғым-танымдардың түсіндірме сөздіктерін жасау; 8. Толық адам ілімі туралы мәселені меңгеру; 9. Абайдың ақындық кітапханасы жайында пікір алмасып, бір байламға келу қажеттілігі; 10. Ақын мұрасын тануға кері әсер еткен идеялық ауытқулардан тез арылу мәселелері келешекте көптеген салаларға бөлініп, зерттелуі керектігі күрделі ғылыми концепция ретінде қарастырылады.

«Абайдың мораль философиясына қатысы» деген тарауында М.Әуезовтің ақын шығармаларын талдағанда басты нысанаға алған «нравственная личность» мәселесін дінге, адамгершілікке, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңіндегі танымға, 12, 13, 27, 28, 35, 36, 38, 43, 45-қарасөздерінде шоғырланған толық адам, үш сүю (имани гүл), «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген гуманистік танымының, мораль философиясының ой төркіндеріне сүйене отырып, ой таратқанын зерттеуші «адам болу», «толық адам», «жарым адам», «адамшылық», «бенделіктің кәмалаты», «толық инсаният», «инсанияттың кәмалаттығы» сынды терминдік сөздер мен күрделі ұғымдарды ашу барысында айқындап береді. М.Әуезовтің Абайдың жүрек культі туралы ойларына 1943 жылы абайтанудан оқыған

дерісінде 17 қара сөзіндегі қайрат, ақыл, жүрек ұғымдарын ғылымға айналдырып, оның адам өміріндегі орны мен қызметін философиялық, гуманистік тұрғыдан тұңғыш рет талдағанын, Абайдың Науаи, Низами, Фзулилер мен ХІ ғасырдағы Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білікті», суфизм әдебиетінің ірі өкілдері Қожа Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани, Сопы Аллаяр, Харакани шығармаларымен жақсы таныс болғанын шығысқа қатысы жайлы зерттеулерінде тоқталғанын автор ғылыми дәлелдермен дәйектейді.

Ал, «Әл-Фараби-Абай пікірлеріндегі сабақтастық», «Құтадғу білік» және Абай», «Кабус-намеге» Абайдың қатысы», «Жүсіп Қарабағи мен Абайдағы сезім (хауас) жайлы ойлар төркіні», «Науаи мен Абай», «Наршаһи еңбегі Абай талқысында», «Бабырнама» Абай оқуында», «Ғұламаһи Дауани және Абай», «Мына сөзге көңіл бөл» деген тарауларда да қазіргі қазақ әдебиеттануындағы қадау-қадау ойлар қамтылған.

Көрнекті ғалым, абайтанушы әрі мұхтартанушы Мекемтас Мырзахметұлының «Әуезов және Абай» деген монографиялық еңбегіндегі (Алматы: «Қазақстан», 1996. – 272-б.) «Абай және Әуезов: рухани сабақтастық» деген мақаласында «толық адам» терминін М.Әуезов қалай зерттегенін, екі ұлы тұлға танымындағы тамырластық тарихы мен талғамы төңірегінде ой өрбітіп, келешек алдына мынадай келелі мәселе қояды: «Абай мен Әуезовтің рухани сабақтастығының басы олардың сөйлеу тіліндегі рухани тұтастықта жатыр. Абай шығармаларындағы сөздік қордың бәрі де М.Әуезовтің сөздік қорының үйірінен табылады. Бірақ құрғақ қайталанбайды, қайта сыңғырлап аққан бұлақтай үйлесім тауып, өнерлі тілге айналады. Абай поэзиясындағы ақындық тіл М.Әуезов прозасында жаңарып кестеленіп барып қолданысқа түскен тілдегі табиғи үйлесімді танимыз. Әрине, бұл тіл өнерінің күшімен пайда болған рухани құбылыс...», – дейді (454-б.). Екі ой алыбының арасындағы рухани сабақтастықтың өзегі толық адам мәселесі болғандығын, шоқындыру арқылы орыстандыру тәрізді миссионерлік саясатты біле-сезе тұра айта алмауын, бірақ әдебиеттің түрлі көркемдік әдістерін терең меңгерген М.Әуезовтің 1951 жылы «Ақын аға» романы басылым көргенде осы ойын генерал-губернатор мен Абайды пікір таласында пайдаланғанын, алайда сынға ұшырағаннан кейін «Абай жолында» оны орыс достарының атынан бергеніне жоғары баға береді. М.Әуезовтің Абай мұрасын ғылыми

шығармашылық деңгейде жазуы, ақынның дүниетанымы жайында өзге жұрт жаппай адасып жатқанда, М.Әуезовтің өз ұстанымынан өзгермеуі үлкен ерлік екендігін түсіндіреді.

«Мұхтар Әуезов – абайтанудың негізін салушыда» М.Әуезовтің «Қоңыр» деген бүркеншік атпен жарияланған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деген мақаласында Абай мұрасының 4 түрлі ерекшелігі а) жазба әдебиеттің атасы, ә) әдеби тілді дамытуы, б) жұртшылықтың поэзияға деген көзқарасын тұңғыш рет дұрыс бағытта тәрбиелеуші; в) шығармашылық әдіс-сыншыл реализм екендігі туралы тұңғыш рет теориялық тұрғыдан батыл барлау жасағанын айта келіп, жазушының Абайдың өмірі мен әдеби мұрасын 4 түрлі салаға бөліп: 1. Абай шығармаларын жинақтап, сұрыптап, жариялауы туралы еңбектері, 2. Абай өмірі мен әрекет еткен дәуірі туралы деректер жинастырып, естеліктерді жазып алуы, 3. Абай өмірі мен шығармашылығы туралы арнайы зерттеу жұмысын кең салада жүргізуі, 4. Жоғарыдағы үш саланың нәтижесінде Абай мұрасын әртүрлі жанрдағы көркем шығармалар жазу арқылы танытып, қарастырғанын жүйелеп, күрделі пікірлер ұсынған ғылыми ұстанымы мен теориялық тұжырымдары, кәсіби бағытының ерекшеліктері кәсіби маман тарапынан тереңнен сарапталады. М.Әуезовтің бұл еңбегінің құндылығы – Абайдың әдеби мұрасының жиналуы, өңделуі, түзетілуі, жариялануы, оны тану, таныту, зерттеу істеріндегі іркіліссіз ізденістерінде, ақын поэзиясының көркемдік табиғатын, идеялық мазмұнын, ол сусындаған рухани көздерін (шығыс пен батыс мәселесі) терең ашып беруінде деп бағалайды, зерттеуші.

Тәуелсіздік тұсында жазылған «Мұхтар Әуезов және қазақ әдебиеті тарихын дәуірге бөлу мәселесі» (1994) деген еңбегінде ғұлама ғалым М.Әуезовтің алғашқы зерттеуі «Әдебиет тарихынан» басталған қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселесіндегі ізденістеріне, ғылыми концепцияларына бүгінгі тәуелсіз еркін ой-сана тұрғысынан қарап, тың пікірлер ұсынады. Бұл мәселенің бүгін принципті мәні бар екендігін, кешегі 70 жыл бойы талай сапырылыс, адасушылыққа түскен ұғым-танымдарымыздың, қатып-семген көзқарастарымыздың жариялылықтың нәтижесінде сеңі бұзылғанын айта келіп, ұлт әдебиетін дәуірлеу жайын қолға алу о баста М.Әуезовке бұйырғанын, алайда оның алғашқы талпынысының тұсауы кесілмей жатып, саяси репрессияға ұшырағаны, одан кейін бұл тақырыпқа батыл қадам

жасаған Б.Кенжебаевтың 1959 жылғы Қазақ ССР ҒА мен Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырған қазақ әдебиетінің бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференциясында қазақ әдебиеті тарихының бастауын VIII-IX ғасырлардағы ойма жазу ескерткіштерінен, ал Қ.Жұмалиев XVIII ғасырдан бастау керектігі пікірі де, оларға қазылық айтқан М.Әуезов те сырғытпа пікірмен қорытқанына сол кезеңнің саяси ахуалы айыпты екендігіне мән береді. Зерттеуші: «Біз әдебиет тарихын дәуірлеудің көне, орта ғасырлық кезеңі мен XV-XVII ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі салалану, жүйелену және дәуірлерге бөліну жағына бұл арада тоқталып жатпаймыз. Бірақ қазақ ру-тайпалары байырғы жазба әдебиет пен ойма жазудан қол үзген кезеңде, сол әдебиеттің қызметін көшпелі қазақ халқында ауызша әдебиет атқарғанын үнемі назарда ұстап, ол құбылыспен санаспауға болмайтынын еске салып өтеміз. Осы себепті де ауызша әдебиет кең өріс алуына байланысты қазақтың ендігі әдеби тілі татар мен өзбек халықтарындағы сияқты жазба әдеби тіл түрінде емес, ауызша әдеби тіл түрінде, негізінен, поэзия туып, дами бастады. Қазақ хандығында ауыз әдебиеті қызметі XIX ғасырға, тіпті оның екінші жартысына дейін созылып келеді.

Бұл дәуірдегі әдеби тілдің өзіндік ерекшелігі, жазба ескерткіштер жасалған дәуірдің әдеби тіліндей көне дәстүрмен кетпей, осы XV-XVIII ғасырда қалыптасқан қазақ халқының сөйлеу тілі нормасы негізінде дамыды», – деген пікірлері өзінің өзектілігімен құнды (468-б.). М.Мырзахметұлы да қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуді осы ойма жазуынан бастау керектігін үнемі алға тартып отырады. Еліміздің егемендікке ие болып, ұлттық рухымыздың көтерілуі бүкіл рухани құндылықтарымыздың тарихи бастауларын бүтіндеуге бет алысын қуаттап, төл тарихымызды түгендеу қолға алынғанын аңғартады.

Осы мәселелерге кеңінен тоқталып, әр дәуір әдебиетінің ерекшелігіне сол кезеңдегі көркем мәтіндерге сүйене отырып, пікір айтқан зерттеуші қазіргі таңдағы ұлт әдебиеті тарихын дәуірлеу туралы тәуелсіздік талабы тудырған тұрғыдан танып, өзгертудің кезеңі келгенін, бұрынғы жасанды, қасаң, шартты ұғымдарды сын көзімен қайта қарау керектігін ұсынады. Қай сөйлемінен де ұлтжандылықтың ұшқыны, отаршылдыққа қарсы кесімді пікірлері байқалып отыратын ойлы зерттеушінің еңбегін осы орайдағы бұрындары баспа бетін көрмеген небір қасіретті танытатын та-

рихи фактілер мен миссионерлердің мәліметтері толықтырған. Ол кеңестік кезең дәуіріндегі ортақ сарындарды саралай келе: «...Жоғарыда айтылған қазақ әдебиеті тарихының үш кезеңінде дүниеге келген көркем шығарма атаулының бәріне тән ортақ сарын отаршылдыққа қарсылықтан туындаған құбылыстар болуы себепті, бұл дәуірді тұтас алғанда ондағы басты сарынды тудырып отырған саяси-әлеуметтік құбылыстар екенін ескере отырып, оны отаршылдық дәуірдегі қазақ әдебиеті деп атаған орынды», – дейді (478-б.).

Оның: «Мысалға алар болсақ, бір ғана 1909 жылдың ішінде Абайдың тұңғыш өлендер жинағы мен А.Байтұрсыновтың «Қырық мысалы», М.Дулатовтың «Оян қазағы», Бирунның «Ызыңы» басылым көріп, әдебиетіміздің даму тенденциясын анықтап беруінде көп сыр жатыр», – деген пікірі Абай мен М.Әуезовтің рухани танымдарынан тамыр алып, қазіргі тәуелсіздікке қол жеткізген Алаш зиялыларының ұлт-азаттық идеяларымен жетілген ұлтжанды ғалымның ғибраты екендігін танытады (478-б.).

2004 жылы жазылған «Мұхтар Әуезов (1897-1961)» деген мақаласында ұлы кемеңгердің өмірі мен шығармашылығын бүгінгі еркін ой, рухани тәуелсіздік тұрғысынан талдай келе, кезінде түрлі кедергілерге көп шалынған көзқарастары мен ғылыми ұстанымдарының ұлылығын, тереңдігін, астарласа да асқақтығын ашып көрсетеді.

«Ұлылар үндестігінде» (2006) қарастырылған М.Әуезов зерттеулеріндегі Абай мен Пушкиннің әдеби байланысы мәселелері ХІХ ғасырдың 90-жылдары қазақ оқырмандары Абай аудармалары арқылы таныса бастаған ұлы орыс ақынының шығармаларынан бастау алғанын және оның әлем әдебиеті тарихында сирек кездесетін өте зор шеберлікпен тәржімеленуінің өзі ғажайып табыс екендігін, кейін «...Ленинград университетінде жүріп-ақ пушкинтанудан арнайы курс оқитын ұстаздары профессор В.Сиповский мен Р.Куллэмен бірге сол кезде-ақ Пушкин мен Абайдың әдеби шығармашылық байланысы жайлы аса күрделі де қызықты зерттеу жұмысымен шұғылданғанын», «Абай сағаты» деген дәріс түрі өткізілетінін, сөйтіп осы екі салада сан қилы ізденістер жүргізгенін, соның нәтижесінде 1933 жылдан бастап Пушкин мұрасы мен Абай аудармалары жайлы зерттеу еңбектер жариялай бастағанын, мұның бәрі ұлы қазақ ақынының кәсіби мәдениетін еуропалық биік деңгейге көтерудегі игі ықпалын танытқанын салыстырмалы-типологиялық әдіснама арқылы талдайды.

М.Әуезов Пушкиннің Абай ендірген өлең өрнектеріндегі жаңалықтарға да үлесі барлығын, бұл екі алып арасындағы рухани байланыс туралы ғылыми пікір де осы зерттеулерде тұңғыш рет қозғалғандығы жөнінде құнды әдеби пікірлер айтылады.

«Абайтану» атты 2 томдық жинақтағы М.Мырзахметұлының жаңа көзқарастағы зерттеулеріне зер салғанда осындай ойлы дүниелерге кездестік. Бұл қазіргі қазақ әдебиеті тарихындағы абайтану мен мұхтартануға қосылған сүбелі еңбек деп бағалаймыз. Тәуелсіздік жылдары жазылған «Абай, Мұхтар мұрасы айналасында» (1992) атты еңбекте М.Әуезовтің ғылыми мұралары, абайтану мен мұхтартану тарихы, оның даму кезеңдері, олардағы әдеби, ғылыми ізденістері тек әдеби, ғылыми таным тұрғысынан тұжырымдалады.

Расында М.Әуезов мұрасы, оның ішінде өмірінің өзегі болған абайтануға қатысты зерттеулеріне уақыт аралатып зер салып отыру біздің ғылыми өремізді өсіру үшін, білім деңгейімізді тану үшін керек.

Абайтанудан 12 еңбек (5-і монография) жариялаған М.Мырзахметұлы екі тұлғаны қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымындағы бір тұтас құбылыс ретінде қарастырады. М.Мырзахметұлының «Абайтану дәрістерінің дереккөздері» деген кітабында М.Әуезовтің Ташкенттегі 1 кісіге жазған 300-дей хаты табылғандығы жөнінде қызықты дерек бар. Бірақ, ол кім? Шықты ма? Әлі белгісіз. «Қай жерде ой басым болса сол жерде ғылыми да әдеби де орта болады» деген ұстанымды ұстанған ғалым қай жерде жүрсе де екі тұлға тағдыры мен шығармашылығына қатысты зерттеулерін тоқтатқан емес.

1989 жылы «М.Әуезов және Абайтану проблемалары» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған оның осы саладағы 45 ғылыми еңбегі мен 624 мақаласы кімге де үлгі болса керек. «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы ұстаздан болады», – деген дана Абайдың тағылымын ұстанған зерттеуші: «Абай қақпасының» кілті тек М.Әуезовте» деген ғылыми концепциясын «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» /1982/ атты монографиясында да жалғастырған. Қазақтың ұлтжанды батыры Бауыржан Момышұлының өтінішімен Абайдың таңдамалы шығармаларының 1943-1944 жылдары қайта басылып, майдандағы жауынгерлерге рух беру үшін жиі-жиі жіберіліп тұрғаны жөніндегі әдеби дерек тек осы еңбекте ғана аталады.

Мұхтар Әуезовтің Абай шығармашылығы жөніндегі әрбір сөзінің астарына үңіліп, мағына-мәніне мұқият қарайтын М.Мырзахметұлы оның: «...Өлең деген теңіздің тұңғыық түбіндегі ақық тас. Поэзия – өмір өзегі, тіршіліктің сәулеті, күннің сәулесі, орманның жапырағы, құстың қанаты, адамның рухани қуаты, бүкіл дүниенің сыртқа шыққан дем алысы...», «...Абайдың әрбір өлеңі жайлы философиялық трактаттар жазылуы керек. Бізде Абай сөздігі жасалмаған. Абай өлеңінде под-текст-астар бар. Абай өлеңінде биік аспан бар, жазық жер бар. Бірде ол аспанға көтеріліп биік ұшады, бірде ол жер бауырлап салмақты оймен ауыр жылжиды. Абай өлеңдеріне абайлап бармаса болмайды», – дейтін даналық дәрістерін өзіне ұстаным етіп отырады. Күнделікті баспасөз беттеріне шыққан Абай жайлы әрбір сөзге мән беріп, қатаң қадағалайтын М.Әуезовтің ғылыми талабына тәнті М.Мырзахметұлы бүгінде өзі де тап сондай талап қойғыш болып алған. Ұлы ұстазынан дарыған қасиет өз тақырыбына, өмірлік мағынасына айналған абайтану мен мұхтартануға деген адалдығынан аңғарылады.

М.Мырзахметұлының «Абайдың ақындық дәстүрі М.Әуезов зерттеулерінде» және («Мұхтар Әуезов әлемі». Алматы: Жазушы, 1997. – 352 б.) «Бірегей зерттеуші» («М.Әуезов тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер». Алматы: Жазушы. 1987. – 432 бет) деген мақалаларында да Абай мұрасы М.Әуезовтің бүкіл ғылыми-шығармашылық ғұмырында шарқ ұрып іздену үстіндегі жүрек қалауы, стихиясы мен рухани дем беруші таусылмас қуаты болғанын өнеге етеді.

М.Мырзахметұлының «Түркістан Таразы арасы...» (Астана, Білге, 2002, -432 б.) атты еңбегіндегі «Абай, Мұхтар мұрасы айналасында», «Мен бір жұмбақ адаммын...» деген тарауларында абайтанудың негізін салушы М.Әуезовтің ғылыми концепцияларын ұстана отырып, Абайды тану үшін, бірнеше тамырды тап басып, тани білу керектігін алға тартады: «1. оның ғұмыр кешкен заманның саяси-әлеуметтік болмысын, дәуір ерекшелігін, қазақ елінің отарлану тарихын, сырттан ендірілген ел билеу жүйесіндегі талас-тартыстың әлеуметтік тамырын білу.

2. Абай қорындағы 16 мыңнан астам сөз қорын білу.

3. Абайдың өзге ақыннан өзгеше, ойшылдық табиғаты мүлде дара екендігін білу. Абай шығармашылығының табиғатын толық тану үшін өлең мен қара сөзінің арасындағы ой-пікірдегі жалғастықты қуалай отырып жүйесін табу керек. Мысалы, «Алла деген сөз жеңіл» деген

16 жолдан тұратын өлеңіне зерттеушілер арнайы тоқталған емес. Ол туралы бірінші С.Мұқанов 1945 ж. пікір білдірген. Мұхтар не арнайы курсында, не «Абай Құнанбаев» деген монографиясында жанама түрде пікір білдіргенде арнайы тоқталмаған. Тек «Абай жолының» 3-кітабында ғана мәнін мықтап ашты. М.Әуезовтің бұл мәнерін көп зерттеушілер байқамай да қалды. «Мұның себебі, ол кезде Абайдың исламиятқа қарым-қатынасын ашық түрде сөз етіп, пікір айту-өзіңе-өзің тұсау салумен бірдей еді. Осы себептен де ғалым Абайдың дінге қатысын талдап, ашып отырмастан «Абайдың діні-сыншыл ақылдың шартты діні» деген тезисін айтумен шектелгені бар» /11 бетте/. Міне, осы мәселелердің арнайы зерттелетін мезгілі келгендігін ескертеді.

Ал, «Абай және сопылық ілім» деген мақаласында бүгінгі оқырманға белгісіз біраз жайттың бетін ашады. Ислам ішіндегі 80-ге жуық ағымдардың күрделісі-суфизм екендігін, Абай оның моральдық философиясына ден қойғандығын нақты көркем мәтіндегі мысалдар арқылы дәйектейді. «Абай ілімі» деп танылып жүрген «толық адам» туралы ой-пікірінің негізі, рухани нәр тартар бұлағының түп-төркінін танытар сопылық танымда ғасырлар бойы екшеліп келе жатқан жәуанмәрттік іліміне апарып соғатыны жөнінде көптеген ғылыми болжамдары мен ұстанымдарын ұсынады. Жалпы, діннің теориясын Мысырдан (араб), діннің философиясын Үнді елінен, ал діннің практикасын Түркістаннан іздеу керек деуінде де ғылыми негіз бар тәрізді.

«Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті» – деген еңбегінде бүгінгі мұхтартану саласындағы күрделі мәселелерді арнайы зерттеу нысанына алады. Автор Абайдың орыс тілін 30-дан асқанда меңгеріп, сол арқылы Еуропа классиктерімен ұштасқандығын, ал Әуезов те бұл жәйдің өзгеше өрнек алғандығын, ол жастайынан орыс тілінде жүйелі түрде білім алып, әлем әдебиетімен жан-жақты таныстығын айта келіп, ғылыми жетекшісі профессор М.Гаврилов пен араб тілінің оқытушысы, профессор Шмидтен арнайы сабақ алуы, аспирантурада Фирдоусидің «Шахнамасын» түпнұсқадан оқу үшін әрі парсы тілі арқылы шағатай тілін меңгеруді мақсат етіп парсы тілінің маманы профессор А.Семеновтен арнайы дәріс алғандығын, сөйтіп тез арада (2 жылда) меңгеріп, мәжілістерде ғылыми мәлімдеме жасайтын дәрежеге жеткені жөнінде мәліметтер келтіреді. Кейін бүкілодақ деңгейдегі әдеби-ғылыми мәжілістерде туысқан түрік

тілді халықтар әдебиетін түпнұсқадан оқып, пікір толғайтынын, ал еуропалық тілдерден неміс тілін білуге ден қойып, сол тілдегі түркологиялық еңбектерді еркін игеріп, ғылымның ең соңғы жетістіктеріндегі әдеби фактілерді ғылыми тұрғыдан қорытып ала білетін қасиетін жастарға үлгі етеді.

Абайдың білім мен ілім туралы пікірінен көп нәрсе аңғарған ғалым «Абайдың ғылым жайлы танымынан» деген мақаласында ақынның ғылым салаларын шығармаларындағы аталымы бойынша: 1. Алла тағаланың тағылымы. 2. Ғалами ғылым. 3. Заһари ғылым. 4. Адамның ғылымы. 5. Адамның ілімі. 6. Өзіндік ғылым. 7. Дүниенің ғылымы. 8. Мүтәкәллимін. 9. Мантикин. 10. Жәуанмәрттілік немесе мораль философиясы» деп атағанына арнайы тоқталса, М. Әуезовтің жарияланбаған көп ойлары жинақталған «97 архив деректері» атты жинағында Әуезовтің жергілікті тіл ерекшеліктерін түсіріп жүретін қойын дәптері болғанын, өмір бойы ізденген қаламгердің сөздік қоры әлемдегі ең көп және 1-орында екендігін көркем мәтіндеріндегі нақты мысалдармен нанымды дәйектейді. Бұл қасиет сөз жоқ, жазушының ұлылығын, кемеңгерлігін көрсетсе керек.

Көрнекті ғалым Мекемтас Мырзахметұлы өзінің бүкіл саналы ғұмырын қазақ әдебиетіндегі ең ірі екі сала абайтану мен мұхтартануға арнады. Жоғарыда талданған М.Мырзахметұлының зерттеулері мұхтартанудың пайда болу, даму, қалыптасу тарихын түгендеп, XX ғасырдың қайталанбас дара тұлғасы М.Әуезовтің ғылыми өмірбаянын жазуда кейінгі зерттеушілерге өшпес өнеге болары сөзсіз.

МҰХТАРТАНУДЫҢ БЕЙМӘЛІМ БЕТТЕРІ

Әрбір ұлттың өмірі мен ұлылығы оның мәдениетіне, ғылымына, өнеріне, жалпы рухани игіліктерінің қаншалықты мол әрі құнды екендігіне тікелей байланысты екендігін ескерсек, қазақ халқының ұлттық интеллигенциясының қалыптасып, дамуына ұзақ жылдар бойы табанды тер төгіп, ұлттық санамыздың оянуына және Тәуелсіз Қазақстан ғылымының әлемге танылуына зор үлес қосып келе жатқан республикамыздағы білім шаңырақтарында еңбек етіп жүрген оқытушы-ұстаздар қауымының өнегелі өмірлері қашанда кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. XX-XXI ғасырдағы Оңтүстік Қазақстан

облысындағы ірі білім ордасы болып, қазақтың ұлттық кадрларын қалыптастырып, дамытуда биік дәрежеде көрініп жүрген М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінде ұстаздық еткен Керімбек Сыздықов ғылыми қызметкерліктен бастап (1967), 1976-81 жылдары Шымкент педагогика институтының кафедра меңгерушісі, факультет деканы (1981-89), институт проректоры (1989-92), ректоры (1992-94) т.б. қызметтеріне дейін көтерілген. Облыстың интеллектуалдық элитасының білім шаңырағында тек қана шәкірт даярлап қана қоймай ұлттық мәдениеттің, халықтың рухани дүниесінің өркендеуіне, әсіресе, қаламы жүйрік ақын-жазушылар, сөз өнерін сүйген әдебиетші ғалымдар қатарын көбейтіп, олардың теориялық білімдерінің терең, кәсіби шеберліктерінің шындалуына қомақты үлес қосқан ұстаз-ғалым Керімбек Сыздықов ұлы ұстаз Мұхтар Әуезовтің шәкірті.

К. Сыздықов өзінің ұстаздары М.Әуезов, Б.Кенжебаев, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Е.Исмаилов, Т.Нұртазин, З.Ахметов, З.Қабдолов сияқты қазақтың нағыз марқасқа зиялыларынан алған үлкен тәрбие, өнегесін өзінің шәкірттеріне де таныта білген жан.

Өзіне өмірлік тақырып етіп мұхтартануды таңдауында да асқан білгірлік, көрегенділік, ұстазға деген ұлы сүйіспеншілік бар. Ғалым өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан соңғы демі таусылғанша мұхтартануға табанды түрде тер төкті. Атап айтсақ, «М.Әуезовтың әдеби-сын мұрасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация (1969), «М.Әуезов еңбектеріндегі әдебиеттану мәселелері» жөнінде (10.01.02. – қазақ әдебиеті.10.01.08. – әдебиет теориясы) мамандықтары бойынша докторлық диссертация (1997) қорғады. Ұлы ұстазы М.Әуезовтың шығармашылығына қатысты барлық ғылыми-әдеби жобалар мен жинақтарға, қоғамдық шаруаларға да белсене атсалысып, шәкірттік әрі ғылыми парызын асқан жауапкершілік, биік адамгершілік тұрғыдан орындады.

М.Әуезовтың шығармашылығы бойынша өзінің әр жылдары жазған ғылыми еңбектерін жаңашылдықпен қайта қарап, қырағылық танытып отырды. Оған ғалымның ұлы суреткердің шығармашылығы жайлы жазған 400-ге жуық мақалалары мен «М.Әуезов әдебиет сыншысы», «Ата қоныс», «Мұхтартанудың беймәлім беттері», «Ұстаздық ұлағат» монографиялық зерттеулері, оқу құралдары куә бола алады. М.Әуезовтің қолына қалам алған кезінен бастап өмірінің соңына дейін

жазған әрбір мақаласын, сын пікірлерін қадағалай іздеп, жүйелеп, оны жариялап, ел игілігіне айналдыру нағыз ізденімпаз ғалымның атқарар абыройлы ісі болса керек. Осы ұлттық әдебиеттану ғылымының ең ірі әрі сүбелі саласы мұхтартануды өзіне мұрат тұтқан ғалым шын мәніндегі ғылымдағы бақытын, тақырыбын тапқан жан десе де болады.

К.Сыздықовтың 1978 жылы жарық көрген «Мұхтар Әуезов – әдебиет сыншысы» атты монографиясында жазушының 20-30 жылдары ұлттық рухта жазылған мақалалары талданғаны үшін жазаға ұшырап, көптеген беттері алынып тасталып, жарық көргені ғылыми ортаға мәлім. Алайда, зерттеуші тәуелсіздік келіп, тұсалған тілдің кілті шешілген 1997 жылы ұлы суреткердің 100 жылдық мерейтойына тарту ретінде «Мұхтартанудың беймәлім беттері» деген жаңа монографиялық зерттеу жазып, кеңестік кезеңнің саяси идеологиясына қайшы деген сылтаумен сызылып тасталған тарауын толығымен қайта карап, бүгінгі еркін ой-сана тұрғысынан талдап, ендірген еді. Зерттеуші жазушының 1920-1922 жылдар аралығында «Қазақ тілі», «Сары Арқа», «Алаш» газеттеріндегі ұлт мүддесіне қатысты құнды ой-пікір айтқан бірнеше публицистикалық мақалаларын («Қазақтың өзгеше мінездері» (Ж.Аймауытовпен), «Адамдық негізі – әйел» (Тұрағұл Абайұлымен), «Ғылым», «Қазақ ішіндегі партия неден?», «Мәдениетке қай кәсіп жуық?», «Ғылым тілі», «Қайсысын қолданамыз?») ұлттық ғылымның бүгінгі талабы тұрғысынан талдайды.

Зерттеуші бұл еңбегінде М.Әуезов шығармашылығының тұсауын кескен 1917 жылғы тұңғыш мақалалары мен қолжазба күйінде сахналанған «Еңлік-Кебек» пьесасы және сол жылы «Сары арқа» газетінің №2 санында жарияланған «Талап азаматы» деген бұрындары беймәлім болып келген мақаласының тарихынан бастап, ұлы жазушының ізімен өмір сүрген, білім алған, қызмет атқарған жерлердің бәрін жүріп өтіп, ондағы қоймасы қатпар-қатпар құпияға толы, шаңы қағылмай бар шындықты ішіне тартып, мерез болып жатқан түрлі мұражайлар мен мұрағат мәтіндерімен мұқият танысуға мән берген. 2013 жылдың қарашасында М.Әуезов мұражайының 3 қызметкері (Г.Пірәлі, Р.Әбдіғұл, Е.Қаныкей) Санкт-Петербург қаласындағы орталық мемлекеттік мұрағатына барғанда да ұлы жазушының университеттегі ісқағаздарын қараған келушілер тізімінен қазақ елінен барып, танысқан бірінші ғалым К.Сыздықов

екендігіне куә болғаны бар. Сол кісіден кейін М.Әуезовтің студенттік құжаттарымен танысып, оның мәтінін түгелдей электронды нұсқаға түсіріп әкелген екінші ғылыми топ біз болдық.

Міне, осынау мұрты бұзылмай жатқан мұрағат материалдары К.Сыздықовтың «Мұхтартанудың беймәлім беттері» атты монографиялық зерттеуінің негізін құрайды. Ғалым жазушының студенттік кезеңіндегі жазған он шақты әңгіме, бірнеше әдеби сын мақалалармен бірге «Әдебиет тарихы» (Қ-0, 1927), «Қаракөз» (Семей, 1926) пьесасы мен «Қараш-Қараш оқиғасы» (1927), «Қилы заман» (Қ-0, 1928) повестерін және баспа бетін көрмей жоғалып кеткен бір роман, пьеса, «Сұғанақ сұр» повестерін жазғандығын, олардың тарихын қаламгердің қиын да күрделі тағдырымен, 1930 жылдары жалған жаламен түрмеге отырғызылғанда бүкіл қолжазбалары мен шығармаларын жоғалтып жіберуімен байланыстырады. Жазушының жеке тағдырына қатысты өзге де құнды мәліметтер мұхтартанушы ғалымдар – М.Мырзахметов, Р.Нұрғали, З.Қабдолов, К.Оразалин, Б.Майтанов, Д.Досжанов, Т. Жұртбаевтардың зерттеулері мен ұлы суреткердің 50 томдық академиялық толық жинағы мен ондағы ғылыми түсініктер, «Мұхтар Әуезов» энциклопедиясы, «М.О.Әуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіштің» жариялануына байланысты ғылыми-әдеби айналымға енді.

«М.Әуезовтің өмірі мен творчествосының беймәлім беттері» деген алғашқы тарауында өзіне дейінгі жазылған естеліктер мен өмірбаяндық зерттеулерді мұрағаттық құжаттармен салыстырып, жүйелеп, жаңаша көзқарас тұрғысынан талдаулар жүргізеді. Жазушының өмірбаяндық деректері зерттеуші келтірген мұрағаттық мәтіндермен толықтырылып отырады. Мәселен: «...Дегенмен архивтер мен баспасөз мағлұматтары арқылы аздаған қосымша толықтыруды да қажет ететін сияқты. Семей облыстық архивінен М.О.Әуезовтің 23.XII.1919 ж. басталып 10.IX.1920 ж. аяқталған 11 парақтан тұратын жеке іс-қағаздарын және 19.XI.-31.XII.1920 аралығындағы М.Әуезовке және басқа қызметкерлерге қатысты папканы қарастырғанымызда, жазушының өзі көрсеткен қызметтерге қосымша мынадай деректерді анықтадық...», – дей келе, 1919 жылы М.Әуезовті қызметке тағайындау жөніндегі бұйрықта оның ресми атауы «зав.общим Подотделом по инородческой части» делінген де, кейінгі құжаттарда ол қысқартылып «киротдел» деп жазылғаны, Әуезовтің өтініші қабылданып, оның орнына меңгеруші

болып Ж.Аймауытовтың қойылғаны туралы қаулы шығарылғаны, қызметтің қызығынан гөрі жүйелі оқуға талпынған Мұхтардың мақсаты сол кездері неге жүзеге аспай 19.XI-30.XII. 1920 ж. аралығында Семейде «Қазақ тілі» газетінің редакторы болғанын, бұл кезеңдегі көп деректердің облыстық партия архивінде сақталғанын, алайда түрлі себептермен ол құжаттарға қол жеткізе алмағанын өкінішпен баяндайды. Әрине, М.Әуезовтей ұлы тұлғаға қатысты әрбір жол сөзге дейін құнды дерек екендігін ескерсек, К.Сыздықов мәлім етіп отырған тарихи фактілердің бәрі маңызды екендігі мәлім.

«Ал қолда бар деректер бойынша, М.Әуезов Коммунистік партия қатарында 1919 жылдың аяғынан 1923 жылдың басына дейін мүше болғанын анықтадық. Оны жазушының өзі алғашқы және кейінгі толтырған жеке іс-қағаздарында көрсеткен...», – деген айғақты алға тартып, бұл жөніндегі күдікті ойларды сейілтеді (13-б.). Семей облыстық партия архивіндегі материалдар негізінде «Иртыш» газетінің 1967 ж. 17 қыркүйектегі №185 санында «Семипалатинские годы Мухтара» деген мақаласында доцент А.Романовтың келтірген дерегі бойынша жоғарыда аталған қызметінен кейін «1920 ж. желтоқсанынан губерниялық халық билер кеңесінің төрағасы, онымен қоса газет редакторы және губерниялық халық ағарту бөлімінің штаттағы қызметкері болғанын», одан әрі де бірнеше қоғамдық қызметтер атқара жүріп, қолынан қаламын тастамай рухани өмірге де белсене атсалысқанын атап көрсетеді (13-б.). Әрине, мұндағы әрбір мұрағаттық мәтіндердің маңызы орасан зор екендігі аян, алайда олардың бәріне тоқталып жату мүмкін емес. Жазушының өмірі мен шығармашылығы, алғашқы журналистік, жазушылық, драматургиялық, ғылыми-зерттеу еңбектерінің тарихына қатысты аса құнды мұрағаттық мағлұматтар жетерлік. Айталық, соңғы жылдарға дейін беймәлім болып келген 1921 жылдың 7 қарашасынан «Еңбекші қазақ» деген атпен шыққан басылымның тұңғыш редколлегия мүшелері жайлы дұрыс мағлұматтың болмауы, ал осы деректің «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 27 қарашадағы №272 санында газеттің мыңыншы саны шығуына байланысты және «Советская степь» газетінің 1930 жылғы 18 октябрьдегі №231 санындағы «Қазақстандағы партия құрылысына он жыл» деген мақалада, Д.Досжановтың 1992 ж. шыққан «Абақты» атты деректі кітабындағы «Мұхтар Әуезовтің істі болуы хақында» та-рауында келтірілген М.Әуезовтің осы газетте бас редактор болғандығы

жөніндегі мәліметтер, сөз жоқ, мұхтартанудағы тың деректер (14-б.). Бұл құжаттарға өзінің де дәлелді деректерін қоса отырып, жазушының қайраткерлік, қаламгерлік қызметтерін, ұлт мүддесі жолындағы ерен еңбектері мен қазақ руханиятын байытып, дамытудағы ұланғайыр үлесін ғылыми тұрғыдан талдайды. 1920-22 жылдар аралығында «Қазақ тілі» газетінде жарияланған бірнеше мақалаларында көтерілген мәселелердің ұлт мүддесін қорғап, насихаттаудағы маңызын айта келіп: «Сол жылдары М.Әуезов Кеңес өкіметінің саясатын ешбір астарсыз, аласыз, таза көңілмен өзінше дұрыс деп түсініп, оған құлай сенгенге ұқсайды», – деген пікірін келтіреді (15-б.). Ол ойының негізсіз еместігін нақты көркем мәтіндегі ойлармен дәлелдей отырып, нанымды дәйектейді де. Осы ретте Д.Досжанов пен зерттеуші Т.Жұртбаевтың еңбектеріндегі мұрағаттық құжаттарға да көп сүйеніш етіп, сілтемелер, тергеу жұмыстарында пайдаланылған дереккөздеріне мол орын берілген. Өз тарапынан жүргізілген іздестіру жұмыстары жөнінде ғалым: «Алдымен, М.Әуезовтің 1932 жылға дейінгі қолжазба, шығармашылық мүлік, мұрасы оның әдеби-мемориалдық мұражайында да, ертеректе біз қарастырған Семей, Ташкент, Алматы, Мәскеу, Петербург мұрағаттарында да сақталмаған. Олардың ішінде жазушының сол кезеңдегі баспасөз бетінде басылған еңбектерінің қолжазба, материалдарымен қатар еш жерде жарияланып үлгермеген шығармаларының да болғандығы анық. Сондай дүние-мүліктер туралы өзіміз кездестірген бірер мағлұмат, деректерді келтіре кетейік», – деп кішіпейілділікпен көшелі сөз бастайды (25-б.). Мұхтартанушы ғалым алғашқылардың бірі болып Әуезовтің әуелгі әдебиетке деген әуестігі өлең жазудан басталғандығын, оған дәлел ретінде 1953 жылғы жазушының өмірбаянындағы өз сөзі мен «Айман-Шолпан», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Абай», либретто, музыкалық драмаларынан, сондай-ақ кез-келген прозалық шығармаларынан да байқауға болатынын айғаққа тартады. Ол осы еңбегінде 1924 жылдың қысында елінде отырып, бір роман, 1926-27 жылы «Сұғанақ сұр» повесін, Ташкентте бір пьеса жазғанын, алайда олардың ешқайсысы да баспа бетін көрмей жоғалып кеткенін жария етеді. М.Әуезовтің өз өмірбаянындағы бұл дерек сол кезге дейін көпшілікке беймәлім болып келген-ді. 1932 жылдан бастап қана жазған шығармалары түгелдей баспа бетінде жарияланып, сақталып қалғанын, қолжазбалары жазушы музейінің архивіндегі 564 папкіде сақталғанын, кейбірінің

бірнеше нұсқаларының барлығын және де аяқталмай қалған, жоспар, эскиз күйіндегі қолжазбалар да баршылық екендігі ескертіледі. «М.О.Әуезовтің қолжазба мұрасы» (Алматы, 1977. 790-б.) атты аса құнды жазушы архивінің ғылыми сипаттамасында көрсетілгендей, кей шығармалардың әртүрлі варианттары мен материалдарынан тыс жазушының әлі де жарияланбаған үлкенді-кішілі шығармаларының ұзын саны елуден асып жығылуы әлі де іздеушісін күткен мол мұраның барлығын мәлімдейді (27-б.). Оған мысал ретінде Р.Нұрғалиевтің 1966 жылы «Лениншіл жас» газетінде жариялаған «Тұман айығарда» (№128 папка, 9-37-бб.) атты романнан үзінді беріп, «роман эскизінің өзі көркем» деп жоғары бағалағанын келтіреді. Мұрағаттағы өнімді еңбектердің нәтижесінде өзге де бірнеше әдеби сын мақалаларының авторлары туралы тың мәліметтер тауып, оларды айғақтайтын бірнеше мұрағаттық, анкеталық, естелік, баспасөздерден мәліметтер келтіріп, өзінің осы тақырып төңірегінде тынымсыз әрі табанды ізденістер жүргізгенін және оның жеміссіз еместігін дәлелдейді.

«Әдебиеттанудағы алғашқы ізденістер» деген 2-тарауда М.Әуезовтің өз заманының талабына, рухани қажеттілігіне сай – барлық салада әмбебап маман ретінде жанкешті еңбек етуге тура келгенін жазушының өзі де 1951 жылы Қ.Мұхамедхановтың диссертация қорғаған Ғылыми кеңес мәжілісінде сөйлеген сөзінде ескерткенін өмірлік фактілермен сабақтастыра әңгімелейді.

Жазушының 1918 жылы «Абай» журналын шығарудан басталған абайтанудағы ізденістерін, түрлі тақырыптағы мәселелерді қамтыған баспасөздердегі әдеби-көркем сындарын, ғылыми мақалаларын жүйелеп, олардың мазмұндық, көркемдік, теориялық тұжырымдарының маңызын, әр туындысының жазылу, жариялану, зерттелу тарихын талдайды. 1931 жылы 29 қазанда қамауда жатып Біріккен Саяси Бас басқарма Коллегиясына жазған арызындағы: «...Өзімнің азғантай өткенімді таразылай келіп былайғы өмірімді әдебиетке, педагогтік, ғылымдық жолға арнағанды ақыл көрдім...» деген мақсатына біржола бел буғанын, оның жемістері көктемгі жауыннан кейінгі жауқазындай қаулап өскенін, сол кезеңдерде барлық жанрда жазылып, жарияланған шығармаларына ғылыми шолу жасай отырып, өз қорытындысын жасайды. Осы ретте ғалым М.Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» (1922 ж. «Шолпан» журн. басы), «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» (1923 ж. соңы), «Абайдан соңғы ақындар» (1918), «Ақанның

елу жылдық тойы (юбилейі)» (1923) атты зерттеулеріндегі әдебиеттің дәуірлеу мәселелері, ұлт әдебиетін көтеру үшін қандай ізденіске бару керектігі, не зерттелуі тиіс, қандай көркемдік әдістерге арқа сүйеу керек деген сияқты ұлттық әдебиеттану ғылымының көкейкесті мәселелеріне тоқталады. Алайда, жазушының қазақ әдебиетінің теориялық тұғырын нығайтып, көркем прозасының әсемдік әлемін, көркемдік көкжиегін кеңейтіп, суреткерлік шеберліктің шыңына жету жолында еуропа және орыс әдебиетінен үйрену керектігін көксеген, соған кеңес берген парасатты пайымдауларын парықсыздықпен, пендешілік іштарлықпен бөгде ойға бұрған қазақтың кейбір «оқыған азаматтары» Ғаббас Тоғжанов пен Әбдірахман Байділдиннің орынсыз сындары (60 бетте толық мәтіні берілген – Г.П.) ақырында М.Әуезовтің 1930-32 жылдары істі болып, абақтыға отырып шығуына тікелей себепкер болған. Бұл жөнінде Д.Досжановтың, Т.Жұртбаевтың мұрағаттық деректерге құрылған зерттеулері мен әдеби шығармаларында тың әдеби деректер мол-ақ. Керімбек Сыздықовта ол еңбектерге жиі жүгініп, молынан сілтемелер алып, М.Әуезовке тағылған «ескілікті аңсаушылық» деген жалған жалаға дәлелді көркем шығармалардың мәтіндеріндегі мысалдар арқылы кәсіби әдебиетші, зерттеуші ғалым ретіндегі талдауларын жасап отырады.

«Әдебиет тарихын жасау жолында» деген 3-тараудың алғашқы «1. Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген бөлімде 1920 жылдары әдебиет тарихының түрлі мәселелеріне арналған «Ыбырай Алтынсарыұлы», «Халық әдебиеті туралы», «Қобыланды батыр», «Әдебиет ескілігін жинаушыларға», «Әдебиет тарихы» атты ғылыми зерттеу еңбектеріне арнайы тоқталып, ауыз әдебиетінің бай өрнектері, олардың халық өмірі мен өнеріндегі алар орны, рухани қызметі жөнінде жан-жақты талдау жасайды. Жазушының Семей техникумында мұғалімдерді қайта даярлайтын курстарда қазақ әдебиетінен дәріс бергенде жазған әдістемелік нұсқаулары, сол жылдары ел арасынан жинаған ауыз әдебиеті мен әдебиет тарихының үлгілері оқытушылық қызметінің жеміссіз еместігін айғақтайды. М.Әуезов басшылыққа алған зерттеу принциптері, ауызша әдебиеттің түрлерін (сыршылдық, әңгімелі өлеңдер, айтыс-тапқак, ертегі, мақал, мәтел, жұмбақ) бөлудегі ұстанған қағидалары Л.Соболевпен бірге жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеуінің жазылу, түсіндірілу – аударылу, жариялану тарихы мен әдістерінде де ғылыми

тұрғыдан жалғасын табады. Қазақтың мол әдеби жәдігерлерінің орыс тілі арқылы өзге ұлт өкілдеріне өз өрнегімен, Әуезов деңгейіндегі зерделі зерттеу арқылы жетуінің өзі ұлт әдебиеттануы үшін үлкен табыс. Сондай-ақ мұнда қызықты дерек – «авторлар бұл еңбекте: таяуда Пушкин мұрағатынан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының мазмұны айтылған қолжазба табылғанын және сібірлік талантты ақын Г.Н.Тверитиннің жырды өзінше жырлап шыққанын мәлімдегені», – жөнінде айтылады (90-б.). Бұл жыр туралы М.Әуезовтің бірнеше зерттеу мақала жазғандығын, олардың дені академиялық тұғырдағы зерттеудің үздік үлгісі екендігін де атап көрсетеді.

К.Сыздықов М.Әуезовтің ұлттық әдебиеттану ғылымында белгісіз болып келген 1930 жылы жазған «Қазақстандағы ұлттар» атты шағын кітапшасындағы демографиялық талдауларды «осы саладағы алғашқы зерттеу еңбек» деп бағалайды (93-б.). Қазақ елін орысқа бағындыруға зорлаған себептерге талдау жасап, оның белгілері әдебиетте қалғандығын, оларға қарсы халық наразылығынан туған көтерілістер («Кенесары-Наурызбай», «Исатай-Махамбет», «Бекет батыр») туралы М.Әуезовтің жас болса да ойлы, құндылығы қай кезеңде де жойылмайтын зерттеулеріндегі зеректікке жоғары ғылыми баға береді. «Тарихи өлең» терминін фольклористикамызға алғаш енгізіп, жүйелі түрде зерттеген М.Әуезовтің (1979 жылғы «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» деген ұжымдық еңбекте берілген баға – К.С.) 1933 жылы М.Жолдыбайұлы, Ә.Қоңыратбайұлымен бірігіп жазған 7-класқа арналған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы және 1937 жылы орта, орталау мектептің 6-класына арналған «Әдебиет хрестоматиясын» жазғанын, оның 1938 жылы қайта толықтырылып, басылғанын да автор арнайы ғылыми мәселе ретінде атап өтеді.

М.Әуезовтің «Айтыс өлеңдері» атты зерттеуіндегі ақындар шығармашылығына қатысты құнды ойларына, 1936 жылдан бастау алған қазақ әдебиетіндегі жамбылтану саласындағы сүбелі үлесіне де ғалым кеңінен тоқталып, оның «Жамбыл және халық ақындары», (ақынның 75 жылдығында жасаған баяндамасы – К.С.), «Ардақты Жәке», «Мудрый певец, нащедший юность свою» деген мақалалар жазғандығын, 1945 жылы ақынның қайтыс болуына орай «Халықтың ғасырлық жыры» атты мақаласын жариялап, 1946 жылы оның жүзжылдық мерейтойына арналған конференцияда «Жамбылдың

айтыстағы өнері» атты ғылыми баяндама жасағандығын, онда тағы да талантты ақынның шығармашылық ерекшелігін «суырып салма ақын»деп бағалап, ғылымға осындай әдеби ұғым енгізгенін ерекше атап өтеді. Зерттеуші өзінің ғылыми талдауларын көбіне мұрағаттық мәліметтермен нақыштап беруге бейім: «Бұл аталған баяндама, зерттеу мақалалардан тыс жазушы музейінің архивінде сақталған қолжазбалардың ішінде №248, 249-папкілерде: «Жамбылдың бұрынғы қатты мысқыл өлеңдері», «Айтыстары», «Қатаған-Сүйінбай», «Состязательные песни и искусство импровизации у Джамбула», «Вековая песня народа» деген сияқты қолжазба, тезистер түрінде де материалдар кездеседі. Олардың кейбіріне «1960 жыл, 4 апрель» деген уақыт мерзімі қойылған екен. Соған қарағанда, ғалым Жамбыл творчествосын өзінің өмірінің соңғы сәттеріне дейін назардан тыс қалдырмай, алдағы жоспарларына да тиек етпек ниетте болған болар. Әрине, әдебиет, ғылым, мәдениет мүлкі санмен, көлеммен мөлшерленбей, санамен өлшенеді ғой. Олай болса, М.Әуезовтің бұл еңбектері өзінің маңыз-мәнін ешқашан да жоймасы анық» (106-б.).

«Зар заман ақындары» деген тарауында қазақ әдебиеттануына М.Әуезовтің осы анықтамасымен енген кезең ақындарының шығармашылықтары Абай Құнанбаевтың ақындық дәстүрімен байланыста қарастырылады. Шортанбайдың «Зар заман», «Тар заман» деген өлеңдері арқылы халық санасына сіңіп, М.Әуезовтің қолдануымен әдебиетке еніп, әлі күнге дейін қолданыста жүрген бұл термин өзінің рухани қажеттілігін танытты. Зар заман ақындарының шығармаларына жасалған М.Әуезов зерттеулерін талдай келе К.Сыздықов абайтану саласының ұлттық ғылымда қалай қалыптасып, дамығаны жөніндегі толғақты ойларға тоқталады, осы турасында ұлы ұстаз, ғұлама ғалымның ғибратты пікірлерін өз өресінше пайымдайды.

М.Әуезовтің «Әдебиеттің теориялық мәселелері жайлы толғамдары» атты 4-тараудың «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласында» поэзия, роман, драматургия мен театр өнері, олардағы дәстүр мен жаңашылдық, көркемдік пен шеберлік сынды проблемалық, теориялық мәселелер тұтас алып қарастырылады. Олардың көркемдік ерекшеліктері, теориялық тұжырымдары, көркемдік-эстетикалық талдау тәсілдері мен ерекшеліктері әрбір зерттеудің мәтіндеріне орай бүгінгі ұлттық ғылымның тәуелсіз рухы тұрғысынан талданады. Мұнда жазушының бұрындары мәлімсіз болып келген бірнеше бүркеншік есімдері –

Қоңыр, Жаяу сал, Арғын, Екеу, «М», «М.Ә» анықталып, 30-жылдардан бергі жазған «Шыншыл, тәкаппар ақын», «Қалмақаннан не тілер едік», «Ақ аю» туралы, «Әбділда ақын», «Жолы кең жазушы», «Әбділда Тәжібаев», «Мәлік Ғабдуллинге хат», «Алтай жүрегі» туралы, «Жыл келгендей жаңалық сезіміміз» деген зерттеулеріндегі теориялық тұжырымдар мен көркемдік әлем, суреткерлік шеберлік, көркемдік ізденістер, дарын даралығы жөніндегі ғылыми ойлары жан-жақты талданады.

«2. Үлкен прозасыз үлкен әдебиет жоқ» деген тараушаны «Қорғансыздың күнінен» басталып, «Өскен өркенге» дейінгі шығармашылық зертхана мәселелері, жазушылық өмірбаян беттері, шеберлік сырлары оқушысына көп ой саларлық ой үзінділері мен үздік талдау үлгілері құрайды.

М.Әуезовтің әдеби, ғылыми зерттеулерінің негізгі арқауы болған өмір материалдарының іріктеліп, сұрыпталып алыну жолдары, тарихи фактіні анықтап, көңілден өткізбей көркемдік шындыққа айналдырудың нанымсыздығы жөніндегі ғылыми тұжырымдарына тоқталған зерттеуші кәсіби суреткердің шеберлік қырлары мен сырларына үңіледі. Ол М.Әуезовтің роман жанры турасында теориялық ойлары мен жеке тәжірибесін бөлісетін: «Үзінділер» (1934), «За большие художественное обобщение» (1936), «Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы» (1950), «Абай» романының жазылу жайынан» (1955), «Өмір мен шығарма» (1956), «Заман шарты» (1960), «Қазіргі роман және оның геройлары» (1961) атты зерттеулеріндегі әлем және қазақ әдебиетінің әдеби бағыттары мен жанр, стиль, поэтика, тілдік ерекшеліктер жөніндегі пікірлері асқан талғампаздықпен жүйеленіп беріліп, қазіргі қазақ прозасындағы мәселелермен байланыстыра қарастырады.

М.Әуезовтің 1956 жылы жазған «Өмір мен шығарма» атты мақаласындағы өзінің талдап отырған материалды сүю ғана емес, барлық шетін, нәзік жайларына шейін түгелімен қиялдап та іштен кешіру шарт екендігін, сонда ғана көңілге шыншыл терең, сенімді суреттер сай келетінін, ал, 1952 жылы Ғабиден Мұстафиннің 50 жылдығына арнап жазған «Өнер өрінде» деген мақаласында жазушының өмір шындығын өз басынан кешіргендей болмаса ол шығарманың шын мәніндегі реалистік өнер дүниесі бола алмайтынын, сонда ғана кейіпкердің әрекеті мен характері ашылатынын, тегінде татымсыз

тақырып болмайтынын, тек тетігін тауып, шеберлік жетсе болғаны деген сияқты көптеген көрікті ойларымен көркем дүниенің қалай жазылу, тақырыпты меңгеру, шеберлікті шыңдау жөніндегі өз ойлары мен тағылымы мол тәжірибесін бөлісетініне ерекше мән береді. Зерттеуші М.Әуезовтің ұлы тақырыбы Абаймен қош айтысып, бүгінгі шындықтан шығарма жазсам деген мақсатындағы ізденістерін, өмір құбылыстарын образ арқылы айшықтайтын әдебиеттегі ұнамды және бас кейіпкер проблемасы, «мінез парасаты қилы – қилы үлкен тұлға бейнесін жасау» – «жазушының өз интеллектінің тереңдігі мен кеңдігінің туындысы» болатынын, «Адамзаттың көп ғасырлы мәдениеті бізге қалдырған мұра да өз дәуірің туралы жауапты, терең ойлан» деген даналық дәрістерін кеңінен дәріптеп, жазушының шығармашылық психологиясын тереңдеп танытады. Және жазушының жастар шығармашылығы туралы шынайы пікірі де дәл қазіргі мәселелермен маңайлас болуы да мәнді. Мәселен, жастардағы тіл орамына ой толғамының сай келетінін, үлкен қасірет-көпсөзділіктің азаюын, мәдениетті, оқыған ақындардың келе бастауы жөніндегі пікірі де бүгінде маңызды.

К.Сыздықов М.Әуезовтің мақала-зерттеулеріндегі көркем әдебиеттің тіліне де терең мән беріп, осы төңіректегі толғақты ойларына да кеңінен тоқталады. Жазушының «Қазақ әдебиеті тілінің кейбір мәселелері жайында» (1951), «Некоторые вопросы развития казахского литературного языка» (1951), «Көркем әдебиеттің тілі туралы» (1954) мақалаларындағы: «Жазушы өз дәуіріндегі әдебиет тілін өсіруге, бағалауға, шеберлендіруге міндеткер ...романдар оқушыға тіл де үйретеді, өз тілінде кенеулі ой тартып, көрікті, шешен, шебер сөйлеуге баулиды», «Нәзік келген көңіл жайын, ой толқынын, сезім ырғағын, психологиялық тартыс мен тайталасты тың тіл мен, өзінше ораммен орайлап айтқысы келетін талаптар бар. Мұндайы болмаған жазушылықта жан жоқ, қасиет жоқ, жылылық, жарастық та жоқ...», – деген ұлы жазушының тілдің байлығы мен дамуы, оны қолданудағы шеберлік жайлы ойлары ғылыми пікірлермен пайымдалып отырады.

Автор «3. Драматургияның заңы туралы кейбір ойлар» деген тараушасында М.Әуезовтің осы жанрдың теориялық мәселелері мен театр өнерінің өзге де өзекті мәселелерін қозғаған ғылыми-зерттеу мақалаларына кеңінен тоқталса, «4. Дәстүр мен жаңашылдық жайында» «...тарих талқысынан өткен, халықтың ой-сезіміне етене

болған халықтың эстетикалық талғамына төтеп бере алатын бейнелеу нақыштар мен күллі ұлттық тіл байлығы арқылы айқын көрінетін», ұлттық дәстүр болмысы мен әр кезеңдегі өмірдің өз әсерінен туатын жаңа ұлттық форма, жаңашылдық категорияларының келелі мәселелері және аударма жайы сөз болады. «5. Сын-шын болсын, шын сын болсын» деген тарауша түгелімен ұлы жазушының сын мақалаларындағы көркем-әдеби сынның мәселелеріне, ондағы ұтқыр ойлар мен қазақ әдебиетінің келешегі, көркем прозадағы жетістіктер мен кемшіліктер төңірегіндегі ойларын әр кезеңдерде әділетсіз сынға ұшыраған еңбектерімен байланыста қарастырып, әдеби сын айтыстарына бүгінгі ғылыми көзқарас тұрғысынан өзінің зерттеушілік бағасын береді. Ал, «Ұстаздық етпес жалықпас...» деген қорытынды орнындағы мақалада М.Әуезовтің қаламгерлігімен қатар жүрген педагогикалық қызметінің тарихы нақты өмірлік деректермен өзінің жеке архивтік құжаттарымен, анкеталық жауаптарымен зерттеліп, хронологиялық тұрғыдан жүйеленіп, осы салада атқарған қыруар ғылыми-зерттеушілік еңбектері, мектеп оқулықтарынан бастап жоғары оқу орындарына арналған оқу-әдістемелік, пәндік оқулықтар жазып, жариялаудағы жауапты жұмыстары жүйеленген.

Әдебиеттанушы ғалым Керімбек Сыздықовтың «Мұхтартанудың беймәлім беттері» деген зерттеуі өзінің сол мұрағаттық мәліметтері мен М.Әуезовтің жалпы оқырманға белгісіз, беймәлім болып келген еңбектерін, ғылыми-зерттеулерін, көркем туындыларын кеңінен таныстыруға сүбелі үлес қосқан құнды еңбек.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Керімбек Сыздықов мұхтартанушы ғалым ретінде М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына қарасты «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының белсенді авторы ретінде осында атқарылатын барлық ғылыми жобаларға да атсалысып отырды. «М.О.Әуезов және қазіргі қазақ әдебиеті» деген жинаққа енген «Қазақ әдебиетіндегі ұлттық дәстүр және М.Әуезовтің жаңашылдығы» атты тарауында әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық категориялары жазушы шығармашылығы тарапынан талданады.

Зерттеуші қазақ халқының ұлттық менталитетіне байланысты арнайы еңбек жазған ғалым Т.Бурбаевтың «Ұлт менталитеті» атты монографиясындағы қазақ халқының ұлттық менталитетіне қатысты анықтамаға сүйеніп, жалпы адамзатқа тән бар жақсы қасиеттер сол ұлттың әдебиеті мен өнерінен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрінен тамыр

алатынына көңіл бөледі. Осы орайда өткен ғасырдағы шетелдік ғалымдар мен саяхатшылардың қазақ халқының тамаша талантты, аса дарынды екендігіне тамсанған академик В.Радловтың, поляк қаламгері А.Янушкевичтің сөздерінен сілтеме ала отырып, қазақ әдебиетінің озық дәстүріне, фольклорлық жанрлардан бастау алып, бүгінгі күрделі көркем прозада кемелденген жанрлық түрлерге, олардағы көркемдік-эстетикалық ізденістерге өзіндік пікірін білдіреді. Көбінде М.Әуезовтің әдеби дәстүр мен жаңашылдық мәселесі туралы 1922-1923 жылдары «Шолпан» журналында (№2-3, 4-5) жарияланған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі (тарихи-әдеби сын)» атты еңбегіндегі халық ауыз әдебиеті, әдебиет тарихы («көшпелі дәуір» әдебиеті), Абай дәуіріндегі сөз өнері мен қазіргі әдебиеті жайлы көзқарастарына кеңінен тоқталады. XX ғасыр басындағы, тіпті кеңес дәуіріндегі әдеби сында да айтылып келген «қазақтың жазба әдебиеті Абайдан басталады» деген пікірге қосылмайтын М.Әуезовтің өзі шартты түрде атау беріп, кезеңдеп берген «көшпелі дәуір әдебиетіне»: «...Көшпелі деп ауызшадан жазбаға қарап көшкенін айтамыз. Мана сол замандағы ой ойлаған адамдардың ойында болған өзгерісті, сөздерінен туған жаңа күйді айтамыз», – деп анықтама бергеніне және сол кезеңдегі әдеби шығармалардағы мазмұндық әрі пішіндік жаңалықтар жөніндегі ғылыми тұжырымдарына жоғары баға береді. Көшпелі дәуір әдебиетінің ерекшелігін, ел дертіне ем таппай адасқан заман мінезін міней келе «Әдебиет тарихы» зерттеуінде бұл дәуір атауын «Зар заман ақындары» деп нақтылағанын, «жазба әдебиетті туғызатын ең алдымен, жалғыз ақындар» деген тұжырым жасағанын, ол ойын түйіндеу барысында сол дәуір ақындарының басты өкілдері – жазба әдебиеттің басын – Асанқайғыдан бастап, Сыпыра жырау, Қазтуған, бергі ақындар Алаша Байтоқ жырау, Базар жырау, Досқожа, Бұхар жырау толғауларының жанрлық әрі көркемдік ерекшеліктерін анықтаған М.Әуезовтің пікірлеріне назар аударады. Махамбеттен кейінгі зар заман ақындары Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір, Нарманбет шығармаларына жасаған теориялық талдаулары мен ғылыми пікірлерінің құндылығын, осынау бай әдеби мұраны терең меңгерген Абайдың ұлттық дәстүрді дамыту мен оны жаңалаудағы ізденістері мен табыстарын, оның сөз өнері тарихындағы ойшылдығын дәріптеген даналығын К.Сыздықов сілтемелер арқылы берілген ой сілемдерімен дәйектеген.

Сонымен қатар, зерттеуші М.Әуезовтің XX ғасыр басындағы алғашқы прозалық туындыларының көркемдік әлеміне, әсіресе кейіпкердің ішкі жан дүниесіне, психологиясына терең мән берген психологизм құбылыстарына тоқтала келіп, жазушының қазақ әдебиетіндегі ұлттық дәстүрді байытып, дамытудағы жаңашылдық ізденістерін былайша түйіндеп береді:

«...біріншіден, суреткер-ғалым әдебиеттің өсіп-даму процесінде дәстүр мен жаңашылдықтың атқарар қызметін терең танып біліп, қазақ ауыз әдебиеті мен әдебиет тарихының қадау-қадау кезеңдеріндегі әдеби дәстүрдің жаңарып, жаңғыру жолдарын саралап талдап берді;

екіншіден, қазақ әдебиетіндегі жаңа жанрлардың, проза мен драматургияның, әдеби сын мен әдебиеттану ғылымының бастауында болып, өз шығармашылығымен мол үлес қосты;

үшіншіден, заман талабына сай дәуірлік көкейкесті, өзекті тақырыптарды таңдап талғап, олардың тамыр тереңін ақтарып, келешекке жалғасар өміршен беттерін айқара ашып, көрсете алды;

төртіншіден, алғашқы қадам тартқан туындыларынан бастап әдебиет пен өнердің басты қасиеті болып саналатын көркемдік-эстетикалық биік талғам-өлшемнің үздік үлгілерін жасап берді» (119-б.).

Қазақ әдебиеттануындағы екі күрделі мәселе – дәстүр мен жаңашылдық категорияларының зерттелу жайын М.Әуезовтің 1920-30 жылдардағы әдеби, ғылыми зерттеулері мен көркем прозасындағы ізденістер тарапынан талдап, зерделеген ғалым Керімбек Сыздықовтың бұл еңбегі, сөз жоқ, өз тақырып тарапынан құнды дүние десе болады.

«М.О.Әуезов және қазіргі қазақ әдебиеті» деген жинақтағы мұхтартанушы ғалым Керімбек Сыздықовтың «Мұхтар Әуезов дәстүрі және қазақ әдебиетінің даму үрдістері» деген тарауында ұлы суреткердің XX ғасырдың басында қалыптаса бастаған барлық жанрлық түрлерде, әсіресе көркем проза мен драматургияда қалыптастырған әдеби, мәдени дәстүрлеріне, тарихи тақырыптың негізін салып, үздік үлгісін жасап, әлемдік деңгейдегі шығармалар жазғаны, көркем әдебиет тілінің ерекшелік қасиетін кейінгі толқынға тағылым етуіне ғылыми шолу жасалып, осы реттегі әдеби-көркем сындағы ой-пікірлерін жинақтап, жүйелеген.

Мұхтартанушы ғалым Керімбек Сыздықовтың көрнекті суреткер Мұхтар Әуезовтің алғашқы публицистикалық мақалаларынан бастап, барлық әдеби, ғылыми еңбектерін жүйелеп, бұрындары беймәлім болып келген көптеген қоғамдық, қаламгерлік, қайраткерлік қызметтерін ғылыми айналымға ендіруінің өзі ұлттық әдебиеттану ғылымына қосылған қомақты үлес деп білгеніміз жөн.

М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ӨЗЕКТЕРІ

Философия ғылымдарының докторы Алтай Тайжанұлының «Мұхтар Әуезов – ойшыл, ғалым, ұстаз» деген монографиялық зерттеуі жазушы шығармашылығының дүниетанымдық бағыттарын тұтас қарастырған алғашқы еңбек деуге болады. Мұхтар Әуезовтей шығармашылық тұлғаның, кемеңгер ойшылдың, өмірі мен еңбектерімен тұтасқан философиялық ойлары мен дүниетанымдық көзқарастары осы пән категориялары арқылы арнайы зерттелген. Алтай Тайжанұлы 1981 жылы «М.О.Ауэзов как мыслитель» деген тақырыпта философия ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу мақсатында диссертация қорғаса, 1995 жылы философия ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін «Мұхтар Әуезовтің шығармашылығының дүниетанымдық өзектері» атты монографиялық зерттеу жазады. Осынау ұзақ жылғы ізденістерінің жемісі ретінде жарық көрген жоғарыда аталған еңбек 4 тараудан тұрады. «М.О.Әуезов дүниетанымының қалыптасу кезеңдері мен ерекшеліктері» деген алғашқы тарауда «1. Жазушының қалыптасу ортасы, дүниетанымының бастау бұлақтары мен рухани нәрлері, ізденістері мен шығармашылығының құндылық бағыттары» және «2. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында қазақ топырағында қалыптасқан саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани ойдың алдыңғы қатарлы өкілдерінің М.Әуезов дүниетанымына әсері» зерттелген.

«М.О.Әуезовтің Қазақстандық қоғамдық ой, әдебиет пен өнер әлемін дамытудағы орны» деген 2-тарауда қоғамдық ой, әдебиет пен өнер дамуындағы дәстүр мен жаңашылдықтың диалектикасы, Абай дүниетанымының қалыптасу жолдары мен рухани бастаулары, «Әр жылдар ойлары» – қоғамдық ой, әдебиет пен өнер

дамуының диалектикасы, М.О.Әуезовтің қоғам дамуындағы этникалық мәселелердің тарихи орны мен мәні туралы көзқарастары қарастырылса, 3-тарауда этномәдениеттік құндылықтардың жазушы шығармашылығындағы көрінісі, ұлттық психология мен таным бірлігі, халықтық таным мен тәрбиенің маңызы, ізгілік, отансүйгіштік пен жалпыадамзаттық диалектикасы сөз етіледі. М.О.Әуезовтің Қазақстан рухани мәдениеті мен ағартушылық-педагогикалық ой дамуына қосқан үлесі республикамыздың рухани мәдениетін жетілдіру мен дамытудағы орнымен анықталып, ағартушылық-педагогикалық еңбектерінің дүниетанымдық маңызына баға беріледі. Осыншама мол ғылыми мәселелер қарастырылған еңбекте ұлы жазушының өмірімен өзектесіп, шығармашылық өнерімен өріліп, өрнектелген дүниетанымдық, пәлсафалық ойлар ұлттық философия ғылымының тәуелсіздік тұсында тұсауы кесілген тың тынысы мен жаңаша пайымдауларын танытады.

Ол жөнінде автор: «...Осы тұрғыдан алғанда, халқымыздың көне заманнан бастап, бүгінгі күнге дейін үзілмей келе жатқан, өз топырағымызда қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістерін жалғастырған ұлыларымыз – белгілі ғалым-оқымыстылар, пәлсапашылар, ақын-жазушылар шығармашылығын зерделі зерттеу өз өзектілігін жоймайтын тақырып», – деп өзінің ғылыми концепциясын М.Әуезов шығармашылығына бағыттап, анықтап алады (5-б.). Зерттеуші «...көркем шығарманы, жалпы рухани мұраларды, қоғамдық ойдың даму жолын, жеке тұлғалардың шығармашылығын дүниетанымдық тұрғыдан зерттеуде ой-қисынның жоғары деңгейі – диалектикалық логика методологиясын басшылыққа» алып, осы саладағы ұлттық философия мектебі өкілдерінің еңбектерін негізге алады. 2 бетке таяу тізімге ілінген ірі зерттеушілердің еңбектеріндегі ғылыми әдістемелік негіздерді нысанаға алған А.Тайжанұлы М.Әуезовтің шығармашылығы туралы жазылған қазақ және ресей, өзге де елдердегі әдебиеттану ғылымындағы зерттеулерді де назардан тыс қалдырмай көптеген еңбектердің тізімін бере отырып, мұхтартану мәселелерінің көкжиегі әсіресе 70-80-90-100 жылдық мерейтойлар кезінде өзінің ғылыми кеңістігін кеңейткенін, алайда филология ғылымнан өзге салада бұл тақырыптың тиісті деңгейде дамымағаны жөніндегі олқылықтарды атай отырып, нақты пікірлер ұсынады. Бұл еңбекте жазушының қоғам дамуындағы этникалық

мәселелердің тарихи орны мен мәні туралы көзқарастары алғаш рет арнайы ғылыми зерттеу нысанына айналған.

«Кітапта ойшыл-жазушының бұл тараптағы шығармашылығы: оның тікелей жазушылығына және қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді, оқу-ағарту ісінің жайын, мәдениет пен өнердің, қоғамдық ойдың көптеген өзекті тұстарын қозғаған зерттеулері негізінде екі салаға бөлініп қарастырылған. Жазушы шығармашылығына Шығыс халықтарына қатысты ұлттық таным мен психология бірлігі тән деген байлам жасалады» (13-б.). Сондықтан да бұл еңбекте алғаш рет М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы», «Новый аул», «Жеткіншек», «Қазақ шаруа жастар мектебіне арналған Программа және түсінік хаттар» сияқты оқулықтары мен бағдарламаларына дүниетанымдық тұрғыдан талдау жасалып, ғылыми баға беріледі.

«М.О.Әуезов дүниетанымының қалыптасу кезеңдері мен ерекшеліктері» деген алғашқы тарауда осы тақырып аясындағы өзекті мәселелерді шешу үшін алдымен жазушының өскен ортасы мен сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік, рухани өмірдегі өзгерістерге шолу жасай отырып, қаламгер әрі қайраткер болып қалыптасу кезеңдерінің тарихына сипаттама беріледі. Октябрь төңкерісі тұсында 20 жаста болған Мұхтар Әуезовтің қалыптасуына Алаш қайраткерлері бастаған өзі тұстас қазақ зиялыларымен бірге сол кездегі жаңа қоғам құрудағы идеологиялық күрес, қолдан жасалған тап тартысы, мәдениет, өнер, әдебиет, оқу-ағарту ісі жөніндегі жаппай сауаттандыру науқандары, көзі ашық азаматтардың барлық салада белсенді қызмет атқарулары керектігі, сол дәуірдегі түрлі түсініспеушіліктен шыққан түрлі дау-дамайлардың, айтыстардың себеп-салдары, бәрі-бәрі жазушының өмірі мен шығармашылығымен байланыстырыла баяндалады. Бұлардың бәрі қазақ әдебиеттануында айтылып жүргендіктен оларға көп тоқтала қоймаймыз. 1920-30 жылдардағы баспасөздерде жарияланған мақалалары мен көркем туындылары, өмір белестеріне тоқталып, олардың мәтіндеріндегі дүниетанымдық көзқарастар кәсіби маманның ғылыми пікірі тұрғысынан талданады. Және осы еңбекте зерттеуші «Әр жылдар ойлары» атты М.Әуезовтің ғылыми жинағына арнайы тоқталып, онда орын алған автордың пәлсафалық, дүниетанымдық көзқарастарына бүгінгі ғылыми талап деңгейінде интерпретация жасалады. М.Әуезовтің шығармашылығындағы ұлттық психология мен таным бірлігі

оның фольклорлық зерттеулеріндегі рухани құндылықтар арқылы айқындалады: «...Ең алдымен ғалым халық әдебиетінен сөз өнерінің замандар бойында қалыптасқан алтын айшығын, көнермес кестесін, тапқырлық, даналық тізбегін іздейді, кенін қазады. Екіншіден, ол фольклор шығармалары тарихи шындықты танудың дәлелді бір құралы-дүниетаным көкжиегін кеңейтетін пәлсафалық ой шежіресі деп қарайды; үшіншіден, ауыз әдебиеті фабулаларын жазба әдебиетті ұдайы дүниетанымдық тұрғыдан жетілдіріп, байытып отыратын сарқылмас қазына санайды», – деп өзіндік ұстанымын, ғылыми тұжырымын ұсынады (231-б.). Осы ретте «Әдебиет тарихы» (1927), «Новый аул» (2-книга для чтения по русскому языку для казахских детей, школ 1 ступени) (1929) деген орыс тілін бастауыш кластардан бастап оқытуға негіздеп хрестоматия үлгісінде жазған оқулығы және 1930 жылы Қызылордада жарық көрген «Жеткіншек» атты ересек жастар мектебіне арналған оқу құралы, осы жылы Қазақстан Оқу Комиссариаты білім кеңесінің шешімі бойынша Қызылорда қаласында қазақ жастарын оқытуға арнаған барлық пәндердің жалпы бағдарламасы «Қазақ шаруа жастар мектебіне арналған Программа және түсінік хаттар» бағдарлама сынды оқулықтар мен оқу бағдарламаларындағы оқу-ағарту, сауаттандыру ісінің үлгі жобасы, пәндерді оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесінің маңызы жазушының педагогикалық қызметі мен шығармашылығындағы оқу-тәрбие жайы сол кезеңдегі әлеуметтік-саяси мәселелермен тығыз байланыстырыла қарастырған. «М.Әуезов өмірдің диалектикасын өсу, даму, жетілу, терісті терістеу арқылы қайта жаңару деп түсінген (263-б.). М.Әуезов тәрбиені тұтас, үнемі дамуда болатын күрделі және қайшылықты процесс есебінде таныған. Көркем шығармаларын да үлкен тәрбиелік мән тұрғысынан қараған ұлы жазушы өз шығармашылығында жеке, ерекше және жалпының, түр мен мазмұнның, мән мен құбылыстың, мүмкіндік пен шындықтың, қажеттілік пен кездейсоқтықтың диалектикасын терең пайдалана білген. Өйткені, диалектиканың осы категорияларының бәрі де тәрбиеге, тәрбие процесіне тікелей қатысты. «М.Әуезов шығармаларында, әсіресе, диалектиканың өлшем мен қатыс категориялары көп қолданылады, олар жазушының ой-қиялымен ұласып, конкретті түрде өз шешімін табады...», – деп түйін түйген ғалым ұлы ұстаздың ұрпақ тәрбиелеудегі ұлт алдындағы орасан зор еңбегін жоғары бағалайды (266-б.).

Зерттеуші А.Тайжанов М.Әуезовтің 1957 жылы Қазақстан жастары форумында сөйлеген сөзіндегі: «...Студент – қайда оқымасын, қай саладағы мамандықтың иесі болмасын, әр кезде өз бойына интеллектуалдық мәдениетті мол жинауға бой ұруға тиіс», – деген даналық ойларына сүйене отырып, ұлтымыздың ұрпағы ұлықты болуы үшін тағы да кемеңгер ойшылдың кенесіне көңіл аударуымыз керектігін ескертеді: «...Жан дүниесі бай, талап-тілегі өскелең, ой-өрісі кең нағыз мәдениетті маман болып, белгілі мамандықтың шеңберінен адамдық қасиеттің деңгейіне шығады», – деген ойды келтіреді («Үмітті ұрпаққа-игі тілек» // Лениншіл жас. 1957. 11 декабрь).

Философ ғалым М.Әуезовтің педагогикалық қызметіне қоса, суреткердің психологиялық пікірлерін жинақтап, жан-жақты зерттеп, ел игілігіне айналдыру алдағы уақыттың еншісінде екендігін де ескертеді (180-б.).

Жалпы Алтай Тайжановтың бұл зерттеуінде М.Әуезовтің рухани өсіп-жетілуіне туған топырағының рухани құнары – Абай, Шәкәрім, Алаш зиялылары бастаған бүкіл қазақ руханияты, көнеден керуенін бастаған ұлы дала даналықтары мен әлем әдебиетінің көркем мұралары еткен әсерлер, оның өмірі мен шығармашылығымен тұтасқан бірлікте қарастырылады.

ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ МҰХТАРТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Көркем әдебиеттің, оның ішінде прозалық шығармалардың қазіргі қазақ әдеби тілінің кемелденіп, дамуы барысында ерекше рөл атқарып келе жатқаны мәлім. Сондықтан да бүгінгі модернизм, постмодернизм бағытындағы жаңашыл жазушыларға еліктеп, әдеби тіліміздің әрінен, әсем нәрі мен құнарлы байлығынан арылып, жылдан-жылға жұтандап бара жатқанына жаны ауыратын бірден-бір тілші ғалым, академик Рәбиға Сыздықова өзінің әрбір еңбегі арқылы қазіргі қазақ сөз өнерінің көркемдік қуатының артуына әдеби тіл нормаларын тұрақтандырып, ұлттық сөз мәдениетін көтеруге табанды үлес қосып келеді. Оған «Сөз құдіреті» атты 2005 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген 272 беттік көлемді еңбегі дәлел. Осы еңбектің бет пердесін ашқан ең күрделі тарау – «Жазушы тілі және оның көркемдік әлемі» деп

аталады. Мұнда «Мұхтар Әуезов – көркем сөздің пірі», «М.Әуезов тілін тану үшін», «М.Әуезов және көркем проза тілінің бастауы» атты шағын 3 тарауша бар. Олардағы ортақ тақырып – ұлы суреткердің қазақтың сөз өнерін байытып, өркендетудегі өзіндік үлесі мен өрісті өрнегі. Тарауға эпиграф етіп Жұбан Молдағалиевтің: «Қайран Мұхан көркем сөздің пірі еді, Абайымыз екеу болса, бірі еді. Тілі барда халықтардың, қазақтың, Тірілермен тірілерше жүреді» деген өлең жолдарын тегін алып отырған жок. Р.Сыздықова «Мұхтар Әуезов тілін тану үшін...» сөз құдіретін қалай түсініп, қалай қолданғаны жөнінде ғылыми пайымдаулар, теориялық тұжырымдар жасайды.

Автор «Суреткер тілі дегеніміз не? Оны тану, яғни зерттеу, насихаттау, үлгі тұту сияқты іс-әрекетіміз не үшін қажет?» деген сауалдар қоя отырып, оған ғылыми жауап іздейді. М.Әуезовтің «Әдебиет – тілмен әдебиет» деген даналық сөзін басты дінгек етіп алған зерттеуші қазақ әдеби тілі дамуының тарихи жолында Абай мен Мұхтар Әуезовтің алар орны ерекше екендігін, қазақ көркем сөзінің іргесін қалап, қалыптастыруға, оның әлемдік деңгейге дейін дамып, өрісі кеңеюіне жаңаша кеңістік ашқандығын айта келіп: «Абай – қазақтың жазба әдеби тілінің ұлттық кезеңінің бастаушысы болса, М.Әуезов – сол тілдің көркем проза, драматургия, публицистика, ғылыми әдебиет стильдері деп танылатын тарамдарының іргетасын қалаушылардың ірілерінің бірі, көшбастаушыларының зоры», – деп тұжырым жасайды (9-б.). Жазушының әдеби тілінің әдемілігін, көркем ойды көрікті тілмен жеткізу шеберлігінің ерекшелігін фразеологизм, бейнелі образды сөздер, ырғақты, шешен де шебер сөз құрамы, теңеулер, өрнектер, тілдік сөз қоры секілді тіл білімінің терминологиясына тән түсініктер тұрғысынан талдау жүргізеді. М.Әуезовтің қазақ тілінің сөздік қорының өте байлығына қарамай әлі де болса әдеби айналымға түспей жүрген қаншама құнды лексикалық қазынамыз бар екендігін, өзінің жаңа сөз, тың теңеу, соны сөз тіркесін естісе жерден жеті қоян тапқандай төбесі көкке жете қуанатынын, оның бірін көзден де көңілден де таса етпей әдеби айналымға енгізуге тырысатын шығармашылық тәжірибесін тағылым етеді. 21 жастағы жазушының алғашқы туындысы «Еңлік-Кебек» пьесасындағы сөздік қордың байлығы автордың әрбір сөзді, әр кейіпкеріне лайық тілді таңдап, тапқырлықпен ізденуіндегі жаңашылдықты, шешендік сөздердің небір шұрайлы тіркестерін тауып, қолдану шеберлігін туындыдағы әрбір

тың тілдік құбылыстарға тоқтала отырып, құнды пікірлер айтады. Тек жазушының ғана емес, бүкіл қазақ халқының ұлттық сөз өнерінің өресі мен өрісін танытарлық, бүкіл әлем халықтарының танданып, мойындатуға мәжбүр еткен «Абай жолы» роман-эпопеясындағы сөз байлығын сүйсініп, танданбай сөз етудің мүмкін еместігін, мұнда: «...мағынасы күңгүрт тартқан көне сөздер де, шанда бір қолданар сирек сөздер де, семантикасы ауысып құбылған тұлғалар да, жергілікті сөздер де, жазушы өзі жасаған неологизмдер бар» екендігін кәсіби маман ретінде анықтап береді (12-б.). Шығармашылық тұлғаның тілін танытуда зерттеуші Әуезовтің әдеби тіл туралы ой-толғамдарын, құнды пікірлеріне сүйене отырып, оны таратып, тіл білімі тұрғысынан талдап, баға береді: «Өйткені М.Әуезов тек көркем сөздің зергері ғана емес, сол асыл бұйымды жасаудың жолдары мен әдістерін көрсетуші, бағытына жөн сілтеуші».

Р.Сыздықова М.Әуезов тіліне қатысты бірнеше диссертациялық жұмыстар жазылса да жалпылама мадақтаудан аспай келе жатқанымызға, оның тілінің неге көркемдігіне, сол жолда қандай ізденістерде болатындығына мән беріп, әдеби тілдің нормалары мен териялық талабына сай зерттеу жүргізілмей келе жатқанына қынжылыс білдіреді. Оған тіл мамандарының емес, қазақ ғылымында әлі күнге дейін көркем әдебиет тілін зерттейтін арнайы бөлімдердің және «лингвистикалық стилистика» деген ғылым саласының жоқтығын, соған сәйкес оның мамандарының да болмауын сөз етеді. Бір ескерер жайт, осындай олқылықтар мен мемлекеттік деңгейде шешілетін жүйелі ғылыми жұмыстардың мәселелері күнделікті күн тәртібінде тұрмай тек ұлы суреткердің мерейтойлары кезеңдерінде көтерілетіні, олардың кейін салтанатты жиындар тасасында қалып, науқандық күй кешетіні қандай өкінішті. Осы еңбекті жазу барысында М.Әуезовтің бүтін бір кезеңде, тәуелсіздік кезеңінде зерттелу барысында да байқалатын көңілге күптілік орнататын мәселенің бірі де – осы науқаншылықтың, жалпылама мақтау-мадақтаумен өтетін, арнайы өтінішпен жазылатын жайдақ шолу баяндамалар мен мерейтойлар тасасында қалып қоятын мәңгі, құнды, тереңдетіліп зерттеліп, зерделенер зәру тақырыптардың қалып қоятыны. Шынында бұл ұлттық руханиятқа төнген қауіпті дерт. Зерттеуші міне, осынау олқылықтың орнын жеке ғалымдардың жанкешті ізденістері толтыра алмайтынын да аңғартады. 1997 жылы, жазушының 100 жылдық мерейтойына орай жазылғанымен, ондағы

жазылған тақырыптардың бүгінде көкейкесті екендігін ескере отырып, ғалым ұсыныстарын сол күйінде қабылдап, санамызды тағы бір сілкіп алсақ, жаңа бір ізденістерге ой салар ма деген дәмемен толық күйінде беруді дұрыс деп отырмыз. Шындығын айтсақ, бұл жайт тек тілшілерді ғана емес әдебиетшілерді де толғандырып жүрген мәселелер: «...Ең алдымен, жоғарыда көрсетілгендей, М.Әуезовтің бүкіл көркем туындыларының (тек қана эпопеясы емес) тілін кеңінен зерттеуді бастау. Оны жүйелі, белгілі бағдарламамен ұжымдасып (өйткені бұл – бір-екі зерттеушінің 4-5 жылдық қана жұмысы емес) және кешенді (бұған тіл мамандарымен қатар әдебиеттанушылар да қатысулары тиіс) түрде жүргізу керек болады.

Екіншіден, М.Әуезовтің публицистикасы мен ғылыми еңбектерінің де тілі стильдік, лексикографиялық, лексикологиялық зерттеулерді күтеді. Жазушының шеберлігі мен даралық стилі бұларда да айқын сезіледі.

Үшіншіден, Мұхтар Әуезов әдебиетте атын ғана қалдырған жоқ, із қалдырды, мектеп қалдырды. Ал тілде ше? Тілге келгенде де, жазушылардың өз мойындауларына қарағанда, Әуезов жалғыз-дара қалмаған: Әуезов өзгелер, әсіресе кейінгі буын қалам иелері көп үйренген, үлкен әсер алған, зор ықпалын сезінген. Осылайша, әрине, айту бар да, сол айтылғандарды фактілермен дәлелдеу және болмаққа керек. Пәлен жазушының көркем тілінің қай тұстарында Әуезов қаламының әсері бар, ол әсерді шығармашылықпен игере алған ба, жоқ, құр сырттай еліктеу ме? Тілге келгенде «Әуезов мектебі» дегенді айта аламыз ба, айтсақ, сүйенетін тіректер, дәлелдейтін фактілер қандай – міне, осылар да зерттеуін күтетін мәселелер.

Төртінші, Әуезов тілінің сөздігін жасау. Бұл – әлдеқашан күн тәртібіне қойылған, мақұлданған шаруа. Дайындық шаралары әдеуір жүріп қалған іс..., – дей келіп, 1979 жылы «Ғылым» баспасынан «М.Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі» жарияланып, онда эпопеяда 16 мың 983 сөз пайдаланғаны, оның 8698-і тек бір не екі рет қана келетіндері анықталғанын, жазушының 20 томдығы негізінде «Алфавиттік-жиілік сөздік», «Жиілік сөздік», «Кері алфавиттік сөздік» деп аталатын 3 түрлі сөздік бір кітап болып жарық көргенін, ал «Үлестірімді – алфавиттік жиілік сөздік», «Әуезов тілінің түсіндірме сөздігі», «Әуезов тіліндегі фразеологизмдердің сөздігі» күрделі жұмыстардың жоспарда барлығын, мұндай мақсаттағы жұмыстар

келешекте де жазушының қазақ әдеби тілі тарихындағы еңбегі мен орнына, қаламының тілдік-стильдік феноменіне байланысты айтылуға тиісті тақырыптар төңірегінде жүйелі жүретіні жөнінде де ғылыми болжауларын білдіреді.

«Мұхтар Әуезов және көркем проза тілінің бастауы» деген тарауында қазақтың профессионалдық проза тілінің диахрондық тарихын зерттеу мәселесін, оның ішінде М.Әуезовтің 20-жылдардағы алғашқы туындыларындағы тілдік құбылыстардың көркемдік құндылығының тамыры тереңде құнарлы ауыз әдебиеті мен қазақ жазба әдебиетінің бастауларында екендігін баса көрсетеді. Осы ретте Ы.Алтынсарин әңгімелері мен С.Көбеевтің повестеріне тоқталып, олардағы төл сөз бен автор сөзін қиюластыру, диалогты беру тәртібі, балалардың қабылдауына жеңіл, түсінікті, жатық түрде берілуін, синтаксистік құрылымдардың тілдің структуралық тәртібіне де, көркем сөз нормасына да сай келетіндігін айта келіп, кейіпкер сөзі мен авторлық ремарканың қиюласуы әуел бастан дұрыс жүйемен келгеніне маман ретінде дұрыс баға береді (18-19 бб.).

Ы.Алтынсариннің әрбір әңгімесіндегі тілдік лексикалық нормаларына көркем мәтін мысалдары арқылы талдау жасайды. Ғалым ұлттық сөз өнерінде орта азиялық түркілік жазба дәстүрді пайдаланылып келгенін, оның бәрі болмағанымен жеке элементтерінің барлық жанрларда түрленіп беріліп жүргеніне, бертін келе XX ғасыр басындағы қазақ қаламгерлерінің орыс және әлем әдебиетімен етене таныстығы, олардың тілдік қолданыстарына ықпалы болғандығын, ол көбінде туындының «структуралық (құрылымдық) бітімдерін дұрыс құрастыру, фабуласы, яғни шығарманың кейіпкерлері мен оқиғасын таңдайтын сюжеттік негізі, баяндау мәнері, үні деген сияқты таза әдеби (шығармашылық) талаптарда ғана емес, тілінің шығарма түріне (жанрына) сай, оқырманға түсінікті және әсерлі болуы, жергілікті немесе ауызекі сөйлеу тілі элементтерінен жоғары тұруы тәрізді талаптарға келгенде де мықтап ізін салған», – деп тың талпыныстарды да тапқырлықпен таныта біледі (22-б.). Бұл бағыттағы М.Әуезовтің ізденістерін сөз таңдауы, сөз қолданысы, сөз әрлеуі, автор тілі мен кейіпкер тілі, төл сөзбен авторлық ремарканың ұштасуы (қиюласуы), сөз тіркестіру, сөйлем құрастыру, абзац, период, т.б. тәрізді синтаксистік құрылым ерекшеліктерін осы тіл білімі категорияларының әрқайсысына жеке тоқтала отырып, олардың ғылыми анықтамаларын

зерделейді. Мысал ретінде алған «кұндыздап жүру», «жалбылап қашуы», «сейілшілер», «қыдырмашы», «түртіндісің» секілді өзге де сөз жасандысын қолданғанымен жасандылыққа ұшырамағанын ұтымды, ұғынықты ғылыми тілмен түсіндіреді.

«Сөз таңдау» категориясы шеңберіндегі этнографиялық сөздерді, көне сөздер мен тіркестерді таңдаудағы принциптері, «сөз қолданыстағы» шеберлік тұстары мысалы, «Қаралы сұлу» мен «Қорғансыздың күніндегі» кара, қайғылы, қуарған, жүдеу, кара, қараңғы секілді сын есімдерге ерекше жүк артылатынын, синоним-қос сөздерді шеберлікпен қолдануы, «сөз әрлеу» мен «суреттеудегі» көркемдік-эстетикалық талғамының ерекше жоғары екендігін нақты мысалдармен дәйектей, дәлелдейді. «Кейіпкер тілі» – стильдік категория, автор тілі – композициялық-синтаксистік, яғни тілдік категориялар тұрғысынан талданып, жазушының суреткерлік шеберлігіне де біршама шолулар жасалып, жеке стильдік-тілдік ерекшеліктері екшеліп, арнайы ғылыми айналымға түседі.

Өз талдауларын тіл білімінің нақты ғылыми ұғым, түсініктері негізіндегі теориялық пайымдауларға құратын ғалым бұл зерттеуінде де тек қана М.Әуезов шығармаларындағы әдеби тіл ерекшеліктеріне, оларды қолдануындағы суреткерлік шеберліктеріне, қазақтың бай сөздік қорын дамыту мен қордаландырудағы қаламгердің даралық қолтаңбасына, өз тарапынан да жаңа сөз жасауға, тың тіркестер тудырудағы талпыныстарына, стилдік, тілдік ізденістеріне тоқталады.

Шығармадағы динамиканы (қозғалыс, қимыл, әрекетті) білдіретін сөз табы – етістікті түрлендіріп қолданудағы қаламгердің шеберлігін зерттеген кәсіби маман оның шығармаларындағы кейбір кемшіліктерге де тоқталады. Мәселен, «жазушының сан есімдермен келген тіркесте соған қатысты сөзді көптік жалғауда келтіруі. Қазақ тілінің жалпы құрылымдық нормасы бойынша сан есіммен келген зат есімдер (немесе «заттанған» сөздер) жекеше тұлғада тұруы керек», – дей келіп «Абай жолында» кездесетін «екі қаралылар», «он шақты кісілер» деген сөздердің дұрыс қолданылмағанын да олқылық ретінде орынды атап көрсетеді.

Сондай-ақ, суреткер Мұхтар Әуезов кейіпкердің жан дүниесін тереңдей талдау үшін әдеби тілдің әдемі де сауатты қолданылуын, өйткені, ол тек бір ғана кейіпкердің тілі емес, бүкіл бір ұлттың жаны

мен санасының сәулесі екендігін, мың-миллиондаған халықтың сөйлеу ережелерін, әр кейіпкерінің өзіне ғана тән сөйлеу, ойлау мәнерін айқындап, ауызша және жазбаша сөйлеу жұмыстарын дұрыс ұйымдастыруға ерекше мән беру керектігін ескертеді: «Көркем шығарманың бір сөйлемінде тұрған сөз бір-ақ қана ұғым, түсінік бермейді. Ойды берудің үстіне, ол әр алуан қосымша ассоциация тудырып, оқушыға қосымша елес-емеурін танытып тұрады. Мұндай қатарда жеке сөз, өзінің орны мен сәтін тапқан шақта, жаңаша жанданып кетеді. Сондай шағына жетіп, жанданған сөздің демі, лебі білініп, тың тірлік етіп, бал-бұл жанып тұрады. Ол көп қолданудан өлі сөз боп кеткен сөз емес, қызықты, ыстық лепті қайнар сөз болады. Міне, осындай боп табыса түйіскен, қатар тұрған сөздер ақындықтың айғағы болады, шеберлік кестесіне жүреді. Оның көркемдігімен қатар, сөйлем ішінде өзінен өзі ұшқын атып тұрған сипаты болады. Кей сөздердің асылды шаппақ тасқа шапқандай боп, әсем сөйлем ішінде ұшқындап, от төгіп тұратын шағы бар...» («СҚ», 1954, 24 февраль).

Тілші ғалым Рәбиға Сыздықова М.Әуезовтің шығармаларындағы әдеби тіл нормаларын қолданудағы үздік үлгілері мен стилдік өрнектері қазіргі қазақ прозасының қанатын кеңге жайып, биік деңгейде дамуына дәнекер болғанын, бүкіл қазақ қаламгерлеріне «шеберлік мектебі» болғанын кәсіби маман ретінде дәлелдеп, теориялық тұрғыдан осылай тұжырымдайды. Сондай-ақ, бүгінде 350 мыңнан асқан қазақ сөз қорына кемеңгер суреткер М.Әуезовтің де қосқан үлесі қомақты екендігін академик Рәбиға Сыздықова тілші маман ретіндегі кәсіби пікірлерімен пайымдата білген.

ТАРИХИ РОМАН ЗЕРТТЕУШІСІ – Р.БЕРДІБАЙ

«Талант табиғаты – ойлап білумен бірге, айта да білуде», – дегендей, ҚР ҰҒА-ның, Түрік тіл құрылымының (Түркия), Халықтық (экологиялық), Халықаралық Айматов академияларының академигі, «Қазақ ССР-інің мәдениет қызметкері» (1990), ҚР ҰҒА-ның Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығының (1990), Махмуд Қашқари атындағы Халықаралық сыйлықтың (1998), «Түркі әлеміне сіңірген ерен еңбегі үшін» сыйлығының иегері, «Парасат» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған бүкіл түркі әлеміне есімі

жақсы таныс Рахманқұл Бердібайдың өз замандастарынан айрықша бір ерекшелігі де осында жатқан еді. Шынында да қазақтың тілі мен тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне қатысты қоғамдағы құбылыстарға қағылездік танытатын зерттеуші көкейіндегі ойларын жедел әрі айбынды сөздермен айтып тастап отыратын. «Батырға оң мен солы бірдей» болып, ұлттық мүддеге бағытталған ойларын баспасөздерде батыл көтеріп, көпшіліктің көкейіндегісін жоғарыға жеткізуді өзінің азаматтық парызы санайтын. Сондықтан да болар, ол кісінің мақалалары, түрлі тақырыптарды қамтыған сұхбаттары, ойлы пікірлері XX ғасырдың екінші жартысы бойы жиі-жиі баспасөздерде беріліп жүретін-ді. Оның айқын айғағы – кеңестік дәуірде ұлт зиялыларының арасынан батыл ұсыныс жасап, «Қазақ әдебиеті» газетінде ана тіліміздің абыройы мен келешегі туралы ащы шындықты айбынды сөздермен айтып, елдің бір еңсесін көтерсе, бұрындары діни мереке деп санаттан сызылып тасталған Наурыз мерекесінің төл мереке екендігін дәлелдеп тағы бір мерейді өсіргені бар-ды. Кейін Рахманқұл Бердібайдың есімі осы екі ерлігімен қатар аталып, ел есінде қалды. Ерназардың: «Тоғыз балам бір төбе, Ертөстігім бір төбе» дегендей, танымал тұлғаның әдебиет, әдеби сын, әдебиеттану ғылымы, фольклортану салаларындағы еңбектері мен зерттеулері бір төбе де, әлгі аталған екі ерлігі бір төбе болып төл тарихымызда, тұлғаның жеке өміріндегі ұмытылмас ұлы істері болып саналары сөзсіз. Алайда, Рахманқұл Бердібайдың ұлты ұмыта алмай, жиі-жиі еске алатын осы ерліктері туралы замандастары ашып айта бермейді. Сондықтан кейінгі ұрпақ біліп жүрсін деген ниетпен өз сөзімен айтылған нақты шындыққа сүйенсек: «1956 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде ұлт тілі мен мәдениетінің мұқтажын батыл көтергенім үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысына ілініп, «Правда» газетінде сыналып, жұмыстан шығарылып, зәбір-жапа көргенім, «ит жеккенге» кетіп қала жаздағаным еске түсті. Мен қазақ тілін оқыту, өрісін кеңейту, жоғары оқу орнына түсуге емтиханды қазақ тілінде алу, қазақ тіліндегі газет-журналдарды орысшадан аударма етпей, түпнұсқада шығару, терминдер мен қысқарған сөздерді жасанды түрде орысшаламау, әдеби мұраны, ауыз әдебиеті қазынасын жарыққа шығару қажеттігін көрсетіп жазған мақалам үшін қуғын-сүргінге ұшыратудың әділетсіздігін іштей сезінгенмен, әкімшілік, әміршілдік жүйенің зорлығына қарсы амал жоқтығына шерленіп жүретін едім»,

– дейді Ләйла Әуезова туралы «Асылдың сынығы» атты естелік мақаласында /12-б./. Халық университетінің ректорлығын көрнекті ғалым, Мұхтардың ғана емес, қазақ халқының қалаулы қызы Ләйла Мұхтарқызы Әуезова ұсынғанда аузын бұған өгіздей ұлт қамының өзекті мәселелері өзегін өртеп, ойы ойран болып жүрген ол мұны әрі үлкен сенім, әрі жоғары баға деп қабылдап, қуана келіседі. Дегенмен, 10 жылдан астам уақытта ұлттық құндылықтарға қажетті рухани қазына-байлықтарды жинау, жүйелеу, халыққа жеткізу және түрлі тақырыптарда ғылыми пікірталастар, семинарлар өткізу, дәрістер оқыту оңай шаруа емес-ті. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» дегендей, іштегі шерлерін ақтарып, айтатын аудитория, орта таба алмай қыстығып жүрген ұлт зиялыларының ыстық ұясына айналған бұл университеттегі игі істердің бәрі ұлы жазушының қызы, тарихшы, әдебиетші, мұхтартанушы ғалым Ләйла Әуезованың қамқорлығының арқасында атқарылып жатты. Атақ-дәрежесі мен абырой-беделі басым Ләйла Мұхтарқызы асылдың сынығы екендігін ұқтырып, халық университетіндегі ұлт мүддесіне қатысты ой-түрткілерге еркіндік беріп, сырттай бақылаушы болды. Артында тұрған бекем бекіністі байқаған халық университетінің ректорынан бастап, лектор, оқырман, тыңдарманына дейін ел келешегі деген тақырыптарға тоқтаусыз сөйлеп беретін болды. Сынаптай сырғыған он жыл он сағаттай жылдам өтсе де онда ұлттың рухани мұраларына, олардың жиналып, жүйеленуіне қатысты құнды-құнды дүниелердің дүниеге келуі орасан зор байлықтың бастауы еді.

Бұл ерліктердің бәрі түркітанушы әрі фольклортанушы, әдебиетші ғалымның ұлтжанды қасиетін арттырып, абырой-беделін биіктеткені белгілі. Сол елуінші жылдардан өмірінің соңғы сәттеріне дейін ұзақ жылдар бойы ұлттық руханиятта адал да табанды еткен еңбегі бүгінгі ұрпаққа өшпес өнеге.

Көрнекті ғалым Рахманқұл Бердібай қазақ әдебиеттану ғылымының түрлі тақырыптары төңірегінде 32 кітап, 1200 мақала жазыпты. Атап айтар болсақ, «Әдебиет пен өмір» (1964), «Октябрь және қазақ әдебиеті» (1966), «Социалистік реализм туралы» (1966), «Роман және заман» (1967), «Қазақ прозасындағы замандас тұлғасы» (1968), «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы» (1971), «Дәстүр тағылымы» (1973), «Қазақ романы» (1975), «Аңыздан романға» (орыс тілінде, 1976), «Ғасырлар толғауы» (1977), «Қазақ тарихи романы» (1979),

«Биік парыз» (1980), «Саркылмас қазына» (1983), «Замана сазы» (1985), «Кәусар бұлақ» (1989), «Қазақ эпосы», «Эпос – ел қазынасы» (1995), «Эпосмұраты» (1997), «Тарихироман» (1997), «Мұхтаршыңы» (1997), «Жыршылық дәстүр», «Қазақ түркі эпостарының мәселелері» (2010), т.б. Және М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының фольклор бөлімін басқарған жылдары: «Қазақ тарихи жырларының мәселелері», «Фольклор шындығы», «Қазақ фольклорының тарихилығы», «Қазақ фольклористикасының тарихы», «Қазақ фольклорының поэтикасы», «Қазақ фольклорының типологиясы» секілді іргелі академиялық зерттеулердің жазылып, жүйеленуіне жетекшілік жасады. Аталған ірі монографиялық зерттеулердің негізгі тарауларын жазумен қатар, шығармашылық топтың табанды еңбек етуіне, сапалы зерттеулер жүргізуіне қолайлы жағдай, ғылыми ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Бұл сандық көрсеткіштерді сәнге емес, арнайы мән беріп, келтіріп отыруымыздың себебі айтпаса да түсінікті. Жыл сайын бір кітап шығарып отыру өз кәсібіне, өз ұлтының рухани құндылықтарына деген шексіз махаббат пен адал қызметтің шын мәніндегі озық үлгісі емес пе? Оған күн сайын мерзімді баспасөздерде жазылып жатқан, радио-телеарналарда айтылып жатқан құнды ой-пікірлер мен сұхбаттарын қосыңыз. Ғалым түркі әлеміне ортақ құндылықтарды, әдеби, рухани байланыстарды қарастырған қаншама зерттеулердің, атап айтқанда «Гүлстанның бұлбұлдары» (1970), «Достық кемесінде» (1976), «Байқалдан Балқанға дейін» (1996), «Жұлдыздар жарығы» (2000), «Ел боламыз десек» (2000), атты еңбектердің авторы. Өзінің әрбір сөзіне сақтықпен, пікіріне өте жауапкершілікпен қарайтын үлкен парасат иесі үшін бұлардың бәрі іркіліссіз ізденістің, өз білімін жетілдіру жолында жалықпай еңбек етудің жарқын көрінісі, нәтижелі жемісі. Республикамыздағы студент-жастар газеті – «Өркеннің» 1989 жылдың қазан айында жарияланған «Біз тарихымызды білмей келген халықпыз» атты сұхбатында Рахманқұл Бердібай кешегі кеңестік кезеңде заты түгіл атының («қырғыз-қайсақ») өзі бұрмаланып келген қазақ халқының төл тарихы жазылмағаны, оны жүйелі зерттеу қолға алынбағаны, олар туралы не тарихшылар, не әдебиетшілер, мектеп пен ЖОО-на арнайы оқулықтар даярлай алмай жүргендігі, соның салдарынан мәнгүрт атанған ұрпақ өсіп келе жатқаны, бұл ұғымның шығу тегі мен мәнін түсіну, секілді

ұлтымыздың жанына батқан бірнеше көкейкесті мәселелер жайлы ойларын ортаға салады.

Расында да тәуелсіздігімізді алып, төл тарихымызды тануға сара жол ашылып, бірнеше ғасырлар бойы біз үшін алынбас қамал болған мұрағаттарға еркін енетін егемендікке дейін «Біз тарихымызды білмей келген халық» болдық емес пе? XX ғасырдың 1960-70 жылдары ғана І.Есенберлиннің «Көшпенділерінен» бастап көш түзеген тарихи романдар керуені күні бүгінге дейін сап түзеп, күн тәртібінен түспей келуі Рахманқұл ағамыз айтқандай білмей келген тарихымызға енді ғана ие болып, осынау мол қазынаны игере алмай, құндылығына қаныға алмай келе жатқанымыздан болу керек.

Р.Бердібай өзінің ғылыми зерттеулерін де тап осы тақырып төңірегіне топтастырып, осы салада табанды еңбек еткен. Тарихын білмей келмей келген халықтың өз тегін тануға деген жаппай бетбұрысын қолдап, әрбір шыққан тарихи шығармаға қуана-қуана пікір айтты, оларды теориялық тұрғыдан танып, талқылады, талдады. Көрегенділікпен көсіліп оларға ортақ мәселесі жөнінде қызықты байламдар, жаңаша байыптаулар жасады. Тарихи романдардың жетістіктері мен кемшіліктері жөнінде дер кезінде баспасөздерде пікір білдіріп отырумен қатар, оның қазақ әдебиеттану ғылымындағы тарихы мен теориясына қатысты құнды ғылыми тұжырымдар жасап, олардың халық санасын оятудағы көркемдік қызметі мен ұлт мүддесі мақсатындағы міндеттері жайлы зерделі зерттеулер жазды. Жоғарыда аталған тағылымы терең, ғылыми түйіндері биік әдеби, ғылыми, сыни зерттеулері сөз жоқ арнайы талдауға тұрарлық тегеурінді тақырыптар. Өмірімен өзектес дамыған тарихи романдар табиғаты туралы толғақты ойлары теориялық тұжырымдары зерттеушілердің зейінін аударып, қызығушылығын тудырғаны да белгілі. Тарихи роман жанрының табиғаты төңірегіндегі зерттеулерінің негізінде докторлық диссертация жазған оның «Қазақ тарихи романы» атты ғылыми монографиясы шынында қазақ әдебиеттану ғылымындағы шоқтығы биік еңбек.

Қашанда қауырт еңбек, тынымсыз ізденісте жүретін әмбебап ғалым кішігірім мақалаларынан бастап, іргелі зерттеулерінде де көтерген мәселесі-ұлт қамы, ел мүддесі болатын. Түркі әлеміне жақсы танымал тұлға не туралы жазса да ұлт мүддесімен байланыстырып, тарихымен тамырластырып, толғақты ойлар айтатын.

Рахманкүл Бердібайдың «тарихын білмей келген халыққа» өз тарихын танытуға қосқан үлесі зор. Ол ең біріншіден, осы тарихи романдардың қазақ әдебиетінде туы, қалыптасу, даму дәуірлерін зерттеп, бұл жанрдағы көркем шығармалардың көркемдік әлеміне кеңінен тоқталады. Мәселен, Рахманкүл Бердібайдың «Тарихи роман» (Алматы, «Санат», 1997.-336 б.) атты еңбегінде тарихи романдардың жанрлық түрлері, ондағы сюжет пен композиция, көркемдік тәсілдер мен стиль ерекшеліктері, тарихи шындық пен көркем шындықтың арасалмағы, тарихи тұлғалардың өмірдегі шындықпен сәйкестілігі сияқты көркемдік қасиеттері мен теориялық мәселелері жан-жақты талданады. Ірі 4 бөлімнен тұратын зерттеу орыс және әлемдік әдебиеттану ғылымындағы тарихи романдар төңірегіндегі теориялық тұжырымдар мен кәсіби мамандардың ғылыми пікірлеріне ғылыми шолу жасай отырып, қазақ әдебиетіндегі осы саладағы көркемдік-эстетикалық ізденістерге кеңінен тоқталады.

Тарихи деректер мен тарихи тұлға тағдырларының көркем шығармадағы бейнеленуі тәсілдері мен суреткерлік қиял мен шеберліктердің шынайы әрі табиғи үйлесім табуы ғалымның негізгі зерттеу нысаны. Тарихи тақырыпқа өз елінің тарихын білетін, оны мақтаныш санай білетін санаулы суреткерлер ғана бара алатынын ескерсек, қазақтың кемеңгер жазушысы, ғұлама ғалым, энциклопедист, биік интеллектуал Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын жазуы заңды еді. Осы романды тұрақты зерттеу объектісіне алған зерттеуші оның көркемдік құндылығы жөнінде: «Кемеңгер жазушының теңдесі жоқ шеберлігінің, оның көркемдік дамуымызға қосқан жаңалығын түрлі тұсынан қарастырудың қажеттігі бар. М.Әуезовтің шығармашылық тәжірибесі күллі қаламгерлерімізге өшпес өнеге, таусылмас тәлім...Біздің зерттеуімізде М.Әуезов романының қазақ әдебиетіне әкелген тың қасиеттері: характер сомдау шеберлігі, шығарманың тартыстық, құрылыстық жүйесіндегі жаңалықтары, суреткерлік лаборатория жайлары кең қамтылады. Әсіресе жазушының адам мінезін, табиғат суретін терең реалистікпен берудегі жаңашылдығы, әдеби тілімізді қалыптастырудағы қызметі баса көрсетіледі», – дейді (7-б.).

Зерттеуші монографиялық еңбектің «Қазақтың тұңғыш эпопеясы» деген бірінші бөлімінде М.Әуезовтің тарихи шығармалары

– «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» романдары мен «Абай жолы» роман-эпопеясындағы тарихи шындықтарды көркемдік шындыққа жеткізу жолындағы суреткерлік ізденістері мен тарихи деректерді ой елегінен, суреткерлік сана сүзгісінен өткізе отырып, көркемдік құндылыққа қол жеткізу мәселелерін өзге әдебиеттердегі тарихи романдардың табиғаты мен көркемдік әлемімен салыстыра отырып, ой топшылайды, ғылыми негіздегі теориялық талдауларын жасайды. Тарихи шығармаларға тән көркемдік табиғаты мен оның жанрлық ерекшеліктері, стилдік өрнектері, көркемдік шарттары мен жаңалық-жетістіктері жан-жақты зерделеніп, жүйелі сөз болады. М.Әуезовтің әрбір тарихи шығармаларында байқалатын өзіндік қолтаңбасы, дарынның даралық қасиеті ерекше ілтипатпен аталып, әр жанрдағы табыстар жеке-жеке талданады. Әсіресе, «Қараш-Қараш оқиғасы» мен «Абай жолы» романдарындағы негізгі кейіпкер образдары ортақ көркемдік шарт тұрғысынан қарастырылып, әрбір кейіпкердің көркем шығармадағы бейнесі өзара салыстырылып, сараланады. Олардың табиғатынан типтік сипат анықтаған автор олардың оқиға барысындағы тартыс әрекеттері арқылы анықталған жеке тұлғалық қасиеттерін де суреткердің кәсіби шеберлігі шеңберінде қарастырады.

Ғалым ұлттық санасы сапалық тұрғыда өскен тарихи прозаны жанрлық жағынан бірнеше түрлерге, атап айтсақ, тарихи роман, тарихи-биографиялық роман, тарихи-революциялық роман, роман-хроника, тарихи-ұлттық роман деп бөліп қарастырады. Оларға ортақ ұқсас сипаттар мен материал мен авторлық идеяның аңғарына байланысты өзіндік ерекшеліктері де болатынын айрықша атап өтеді: «Шығарма талдағанда тарихи жанрдың өз ішіндегі айырмашылықтарды елемей, бір ғана өлшеммен жалпылама қарау шындықты ашуға көмектеспейді. Ол былай тұрсын, жанрдың жігін есептемей сөйлеу, үкім айту жаңсақтыққа соқтырады», – деп ғылыми этиканы сақтай отырып, оның теориялық талабына сай талдау жүргізу керектігін ескертеді /114-б./.

М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының қазақ халқының рухани өміріне зор жаңалық әкелгенін, кешегі көшпелі өмірдің көркем бейнесі, тарихи тұлға – Абайдың ой мен толғанысқа толы шытырман тағдыры, халқымыздың бай мәдениеті мен әдебиет, өнері суреткердің кәсіби шеберлігінің, аса зор талантының, жан-

жақты білімдарлығының арқасында энциклопедиялық деңгейдегі көркемдік құбылысқа айналғанын зерттеуші талдау барысында нанымды дәлелдейді. Әсіресе, жазушы шығармаларының қазақ әдебиетіне әкелген жаңалығы психологиялық талдау өнеріне кең өріс ашқандығын айтады: «Бұл реттен алып қарағанда М.Әуезов әдебиетіміздің дамуына тұтас дәуір тудырды дей аламыз... Бұл арада портреттің дәлдігі, диалогтың жандылығы, монологтың растығы, баяндаудың байыптылығы секілді бірталай шарттарды еске тұтамыз» /67-б./. Осы орайда ғалым суреткердің психологиялық портреттер мен детальдарды қандай дәл әрі асқан шеберлікпен бейнелей білу шеберлігіне тоқталып, нақты көркем мәтіндер арқылы талдау жасайды. Көркем шығармадағы табиғат суреттерін де соны сапаға көтерген жазушының бұл көркемдік элементтің адамның көңіл күйін, ішкі жан дүниесіндегі сезімдік-эмоционалдық құбылыстарды қаншалықты дәл әрі нанымды берудегі қызметі жайлы да тың ғылыми тұжырымдар келтіреді.

Бүгіндері айтылып жүрген әлемге танымал классик жазушы О.Бальзактың бүкіл шығармаларындағы сөздік қор М.Әуезовтің жалғыз «Абай жолы» роман-эпопеясындағы сөздік қорға жетпейтінін ескерсек, шынында бұл роман ұлттық бай әдеби тіліміздің байлығын, сөздік қорын таныта білгені тарихи шындық. М.Әуезовтің сөйлем соңындағы бір сарындағы етістіктерге жаңалық енгізгені жайлы: «М.Әуезовтің сөйлем аяқталымына енгізген сонылығы тек атап көрсеткен есімшелік түрмен ғана шектелмейді. Тұңғыш рет «Абай» романында негізделіп, кейіннен қазақ әдебиетінде көркемдік стиль заңдылығына айналып кеткен бұдан басқа да нысандары бар. Мәселен, сөйлем ақырын «дай, дей, тай, тей» секілді жұрнақтарға бітіру салтын да ұлы жазушы табиғи сіңірген болатын... Мұндай ізденістер жазушының ана тілі табиғатын меңгеріп қана қоймай, батыс, шығыс әдебиеттерінің бай тәжірибесін еркін игергендігін де байқатады», – дейді /100-б./.

Көрнекті ғалым Рахманқұл Бердібай бұл еңбектерінде жалғыз М.Әуезовтің тарихи шығармаларына ғана тоқталмай, сол 1960-80 жылдары көптеп жарияланған өзге де тарихи романдарға, атап айтсақ, І.Есенберлиннің «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар», «Алтын орда», М.Мағауиннің «Аласапыран», Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң», С.Сматаевтың

«Елім-ай», Ә.Әлімжановтың «Жаушы», Х.Әдібаевтың «Отырар ойраны», Д.Досжановтың «Жібек жолына» арнайы талдаулар жүргізіп, әрқайсының көркемдік ерекшеліктері мен қазақ әдебиеті тарихындағы орны жөнінде жақсы тағылымды ғылыми тұжырымдар жасайды. Алайда, бір мақала көлеміне ол талдауларға жеке-жеке тоқталу мүмкін емес. Сондықтан біз зерттеушінің М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы тарихи шындық пен көркем шындық арасалмағы, Әуезов әкелген көркемдік құбылыстар мен әдеби жаңалықтарға, жазушының тарихи тұлғаның тағдырын бейнелеудегі суреткерлік шеберліктері мен стилдік-эстетикалық ізденістеріне берген бағасы мен ғылыми сараптамаларына тоқталдық.

Р.Бердібайдың мұхтартануға қосқан тағы бір үлесі М.Әуезов мұражайындағы «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталық жанындағы Халық университетін ширек ғасыр бойы басқарып, халқымыздың небір ғұлама ғалымдарымен, дүлдүл данышпандарымен, танымал тұлғаларымен біріге отырып, ұлтымыздың тарихы, мәдениеті, өнері, әдебиеті, этнографиясы, археологиясы секілді рухани құндылықтарға қатысты ой талқылаулар өткізіп отыруы дер едік. Осы жөнінде зерттеушінің өзі былай сыр шертеді: «...Халық университеті санамда тұншығып, шығарға жол таппай жүрген армандарды жүзеге асыруға, жұртшылықтың мүлгіген ойын оятуға, елдің рухани байлығын өзіне қайта таныстыруға қолайлы орын болып елестеді. Бұл ойымның адастырмағанын Әдебиет және өнер халық университетінде ондаған жылдар ішінде қазақ халқының соңғы екі мың жыл көлеміндегі тарихында жасалған рухани игіліктерді насихаттауға арнап, бес жүзден артық сабақ жүргізгенім, көп қазынаны қайта тірілтуге септескенім толық дәлелдеді деп сенемін».

Тегінде Рахманқұл Бердібайды ғалымдар фольклортанушы ретінде де жақсы таниды. Сонау көне түркі жазба ескеркіштерінен (Орхон-Енисей жазулары, «Оғызнама», «Дәдәм Қорқыт кітабы», «Диван лұғат-ат түрк», «Құтадғу білік») бастап, XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген ақын, жыраулар шығармаларынан бастап, XIX ғасырдағы классикалық әдебиетімізге дейінгі фольклорлық мұраларды зерттеп, жүйелеу үрдісіне үнемі өз үлесін қосып отырған ғалым бұл салада сапалы әрі табанды еңбек етті. Және фольклортану ғылымындағы эпос жанрының туу, қалыптасу, даму үрдістері, оның көркемдік бейнелеу тәсілдері мен поэтикасының ерекшелік-

терін танып, бағалауға қатысты құнды пікірлері бар еңбектері әлі күнге дейін зерттеушілер сұранымына ие.

Қалай дегенде де қазақтың ұлтжанды ғалымы, әдебиетші, фольклортанушы Рахманқұл Бердібайдың қазақ халқына өзінің рухани мұраларын тарих қойнауларынан қазып, қайта жандандырып, қайтаруға, жүйелеп, зерттеуге қосқан үлесі мол.

Б.МАЙТАНОВ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ПОСТМОДЕРНИЗМ

Филология ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Майтанов ұлттық әдебиеттану ғылымына өзіндік ізін қалдырған, ешкімге ұқсай қоймайтын ізденімпаздығымен өз ортасынан оза шауып, алғы шептен көрініп жүрген зерттеушінің бірі. Өзінің алғашқы «Көркемдік нәрі» (1983) деген еңбегінен бастап, докторлық диссертациясы негізінде жарияланған «Қаһарманның рухани әлемі» (1987), «Мұхтар Әуезов – суреткер» (1996), «Қазақ романы және психологиялық талдау» (1996), «Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы» (2001), «Психологизм в художественной литературе» (2004), «Абай» (2004), «Портрет поэтикасы» (2006), «Монолог құрылымы» (2006), «Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер» (2009) зерттеулеріне зер салған адам оның тынымсыз еңбекқорлығын, әдебиеттану ғылымының әрбір мәселесіне енжар қарай алмайтынын аңғарары хақ. Өзі осы салаға араласқалы әдеби үрдістің бүгінгі бағыт-бағдарына, жылт еткен жаңалығына елгезектікпен үн қосып, жаңа есімдерді елге танытуға талпынып, тырысатын. Соның бәрі өз мамандығына деген мөлшерсіз махаббаты мен ерекше сүйіспеншілігі, адалдығы болса керек. Азғана ғұмырында осыншама мол дүние жазып, бүтін бір кезеңнің көркемдік бағыт-бағдарын айқындауға, XX ғасыр басындағы қазақ прозасынан бастап, бүгінгі жас толқындарға дейінгі аралықтағы ақын-жазушылардың көпшілігінің шығармашылық ғұмырбаяндарының «көркемдік құпиясына» зерттеушілік барлау жасап, бір ғасырлық көркем мәтінге психо-аналитикалық талдау жасайды. Ол қазақ әдебиеттануында бұрындары арнайы зерттеле қоймаған күрделі әрі тың тақырып – психологизмді алғаш болып зерттеген ғалым. Өзінің докторлық диссертациясында қазақ әдебиетіндегі тарихи-революциялық романдардағы психологизмнің

көріністеріне ғылыми барлау, сараптау, жинақтау жасап, оның тың көркемдік құбылыстарына талдау жасайды. Міне, содан бері қазақ әдебиеттануында бұрындары белгісіз болып келген жаңа категориялар – уақыт пен кеңістік, мәтін құрылымы, психологизм, модернизм, постмодернизм, әдебиеттің семиотикалық астары, автор мен кейіпкер образының поэтикасы, шығарманың баяндау жүйесі, көркем әдебиеттің ойындық табиғаты, архетип және мифтік ойлау жүйесі сияқты бүгінгі ұлттық әдебиеттану ғылымының өзекті жайын жүйелі түрде жазып отырды. (Б.Майтанов. «М.Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер: зерттеулер, эсселер. – Алматы: «Жібек жолы», 2009. – 544 б.). Оларға ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің музейіндегі жұмысы мен қазақ руханиятындағы орасан зор оқиға – 50 томдық толық шығармалар жинағын жүйелеп, қайта бастыруға, олардың ғылыми түсініктері мен барлық нұсқаларының толықтырылып, бастырылуына жетекшілік жасап, өзі де белсене араласып, бірнеше ірі ғылыми тарауларды жазуы шын мәніндегі жанкештілік еңбек болатын. Ал, оған әл-Фараби атындағы Ұлттық университетте 20 жылға жуық ұстаздық әрі кафедра меңгерушілік қызметін қоссаңыз расында да нағыз еңбекқорлықты танысыз. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет бөлімінің меңгерушісі болып еңбек еткен соңғы бір-екі жылда «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «XX ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркемдік шешімі» атты ғылыми жобаға жетекшілік етіп, бірнеше ұжымдық монографиялық еңбектің жарық көруіне де белсене атсалысқаны белгілі. Міне, бұлардың бәрі текке тізіліп тұрған жоқ, мұның бәрі оның табандылығын, өз ісіне деген адалдығын танытпақ. Ғылым жолындағы ғалымның ғұмырлық ғибраты мен шығармашылық ізденіс іздері әрбір зерттеуіндегі үздіксіз өсуді, биік ғылыми өрені өрнектейді.

Мәселен, ғалымның алғашқы еңбектерінен сол кезеңдегі барлық көркем сын мен әдебиеттанудағы бір сарынды баяндау, ғылыми шолуларды байқауға болады. Айталық, 2002 жылы жарық көрген «Сөз сыны (XX ғасыр әдебиетінің көріністері). Зерттеулер, мақалалар, портреттер» (Алматы: «Ғылым», 2002. – 344 бет) деген еңбегіндегі кез-келген мақаладан үзінді келтірер болсақ, оған көз жеткіземіз: «...Аянышы мол нәзік жүректі Мағжан ешкім жағадан алып жатпаса да, өз ерік, түйсігімен күрделі философиялық дилеммаға ашына жа-

уап қайырады. Жеке басының жемісті болашағына сену ме, арманы орындалмасын сезсе де, объективті шындықты қинала мойындау ма, белгісіз» (47-б.) Немесе: «...Әрине, «Қаралы сұлудың» мәтін жүйесі арнайы, көп кідірісті зерттеуді керек қылмақ. Шығарманы өркеуде биікке көтеріп тұрған ұлттық бояуы қанық, жазушы тіліндегі, синтаксис пен стилистикадағы айшықты бедерлер ұзақ тоқтала ізерлеуге бой ұсынбақ. Біз суреткердің аса бай, құнарлы тілінің қуатымен жүзеге асқан өмірлік, эстетикалық шындық табиғаты туралы толғануға тиіспіз» (154-б.). Міне, осы үзінділердегі қарапайым интерпретациялау, құрғақ баяндаушылық басым болса, енді соңғы он жыл ішінде жазылған зерттеулеріне зер салсақ, қаншама сапалы секірісті, өскен ғылыми өрені, байыған ғылыми тіл мен шеберленген кәсіби стильді байқаймыз. Мысалға Бақытжан Майтановтың «Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер»: зерттеулер, эсселер (Алматы: «Жібек жолы», 2009. – 544 б.) атты соңғы еңбегінен үзінділер алып көрелік: «...Көркем әдебиеттегі дәстүрлі әке мен бала архетипі «Абай жолында» әрекеттік ауқымда осындай диалогтық сайыс үстінде сыр береді. Ол негізінен қарама-қарсылық дилеммасына барып тіреледі. Уақыт пен жағдай феномені мұндай тартыста ерекше қызмет атқарады» /199 б./. Немесе: «...Шығармада портреттік нышандар заттық эмблемамен бірігіп, нақты бір көңіл күйді таңбалаушы міндетін атқарады. Статистикалық қалып жансыз әлемге қатысты әрекеті арқылы айшықты, астарлы қозғалыс тудырады. Оған қабылдаушы субъектінің көзқарасы қосылады. Кейіпкер түйткілінің (код) шешімін іздейді. Автор прагматикалық аядағы семиозис кілтін ешкімнің қолына ұстатпаған. Интерпретация мүмкіндіктері шексіз...» /531-б./.

Бақытжан Майтановтың ұлттық идея мен әдеби дәстүрдің М.Әуезовке дейінгі, сол замандағы және XX ғасыр мен қазіргі кезеңдегі проза, поэзия, әдеби сын салаларындағы көркемдік-эстетикалық ізденістері іріктеліп, жарық көрген бұл зерттеуіндегі психологизм, модернизм мен постмодернизм, уақыт пен кеңістік, семиотикалық өрнек-өлшем, көркем тілдің бейнелік табиғаты тәрізді поэтика мен стилистика мәселелері тың мысалдармен, жаңашыл көзқарастармен зерделенуі біз алып отырған үзінділердегі ғылыми деңгейдің өсуінен хабар береді.

Расында да ғалымның соңғы жылдары жарияланған еңбектерін судыратып желе жортып, көз жүгіртіп оқи алмайсыз. Кідіруге, көңіл

бөліп, кібіртіктеуге мәжбүр боласыз. Өйткені, оның әр сөйлемі күрделі ғылыми стильге құрылған, тұтасқан терминдік тіркестер, тың әрі тосын әдеби түсініктер, жаңа ұғымдар, соны сөз сілемдері сөз жоқ, сізді сүріндіріп, тізе бүктірді. Зерттеушінің бай білімі, теориялық дайындығының молдығы шығарма талдауда еш тосылмайтын тасқын судай ырқынан тыс төгіліп отырады. Тіпті теориялық күрделі талдаудың өзі: «...Бірақ ол сөздер көрікті қыз-уақыттың ұмытшақ жадына сырғадай ілініп қалмаған. Сынаптай сырғанап түседі», – дегендей кейде бір бейне ақын жүрекпен, бір деммен жазылған жыр жолдарындай жортып желіп оқисың. Бірақ, түкке түсінбей, қайта қайталауға, кібіртіктеп, ойланып оқуға мәжбүр боласың. Себебі, талдау тосын, мазмұн бай, сөйлем күрделі. Оны ойланып, тыныстап барып, қайталап оқымасаң түсінбейсің. Зерттеушінің ғылыми стильдегі бұл эксперименттерін көпшілік қабылдай алмай қиналады. Мәселен, «Портрет поэтикасындағы теңеулер, эпитет, метафоралар жүйесі қазіргі прозада ықшам; әрі зат, табиғат, флора мен фауна әлемінен сараңдықпен ұтымды сыңарластық іздестіру соны көркемдік мекеншакқа тән жылдамдық, өткіншілік үрдісімен тамырлас» /533-б./, – деген шағын абзацтағы ой да оп-оңай шағылатын жаңғақ емес. Жамбастап жатып ойланарлық, жылдарға жүк боларлық салмақты сөздер. Осындай түсініксіз сөз тіркестерді ғылыми қауымның өзі оңайлықпен қабылдай қоймайды. Әрбір сөйлемінде тіресіп тұрған терминдерді іздеп, түсініп барып, оның қолданылуына мән бересің. Зерттеуші жиі жүгінетін ұлттық әдебиеттануға бейтаныс тосын терминдерінің этимологиясы мен мағынасын түсінуге біраз уақыт керек. Төл ғылымымызды жаңа әдеби ұғымдармен толықтырып, ғылыми тілді байытуға барынша көңіл бөлетін ол ғылыми стилімізді күрделендіріп, оқырманын ойлануға, ізденуге мәжбүрлейді. Жайдақ сыпырта мадақтау мен жалпылама шолудан шаршаған жұрт та оның мақалаларын мән бере оқып, танысатын сияқты. Сондай-ақ, өзінің білімділігін байқағысы келіп, жаңа терминдерді оңды-солды қолданатын және бір қолданған соң ұмытып қалатын қайсы біреулер сияқты емес, ол өзінің сөзіне сауысқандай сақ, бір шоқып екі қарайтын әдетімен жауапкершілікпен жүйелі жұмыс жасау, әр терминді орынды қолдану, бұл, сірә, өзі айтқандай: «Сөзді сүю өмірді сүюмен бірдей». Мұны біз ұлттық әдебиеттану ғылымының ғылым тілінің құнары мен ғылыми стильдің қасиетін арттыру деп бағалаймыз.

Оқып көрелік: «...Суретші тіліндегі өзін-өзі мінеу (самоирония), характердің толымсыз күйде жатуы, парадоксальды сипат, кейіпкер үшін дүниенің тас керендігі постмодернистік «жазуға» (письмо) тән белгілерге жіп тағады. Роза Мұқанованың көркемдік әлемі бейнелеу нысандарының сонылығы, кейіпкер ерекшелігі, мәтін семантикасының интерпретациялық еркіндігімен даралық қасиет танытады» /522-б./. Және Айгүл Кемелбаеваның шығармашылығы жайлы: «Көркем шығармадан гөрі әдеби-философиялық туындыға тән әрі бейнелі, әрі логика заңдылықтарын ескеретін нарратив, халықтың ауызекі нақылды өз тіліне айналдыра ой қорыту, шығармадағы толып жатқан метафоризм белгілері, интертекст, реминисценция көріністері шығарманың құрылым жағынан постмодернистік эстетикамен туыстығын мансұқ етпейді», – дейді /522-б./. Міне, осы және Б.Майтанов зерттеулерінде тұрақты орын алған терминдерді терсек, тізім біразға барары хақ. Айталық, «филогенетикалық жетістігі, семиотикалық зерттеу, ауктор ұғымы Ф.Л.Штанцель, нарратор (таза әңгімеші) терминін Д.Принс, имплицитті автор концепциясын У.Бут, имплицитті оқырман терминін В.Изер, эксплицитті автор, «...синтагмаларда дыбыс үндестігі, метафораның предикативті табиғаты, эпитеттегі зоонимдік сипатпен эмотивтік деңгейдің семантикалық сәйкестігі...», «реминисценция үзіктері», «сырттаушылық («вненаходимость»), «...мінездер рипологи-ясы», екіұдайылық (амбивалентность чувств), «...аллюзия, интертекст», «эзотериялық мәселелер», «дестелі (сериялы) дүниелер» (Бұл бір ғана мақаладан алынған терминдер тізімі («Ақиқат» журналы, №3, 2011. «Абай жолы» және тәуелсіздік рухы)). Бұл, сөз жоқ ғылыми тілдің байлығы мен көркемдігін танытпақ. Бәлкім, Бақытжанның өзі де қолы қалт еткен уақытта «өлең-сөздің патшасымен» достасып, мазмұны мен мәні келісті де көркем кестелі сөзге жанының құмарлығынан ба екен, ғылыми стильді кейде поэзияның поэтикалық қуаты мол әдемі сөзіне жалғастырып жіберетіндер кездері көп болады. Оны зерттеушінің ерекшелігін айқындайтын-ырғақты сөйлемдерінен, сөз қолданыстарының байлығынан-ақ байқауға болады. Ендеше, ол қолданған етістіктерге бір сәт көңіл бөелік: «төркіндес жатуы, «өзіне тән хас нақыштарға куәгер», «арналған тәмсіл», «жадыда ұсталады», «куәлік етеді», «жүрегі түрпіленбесе, нәзіктене түскен жоқ», «қарастыру аялары», «қорыту жүйесіне сай емес», «эпико-психологиялық нарратив тармақтары атқаратын семиологиялық қызмет мол», «әрі шешендік

үлгідегі, ұмытылмайтындай метафораны алдыңызға жаңа соғып алған түлкінің терісіндей тастай салады. Қызықпау қиын», «қаперге салу ғана», «қарсы бағытталған қару», «дағдылары өріс алды», «мінезін аңғартар таңбалық белгі», «мифопоэтикалық сана иірімдері», «баяндау ракурстары», «сипатымен оқшау», «баяндау тынысы поэтикалық полифонияға толы», «көмескілейді», «дейтін үзілімде», «салқан отырып, ой кітабына тіркеп», «ілкіде ескерттік», «ескі терминологияның салқыны», «тіршіліктегі жерорақ жағдай», «мысқылымен дараланады», «жаңғыртуы заңды», «дүниетанымдық аңсарынан танылады», «ықыласын аямаған», «жаңалық жалқылықпен дос», «мансұқ ете алмайсыз», «тысқары қалғаны қанағат», «сонылығымен оқшау», «үйлесім табады», «мансұқ етпейді», «тамырлас түйін», «қабылдауға қолайлы», «нышан айқын», «тәжірибесінен ұшырасатын», «жалынынан ұстата салмаса керек», «күресінің символы». «талаптары бас көтерген сияқты», «мәзікүр мәселе» қысқасы көпшілігіміз жиі қолданатын «зерттелген, дәлелдейді, анықтайды, сараптайды, дәйектейді» деген жауыр болған жаттандылыққа қаны қас.

Жоғарыда келтірілген жаңа философиялық-эстетикалық ұғымдардың оған сәйкес сөйлем құрылымдары мен ойды қорытар етістіктердің де ешкім еншілей алмас ерекшелігі де зерттеуші Б.Майтановтың әр кез әдеби үрдісті қалт жібермей қадағалап, жүрісінен жаңылмайтын шахматшыдай оның әрбір ізіне шам алып түсіп, ізденіп отыруының нәтижесі болса керек. Әдебиетші қауымды әрегідік әуре-сарсаңға салдырып жауап іздейтін қазіргі көркемдік бағыттар-постмодернизм туралы тура сөзін көп айтқан да көп зерттеген де осы Майтанов болатын. Әдебиет тарихындағы классикалық көркем туындылардың көпшілігіне жанаша назар аударып, тіпті бұрындары психологизмнің жұрнағы да жоқ деген шығармалардан да ол модернизм мен постмодернизмнің кейбір элементтерін тауып, соған оқырманын сендіре де алды. Ол турасында өзі: «...Ол М.Әуезов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, тіпті С.Сейфуллин мен С.Ерубаев шығармаларынан да кең орын алады. 1960 жылдардан бергі «жылымық» дәуірінде мұндай әдеби-танымдық дискурс Р.Тоқтаров, С.Мұратбеков, М.Мағауин, Ә.Кекілбаев, Т.Әбдіков, Ә.Тарази, Қ.Ысқақов, А.Нұрманов, Д.Досжанов, Р.Сейсенбаев, М.Қабанбай жазушылардың көркемдік тәжірибесінен анық аңғарылады», – дейді /502-б./.

Тіпті, өзінің соңғы жазылып, «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Қазіргі қазақ поэзиясы және постмодернизм» атты мақаласында да бүгінгі тәуелсіз әдебиетіміздегі көркемдік әдіс, бағыттар, оның ішіндегі модернизм мен постмодернизмнің қазақ әдебиетіндегі көріністері тұтас бағыт деңгейіне көтерілмегендігін, сондықтан көркем-әдеби ағым ретінде көрініс тапқаны, оны өзгерту тек уақыттың ғана қолында екендігін де ескертеді.

«Егер постмодернизмнің ең үлкен дүниетанымдық ерекшелігі – керітартпа романтиктердегі сияқты өзіне таныс өмір сиқынан түңілушілік екендігін ескерсек», зерттеуші де әдебиеттанудағы постмодернист болып, бір сарынды таптаурын талдаудан түңіліп, іштей қарсылық білдіруге тырысқан сияқты. Қазақ әдебиеттану ғылымының білгір ғалымы, ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері Бақытжан Майтановтың ғылым тілін түрлендіруге, ондағы ой мен мазмұнды, сөйлемдік құрылымдарды күрделендіріп, ұлттық ғылыми ойлау жүйесін жаңалауға, ғылыми стильдің өзгеше өрнек алуына өзіндік үлесін қосты.

МҰРАҒАТТАРДА ҚАТТАЛҒАН ҚАЛАМҒЕРДІҢ ҚҰПИЯ ӘЛЕМІ

Филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбаевтың ғылыми зерттеу еңбектерінде Кеңес үкіметінің саясатына қатысты қаншама құнды саяси, тарихи деректер мен жұрттың бәрі біле бермейтін мұрағаттық мәліметтер мол. Бұл мұрағат мәтіндерінің бәрі Мұхтар Әуезовтің қызы, тарихшы, әдебиетші ғалым, «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталық жетекшісі болған Ләйла Әуезованың өтінішімен Алматыдағы Орталық мұрағатынан алынған. Соның нәтижесінде «Талқы» және «Бесігінді түзе!..» (Роман-эссе. – Алматы: Жазушы, 1997. – 560 бет), «Бейуак» (Алматы: Қазақстан, 1990. – 304 бет) атты еңбектер жарық көрді.

Әдебиетші, мұхтартанушы ғалым Тұрсын Жұртбаевтың «Талқы» (Алматы: Қазақстан, 1997. – 368 бет) деген еңбегінде М.Әуезовтің 1929-1932 жылдардағы түрмедегі тергеу істері, 1936-1938 жылдардағы саяси қысымдар қудалану кезеңдері, жазықсыз жапа шегу шежірелері

мұрағат деректері арқылы алғаш рет арнайы зерттеліп, жүйеленді. «Тарих талқысы», «Ел талқысы», «Жер талқысы», «Талант талқысы», «Заман талқысы» атты бес тарау тақырыбы ғылыми зерттеуден гөрі публицистикалық стилде жазылған мұрағаттағы маңызды мәліметтер мәйегі мен құжаттар қазынасына көп ұқсайды.

Дегенмен, жазушының ұлттық құндылықтар жөніндегі тереңнен толғанған толғаныстары тізілген еңбек Мұхтар Әуезов сынды сирек туатын талантты тағдыр иесінің басына түскен нәубет жылдардың жылнамасындай тарихи, әдеби деректерге бай танымдық, тағылымдық қасиетімен құнды.

Адамзаттың ақыл-ойының дамуына орасан зор ықпал етіп, ұлты мен ұрпағының көркемдік-эстетикалық көзқарастарының көкжиегін кеңейтіп, қазақ тарихы мен өз елінің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, этнографиялық құндылықтарын, әдебиеті мен мәдениетін, өнері мен дүниетанымдық өресін, психологиясын әлемдік кеңістікке алып шыққан ой алыбы, ғұлама ғалым, классик жазушы Мұхтар Әуезовтің тағдыры шынында адам қызығарлықтай емес екен. Қызығынан гөрі қиындығы, рахатынан азабы мен қайшылығы көп күрделі талант тағдыры қай кезеңде де оңай болмағаны да белгілі. Тұрсын Жұртбаевтың талант пен тағдыр арасындағы таным талқысын ұлтжандылықпен ұғынып, публицистикалық стильмен бірде шабыттана, бірде шамырқана, енді бірде жүрегі езіле, егіле отырып екпіндей жырлап жазуы жанр талап етіп отырған талап деңгейінен табылуын танытады.

Әлем тарихындағы таланттар тағдыры мен тарихи тұлғалардың тағылымдық түсініктеріне, даналық дәрістеріне тоқтала отырып, «Тарих талқысын» өз ойларымен, қазақ тарихымен түгендетіп, М.Әуезов тауқыметімен түйіндеп, тамырластырып ой таркатады. Бұл еңбектің жаңалығы болып табылатын тергеу істері мен мұрағат материалдары «1. Ұлттық Тағдыр. Тұлға және Тарихи Көзқарас», «2. Ұлттық тұтастық идеясы және Азаматтық Мойынсынбау», «3. Алтын қақпаның кілтін» ұстатқан кім?», «4. Тұлғаларды тұншықтыру» деген тараулардан тұратын еңбекте М.Әуезовтің рухани ұстазы Абай Құнанбаевтың шығармаларындағы ағартушылық бағыттың Алаш партиясы мүшелері мансұқ тұтқан ұлт тәуелсіздігімен байланыстырыла баяндалады.

Алаш қайраткерлерін қуғын-сүргінге ұшыратқан қызыл империяның жазалау саясаты сол кезде жаңадан 20-дан асқан Мұхтар Әуезовті де шарпыса, 1950 жылдары Қазақстан Компартия-

сы Орталық Комитетінің бірінші секретары Жұмабай Шаяхметовтің баяндамасынан соң Ілияс Омаров қызметінен босап, тарихшы ғалым Е.Бекмаханов халық жауы ретінде 25 жылға сотталып, М.Әуезовтің де бұл қуғындаудан қалыс қалмағаны аян. М.Әуезовтің қаламгерлік көзқарасын өзгертіп, Ашық хат жазып, «өзін-өзі әшкерелеу арқылы» ғана аман қалғаны, бірақ, қанша қиыншылық көрсе де «Хан Кене» мен «Қилы заманға» қол тигізбей, «Абай жолына» «шұғыл өзгеріс» жасағанын, «Ақын аға» жөнінде айтылған авторлық баяндаулар мен кейіпкерлердің сөзін мүлдем кереғар мағынада қайта жазғандығын, жасырын түрде Мәскеуге барып, СССР Жазушылар одағы мен «Литературная газетадан» сауға сұрап: «...Ақын аға» романындағы Абай мектебі туралы қателіктерін өңдегені жөнінде көптеген тарихи мәліметтер келтіреді.

Осы «Ашық хат» салдарынан 1930 жылдың 17 қыркүйекте Ташкент қаласындағы Салар өзенінің бойындағы үйінде М.Әуезов тұтқынға алынып, сұрақ-жауаптан кейін Алматы түрмесіне жеткізіледі. Біріккен саяси бас басқарманың – ОГПУ-дің ерекше бөлімінің 1-ші бөлімшесінің бастығы Поповтің ұсынысымен, ерекше бөлім бастығының көмекшісі Волоховтің келісімімен, ерекше бөлімінің бастығы Белогоновтің бекітуімен 1930 жылы қазанның 15 жұлдызында: «...УПИ-дің 128 тармағына сәйкес азамат Әуезов Мұхтарды №2370 тергеу ісі бойынша жауапқа тартып, оған қылмыстық істер кодексінің 58-71 және 58-11 баптары бойынша айып тағылып, бұл туралы ОГПУ мекемелеріндегі тергеу жұмыстарын бақылайтын Прокурорды хабардар етуге қаулы қабылдады» (91-б.). 3 жылға созылған тергеуде таққан айыбының өзі адамның күлкісін келтіретін сорақы сайқымазақ екенін, М.Әуезовтің Орта азиядағы басмашылар қозғалысының басшысы болғаны, Англиямен, Түркиямен астыртын байланыс жасап, қазақ даласында қарулы көтеріліс ұйымдастырмақ болған» деген сандырақ екендігін, түрмедегі 20 адамның да әскери өнерден аулақ екендігіне автор нақты тарихи айғақтар мен дәлелдер келтіреді. Т.Жұртбаев О.Исаевтың Алматыда ашылуға тиісті коммунистік университетке – Голощекин атын беру жөнінде ұсыныс жасағаны жөнінде дерек келтіреді.

Біздің тарихымызға қатысты қаншама құнды мәліметтердің, бұрын белгісіз боп келген, құпия ұсталған, әлі де екінің бірінің қолына тие

бермейтін құжаттар мен деректерді автор да мүмкіндігінше қысқартпай еркін, әрі молынан беруге тырысады.

Бұрын жазушының өзі де, зерттеушілер де жасырып келген бір ақиқат – Мұхтардың «Алаш» партиясының жастар ісі жөніндегі жауапты адамның бірі болуы еді. Зерттеуші Әуезовтің «Алашорда» үкіметінің құрамына сайланбағанымен де, партияның идеология саласындағы үгіт-насихат жұмысын адал атқарғанын, «Алаш» идеясының ту ұстар басылымы болған «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналы болғанын, Омбы қаласында, 1918 жылдың қазан айында қазақ жастарының құрылтайы өткізіліп, оған Смағұл Сәдуақасов жетекшілік етіп, осы құрылтайға «Алашорданың» Семейдегі шығыс бөлімшесінен жастар өкілі ретінде Мұхтар Әуезов қатысып, баяндама жасағанын, ол Қызылжарда шығатын «Жас азамат» газетінің 15 және 25 қазандағы санында «Ескеру керек» деген атпен жарияланғаны жөнінде тың тарихи мәліметтер береді (106-б.).

Сондай-ақ, 1917 жылы 21-28 шілдеде Орынбор қаласында 1 қазақ құрылтайы болып, «Алашорда» үкіметі құрылғанын, сол жылы 29 қарашада Заки Уәлиди бастаған башқұрт қайраткерлері Башқұрт Автономиялы Республикасының құрылғандығын жариялауы, алайда бір апта өтпей Сібір үкіметі екі үкіметті де заңсыз деп, колчак үкіметіне бағынуға тиіс деген жарлық шығарғанын, Заки Уәлиди Тоғанның 1969 жылы Стамбулда жарияланған «Естеліктерінде» «Алашорда» өкілдерінен келген Ғазымбек Бірімжанов пен Мұхтар Әуезовтің есімдері аталғанын және бұл деректердің осы күнге дейін өзге еш жерде көрсетілмегені, оны Әуезовке қарсы ақпарат берген Әбдірахман Байділдиннің де білмегені жөнінде қызғылықты тарихи ақпараттар беріледі (108-б.). Т.Жұртбай М.Әуезовті әйтеуір қаралау үшін неше түрлі китұрқы жалаларды ойлап, жалған деректер берген Ә.Байділдиннің сөздерін үтір-нүктесіне дейін өзгертпей беріп, оларға жан-жақты ғылыми түсініктер, талдаулар жасайды. 109-151 бетке дейін берілген бұл сұрақ-жауаптар мәтінін, сол кезеңдегі ұлт зиялыларына тағылған жалған айыптар ақиқатын, айласы мен арсыздығы шектен шыққан арандатудың адам айтқысыз түрлерін оқып жаныңыз түршігеді.

Түрмеденшыққанымен де М.Әуезовтің өмірі аңдудан арылмағанын нақты айғақпен береді, автор: «Жиырма жылға созылған зерттеу ізденістерінің нәтижесінде мынадай қорытындыға келдік. Мұхтар

Әуезов пен Әлкей Марғұланның соңына тыңшылардың тіміскілене түсуі – Әлихан Бөкейханов СССР Ғылым академиясының жер мәселесі жөніндегі ерекше комитетінің арнайы мәжілісіне қатысуға Ленинградқа келгеннен соң басталған», – деп қорытынды жасайды (194-б.). Оған дәлел ретінде бірнеше мұрағаттық мәтіндерді келтіре отырып, жан-жақты талдаулар жүргізеді. Сол кезден бастап соңына түскен ОГПУ-дің тыңшысының Ә. Марғұланның өзіне-өзі қол жұмсап «менің өліміме себепкер сол» деп жазған қолхат жазуға дейін жеткізгенін, ал М.Әуезовтің 3-ші жұбайы Валентина Николаевнаның естелігінде Әлихан Бөкейхановтың сол сапарда М.Әуезовтің Ленинградтағы жалданған пәтерінде 15 күндей болғанын, Әлімхан Ермековтің Бөкейхановқа жолдаған хаты Мұхтардың мекенжайына жолданғанын, (хаттың мәтіні толық берілген – Г.П.), С.Сәдуақасовпен Мұхтардың аса сыйластығы, студент кезінде оған қаржылай көмек көрсетіп тұрғанын дәлелдейтін 24.XI.1927 жылғы Мәскеуге жолданған хатының мәтіні түгелдей түсірілген (199-201-бб.). Хат мазмұнындағы қазақтың қамы, жазушының жеке шығармашылығына қатысты құнды деректерге 5 тармақша тұрғыдан талдау жасаған Т.Жұртбаев: «...Мұхтардың мұқым ғұмырындағы жан сырын ашып, жеке басына қатысты жүрекжарды шындығын жария еткен үш хаттың екеуі осы Смағұл Сәдуақасовқа арналған. Бұл екі хатта да ешқандай күдік пен көлеңке жоқ...», – деп өз бағасын береді (201-б.). Жат жерде жүрсе де жазықсыз жазалаудан арылмаған Мұхтардың жүрегін жұбатқан нәрсе – Көкшетаудан баспаның бас редакторы болып келген орман қызметкері Ғабит Мүсіреповтің Мұхтардың «Қилы заманын» ешкіммен ақылдаспай теруге жіберуі еді. Мұндағы жағдайды жазушы-ғалым былайша қорытады: «Кітап «Алаш ісі» ресми тергеуге алынып, Байтұрсыновтар қамауға алынғанша жарық көріп үлгерді. «Сұғанақ сұр» повесі сол күйі «сұғанақтардың» шеңгеліне түсіп, із-түссіз кетті. Ал, «Хан Кене» сахнаға қойылмады. Астана – Алматыға ауысты...», – деген мұрағаттық мәліметтер өзінің маңыздылығын танытады (309-б.). Мұндағы тың мәтіндер – «II. Ұлтшыл контрреволюциялық қастандықтар» деген «Алашорда» үкіметі мен қазақ зиялыларына тағылған айыптардың көшірмелері. Адам айтса нанғысыз жалалар, міне, осы 210-223 беттер аралығындағы тергеу ісіндегі түсініктемелерде топтастырылған.

Онда жер мәселесіне, қазақ зияларының тағдырына қатысты қаншама құнды деректер, мәнді мәліметтер орын алған. Жазушы, әдебиетші Тұрсын Жұртбаевтың «Талқы» атты кітабында сөз болған жазушының 1929-1932 жылдардағы түрмедегі тергеу істері мен 1936-1958 жылдардағы қысымдар, қудалану кезеңдері, жазықсыз жапа шегулері туралы мұрағат деректері қазақ халқының XX ғасыр басында кешкен небір нәубеттерінің ақ-қарасын білгісі келген, тарихи ақиқаттардың терең сырларын ұққысы келген оқырманға көп ой салары сөзсіз.

Енді Т.Жұртбаевтың «Бейуақ» (Алматы: Қазақстан, 1990. – 304-б.) атты зерттеуіндегі мұхтартану мәселелеріне тоқталмақпыз.

Кітапта жазушы Т.Жұртбаев 1916 жылғы Жетісудағы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты 600-ден астам мұрағат құжаттарын қарап, көтеріліске қатысқан кісілердің, қайраткерлердің естеліктерін пайдалана отырып, төл тарихымыздың «ақтаңдақ беттерін» ашуға тырысқан. Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» мен «Қараш-қараш оқиғасына», бұл туындылардың шығармашылық тарихына қатысты құнды тарихи, әдеби деректердің өзі талай ақиқаттарды ашуға түрткі болады.

М.Әуезовтің «Қилы заманына» арқау болған Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілістің ауыр тарихы, самодержавиенің жүргізген жазалау-генцидтік саясатының зұлымдық әрекеттері мұрағат мәтіндерімен нақтыланып, дәлелденген. Көтеріліс басшылары Ұзақ, Жәмеңке, Әубәкір және туралы мұрағат материалдары кітапта молынан кездеседі.

Сондай-ақ, осы кітапқа енген көрнекті революционер, даңқты мемлекет және қоғам қайраткері, қазақтың рухани тәуелсіздігі жолында саяси құрбан болған, Кеңестер Одағында қазақ ұлтынан тұңғыш болып ел басқарған Тұрар Рысқұловтың әкесі, Мұхтар Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің бас кейіпкері Рысқұл Жылқыайдаровтың тағдыры, оның түрмедегі өміріне байланысты осы күнге дейін белгісіз болып келген бірнеше маңызды материалдар негізінде жазылған «Үш Қараш» материалы кітаптағы құнды деректер санатында.

Автор осы екі туындыға арқау болған тарихи оқиғалар мен тарихи кейіпкерлердің түптілғаларының тағдыры туралы толғаныстарын мұрағаттық деректерге құрады. Сондықтан бәріміздің қолымызға түсе бермейтін және екі шығарманың шұрайын ендіріп, көркем шындыққа айналып, бүкіл адамзаттың рухани игілігіне айналған туындының

жазылу тарихындағы, әрбір әдеби фактінің, қазақ әдебиетінің тарихы, әсіресе мұхтартану мәселелерінің зерттелуі үшін қаншалықты құнды болса төл тарихымыздың «ақтаңдақтар» беттерін айқындауда да айтарлықтай маңызды екенін айтпасқа болмас. Олай болса бізде көбіне мұрағат материалдарының ең құнды деген деректік көздеріне көбірек көңіл бөлуді жөн санап отырмыз. Өйткені, екінің бірі қол жеткізе бермейтін мұрағаттық мұралардың, құнды құжаттардың өздері сөйлегені әлдеқайда ұтымды болмақ.

«Халық жадында үш заманға (Шыңғысхан шапқыншылығы, жоңғар ойраны, 1916 жылғы орыс отарлауы) үш қарғыс таңбасы басылды. «Ойран заман», «Зар заман», «Қилы заман», – дейді автор (4-б.). «Зар заман» түсінігін М.Әуезов 1927 жылғы «Әдебиет тарихында» енгізсе, 1928 жылы Қызылорда да жарияланған туындысы арқылы төл тарихымызда «Қилы заман» дәуірі таңбаланып, тарихи, әдеби, ғылыми ұғымды қалыптастырды. Орыс жазушысы Алексей Толстойдың: «Жазушы – дәуірмен бірге өседі. Оның әрбір шығармасы-оның өмір мектебі, оның ақыл-ойының жетілуінің жемісі», – деген сөзіне сүйенген автор М.Әуезовтің осы екі туындыны жазу барысындағы ізденістерін тарихи деректер, сол кезеңдегі нақты өмірлік фактілер өрісімен шебер өріп, нанымды талдайды. Т.Жұртбаев бұл кітаптардың тағдырын орыс әдебиетіндегі озық тәжірибелермен салыстыра отырып, әділ бағасын береді. Ұлы тұлғалар мен олардың туындыларының «тар жол тайғақ кешуі» болмайтынын, мысалға небәрі 30-дағы орда бұзар жастағы М.Әуезовтің де «Қилы заманы» туралы қайшы пікірлер өз кезінде де, кейін академик (1946 ж.), СССР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (1959 ж.) атанған соң да, тіпті көз жұмғаннан кейін де (1961 ж.), күні кешегі торқалы тойына арналған мақала, зерттеулерде де қылаң бергенін зерттеуші парықсыз пендешілікті сынай отырып, ой толғайды (7-б.). Уақыт пен кеңістіктің белгілі бір шекарасына сыймайтын талантты туындылар тағдыры тосын әрі тауқыметті болғанымен «алмас қап түбінде жатпасы» тағы тарихтан мәлім. «Қилы заманды» 40 жылғы қамауынан алып, көпшілікке ұсынған 27 жастағы Р.Нұрғалидың бұл ерлігі мұхтартанушы ғалымның ғылымға адалдығын дәлелдесе керек-ті. Ғабит Мүсірепов, Ахмет Жұбанов, Сапарғали Бегалин, Нығымет Ғабдуллиннің ықыласымен «Қазақ әдебиеті» газетінің 1967 жылғы 1 сентябрь күнгі санында жарияланған «Қилы заман» қандай туынды?» атты бұл мақала Мұхтар Әуезовтің қырық жыл

бұрын баспа бетін көрген шығармасына берілген тұңғыш әділ баға, алғашқы үн болатын (8-б.). Кейін, 5 жылдан соң мәскеулік «Новый мир» журналының №6 санында А.Пантиелевтің аудармасымен, Ш.Айтматовтың алғы сөзімен жарияланған бұл туынды «Әуезовтің телегей-теңіз эпопеясын тудырған алғашқы қуатты арналардың бірі» дәрежесінде бағаланады (8-б.).

1967 жылғы Р.Нұрғалиевтің мақаласына орай айтылған Ғ.Мүсіреповтің естелігіндегі мына жолдарды ескермекке тағы болмайды: «...ал Мұхтар шығармасы шалға бармаймын деп жылаған қыз, байдан қорлық көрген кедей хикаясын емес, ауыл арасының итжығысын емес, Россия мен Қазақстан қарым-қатынасының күрделі кезеңін көрсетіп отырса, отаршылдық тепкісіндегі елдің трагедиясын айтып отырса, ондай намысты туындыға қалай ара түспейсің? «Қилы заманның» басылуына бел шешіп, білек сыбанып кірісіп кеткенімді қазірдің өзінде жас кезімдегі жасаған бір батылдығымдай көремін» (10-б.). Міне, таза ұлттық мүдде мен әдебиетке деген адалдық осындай ойлы тұлғалардың ірі істерінен, парасатты пайымдауларынан туындап жатса керек-ті.

Ал, М.Әуезовтің өзі еш жерде бұл кітап жөнінде ауызға алмапты.

Өмірдің өзі ақ пен қарадан құралатынын ескерсек, шығармашылықтағы қиыншылықтарға қайыспай қажырлылықпен қарсы тұра білген отыздағы жігіттің отау құрып жеке өмірінде жақсы жаңалықтардың болуы қаламгерлікке деген құштарлықтың қайта оянуына түрткі болуы табиғи заңдылық. Қиындылықта шыңдалған суреткер ауыртпалықтың ағысына қарсы тұрып, шығармашылық ашқарақтықпенкерісіншеқұлшынаеңбекетіп, өндіріп жазуға көшкен. Оған студенттік кезеңдерде жазған шығармашылық өміріндегі ең көркем туындылары – «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» тағы басқа жанрлардағы толып жатқан ғылыми зерттеулері, прозалық, драмалық дүниелері дәлел бола алады. Отбасындағы орнықты көңіл күйдің шығармашылық психологияға да әсері болғандығын өмірлік жары, 3-ші әйелі Валентина Николаевна мен студенттік өміріндегі сырласы Әлкей Марғұланның естеліктеріндегі мәліметтер толықтырады. Бұл естеліктер мазмұны көпшілікке жақсы таныс болғандықтан тоқталмай, тек Әлкей Марғұланның қойын дәптеріне түскен соңғы естелігіндегі мына сөздерге мән береміз:

«...Хатты қалай әдемі жазады. Тек отызыншы жылдардың басындағы хаттарынан алаң көңілдің ізі сезілетін. Отыздай хаты бар еді. Аяулы сөздерді мен де сақтай алмадым. Шара бар ма. 1927 жылы Алтай экспедициясына менімен бармақшы еді. Жетісуға кетті. Сол сапар қайырлы, қыспақты болды. Ораз Жандосовпен, Тұрар Рысқұловпен еркін әңгімелесетін. Ал, Мұхтар қайраткер ғой. 1927 жылы Мұхтардың жеке басының аланы қатты болды ма, бар қуатын қағазға жұмсап, төндіре жазды» («Жұлдыз» журналы, 1977, №9 «Жадымда қалған жақсы күндер». 17-б.). Жасынан неше түрлі мемлекеттік, қоғамдық қызметтерге араласқан М.Әуезовтің 1916 жылғы Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілісінен және қазақ даласындағы Қоянды, Қарқара, Ойыл іспетті атақты жәрмеңкелерден де хабардар болғаны белгілі. Өзінің жеке тағдырына көп өзгерістер әкелген осы сапарда Ілияс Жансүгіровпен танысқан. Фатима Ғабитқызы ол кезде Біләл Сүлеевпен тұрған, олардың үй адресін Мұхтарға Смағұл Сәдуақасов берген екен. Осы ретте кітапта Фатима Ғабитқызының Мұхтар Әуезовті алғаш көргендегі естелігі де толық мазмұнда берілген. Ілияс Жансүгіровтің олардың үйінде тұрған кезінде көп кітаптары мен қолжазбалары қалғаны, соның ішінде 16 жылдың көтерілісі жайлы көп дәптерлердің болғаны жан-жақты әңгімеленеді.

Жалпы, Т.Жұртбаевтың зерттеушілік ерекшелігі – шығарманың көркемдік әлемін емес, оның нақты тарихи жәдігерлерінің нақтылығын, нанымдылығын, кейіпкерлерінің түпбейнемен (прототиптерімен) тамырластығын тану мен таныту болып табылады.

Зерттеушінің М.Әуезов туындылары төңірегіндегі тарихи толғауларының мақсатының өзі осы мүддені межелейді. Мың қабат құпияға толы мұрағат сынды мекемеде мық шегедей шаншылып, бірнеше жыл бойы шаңға батып сарғайып тозығы жеткен, бұрындары мұрты бұзылмай бүркеніп жатқан мол мұраларды ашып, танысу бақытына ие болуының өзі зор мәртебе емес пе?

Осы еңбегінде де Т.Жұртбаев Қарқара жәрмеңкесін бірнеше жылдар бойы сүлікше сорып, ал Июнь жарлығы жарияланғанда сол казактарды тобырдай қырып, қанға бөктірген орыс шенеуніктері-Подворковтардың («Ақжелкелердің») типтік бейнесі қалай суреттелді, оның түпбейнесінің тағдырына қатысты қандай тарихи құжаттар бар деген сауалдар төңірегінде толғанады. Алайда, мұрағаттан Александр Андреевич Подворковтың жеке іс қағазы із-қайым жоғалып кеткенін,

ал анықталғаны – «...Жаркент уезінің Нарынқол-Шарын учаскесінің бастығы болғаны, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті жою ойранына белсене қатысқандығы, Қарақолға (Пржевальск), Верныйға, Округтық сотқа жолдаған телеграммалары, мәліметтері, түсініктемесі, Жаркент уезінің бастығы полковник Ступиннің, урядник Плотниковтың, Поцелуевтің писарьлар Грибановскийдің, осы оқиғаға қатысқан, «Қилы заманның» кейіпкерлері болған – пристав тілмәші Жебірбаев, жәрмеңке басындағы тілмәштар – Р.Мамырбаев, О.Баймұрыновтардың протоколдағы жауаптары мен өздерінің куәлік-мәліметтеріндегі бейнелері мен кітаптағы мінездемелері нақты көркем мәтіндер арқылы нақтыланады. Т.Жұртбаев «Қилы замандағы» әрбір кейіптердің тағдыры мен мінездемесін осылай мұрағат материалдарындағы куәліктермен салыстыра отырып, тарихи және көркем шешімнің шынайылығына, нақтылығына жүгінеді.

М.Әуезовтің «Қилы заманында» баяндалған қазақтың бастан кешкен қасіреті, тап өзінің жүрегін жаралаған қайғы, тағдыр тауқыметіндей, ішкі жан дүниенің азабындай шынайы, психологиялық тұрғыдан нанымды бейнеленгенін зерттеуші көркем мәтіндегі ұлттық сананың оянған тұстарымен, ашу-кектің шарықтаған шақтарындағы шабытты сөйлемдерден алынған сілтемелер арқылы айқындап береді.

Тұрсын Жұртбайдың «Бейуақ» атты тарихи толғауының екінші тарауы – «Үш Қараш оқиғасы» деп аталады. 1904 жылы 20 декабрь күні Бас Қараш пен Орта Қараштың арасындағы жалғыз аяқ жіңішке жол бойында болған оқиға М.Әуезовтің даңқын дүйім жұртқа әйгілеген классикалық туындысы – «Қараш-қараш оқиғасының» сюжеттік арқауы болғаны белгілі. Мұхтар Әуезовтің Тұрар Рысқұловпен 1922 жылы Ташкентте кездесіп, осы оқиға туралы пікір алысуы жөніндегі Сәйділ Талжановтың естелігі мен Мекемтас Мырзахметовтің мұрағаттан тапқан деректеріне сүйенген Т.Жұртбаев жазушының 1922 жылдың күзінде Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетіне еркін тыңдаушы боп жүргенде «Манастың айтушы ортасы» деген баяндамасын тыңдауға Әубәкір Диваев, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Ходжанов сынды сол кездегі ірі қоғам қайраткерлерінің арнайы келгенін өнеге етеді.

М.Әуезов пен Т.Рысқұловтың кездесуі, екеуінің арасындағы әңгімелер, алмасқан деректер жөнінде бірнеше мұрағаттық мәтіндер келтіріледі. Мәселен, «1923 жылы мартта Жетісу облыстық Революциялық

Трибуналының председателіне әкесі Рысқұл Жылқыайдаровтың сот ісі туралы мұрағат деректерін іздестіріп, Ташкентке жолдауын өтініп хат жазады. Бұл іс 1935 жылдың 15 ноябріне дейін Тұрардың өз қолында сақталады. «РСФСР Халық комиссарлары Советі Председателінің орынбасары Т.Р.Рысқұлов» деп жазылған бланкіге арнайы түсініктеме толтырып, істің барлығын машинкаға бастырған» бұл іс – Қазақ АССР-інің Орталық Атқару Комитетінің жанындағы архив басқармасындағы 44 қордың, 1-тізіміне № 9014 рет санымен тіркеліп, сақталған (261-б.). Бұл құжатта: «...негізінен жер аудару, Рысқұлдың ерекше белгілері жөніндегі қатынастар жинақталған. Фотосуреті де тіркелген. Бірақ ол суретті Тұрардың өзі алып қойғанға ұқсайды. Архивтегі істе жоқ. Ал, осы архивтің 44 қорындағы №8898 және № 9102 реттегі Рысқұл Жылқыайдаровтың сот ісі, жер аударылуы кезіндегі қатынастар Тұрардың қолына түспеген. Оның себебі төмендегі қатынастан белгілі болады.

Тек Рысқұл Жылқыайдаров туралы деректердің кезігуімен ғана емес, оның ұлы Тұрар Рысқұловтың да қолтаңбасының тұруымен де құнды бұл істің бірінші беті мынадай қатынаспен ашылады: «РСФСР Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары Т.Р.Рысқұлов. 15 ноябрь.1935 жыл. Москва. Кремль.

Қазақ АССР-нің Орталық Атқару Комитетінің жанындағы архив басқармасына.

Сіздерге менің әкем Рысқұл Жылқыайдаров туралы істің көшірмесін жіберіп отырмын. Істің түпнұсқасы менің қолымда қалды. Ол түпнұсқаны мен 1923 жылы Алматы қаласындағы бұрынғы Жетісу облыстық архивінен алған едім. Т.Рысқұлов (қолы)» (261 б.). Бұл сілтеменің түгел беріліп отыруының себебі көркем оқиғаға арқау болар істің тарихи нақтылығы мен екі ұлы тұлғаның таныстығын растайтын мәлімет, шығарманың жазылу тарихына тікелей қатысты құжаттардың құндылығы.

Одан ары автор 1923 жылғы мұрағат басқармасы өкілінің Тұрарға жолдаған жауап хатын келтіре отырып, кейбір іс-қағаздарының жоғалып кеткендігі жөнінде айтылғанын, алайда, архивте Р.Жылқыайдаровқа қатысты екі іс те сақталып қалғанын, олардың толық мәтіндерімен танысып, оқушыға ұсынатынын баяндайды (262 б.).

Және 1927 жылы арнайы сапармен Жетісу өлкесіне келуі, Албан көтерілісі туралы Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Смағұл

Сәдуақасовтардан естігені әрі осы жолы Саты, Асы арқылы Қараш-Қараш шоқыларын аралағаны ақиқат. Бұл хақында Е.Өмірзақов, С.Қожамқұлов, Ақай Нүсіпбеков, Ө.Марғұланнның естеліктері де біршама мағлұмат береді. М.Әуезовтің шығармашылық тарихын, зертханалық құпияларын, шығармашылық психологиясын зерттеп жүрген ғалым Т.Жұртбаев жазушының ешқашан ел аузындағы әңгімемен шектелмейтініне тоқтала келіп: «...Демек, Әуезов ауызекі әңгімеге, архив дерегіне ғана сүйеніп, шығарма жазуды ар санаған. Білгеніне місе тұтпаған. Жердің жағдайын, табиғат болмысын, оқиғаның өткен жерін көрмей, егжей-тегжейіне қанықпай қолына қалам алмаған. Бұл әдет – Мұхтардың кезекті шығармаға материал жинаудағы шығармашылық тәсіліне айналды. Ол – өзінің кейіпкерлерінің әр қимылын, іс-әрекетін нақты суреттеуге деген принциптен туған ғадет болса керек. Жер-су аттары, табиғат көріністері жазушы үшін жай ғана бейнелік сурет емес, оқиғаның тікелей мәйегі дәрежесіне көтерілуі де сондықтан.», – деп қаламгерлік ерекшелігін айқындап береді (264-б.).

«Қараш-Қараш оқиғасы» повесі арқылы М.Әуезов қазақ халқының қаһармандық ерлігін, тәуелсіздік жолындағы рухы биік табанды күресін, ұлттық мұрат жолында қандай қиындықтан да мұқалмайтын мінезінің мәңгілік екендігін дәлелдесе керек.

Тұрсын Жұртбаевтың «Бесігінді түзе!...» (Роман-эссе. – Алматы: «Жазушы», 1991. – 560 б.) атты ғұмырнама толғауы (Автор шығармаға екі түрлі жанрлық атау берген – Г.П.) Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы, үш формацияны бастан кешкен кемеңгердің тұлғалық тағдыры күрделі қаламгерлік болмысы шығармаларындағы шындықпен тамырласып, бүгінгі тәуелсіздік рух та таратыла талданады. Жазушының қаламгерлік, қайраткерлік қасиеттерінің қалыптасуына, шығармашылық шеберлігінің шыңдалуына, ой-өрісінің дамуына дәнекер болған өмір тарихындағы әрбір өткел, биік белестер мұнда жанр табиғатына тән толғау, эссе стилінде баяндалады. Ғұмырнамалық толғау таза ғылыми талдау болмағанымен көрнекті суреткердің көптеген шығармаларының («Еңлік-Кебек», «Қарағөз», «Қаралы сұлу», т.б.) жазылу, жариялану тарихы нақты өмірлік фактілермен, тарихта болған адамдардың тағдырымен, түптұлға-кейіпкерлердің естеліктерімен, тиісті архив материалдарымен байланыстырыла қарастырылған. М.Әуезовтің шығармашылық өмірбаянына қатысты

құнды құжаттар мен тарихи дереккөздері мол болғандықтан да бұл еңбекке де тоқталмасқа болмады. Жазушының ғұмырнамасында орны толмас өкініш, жүрегіне салмақ түсірген заман запыраны – отызыншы жылдардағы зұлмат, алашордашыларға қатысты арандату әрекеттер, шымбайына тиер арыз-шағымдарымен сағын сындырғысы келген сәттер сыры мұнда да мол мұрағаттық мәліметтер арқылы ажарлана түседі.

Зерттеуші Мұхтар Әуезовтің тұсау кесер туындыларына дәнекер, жанашыр болған – Тұрағұл Абайұлының еңбегі жайлы бұрындары беймәлім болған құнды деректер келтіреді: «Мұхтардың әр қадамын қатты қадағалап, қамқорлық көрсетті. «Еңлік-Кебек» пьесасы Тұрағұл болмаса жазылмас та, сахнаға қойылмас та еді. Билердің айтысын, әр кейіпкердің мінезі мен өмірін Мұхтарға өз үйінде отырып қағазға түсірткен де Тұрағұл. Ең алғашқы мақаласын газетке бастырған да сол адам» (89-б.). Сол Тұрағұлдың көмегімен 20 жасар М.Әуезов «Еңлік-Кебек» арқылы әдебиет тарихына енеді. Ойқұдықтағы тасқа қашалып жазылған «1917 жылы 7 маусымда қазақ халқының сахна шымылдығы тұңғыш рет киіз үйде, осы Ойқұдықта «Еңлік-Кебек» пьесасымен ашылды. Пьесаны қойған автордың өзі – Мұхтар Әуезов», – деген жазу соның айғағы.

Тағы бір жерде бұл деректі нақтылайтын мәлімет береді: «Мұхтарға «Жолсыз жазаны» Ақыштың ұзатылу тойына қойылуына рұқсатын берген Шәкерімнің өзі. Оған делдалдық жүргізген – Тұрағұл. Сондықтан, бұл арада таңданатын ештеңе де жоқ... Екіншіден, Мұхтардың өз жаңалығы да бар. Ол – оқиғаның өзегін билер айтысына құрды. Бұл феодалдық қоғамның ірі қайраткерлерінің образы арқылы әлеуметтік жағдайдың сырын ашуға желі тартты. Трагедияның түптамырын шешендік өнерімен, билер кеңесі арқылы ашқан ең үздік туындының бірі де осы «Еңлік-Кебек». Үшіншіден, сол тұста Еуропа мен Ресей сахналары символизмнің шарпуында болатын» (101-б.). Одан әрі Шәкерімнің дастанында Нысан абыздың әйелі Таңшолпан жоқ болса, ал Мұхтар Таңшолпанның көрген түсі арқылы образдың өзін болашақ қанды оқиғаға дайындайтындығы жөнінде пікір білдіреді, зерттеуші (110-б.).

Мұхтардың публицист, жазушы, қайраткер болып қалыптасуына, қаламының ұшталып, жазу шеберлігін арттыруда «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналы, ерекше әсер еткені мәлім. Оларда жарияланған

мақалалардың мән-маңызы күн сайын артып, көпшілікке кеңінен танылып, ұлттың ары мен ұятына айналуына айрықша рөл атқарады. «Абай» журналының 13 саны шығып, тоқтап қалуымен М.Әуезовтің баспасөздегі танылуының алғашқы қарқыны бәсеңдеп, 1918 жылы қазанда Петропавлскіде шығатын «Жас азамат» газетіндегі «Ескеру керек» деген мақаласындағы «Біз әлі шикі жұртпыз, талай өзгеріске мойын ұсынамыз. Заман еріксіз мойын ұсындырады... Бұл халды һаркім ескеру керек..», – деп көріпкелділікпен айтқан көсем сөзі кейін шынында жүзеге асып, қазақ халқы қаншама қасіретті бастан кешті. 1918-19 жылдары сүзекпен ауырып, елге кеткен Мұхтар таза шығармашылық жұмыспен айналысып, «Ел ағасы» деген 4 перделі пьеса жазғанын, алайда өзінің де көңілі хош көрмеген туындының тағдыры қысқа болғанын, Т.Жұртбаевқа белгілі мұрағаттанушы Бейсенбай Байғалиевтың Орынбор қаласының баспаханасында басылған «Ел ағасы» спектаклінің бағдарламасы мен ойыннан түскен қаржыны Мәскеуде оқитын қазақ студенттеріне көмекке бергені жөніндегі мәлімет айтқаны, бұл деректің оның 50 данамен басылған қолжазбасының өзге де көшірмелерінің болуы мүмкін деген үміт шоғын жандырғаны, және бір Б.Байғалиевтың тапқан жаңалығы – осы спектакльдің сюжеттік желісінен мағлұмат беретін «Қазақша сауық кеші» атты мақаланың Семейде шығатын «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 26 ақпандағы №122 санында жарияланғаны туралы хабардың жариялануы көптеген деректер көзін ашады. Кітапта бұл мақала мәтіні толық берілген. Авторы – «Сауықта болған» делінген, аты-жөні белгісіз.

Т.Жұртбаев осы еңбегінде М.Әуезовтің бірнеше шығармаларындағы кейіпкерлердің прототиптерін тауып, оны нақты дәлелдермен на-нымды дәлелдейді: «Оқыған азамат» атты әңгімесіндегі Мейірхан – Мұхтардың өзі, Мақсұт оның досы – Сейіт деген» – «тұжырымға тоқтап, Қайым Мұхамедхановтың «Семей театрының тарихынан» («Қазақ әдебиеті». 1984 ж. 4 мамыр) атты мақаласындағы «Ес аймақ» ағарту мүшелерін атап, 1921 жылы 21 ақпанда «Ел ағасы» пьесасын сахнаға шығарып, сол күні оты жағылмаған үйде суықтап, қайтыс болған талантты ұйымдастырушы Сейітқазы Тоқымбаев – Мақсұттың прототипі болғанын, ол жөнінде газет редакторы болған «Қазақ тілінде» (29.02.1921 ж.) «Күйінішті өлім» деген некролог жарияланғанын, оны Ғайса Сармурзин ақсақалдың «Өнеге» атты естелігінде растай-

тынын, Мұхтардың осы шығармасында өзге еш туындысында кездеспейтін хат мазмұны мен оның жауабын толық келтірген себебін – оқиға әсерінен арылып кетпей жылдам жазылуында дегенді айта келіп, осындағы әрбір кейіпкердің тағдырына қатысты құнды тарихи деректерді келтіреді (252-256 бб.).

Ал, «Тентек күндердің таңбасы...» деген тарауда М.Әуезовтің «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі» деген әңгімелерінің жазылу тарихы, ондағы аңыздық-тұрмыстық хикаялардан елге деген сағыныш, дала думандарын, жастық дәуренін, аң қуып, қыз айттырған қазақы салт-дәстүр, қанына сіңген қазақи болмысты сағыну сезілетін осы туындыларының жазылу тарихын тарихи деректермен толықтырып, дәйектеуге тырысады. Алайда, олардың көбі таза прототиптік дәлелдемелер мен айғақтар емес, творчество иесінің өмірдегі әсерлерінің көркем шығармасына кірігуінің нышандары мен нысанасы ғана екендігін де ескертеді (281-б.). Аталған шығармалардың жазылу тарихын түгендеген автор «Үйлену» әңгімесінің алғашында «Жас жүректер» деген атпен «Сана» журналында жарияланғанын және оның соңында «Аяғы бар» деген сілтеме барлығын, яғни туындының толық бітпегенін, автордың әлі де айтары барлығын меңзейді. Ал, «Сөніп-жану» – «Заман еркесі» (роман) деп берілгенін, алайда ол да аяқталмай қалғанын, қаламгердің қиялындағы ой толық көркем мәтінге айналмай, үзік-үзік сыр болып шертілгені, іштегі шөмен, сезім иірімдеріне іркіліп қалғанын айта келіп, мынадай тұжырым жасайды: «Өмірінің соңғы тынысы біткенше қазақ интеллигенциясының қалыптасу кезеңі хақында роман жазуды армандап өткен қаламгердің орындалмай қалған парызының бірі осы «Заман еркесі» соның алғашқы ұшқыны еді. «Үйлену» де, «Сөніп-жану» да бір жылда жазылып, бір жылда жарияланды. Екеуіндегі басты әйел кейіпкер – Жәмеш. Егер осы үш шығармаға ортақ бейненің бір ғана әрпін өзгертсек, Мұхтардың сүйіп қосылған жарының аты – Кәмила, Кәмеш боп шығады...» (284-б.). Жазушының алғашқы заңды әйелі Райханмен ажырасып, біреудің түтін түтеткен Кәмилаға қосылуын «Үйленудегі» үлкен сезім үкім етіп, авторлық идеяны ақтап алғаны анық.

«Сөніп-жану» («Заман еркесі») романының жалғасы бар» дегенмен ол болды ма, жоқ па, не өзінің естелігінде, не қолжазбалары сақталмағандықтан әлі күнге белгісіз болып отырғанын, суреткердің

сол кездері жазған «Оқыған азамат», «Заман еркесі», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қазақ қызы» әңгімелеріндегі білімдерін басқаша пайдаланған, әсіре бояушылыққа берілген кейбір замандастары бойындағы кемшіліктерді көрсетуден ашындан туған ащы мысқылға құрылғандығын, олардың арасындағы әлеуметтік қақтығыстар мен айтыстардың қатты шиеленіскен кезіндегі психологиялық тебіреністерін, қателіктерін ашып көрсетуден тайсақтаған да болуы мүмкін деген дүдәмал ой келтіреді автор. «Сөніп-жанудағы» Сыздық – Мұхтардың қалыңдық айттыру хикасы туралы мәліметтер – Ақылия Тұрағылқызының, Мұғалима Мұхтарқызының естеліктерімен толықтырылып, нақтыланады.

«Іштегі ыстық сезім» немесе «Кінәмшіл бойжеткен» мен «Қаралы сұлу» кім?» деген тарауда аталған екі әңгіме прототиптерінің тарихи негіздері анықталады.

Кезінде көп сыналып, байшыл-ұлтшыл, ескіні аңсау, деген кінәлар тағуға себепкер болған бұл әңгімелерді жазушы да көбірек жөндеуге күш жұмсағаны белгілі. Тіпті Ғ.Тоғжановтың бұл шығармаларды тарихи шындыққа жанаспайтын, ойдан алынған деген жаласы Р.Нұрғалиевтің «Айғақ» монографиясында (1985, «Өнер» 81-б.) келтірілгенін ескерсек, олардың ешқандай шындыққа жанаспайтынына осы еңбектегі тарихи деректер мен дәлелдер көз жеткіздіреді.

«Кінәмшіл бойжеткеннің» кейіпкері – Ғайшаның өмірде болған, Семейдегі орталық көшелердің біріндегі екі қабатты үйде тұрғанын, ұзын қолаң шашы бар, сұлу, кербез, тәкаппар, «Есаймақтың» ойынсауық үйірмесіне белсене араласқан актриса да болғанын, дәл шығармадағыдай көңілшек болмаса да екі рет тұрмыс құрғанын, кейін бір орыс азаматымен көңіл қосып, Сібір жақтағы үлкен бір қалаға ауысқаны жөніндегі деректі Қайым Мұхамедханов пен Әлкей Марғұланның естелігінен естіп, білеміз. Және Ә.Марғұлан жазушы шығармаларының тізімінде кездеспейтін «Қазақ қызының» осы «Кінәмшіл бойжеткен» екендігін, алайда жазушы оны сынау, кекесінмен қойылғанын, әйтпесе Ғайша қазақ қызының типтік образы еместігін ескертеді. Зерттеуші Л.Толстойдың Анна Каренинаны жазбақ болғанда зинақор, түрі де жаны сұрықсыз әйел ретінде әшкерелеуді ойлағанмен көркем қиялдың жетегі керісінше сұлулықтың, адал махаббаттың құрбаны болған классикалық кейіпкерге айналып кеткен, сол секілді әлем әдебиетінің бірнеше мысалдарын ала отырып, басында белсенді, көзі ашық, әдемі қыздың кейінгі әрекеттері өзін-өзі

әшкерелеуге өзек болған сияқты. Осы орайда автор Т.Жұртбаев Ленинград университетінің 1 курсына Мұхтарды Қазақстан оқу комиссариаты кері шақырып, Семейдегі мұғалімдер гимназиясына сабақ беруге шақырғанын, сол 1924-1925 жылдары Мұхтардың отбасының шырқын бұзу мақсатымен іші тар біраз адамдар жалған қауесет таратып, Мұхтар мен Кәмиланың арасына күдік тудырады. Бұл әңгіме осы өшпенділік пен өсектің отын үрлегендерге деген қарсылығынан туған болуы керек деген жорамал да жасалады (310-б.).

Алғаш рет 1925 жылы «Таң» журналында жарияланған «Қаралы сұлудың» прототипі кім еді?» деген сауалға зерттеуші 1976 жылы Р.Нұрғалиевтің айтуынша Ике – Мұсатайдың келіні 84-ке келген Мәден Түсіпбаева екендігін айтады (316-б.). Мәден Түсіпбаеваның естелігінде 1916 жылы Мұхтар Әуезовті көргенін, күйеуі Адамжанмен араласып, дос болғанын, қайын атасы Мұсатай мен інісі Икенің арасындағы даудың арты өршіп, оны бірнеше рет Шәкәрім бітістіргенін, ол кезінде газетке шығып, дау болғанын, кейін оның арты С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» романына іліккенін, 1918 жылы жолдасы қайтыс болып жалғыз бала Шотаймен қалғанын, жоқтауы жақсы болып Мұхтардың жазып алғысы келгенін, оны қайын атасы бергізбегенін, қаралы күйінің 5 жылға созылғанын, баласы Шотай шешектен қайтқан соң екінші рет тұрмысқа шыққанын айтады. 1934 жылы Алматыға келгенде Мұхтармен кездескенін, өзінің тағдырына қатысты «Қаралы сұлу» деген әңгіме жазғанын, оның көркемдік шешімі шындыққа жанасатынын әңгімелеп береді. Алайда Мұхтардың «өткен күнді мақтау, идеялизациялау» деп сынағаннан кейін 1960 жылғы екінші нұсқа мен алғашқы нұсқа арасында болған айтарлықтай өзгерістер жөнінде ғалым: «...Сондықтан да ісі ілхамды идеясынан бас тарта отырып, Қаракөзді Болат шалдың ырқына көндіреді. Бұл өзін-өзі ақтай әрі батыс әдебиетінің ұшқыны түскен сенімді көркемдік шешім болып шығады», – дейді (326-б.). 1987 жылы 17 желтоқсанда «Қаралы сұлудың» прототипі Мәден Түсіпбаева 90 жасында қайтыс болады, ал шығарма жазылғанда 32-ақ жаста екен. Образдың ішкі психологиялық ықпалы мен көркемдік шешім шынайы шындықпен шебер үндескендіктен солақай сын, тағылған мін, шығарылған үкім көп болғанымен автор Қаракөзді таза, идеалды әйел бейнесінде алып қалды.

Расында Ленинград университетіндегі оқуын үздіріп, Семей-

ге шақыртып алған Қазақ оқу-ағарту комиссаритатының 1922 жылғы бұйрығы Мұхтар үшін жеміссіз емес еді. 1925 жылы Семейде «Таң» журналын шығарған М.Әуезов «Кінәмшіл бойжеткен», «Бүркіт аңшылығының суреттері», «Барымта», «Жетім», «Ескілік көлеңкесінде», «Қаралы сұлу» әңгімелерін жазды. Мұхтардың жеке басының мұң-наласын, қуаныш-ренішін жыр ғып төккен атақты «Қаракөзді» де сол қыста жазды.

Мұхтардың қазақ халқының рухани өмірінің бәрінде көшбасшылық көрсеткені мәлім. 1926 жылы қазақтың тұңғыш театрын құру үшін Қажымұқан Мұңайтпасов, Майра Уәли қызы, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Елубай Өмірзақов, Құрманбек Жандарбеков іспетті сақараға аты шыққан өнерпаздар Қызылордаға шақырылып, 12 қаңтарда Кошке Кеменгеровтың «Алтын сақинасы», 13 қаңтар күні Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебегі» ойналып, театр шымылдығы ашылады. Алайда, 1925 жылдың 9-шы желтоқсанында, яғни Мұхтар Ленинградта жүргенде артистер мен спектакльдің жай-күйін білу үшін үкімет комиссиясының ресми емес қабылдауы бойынша «Еңлік-Кебек» сахналанған. Сол алғашқы қойылым хақында «Еңбекші қазақтың» 10 желтоқсандағы санында мақала да жарияланған.

«Кімді іздеп өмір сүрем...» немесе «Қарагөз» қалай жазылды?» деген тарауда тағдыр мен тауқыметтің, ойы екіге жарылған жанның ақыл азабы мен пікір қайшылықтары, сезім қақтығыстары сел болып аққан мұндай мехнаты мол шығарма М.Әуезовте тегінде осы «Қарагөз» болса керек. Жазушының сол кезеңдері бастан кешкен жеке тағдырындағы қайшылыққа толы оқиғалар, екеуін де өзі ұната отырып, ұзамай ажырасқан Райхан мен Кәмила тағдырларының, оларға деген алғашқы махаббат сезімдерінің машақаты, жүрекке түскен жүктер, азапқа салған сезімдер сергелдендері, жан тебіреністері осы туындысы, оның бас кейіпкері Сырым бейнесі арқылы жастыққа тән қайсарлықпен, жалтақсыз жазылғанымен иесін жазықсыз жалаға ұрындыруға себепкер де болады. Тіпті, зерттеушінің айтуынша: «...Ие, Мұхтардың есімін «әдебиеттен сызып тастауды» талап еттірген де осы «Қаракөз». Бұл Мұхтарға жасалған алғашқы шабуыл, бірінші атылған оқ» (332-б.). 1928 жылы пролетариат сыншыларының басын біріктірген – «Құс жолы» жинағы жарияланып, ондағы басты мақсат – таза кедейшіл және байшыл әдебиеттердің аражігін ажырату болады. Міне, осындағы әлеуметшіл сыншылар, атап айтқанда

Жұмабай Орманбайұлы М.Әуезовтің «Қаракөзіндегі» әрбір сөйлемнің астарынан бөтен сыр, бөгде емеурін іздеп, жіліктей жұлмалап, келе-ке-келемежге айналдырады. Алайда, қанша сынға ұшыраса да бұл шығарма суреткердің сол кезеңдегі мұң-шері, тағдыр тауқыметі, жан азабы, екі оттың ортасындағы жанталасы болатын. Өзі сүйіп қосылған Кәмиладан мәңгілікке саналы түрде ажырасу мен алдағы мәңгілік махаббатқа – Ленинградтағы ғашығы – Валентина Николаевнаға бір-жола бет бұруы алдындағы ар арпалысы, сезім сергелдеңдері шынайы шығармашылық шабыттың табиғатын танытады. Өлкей Марғұлан мен Кәмила «Қарагөзді» оқығанда «күйіп-жанған Сырымнан Мұхтардың» өзін таныған, таныған да өзгерісті сезіп, суынған. Суреткер де мазасын алған махаббат машақатынан қағазға «Қаракөзді» түсіру арқылы сергіген. Көпшілік біле бермейтін бір факт – Мұхтар Әуезовтің Тұрағұлға хат жазып, кешірім сұрауы: «Кәмеш екі рет жүкті болса да өлі туды. Маған ұрпақ керек» (343-б.). Осы хатты оқып, Өлкей Марғұланға айтқан Кәмиланың сөзі де жүрек толқытарлық: – «Сонысы да дұрыс шығар. Менен ұрпақ көрмейтіні анық қой. Құр сұлулық-жанға азық бола ма? Жылуы жоқ жүректі қашанғы жүк қылам. Ұзамаспын. Хош, Өлкей», – деді, сабасына түсіп» (343-б.). Және бір жан шошырлық сұмдық оқиға Шәкәрім ақынның ұлы Ғафурдың қызы Кәмиланың немере жеңгесі Ғазизадан естіген әңгімесі қазақы дарақылықтың ең сорақасы екен: Кәмила босанғанда «Абай ұрпағының кіндік шешесі» боламын деп жанталасқан келіншектердің бірі баланың кіндігін қысқа кесіп жібергендіктен, бала қансырап қайтыс болған. Кейін мұны білсе де Кәмеш Мұхтарға айтқызбаған, ешкімге ренжімеген де. Бірақ, осы оқиға Кәмила мен ұлы Мұхтардың тағдырын түбірінен өзгертіп жіберді емес пе?

Әдетте, жазушыны шынайы шығармашылық тұлға ретінде танытатын – бақытсыз балалақ шағы мен жаны мен жүрегін азаптаған махаббат машақаттары екендігін ескерсек, одан арылудың жолы да – шығармашылық екендігі тағы да шындық.

Ғалым А.Байтұрсынов бастаған қазақ зиялыларының жолын кесу 1926-27 жылдары басталғанын, «Аса құпия» белгісі қойылған бір нұсқауда 1927 жылы 14 мамыр күні №88 жарлықпен БКП(б.) қазақ аймақтық комитеті секретариатының шешімі бойынша баспа жоспарынан А.Байтұрсыновтың «Мәдениет тарихын», Т.Шонанов пен А.Байтұрсыновтың «Оқу хрестоматиясын», М.Әуезовтің «Қазақ

әдебиеті тарихы» кітабын алдырып тастайды және мұны барлық оқу-ағарту комиссариаты саласындағы мекемелерге хабарлауды тапсырады» (348-б.).

Одан әрі автор М.Әуезовтің студенттік өмір кезеңдерін Валентина Николаевна мен Әлкей Марғұланның естеліктері арқылы ажарландыра отырып, нақты тарихи деректерді келтіреді. Осындағы ұлы жазушының өміріне қатысты құнды бір мәлімет – «1925 жылдың қыркүйегінен 1927 жылдың мамыр айына дейін Мұхтар Омарханұлы Васильев аралында Әлкей Марғұлан мен семейлік Мұхамед Хабибуллин үшеуі екі бөлмені жалға алып, тұрғандығы жөніндегі қызғылықты факт (354-б.).

Зерттеуші «Қаракөздің» жазылу тарихын, ондағы прототиптік мәселелерді саралай келіп, мүлдем тосын мазмұндауға, тың түрлік ізденістерге барғанын, бір тағдырға төрт түрлі тағдырдың томырын қосып, типтік бейненің үздік үлгісін жасаған тәжірибесін алға тартады. Жеті атаға жетпеген ағалы-қарындастардың бір-біріне ғашықтығы-кейіпкерлердің жан азабын тудырып, күрделі психологиялық шиеленіске ұласады. Адал махаббатты ақтап алуға тырысқан жазушы талабынан таптық астар іздеп, сын садағына ұшырағанымен уақыт сынынан сүрінбей өтті (1932 ж. 10 шілдедегі «Социалистік Қазақстандағы» ашық хат). Бұл туындының шығармашылық тарихы мен кейіпкерлерінің өмірлік деректері жөнінде зерттеуші көптеген құжаттық, деректік дәлелдер келтіреді. «Қаракөздегі» Сырымнан айрылғаннан кейінгі жындану сценасын Құнанбайұлы Халиолла (Халел Т.Ж.) мен (Халелдің әпкесі – Мәкіш Құнанбайдың қарындасы – Тінібайдың әйелі), ал Айғаным (Тінібайдың қызы болғанымен, бәйбішеден туған) өмірде болған тағдырынан алған. Бұлардың да қосылуына екі жақ та қарсы болып, абақтыға жабылғанда Абай ғана ара түскен. Құнанбайдың қарсылығынан қосылмаған Халиолла Омбыда қызба дертінен шейіт болса, қыз ағайындарының қорлығынан ақыл-естен айрылып, қайтыс болады. Міне осы оқиға да «Қаракөзге» өзек болған. Өлер алдында Халел Абайға хат жазыпты. Халелдің бір хатын академик Ә.Марғұлан Ленинград университетінің профессоры Березиннің архивінен тапқан (Т.Ж. – 366-б.).

«Абай жолы» эпопеясындағы Дәрмен-Мәкен арасындағы ғашықтық хикаясының Семей қаласындағы сот процесіндегі үзігі – Халиолла трагедиясынан алынған. Бұл жөніндегі жазушының сөзі Ахат Шәкәрімұлы

Құдайбердиевтің естелігінде айтылған. Әбіш Жиреншин де Халиолла тағдырын жақсы білген. 1896 жылы «Русское богатствода» оқымысты ғалым Г.Н.Потанин Халелдің Омбы, Москва қалаларынан шетел және орыс жазушыларының шығармаларын алып келіп, мазмұнын баяндап беретінін, олар жөніндегі Белинский, Добролюбовтардың пікірлерінен түсініктер беріп отыратынын» жазады (368-б.). Осы ретте зерттеуші: «Тәрбиелі, білімді Халиолла Өскенбаев Шығыс өңіріне тұңғыш рет ағасы Абайдан бұрын орыс әдебиетінің лебін, тынысын, үрдісті үлгісін әкелген», – дей келе, Халиолланың Шоқанның ұстазы Н.Ф.Костылецкийге «Еңлік-Кебек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын, Жиренше шешеннің әңгімелерін айтуын, шығыстанушылар Н.Ядринцев пен Н.Наумовтардың Халиолланың қолжазбаларын жинастырғанын баян етеді (369-б.).

Сондай-ақ, «Қаракөз» бен «Абай жолындағы» «Жайлауда», «Оқапта» атты тарауларда суреттелген Әмір Құдайбердиев пен Үмітей қыздың арасындағы махаббаты, олардың прототиптері жөнінде де көптеген өмірлік фактілер көркем мәтіндегі үзіктермен салыстырыла қарастырылған. Мұндағы маңызды мәліметтер – Кәмиланың Ленинградқа бармағаны, оның «Азия сұлуы» атануының мүмкін еместігі, Кәмила мен Валентина Николаевнаның кездеспегені, 1928 жылы Абай ұрпақтарының бәрі Ташкент, Шымкент жаққа көшкені, 1926 жылы ақпан айында Мұхтар мен Валентинаның заңды түрде тіркелгені, Мәкен Тұрағұлқызының Кәмила туралы естелігінде оның көкжөтелге шалдығып, Мұхтар Ленинградқа кеткенде-ақ іштей қоштасып, жоқтау өлең де шығарғанын, 1927 жылы Абайдың ұлы – Жебірейілден Тұрағұлға хат келгенін, Кәмештен кешірім өтінгені, осы оқиғадан кейін Мұхтардың Абай ауылына он жылдай бара алмағаны, т.б. секілді көптеген тарихи деректер естелік негізінде айтылады (382-б.). Және бір құнды мәлімет, М.Әуезовтің осы ұзақ уақыттан кейін еліне барғандағы көңіл күйі туралы сөзі: «...Мен сол жолы үш адамды қатты жоқтай сағынғанымды аңғардым. Ең алғашқысы – Қасымбек Әуезов. Шіркін Жебеш (Жебірейіл). Кәмештің Ленинградқа кеткенде жылап шығарып салғаны ойыма орала береді. Сол үшеуінің орны, мен үшін толмас өкініш, сағыныш болды» (382-б.), – депті Мәкен Тұрағұлқызына. Осы естелікте Мұхтардың тапсырмасымен Ерзаковичке Ақылбайдың, Майбасардың, Мұхамеджанның әндерін, өлеңдерін жаздырғаны жөнінде де деректер бар. Бұл кейіпкерлер «Абай жолында»

бар. Және тағылымды тәрбиелік бір тарихи дерек: 1945 жылы Абайдың 100 жасқа толу мерекесіне орай Алматыдан келген қонақтарды ақын мұражайына көңілі толмаған Мұхтар онда апармағандығы. Сонда «...Маған бейтаныс емес адам Мұхаңа ентелей келіп:

– Менің әкемді неге Абаймен теңестіріп жазбайсың. Сен жазбасаң-өзім жазам, – деп өрекіп, ауыр-ауыр сөз айтты. Мұхаң түтігіп кетті де:

– Щенок! Пәлі, мынау мені қабамын деп арс-арс етеді. Қап, қапшы, ал!-деді де бұрылып кетті. Содан кейін:

– Мұха, өзін тәртіпке салдырып, шара қолданбайсыз ба? – дегендерге:

– Пәлі, ит қапты деп мен де қапсам, аузымда не қасиет қалады, – деп жауап берді» (Мәкен апайдың естелігінен. 384-б.). Осы үзіндінің өзі көп адамға үлгі болмақ.

Иә, асылды жасыта алмайсың. Ұлының ұлылығы-жұмбақ құбылыстарының молдығында. Сол тылсым сырдың бір ұшығын Кәмила Мағауия қызының бейнесіне алып келеді. Ауыр үкімді ер-азаматтай тік көтеріп, туған-туыстарына өлер алдында: «Мен десеңдер, аруағым риза болсын десеңдер Мұхтарды ренжітпеңдер, сыртқа теппеңдер. Сыйлап өтіндер», – деп өсиет айтар ма еді. Сонау Ленинградта ой соқты күйде жүрген Мұхтарға өлеңмен хат жолдапты. Т.Жұртбаев осы жырды Кәмештің құрбысы Күлән Құндызбаевадан жазып алыпты:

«Сәлемет, сау ма денің өмірлесім
Қосылған махаббатпен көңілдесім.
Сағынып жүргенімде кеттің алыс,
Жүреміз өмір ғылып бұның несін.

Тілегім, бар қызығым ауды саған,
Бір сөзің жүрегіме тиді жаман.
«Жолыңа жаным құрбан» деген қалқам,
Көрісер ме екенбіз есен-аман.

Зырқырап басқызбайды аяғым-ай,
Жүрер ме ем зыр жүгіріп баяғыдай.
Қайғымен құсаланып ғашық көңіл,
Уайыммен өтеді-ау заманым-ай».

Кәмиланы Мұхтар Ақшоқыдан ұрлап алдырғанда, Шыңғыстың ішіндегі үңгірге «мамайлардан» қорқып, бірге жасырынып жүрген немере сіңлісі Қауаш Әлімқұлқызы да біраз өлең шумақтарын білетін болып шықты.

Бұл 1927 жылы Кәмеш пен Мұхтар ажырасқанда шығарған өлеңі екен:

«...Көзінің сағынамын қарағанын,
Жүрекке махаббат боп тарағанын.
Отырам күндіз-түні қапаланып,
Өмірімді ауру қылып жараладың
Ей, жарым, жаным сүйген көңілім құлап,
Хат жаздым рахметіңнен етіп талап.
Демесең қор етейін мен ғарышты,
Жауап бер шын көңіліңмен ойың балап».

Мұхтарды уайымдап, дертті болған Кәмеш 1932 жылы қайтыс болыпты. Зере, Мағрипа деген екі қызы да жастай қайтқан.

Осы тарауда Кәмиланың техникумға түскені, бірақ 1928 жылы Абай ұрпақтары компискеленіп, жер аударылғанда оқуын үзіп алғаны, Мұхтарды күндеушілер 1925 жылдан бастап Кәмиланың атына әртүрлі ғайбат сөздер жазылған жеделхаттар, хаттар жолдап, әбден зықысын шығарғаны жөніндегі жайсыз деректер де бар (387-б.).

Зерттеуші бәйгеге түскен 30 кітап қаралмай қалып, Мұхтардың «Қаракөзі» жүлде алғаны, алайда оның соңы екі жыл темір тордың ішінде отыруына себепкер болғанын айта келіп, тарау соңында Валентина Николаевнаның Ленинградтағы өмірі туралы естелігін келтіреді.

Ал, «Тұқымын сезген...жүзіқара!» деген тарауында автор М.Әуезовтің «Көксерек» повесінің жазылу тарихы мен шығармашылық психологиясы, ондағы прототиптер әлемінің көптеген қызықты деректеріне тоқталады. Сан сын мен саясаттың соққысынан санасы сарсып шаршаған суреткер өзінің рухани перзенттерінен («Еңлік-Кебек», «Қаракөз», «Қаралы сұлу», «Қилы заман», «Қараш-Қараш») ықтиярсыз бас тартқанының тағы бірі осы «Көксерек» еді. Адам мен табиғат арасындағы байланыс пен қарама-қайшылық, түсініспеушілік бейнеленген бұл туындыны М.Әуезов 30 жасында, яғни «1928 жылдың желтоқсаны мен 1929 жылдың қаңтар айының алғашқы күндерінде жазып, «Жаңа әдебиет» журналының №2-3-сандарында

жариялаған. Бұл жөніндегі Валентина Николаевнаның естелігі келтіріліп, «феодализмнің ишарасы, өтіп кеткен көшпенді дәуірдің елесі», – деп таңылған кінәлардың бәрі орынсыз екендігін, бұл сюжеттің тууына 1929 жылдың қабырғаға ілетін күнтізбегінде бейнеленген қысқы түн, қар жамылған меңіреу дала, қыстақ оттары, түнде жортқан қасқыр суретінің әсер еткені баяндалады. Бұл естеліктегі жайтты Әуезовтің досы, аудармашы Алексей Пантиелевтің де қостап, жазушы өз әңгімесінде «Көксеректі» Гермашевтің белгілі суретіне қарап жазып едім», – дегенін алға тартады. Және «Қаралы сұлудың» прототипі – Мәден Түсіпбаеваның, Ыбырайдың ұлы композитор Мұрат Ыбыраевтың, Сапарғали Бегалиннің, Әлкей Марғұланның, Ниязбек Алдажаровтың, Ахмет Шикібаев естеліктеріндегі бөлтірік асырап алған екі отбасының да балаларын қасқыр талады деген әңгімелердің өмірде болғаны, Әуезовтің аңшылыққа әуестігі, Аққасқа тазысы туралы көп деректер айтыла келе: «Анығы – аңшы Қасен-Ағзам Әуезов, оның қаладағы қызметте тұратын інісі-Мұхтар Әуезов, Аққасқа тазыны – Әлкей Марғұлан сыйлаған деген пікірдің бір-бірімен ұштасуы-«Көксеректің» өмірлік негізі барлығын дәлелдейді», – деп қорытынды жасайды зерттеуші (418-б.).

2 бөлімдегі «Бесігінді аяла...» деген тарауда: «...1932 жылы 23 көкекте шыққан БК(б) П Орталық Комитетінің «Әдебиет, көркемөнер ұйымдарын қайта құру туралы» қаулысының қабылдануы оның шығармашылық қызметіне де, өмірінің аман-есен сақталып қалуына да бірден-бір шарапатын тигізді», – деген ойды ғалым М.Әуезовтің «Ашық хат» жазып, «қателіктерін» мойындауға мәжбүр болғанын, оның 5 түрлі қателіктерінің ақ-қарасын қазіргі жаңаша көзқарас тұрғысынан қарап, тарихтың әділ бағасын береді. Ашық хатты жазудың астарында күрделі таным тартысы мен тағдыр таңбасының, заман талабының табы жатқандығын, оны да жазуға ақыл берген Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев екендігін, осыдан соң ғана Мұхтардың жаңа өмірі басталғанын, алайда ол да оңай болмағанын, 1932 жылы 20 маусым күні 500 сом айлық жалақысы бар театрдың әдеби қызметкері болып орналасқанын, ал қазақ мал шаруашылығы институтының 1932 жылғы 14 қыркүйектегі №79 бұйрығы бойынша қазақ және орыс тілі (кафедрасының) доценті ретінде жұмысқа қабылданысымен жеке пәтер жалдап, Ленинградтағы әйелі мен қызына хат жолдап, алдыртқанын, Зоя Кедринаның жазушы

отбасы туралы естеліктеріне ерік бере отырып, Мұхтар мен Илияс Жансүгіровтың таныстығының тарихы туралы тағылымды әңгіме өрбітеді.

Талай қырғынды бастан кешкен Жетісудағы бүліншілік туралы «Октябрь үшін» атты пьесасын Дмитрий Фурмановтың 1925 жылы жазылған «Бүліншілік» атты деректі романымен салыстыра отырып, тарихи шындықтың түптөркінін, Әуезов шығармасындағы жергілікті ұлт өкілдерінің жеке-жеке әдеби образ дәрежесінде бейнеленгенін және сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік оқиғаны терең білетіндігі (Губерниялық революциялық комитеттің Төтенше Комиссиясы Мұхтар Әуезовке 1921 жылғы қанды бүліншілікті басып, себебі мен зардабын анықтап, сол жылғы Қоянды жәрмеңкесінде өтуге тиісті Қазақ автономиясының бір жылдық тойын ұйымдастырып қайтуды тапсырған болатын), ұлт араздығын қоздырып, қызыл әскер арасынан шыққан бүліктің патша әкімшілігінің сұрқия саясатының салдары екендігін тексеру барысында көзі жеткен жазушының оқиға желісін көркемдікпен кестелеуге молынан мүмкіндік бергендігін мәтіндегі өмірлік деректерді алға тарта отырып, талдайды.

Екі шығармадағы тарихи шындықтың қаламгер қиялдарында қалай құбылып, көркемдікпен ойната білу шеберліктеріне сүйсінген автор: «Әуезовтің шығармашылық лабораториясын, ақыл-ой жүйесін, неге көркем қиялға ерік бермей, тарихи деректерді дәлмедәл қолдануын түсіну мүмкін еместігін» (468-б.) және «Октябрь үшіннен» кейін Мұхтардың алдындағы тосқауылдың барлығы ашылып, талант қуаты еселей өсіп, ерекше бір ағыспен екпін алды» (469-б.), – деп қорытынды жасайды.

Т.Жұртбаев осы еңбектерінде ұлы суреткердің әрбір жылындағы күйініштер мен сүйініштерді, жеңістер мен жеңілістерді шығармашылық психология арқылы зерделей келе, жеке туындыларының жазылу тарихтарына, зертханалық ерекшеліктеріне, ең бастысы адами қасиеттерінің қанша қиыншылық көрсе де мұқалмай, өзінің ақыл-ой, парасат пайымы дәрежесінен еш төмендемегеніне тәнтілік танытады.

Түрмеден шыққан Мұхтарға рухани жанашырлары, пікірлестері А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардан айрылу оңай соқпағанын, алайда сол кездегі Қаз АПП-тың лидері болған Сәбит Мұқановтың достық көңіл бөлуі, 1933 жылы 21 ақпанда

Мұхтарға, 1931 жылы қарашаның екісі күні М.Горький мен оның әйелі Пешкованың көмегімен түрмеден босанған Мағжанға хаттар жазуы – сол кезеңдегі саяси, әдеби ортаның ақтандақ беттерінен толық хабар береді. М.Әуезовке 3 рет хат жазған С.Мұқановтың хаттары екі ұлы тұлғаның арасындағы дәлелді-дәлелсіз айтылып жүрген талай қауесетті анықтауға себеп болары сөзсіз. Осы мақсатта Т.Жұртбаев хат мәтінін толық келтіреді (471-475 бб.). Кейін де «Ескінің көлеңкесі» жинағының беташары ретінде мақала жазған С.Мұқановтың азаматтық ерлігі (541-б.) де тарихи шындықпен байланыстырылып айтылады.

Зерттеуші алғашында «1916 жыл», одан кейін «Қанат қақты», ең соңында «Түнгі сарын» деп аталған шығармасы 1933 жылы жазылғанымен 1935 жылы, 5 қаңтарда ғана сахналанғанын, алғашқы мен соңғы нұсқаларының арасында біраз айырмашылықтар бар екендігін, режиссер Юрий Рутковскийдің өтініші бойынша тарихи оқиғаның маңызын анықтайтын кіріспе толғау керек деген өтінішіне орай оның жазылғанын, бірақ бұл прологтың еш басылымда жоқтығын, оны оқыған актер Қапан Бадыровтың есінде қалғанын, ол мәтін толық берілген (480-481 бб.). 1916 жылғы көтеріліс баяндалған бұл пьесаның бас кейіпкері – Жүзтайлақ образы қазақ әдебиетінде бұрын-соңды кездеспеген соны бейне. Ол жөнінде автор: «Өзі өмірдегі прототипін көзімен көріп, сырына қанықтығынан ба, Жүзтайлақтың әр мінезі характерімен үндесіп, еркін есіліп отырады. Шығарманы жазуға түрткі салған әуелгі ұйтқы сол әйелдің оқшау, оғаш, оқыс қылықтары болып, ал қалған кейіпкерлер соның образын ашуға қызмет еткендіктен бе, өзге қаһармандар Жүзтайлақтың қасында көмескі тартады», – дей келе, естеліктер арқылы бұл бейненің өмірдегі тарихына, шығармашылық психология мәселесіне кеңінен тоқталады (481 б.). Бөріліге көрші ауылдың көпесі, қазақ даласында алғашқылардың бірі болып дүкен ашқан Қаражанның ағасы Аймағамбет Үкібаевтың 100 аппақ тайлақ беріп алған әйелінің шын аты Бибіш емес, Бәтіш екен. Бұл әйел төңірегіндегі аңыз әңгімелерге қанық, шежіре қарт Қабыш Керімқұлов, Ысқақ Дүйсенбаев, Уәсила Мағауияқызының ұлы Шаймерден Ғалиев, Сейтқали Қарамендин мен ғалым Есенгелді Жакыпов естеліктері молынан келтірілген.

Осы «Түнгі сарынмен» бір дәптерге тіркесе «Тұман айығарда» атты романның екі түрлі көлемді жоспары күлгін сиямен араб әрпінде хатқа түсіріліпті. «Болашақ роман планы» деп белгіленген 1-ші нұсқаның

өзі 10 тараудан және екі қосымшадан тұрады: «Мұнда шығарманың жалпы қаңқасы, ішінара айтылатын диалогтар, негізгі тартыстың себептері қысқа-қысқа қайрылып, кісі, жер аттары, табиғат суреттері, жыл маусымдары көрсетіледі. Ара-арасында «Бұл құмарлық тарихы», «бұл кооператив тарихы», «сот тарихы», «Құлке тарихы», «бұл ауыл тарихы», «құс салу...ит қосып қасқыр алу... ел қызығына масаюы», «Жортар тарихы» іспетті тек жазушының өзіне белгілі жайларға сілтеме жасалады. Романның сюжет желісін: «Сейіл ауылға келеді. Қарсы алу», «Сыртта. Тау сыртында. Ел іші жік», «Сот пен Наурызбай ауылында кезең жүретін уақиғалар», «Қанпескеге қарсы келеді», «Содан қаладағы оқиғалармен байланысын пайдаланып кредит әпертіп, гидротехник шығартады» деп түсініктеме беріледі де, содан кейін оқиғаның қалай өрбитінін баяндайды» (490-б.). Жазушының шығармашылық лабораториясының небір тылсым құпияларынан, өзіне тән жұмыс стилінен мол мағлұмат беретін бұл тәсілдердің тағылымды тәрбиелік мәні де зор. Кез-келген шығармасына осылай жоспар жасап, жан-жақты дайындық жүргізетін Әуезовтің әдісі қаламгерлерге үздік үлгі, тағылым болса керек. Бас кейіпкер – Сейіл-жазушының төңкерістен кейінгі қандай жолды таңдарын білмей сергелдеңге түскен интеллигенция өкілінің тауқиметті тағдырын суреттеуге арналған бұл шығармасынан да автобиографиялық сипат сезіледі. Және 28 тараудан құралған «План» деген белгі қойылған екінші нұсқа мәтіні жазушының шын мәніндегі жанкешті еңбекқор, өз ісіне аса жауапкершілікпен қарайтынын, тіпті аяқталмай қалған шикі материалдың өзі шығармашылық шеберліктің мектебіндей мол қазына. М.Әуезовтің шығармашылық зертхана құпияларын зерттеймін деген кісіге таптырмас қазына. Түпкілікті жазылып, жарияланбаса да жазушы жоспары жүзеге аспаса да өзі ойлаған арманын жобалап болса да қағазға түсіріп кеткенінің өзі олжа.

Алайда, ойға алынған бұл оқиға, яғни романға сюжеттік желі болған Бақанастағы тоған тарихы, кеңестік колхоз тіршілігі «Үш күн» (Социалды Қазақстан», 1934. 7-10 қараша) атты әңгімесіне өзек болғанын, кейін оны жергілікті жұрт «Мұхтар каналы» деп атағанын әнші, клоун Қабыш Кәрімқұловтың, Ахмет Әуезов естеліктерімен нақтыланып, тарихи шындық нанымды баяндалады. Сол кезеңде үкімет басына Л.И.Мирзоянның келуі – бір-біріне үрке қарап, бірі-ге алмай жүрген ұлт зиялыларының шығармашылық күш-қуатын

бір мақсатқа жұмсауына мүмкіндік жасайды. Айталық, «театрдан шеттетіліп Қырғызстанда жүрген Жұмат Шанинді, Риддердегі Манарбек Ержановты, «Шеңгелдіде» шеңгел шауып жүрген Қалыбек Қуанышбаевты, «көпес қызы» Шараны, «сенімсіз таптың өкіліне үйленген» Құрманбекті, Үрия Тұрдықұлованы кері шақыртып: «Жаңа тарихтың бетін ашындар», – деп үн тастауы шынында да төл мәдениетіміз бен әдебиетіміздің, өнеріміздің өркендеуіне жол ашады (509-б.). Соның нәтижесінде тұңғыш музыкалы спектакль – «Айман-Шолпанды» М.Әуезов жазып, музыкасын И.В.Коцык құрастырып, Ж.Шанин 1934 жылы 13 қаңтар күні сахнаға шығарады. Спектакльдің сәтті шыққанын Қанабек Байсейітовтің мына естелігі растайды: «Жұрттың ынтығуын айтып жеткізу қиын. Күнде қоямыз. Тіпті дем алмадық. Содан он бесінші майға дейінгі аралықта «Айман-Шолпанды» жүз рет қойыппыз. Дәл осындай табысты өткен спектакль дүниеде бола бермес...» (514-б.).

Зерттеуші осы еңбегінде М.Әуезовке қатысты тағы бір құнды деректі Қапан Бадыровтың естелігі арқылы береді: «Бірде Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің былай дегені есімде:

– Өлкелік партия комитетінде істейтінмін. Бірінші хатшы Л.И.Мирзоян мені шақырып алып:

– Театр Н.В.Гогольдің «Ревизорын» қоймақшы, сен қалай ойлайсың, күші жете ме, аударатын кім? – деген сұрақтар қойды.

– Он жылдай шығармашылық өмір сүрген коллектив қой, жаңа режиссурасы бар, ...коллектив игеретін болар. Ал, «Ревизорға» өз шамам жетпейді. Оны аударатын бір ғана адам бар, ол – Мұхтар Әуезов. Басқаның қолынан келе бермейді. Бірақ ол кісінің артынан ерген сөз көп, түрлі қарсы пікірлер де жоқ емес, дегенімде, Мирзоян: – Өткен істі еске түсіріп, жаңғыртудың қажеті жоқ. Бізге жұмыс істейтін адам керек. Қазақ әдебиеті мен мәдениетін көтеретін күш керек. Егер қолынан іс келеді деп өзің сенсең, «Ревизорды» аударсын, Әуезовке тапсыр. Бұл ұсынысыңды мен қолдаймын. Әуезов туралы көлденең сөз болса, кезінде көрерміз, – деді. Мен Мұхтарға толық сеніп, оның аударуын сұрадым. Хатшыға үлкен алғысымды айттым», – дегені есімде» (550-б.), – деп куәлік береді». Шынында да бұл сенімді абыройлы ақтап, Н.В.Гогольдің «Ревизорын» жоғары кәсіби деңгейде аударған М.Әуезовтің нұсқасы қазақ драма театрының өміріндегі тарихи белес ретінде бағаланғаны белгілі.

М.Әуезов өмірінде күнделік жазбаған тек жол сапарларында ғана блокнотқа көңіл күйлерін, ойларын түсіріп отырған екен.

Жазушы жазбаларындағы жұмбақ сырлар, әрбір туындының тарихы мен кейіпкерлер тағдыры, осы күнге дейін оқырманға беймәлім келген өмірлік деректер, құнды. Зерттеуші ғалым Тұрсын Жұртбаевтың еңбегінің маңызын арттырып тұрғаны анық. Сондықтан біз де мүмкіндігінше мұрағаттық мәліметтерге молынан орын беруге тырыстық.

Ж.ДӘДЕБАЕВ ЖӘНЕ М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Әдебиетші ғалым Жанғара Дәдебаевтың «Жазушы еңбегі» (Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 340 б.) және «Мұхтар Әуезов» атты шағын кітабында М.Әуезовтің қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет шығармашылық тұлға туралы тарихи кең көлемді туынды жазуын ұлттық сөз өнеріндегі үлкен көркемдік құбылыс екендігін, мұнда жазушы суреткерлігі мен ғалымдығының ерекше үйлесім тауып, үлкен шығармашылық рөл атқарғанын атап көрсетеді. Қазіргі әдеби үрдісті әлемдік әдебиеттегі көркемдік контекстегі құбылыстармен салыстыра зерттеуді де автор ұмытпаған. М.Әуезовтің Абай Құнанбаев секілді дара дарынның шығармашылық тұлғасын танып, танытудағы талпыныстарын, көркемдік табыстарын зерделейді.

Ж.Дәдебаевтың «Сенің сүйікті жазушың» деген серия бойынша жарияланған «Мұхтар Әуезов» (Алматы: Рауан, 1997. – 124 б.) атты кітапта классик жазушының шығармашылық зертханасы мен суреткерлік шеберлігі нақты әдеби деректер бойынша талданған. Әрбір туындыға керекті материалдарды жинау, өңдеу, жүйелеу, оның жазылу, зерттелу тарихы секілді үздіксіз жүріп отыратын шығармашылық процесті жазушының жеке мұрағатындағы құжаттар мен өзге де архивтік материалдар негізінде қарастырған зерттеуші бұл мәселені үлкен үйрену мектебі ретінде қарастырады: «...Суреткердің сөз қозғап, ой толғау үлгісінен бастап, әлемдік проблемаларды көркемдікпен шешу тәсілдеріне дейінгі аралықтағы тәжірибесін, өнегесін үйрену – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің қай буыны, қандай өкілдері үшін де әрі қиын, әрі жемісті, игілікті міндет. М.Әуезовтің шығармашылық мұрасы, поэтикалық әлемі, көркемдік

дәстүрлері қазіргі қазақ әдебиетінің даму, ілгерілеу жолын анықтап, белгілеудің, сонымен қатар қазақ әдебиетінің бүгінгі күні жеткен биігі, асқан асуының да дәл және айрықша өлшемі бола алады» (5-б.). Бұл бүгінгі зерттеушінің көзқарасымен берілген баға.

Ұлы жазушының шығармашылық мұрасының бүгінгі рухани өміріндегі маңызы мен ұлт әдебиетінің әлемдік деңгейге жетуіндегі жетістіктерін, қазақ прозасының көркемдік-эстетикалық құндылық, кәсіби шеберлік, философиялық тереңдік, психоаналитикалық талдау сынды әдеби әдістемелік тәсілдерімен толығына үлкен әсер еткенін академик ғалымдардың З.Ахметов, З.Қабдолов, С.Қирабаевтардың пікірлерімен нақтылап, өз тұжырымдарымен толықтырады.

Қолына қалам ұстаған қаршадай кезінен бастап өз ұлтының тағдырын, тарихын, келешегін, тәуелсіздігін, рухани азаттығын аңсаған ұлы мұраттар жолында жанкешті еңбек, халықтың сана-сезімін оятуға өзінің білімдарлығымен, ұлтжандылығымен орасан зор ықпал еткен жазушының шығармашылық өмірбаянын өз талдауларына өзек етеді. Қаламгердің қай шығармасы болмасын ұлт қамы мен халық тағдыры, ондағы ұлт азаттық қозғалыс мәселелері, тарихи ірі оқиғалар жайы, тарихи және шығармашылық тұлғалар тағдыры мен тағылымы барысындағы еліміздің дәстүрлі дүниетанымы кітаптың 4 тарауы бойында талданады. Айталық, бірінші тарауда жазушы шығармаларының өмірлік негізі, тамыр тартқан тереңі сөз болса, екінші тарауында қаламгердің өмір құбылыстарын сұрыптап, саралауы мен жинақтау өнерін пайымдауға арналады. Үшінші тарауда типтік характер жасау шеберлігінің кейбір жаңа қырлары әңгімеленсе, төртінші тарауда көркемдік дәстүр жалғастығы сөз болады.

«Әдеби шығарма және өмір шындығы» атты алғашқы тарауда жазушы шығармаларының өмірлік негізін құрайтын материалдар сипаты: «а) тарихи, ә) этнографиялық, б.) халық ауыз әдебиетінің в) әдеби материалдар» деп салаланып, жүйеленеді. Өзінің зерттеу нысанын осылай анықтап алған ғалым Ж.Дәдебаев жазушының шығармашылық зертханасының көп қатпарлы, алуан сырлы қырлары мен ерекшеліктерін, бүгінге дейін беймәлім болып келген беттерін анықтауды ниеттейді. Осы орайда жазушы мұрағатындағы қолжазбалардағы құнды ой-пікірлеріне, шығармаға керекті тарихи

деректерді, материалдарды жинаудағы тәжірибелеріне тоқталады. Бір ғана «Абай жолы» роман-эпопеясына қатысты 20 жылға жуық жинаған деректерінің көптігі соншалық 4 кітап жарық көргеннен кейін де Абайдың балалық және жастық шағы туралы тағы бір кітап жазуға жетерлік мол мұраның барлығы, олардың да тарих үшін де әдеби кейіпкер өміріне, шығармашылық тұлғасына қатысты құнды мәліметтер екендігін ескере отырып, М.Әуезовтің нақты тарихи оқиғаларға құрылған «Қилы заман», «Қараш-қараш оқиғасы» секілді шығармаларына да дерек жинаудағы меҳнаты мол ізденісті, жанкешті еңбекқорлықты ұғындырады. Өмірлік шындықтың көркемдік шындыққа ұласудағы ұзақ іздену процесінің соншалықты қиын да жауапты екендігін, тарих пен адамдар бейнесін шынайы сомдаудағы шеберлік сырларын бай тәжірибесін қазіргі қаламгерлерге үздік үлгі, өмірі өшпес өнердегі өнеге ретінде ұсынады. Және бұл жайтта көбіне жазушының өз сөзіне сүйене отырып, ой толғайды. 1950 жылы жарияланған Абай өмірбаянындағы мәліметтердің алдын ала жасалған жоспар бойынша жиналып, жүйеленгенін, сол бойынша эпопеяның сюжеттік желісі құрылып, композициялық және поэтикалық құрылымы жасалғанын, ол өмір деректерінің кейіпкерлер тағдыры мен бейнесін сомдап, характерін ашуда, туындының көркемдік-эстетикалық құндылығын танытуда таптырмас мәліметтер болғанын мәлімдейді. Тарихи деректер шығармадағы оқиғалар мен әрбір эпизодтар арасында мағыналық, өмірлік алшақтықтың жоқтығын бірнеше мысалдар келтіре отырып, дәйектейді. Мысалы, «Абай жолындағы» Бөжейдің қаралы көшіндегі этнографиялық көріністердің осы сала мамандары Н.Ф.Катанов, А.Диваев, Қ.Халидұлының зерттеу еңбектеріндегі тарихи этнографиялық деректермен сәйкестігіне дәлелді пікірлер келтіреді: «...Соған орай, қаралы көш жайына келгенде, М.Әуезовке тарихи-этнографиялық деректер кейіпкер образын сомдап, характер табиғатын жете даралауға, сөйтіп оның шындығын тереңнен танытуға мүмкіншілік береді. Тарихи-этнографиялық дерек характер жасаудың, оның ерекшелігін айқындаудың басты құралына айналады. Осы жайды романдағы аңшылыққа қатысты эпизодтардан (бөлімдерден) да байқауға болады» (27-б.). Зерттеуші М.Әуезовтің шығармаларында көп кездесетін халқымыздың салт-дәстүріне, ұлттық тұрмыс-тіршілігіне тән тарихи-этнографиялық деректерді

көркемдік шындыққа айналдыру процесінде неше алуан суреткерлік тәсілдерді қолданатынын, соның нәтижесінде қазақ халқының бір ғасырлық өмір тарихы мен тіршілік тынысы, ұлттық этнографияның энциклопедиясы, көркем құндылық, бүтін бір кезеңдік өмір мен өнер шежіресі жасалғанына жоғары баға береді.

«Өмір шындығы және жазушының шығармашылық еркіндігі» деген тарауда «жазушының өмірлік материалды сұрыптап, жүйелеп пайдаланудағы әдеби-эстетикалық талғамы мен таланты неғұрлым жоғары болған сайын, оның өмір шындығын көркемдікпен жинақтап, игеруі де соғұрлым күрделі, көп сатылы, алуан салалы болатынын», талдай келе шығармашылық зертхананың неше алуан сырларына, жеке тәжірибесінің тағылымына тоқталады (35-б.). «Абай жолы» роман-эпопеясындағы әйгілі Қодар өліміне қатысты оқиғаның ақиқатына жету жолында дерек жинау мен оны жазу, тіпті жарияланып қойған соң да бірнеше нұсқадағы ізденістерін, оған қатысты бүкіл тарих, мұрағаттық деректер мен сол кезең адамдарының мәлімдеуі бойынша жиналған материалдардың түптөркінін тексеру жолындағы тынымсыз еңбегін: «Сөйтіп, өмірде болды деген және болған оқиғалардың басты мағыналық бөліктерін өзара тығыз байланыста, сабақтастықта алып қарап, оларды тұтастандырып, даралап тұрған жүйені, ақылдан, парасаттан бастау алған дәлел мен дәйекті құбылыстың ақиқат мәнін шынайы танытатын өзекті желіні асқан білімпаз, сергек зердемен ұғынады» (36-б.), – деп суреткердің жоғары талғамын, шығармашылық еркіндігінің нақты нәтижелерін көрсетеді.

Роман-эпопеядағы әрбір эпизодтың тарихы өмір мен көркем шындық арасындағы ақиқат барысында тарихи құжаттар негізінде нақтыланып, салыстырыла зерттелген. Ғалым әйгілі философ-психолог Ипполит Тэннің «Разуме» (1870): «...каждый живописец, поэт или романист с исключительным ясновидением» деген сөзіне сүйеніп, Мұхтар Әуезовті әулие-көріпкел кейпінде көріп, оның шығармашылық қиял мен қаламгерлік қабілетінің, образбен ойлау жүйесінің байлығын жеке тұлғалық қасиеті деп таниды.

Шығармашылық зертхана, шығармашылық еркіндік, шығармашылық қиял, т.б. сынды әдеби ұғымдар төңірегінде көптеген көркем мәтін мен мұрағат мәліметтерін өзара сабақтастыра сөз саптаған Ж.Дәдебаев кезінде шығармаға айтылған әдеби көркем сын талап-

тарына сай «қажет, орынды» деп тапқан көркемдік шешімдеріне өзгертулер енгізгенін, әсіресе «Ақын ағадан» «Абай жолына» дейінгі жасалған өзгертулер мен толықтырулардың жалпы көлемі 8 баспа табақ болғанын, кеңестік идеология талаптарының салдарынан олардың көбі амалсыз жасалғанын, олардың қаншалықты қиянат әкелгенін немесе оңды болғанын зерттеу әлі де өз зерттеушісін күтуде екендігін былайша: «Бұл өзгертулер мен толықтырулар үстінде жазушы қандай мақсат көздеді, қандай көркемдік-эстетикалық табыстарға жетті, осылардың бәрінен жазушының шығармашылық ойлауының сипаты қалай танылады...», – деген сауалдарына жауап іздей отырып, мұндай ғылыми және практикалық маңызы жоғары шығармашылық, зертханалық тағылымы мол тәжірибенің қазақ әдебиеттануында әлі терең игерілмеген тың тақырып деген ойды ескертеді (51-б.).

Зерттеуші бүгінгі күннің тәуелсіз ғылыми және саяси талабы тұрғысынан кезінде жазушының шығармашылық еркіндігіне қойылған шектеудің, үзілді-кесілді, ешбір ғылыми негізсіз айтылған сыни ескертулердің есепсіз көп болғанына мән береді. Алайда, суреткердің ондай орынсыз талапты өзінің кәсіби шеберлігіне сай құбылтып, астарлай айшықтап, жалпы шығарманың көркемдік-идеялық сапасына көлеңке түсірмейтіндей етіп өңдеген өткірлігі мен білімдарлығына тәнтілік танытады (56-б.).

«Жазушының шығармашылық еркіндігі және характер шынайылығы» деген тарауда өмірде болған оқиғаларды суреткерлік шеберлікпен жинақтау, жүйелеу, қиялдау шеберлігі мәселесін жалғастыра отырып, мұнда шығармашылық өнердің басты ерекшеліктерін белгілейтін кейіпкер характерінің шынайылығы мен іс-әрекетінің нанымдылығы сөз болады.

Әдебиеттанушы ғалым М.Әуезовтің адам характерінің шындығын суреттеуде психологиялық талдаудың тәсілдерін шебер пайдаланатынын, портрет, көркемдік деталь, монолог, диалог, уақыт пен кеңістік секілді компоненттерге үлкен көркемдік жүк артатынын мәтіндегі мысалдар арқылы айғақтайды.

«Характер шынайылығы және көркемдік дәстүр жалғастығы» деген тарауда М.Әуезовтің өзіне дейінгі бүкіл әлемдік сөз өнерінің үздік үлгілерінен өнеге алғандығын, көркемдік дәстүр мен жаңашылдық категорияларына қатысты құнды тәжірибелерді терең игергендігін,

соның нәтижесінде шығармаларындағы көркемдік әлемді үнемі байытып отырғандығын айта келіп, оған жазушының өз сөзін куә етеді: «...мені оқығандарымның бәрі бірдей қанағаттандырған жоқ, бірін ұнатсам, бірін ұнатпадым. Бірақ екеуінің де пайдасы болды, екеуінен де үйрендім, бірінен қалай жазу керектігін, бірінен қалай жазбау керектігін үйрендім» (54-б.). Зерттеуші жазушының «Абай жолын» жазарда жеке шығармашылық тұлға тағдырына арналған әлемдік классиктердің шығармалары мен әке мен бала, екі кезең ұрпақтары арасындағы қарым-қатынас мәселесі туралы толғақты ойлар тудырған туындыларды талмай оқып, тәжірибе жинағанын, А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасындағы Онегин мен Татьяна тағдырын «Абай жолындағы» Абай мен Тоғжан тағдырларымен салыстыру арқылы көптеген әдеби мәселелерді, әсіресе характерлердің шынайылығы төңірегінде талдаулар жүргізеді. Жалпы бұл еңбекте әлем әдебиеті мен М.Әуезовтің шығармашылық мұрасы және қазіргі қазақ әдебиеті аралығындағы көркемдік дәстүр жалғастығы, оның нақты тәжірибедегі тағылымы туралы тереңнен талданып, жан-жақты баяндалады.

«М.Әуезов – алдымен, ұлттық әдебиеттегі құбылыс. Ұлттық әдебиеттің бүкіл дамуы әзірлеген белгілі кезең жемісі. Кең көлемде алғанда, М.Әуезов шығармашылығы да, әрбір ерекше көркемдік құбылыс секілді, «әлемдік әдеби дамудың бір бунағы» болып орнықты», – деп түйін түйген ғалым әдеби шығармашылық өнерді бар жаратылысымен танып, онымен рухани тұтастық тапқан кейінгі суреткерлердің қай-қайсысы да Әуезов мұрасын айналып өте алмайтынына сенімді (112-б.).

М.Әуезов талантына тән суреткерлік ерекшелік – адам өмірін бейнелеудегі нәзік те терең психологизм, лиризм, интеллект биіктігі, тіл құдіреттілігі, әдеби дәстүр мен жаңашылдық, шығармашылық еркіндік, тәжірибесі бай шеберлік зертханасы, тарихи және көркемдік шындық, поэтика, характер табиғаты секілді бүгінгі әдебиеттану ғылымының сүйекті теориялық мәселелері жан-жақты қарастырылған. М.Әуезовтің шығармашылық зертханасында сан қырынан анықталған суреткерлік шеберлігі мен көркемдік әлемінің ерекшелігін арнайы зерттеу келешектегі әдебиеттанушылардың міндеті болса керек.

Т.КӘКІШҰЛЫНЫҢ М. ӘУЕЗОВТІ ТАНУЫ МЕН ТАНЫТУЫ

(Бір мақаладан туған ойлар)

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық жоғары мектептер ғылым академиясының (Қазақстан бөлімі) Құрметті академигі, Еларалық қоғамдық Ш.Айтматов академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар одағының Сәкен Сейфуллин атындағы сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішұлының өзі жазғандай «...Айтысқа түскенде өрекіп кетіп, өз ойын жалаңаштап ашық айтатын мінезімен-ақ осынша марапатқа ие болуы, «қазақтың кара қылды қақ жарған қайраткері» атануы оңайлықпен алынар асу, абырой-атақ емес. Ол үшін тек Тұрсынбек Кәкішұлындай өзін сыйлата білетін, өзін мойындата білетін, ел мүддесі үшін қандай құрбандықтан да тайсалып қалмайтын қаламгер, қайраткер, күрескер болу керек шығар. Әрі десе өмірлік мұраты мен өнерпаздық тақырыбының өзегіне айналған «Ақиқаттар әлемі» әдетте әділетті пікір мен таза көркемдік құндылықтар тұрғысынан талданатын әдеби сын бар да ғана үстемдік алмай ма? Сын секілді жүгі ауыр жанрдың тарихы мен теориясын, әдебиет тарихының әр кезеңіндегі әдеби айтыстар мен дау-дамайлардың себеп-салдарын іздеп, бұл жанрдың қалыптасу, даму сатыларын жүйелей отырып, қазақ әдебиеттануында алғаш рет бас-аяғын бүтіндеп, тұтас зерттеген бірден-бір зерттеуші де – Тұрсынбек Кәкішұлы. Және ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихын, оның сан алуан жанрлық түрлерінің тарихи дәуірлеу кезеңдерін жеке-жеке тақырыптар бойынша зерттейтін өзіндік мектебін қалыптастырған қажымас ұстаз да – Тұрсынбек Кәкішұлы. «Айтысқа түссе өрекіп кететін» кесір мінезі де оның ақиқат десе арқасы бардай, артық сөзге бармайтын, өтірікті өрге басқызбайтын батылдығы зерттеушінің жазған әрбір шығармасынан, оның жазылу стилінен де танылып тұрады. Біз мұны көрнекті ғалымның қазақ әдеби сынының тарихы, ұлттық әдебиеттану ғылымының дәуірлеу мәселелері, ақтаңдақтар мен алаш мұралары, сәбиттану, сәкентану, мұхтартану салаларындағы сүбелі еңбектерінен оқып, білеміз.

Біз Тұрсынбек Кәкішұлының «Сын мен сыншы. Жанр жайлауы» деген оқу құралының 1-кітабына (Алматы: «Қазақ университеті». 2007. – 462 б.) енген «М.Әуезовтің асыл ойлары» атты 3 ғылыми

мақаладан тұратын топтамасындағы мұхтартану мәселелеріне ғана тоқталмақпыз. Оның «1.Кемеңгер ғибраты» деген тараушасында не мәселе болса да төтесінен айтып, турасын сөйлейтін ғалым: «Мұхтар Әуезовті Абайсыз ауызға алу әбес дүние. Өйткені оның кемеңгерлігі, ұлылығы, өміршендігі Абаймен өрістес. Мұнысы ұлының етегіне жармассам ұлы болармын деген бақай есеп, қысыр құлық емес екенін, бар тыныс-тіршілігімен, жан-тәнімен беріле істеген қайраткерлігі екенін тарих куәлендіреді», – деп, алғашқы сөйлемінде-ақ өзінің тоқ етер түйінін ашып айтады. (162-б.). Бұлай тік айтып, тосын түйін жасамаса Тұрсынбек аға бола ма? Оған кейде еріксіз тоқталып, ойланып, таңырқап, әрі тосырқап қаласыз. Шынында да ұлы суреткер туралы осы күнге дейін жазылған сын мақала болсын, мадақтау, марапаттау болсын мынадай «мінезді» мойындау сирек. Шынында да Мұхтардай дара дарынның даланың данагөйі ұлы Абайды зерттеуінің өзі өрістес, өрелес болғандықтан шығар деген ойға еріксіз қаласыз. Талант талантты алыстан танытыны секілді ұлылар да өзара ұғысқанда ғана ұлы дүние туатыны табиғи заңдылық шығар. Бір топыраққа табандары тиіп, тағдыр табыстырған қос талант екі кезеңнің перзенттері болса да бір-бірімен рухани болмыстары тұтасқан тұлғалар-тын. Алты жасында Абайдың алдына барып, өлеңдерін оқып, батасын алған бала Мұхтар ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеймін деп ойлады ма екен? Әрине, жоқ. Алайда, сол Мұхтар Абай мұрасын танып, әдеби, ғылыми негізде зерттеуге бақандай бір бозбаланың жасын – 26 жылды арнаса, ол жөніндегі түрлі жанрда жазылған көркем шығармалар жазуы – 12 жылдың жемісі еді. Және Мұхтар Әуезовтің бір ғана Абай мұрасы айналасындағы зерттеулері мен көркем дүниелерінің өзі бірнеше томдық басылымдарға ұласқаны белгілі. Мәселен, М.Әуезовтің 50 томдық академиялық толық шығармалар жинағының жарыққа шығуы сөз жоқ соның куәсі. Әлі де оған енбей қалған, еңсе де ықшамдалған дүниелер, яғни ұлы ақын жайлы әлі де жарық көрмеген, түрен түспеген Мұхтар мұрасының молдығы тағы мәлім.

Мақала авторы көрнекті ғалым Тұрсынбек Кәкішұлы 1918 жылы «Абай» атты журналда жариялана бастаған алғашқы мақалаларынан басталған Мұхтар Әуезовтің еңбегін: «Осы дәуірден бастап Абай данышпандығының сырына үңілу, оның қадір-қасиетін түсіндіру, насихаттау саласында Мұқаң атқарған істің шетіне шығу

қиын, саны жеткізгісіз ұлан-ғайыр дүние. Осындай жәдігерлікпен еңбек еткен ғұлама Әуезовтің Абайтану ғылымының негізін салып, қазақ әдебиеттануында оңаша отау тіктіруі – мақтанышпен айтатын қайраткерлік», – деп жоғары бағалайды (162-б.). Автор заманынан озық ойлы зерек сөз зергері Әуезов пен ұлы ақын Абайдың Шығыс пен Батыстың классикалық әдебиетінен және ұлттық сөз өнерінің қайнар бұлағынан жүйелі түрде нәр алған, төл әдебиетіміздің көркемдік-эстетикалық дәстүрін қалыптастырған тұлғалар қатарына жатқызады.

Сөйте отырып: «...Ал шындығына келгенде кемеңгерді кемеңгер таныған шақта, олар бір-біріне әсер-ықпал жасаған тұста екеуі ғана жарқырап қоймай, елдің мәртебесі өсіп, шығар төбесі биіктейді екен» (162-б.), – деп ұлылар үндестігі ұлт үстемдігіне ұласарын да ұғындырады.

«П. Алып алған асулар» атты екінші мақалада автор қазақ әдебиетіндегі қара сөздің алғашқы қалыптасу кезеңінде-ақ өз қатарынан оза шауып, дара танылған талантты дарын иесі М.Әуезовтің көркем шығармаларын кәсіби сыншы тұрғысынан талдап, мағыналы ой айтуды мұрат тұтқан. XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының түгелге жуығы әмбебаптық қызмет атқарып, әдебиеттің де, өнердің де, мәдениеттің де, білім беру саласының да т.б. барлық майданында терге малшынып еңбек етуді өздерінің ел алдындағы перзенттік парызы сезінгені рас. Біреудің бұйрығы мен нұсқауын күтпей, қаржы мен уақытпен санаспай, атқарылар істің ірілі-ұсақтығына қарамай, тек қазаққа қажетті қызмет деп түсінген ұлтжанды тұлға М.Әуезов те әдебиеттің барлық жанрында азаматтықпен адал еңбек дара дарын иесі. Өз ұлтын өліп-өшіп жақсы көрген нағыз ұлт зиялылары ғана осындай жанкештілікке баратынын қалың қазаққа Алаш ардақтылары осылай дәлелдеп бергені бар. Қазақтың рухани құндылықтары қай қырынан ақсап жатса, қазақ зиялылары сол тұсты толықтырып, тіпті аяғынан тік тұрып кетуіне дейін көтеріп, еңбек еткендерін қазақ әдебиетінің тарихынан, әсіресе Алаш ардагерлерінің қаламгерлік және қайраткерлік қызметтерінен жақсы білеміз. Талантты тұлға М.Әуезов те тырнақ алды туындысы «Қорғансыздың күні» атты әңгімесімен классикалық көркемдікке қол жеткізіп, көпшілікті тәнті еткенімен қазақтың қара сөзін ішкі жан дүниесімен жақсы көре тұра қысқа мерзімге болса да қоя тұрып, ұлттық руханиятта ақсап жатқан, қалың жұртқа

жаңа ойды, азаттық идеяны тез және қарапайым түрде түсіндірудің таптырмас құралы болған театр өнерін өркендетуге табандап, он жылдай уақытын арнайы арнап қарымды еңбек еткені кімді болса да ойландырмай қоймас. М.Әуезовтің ұлтты театр өнерінің туып, қалыптасу, даму жолындағы адал еңбегі ақталып, күні бүгінге дейін қазақ драма және опера театрларының туысқан өзге елдерден оқ бойы озық келе жатқанын мақтанышпен айтуға болады. М.Әуезов негізін салып берген қазақ драматургиясының алғашқы туындылары да өзінің өнерлік өміршеңдігін танытып, сахна төрінен түспей келуі де соның айқын айғағы болса керек. Міне, осы мәселені зерттеуші Тұрсынбек Кәкішұлы осы шағын еңбегінде егжей-тегжейлі талдап, бағасын береді: «Қазақтың ұлттық драма театрының шымылдығы М.Әуезовтің «Еңлік-Кебегімен» ашылып, «Қарагөзбен» толысқанын, күні бүгінге дейін театр репертуарының алтын қазығы болып келе жатқанын былай қойғанда, әуелі музыкалық, кейіннен операға айналған театрымыздың «Айман-Шолпанмен» басталып, «Абай» операсымен өркендей түсуі де кездейсоқ емес» (168-б.). Ғалым осы кезеңдегі кемеңгер жазушының ұлттық театр өнерінің репертуарын «Түнгі сарын», «Алма бағында», «Шекарада», «Абай», «Қара қыпшақ Қобыланды» сынды сахналық қойылымдарымен байытқаны белгілі. М.Әуезовтің драматургиялық шығармалар жазумен қатар, олардың идеялық көркемдігі мен кәсіби шеберлігін шыңдау мақсатында теориялық туындылар, зерттеу еңбектер жазғанын (1926 жылы «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» т.б.), және өзге де өркениетті елдің озық тәжірибесінен тағылым алуды өнеге етіп аударма (В.Шекспирдің «Отелласын», «Асауға тұсауын»), Н.Погодиннің «Мылтықты адамы», Н.Гогольдің «Ревизорын» т.б.) жасауын да ұлтты сүюдің, оның ертеңіне алаңдап, келешектің көсегесін көгерту жолындағы табанды еңбегінің жарқын көрінісі деуге болады. Жазушының өз тарапынан драматург-авторларға қолдау танытып, ұлттық театр өнері мен сахна мәдениетінің марқаюына мөлшерсіз үлес қосқанын нақты тарихи деректер мен дәйектеп: «30 жылдар М.Әуезов үшін театр дәуірі болды» деп ғылыми тұжырым жасайды.

Дегенмен, М.Әуезовтің ішкі жан дүниесіне маза бермеген басыбайлы тақырыбы – абайтанудан аластамағанын да зерттеуші зерек оймен зерделеп, зейінді соған салады: «...М.Әуезов 20-жылдардан бері бүкіл өнерпаздығының өзегі болған Абайдан бір сәтке

көз жазбады, емін-еркін көсілер кезенді сағына күтті» (169-б.) шығармашылық шабыттың от алар шағын шамалап береді. М.Әуезов шығармашылығының ішкі мағынасы мен көркемдік-эстетикалық жүйесін ашып, басты тақырыбын айқындайды. Жазушының жүрегіне жақын, табиғатына таныс тақырыбы бойынша қанша қара терге түсіп, еңбек етсе де енжарлыққа салынып, салғырттық танытпайтынына сүйсіне отырып, зерттеуші оның 1932 жылы Абай жинағын шығаруын, 1934 жылы Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуын «Абайдың ақындық айналасы» деген іргелі еңбек жазуын, 1939-40 жылдары Абайдың 2 томдығын даярлауы, мұрағат ақтарып, экспедицияға шығуы, ұлы ақынның өмірі мен өнеріне қатысты құнды құжаттар мен тарихи деректерді талмай іздеуі т.б секілді іркіліссіз ізденісте болғанын, осынау әдеби, ғылыми үдерісте үлкен жетістіктерге жеткенін сыншы -әдебиетші, ғалым -тарихшы ретінде талдап, түсіндіреді.

Ұлы жазушының Абай туралы алғашқы көркем шығармасы «Татьянаның қырдағы әні» жөнінде дер кезінде (1937) жақсы лебіз білдірген орыс жазушысы С.Радовтың: «...если весь роман будет написан на таком же уровне мастерства, то мы будем иметь в казахской литературе произведение сильное и примечательное», – деген сөзі қазақ прозасының көркемдік қуатының жоғары екендігін сол кездің өзінде өзге ел өкілдері де мойындағанын мәлімдейді.

Алғашқы пікірдегі сенімді М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясы арқылы ақтады. Әлем әдебиетінің рухани қазынасына қосылған ұлы шығарма жайлы әділ пікірін зерттеуші Т.Кәкішұлы 4-5 мәнді жайлар төңірегінде таратып береді:

«Бірінші, тарихтың қозғаушы күші – халық, ол үлкен бе, кіші ме, мәдениетті ме әлде кенже ме өз рухани тірлігімен көрінген де ғана өзіндік сыр-сымбатымен танылып, әлемнің көп бояуына өзінің нақышын қосады. Сонау Аргентина мен ештеңеге тандана қоймайтын неміс жұртының «біз бұған дейін қазақ деген халықты қалай білмегенбіз, өнерпаздығының мөлдір бастауынан неге сусындамағанбыз деп өкініп, тандай қағулары әшейінгі риторикалық сауал емес. Ел мен елді тек ер ғана теңестіреді, өнерпаз ғана танытады... Осыны бізге М.Әуезов жасап беріп, көсегемізді көгертті, өркенімізді өсірді. Тарихи тақырыпты игеріп, кешегі мен бүгінгіні іштей байланыстыру қажеттігін ұқтырды» (171-б.), – деп тыңнан жаңа бір ойдың тізгінін ағытады.

Қашанда тура сөйлеп, әділ пікірінен айнамайтын Т.Кәкішұлы өз стилінен айнамайды. Әрбір сөзі де әрлі де сесті зерттеуші көлгірсіп көп сөзділікке бармайды. Нені айтса да нақтылап, нақышымен нанымды жеткізеді. Базбіреулер сияқты бірауыз сөзін бірнеше бетке созып та жатпайды. Екі ауыз сөзбен түйін жасап, ғылыми мәлімет береді:

«Көркем шығарма қай уақытта көздеген нысанасына дәл тиіп, өз биігіне қалай көтерілері жайында М.Әуезов екінші тағылым жасады. Ұлы мақсатқа жету үшін өмір шындығын тиіп-қашып, үзіп-жұлып суреттемей, тұтас және ұзақ жыл зерттеу, тірнектеп жинағанды тексеру, қолға түскенге мәз болып, ежіктей бермей, ең мағыналы мен жарқынын тандап, зерттей суреттеу қажет екендігін ұқтырып кетті» (171-б.).

Зерттеуші әр шығармашылық тұлғаны танытарлық тек өзі терең танып, білетін, табиғаты сүйетін, болмыс-бітімімен біртұтас – тақырыптары болатынын, оны таппай елді таңдандырып талантты туынды тумайтынын М.Әуезовтің екінші тағылымы арқылы танытады.

«М.Әуезовтің үшінші ғибраты көркемдік шеберліктен бастау алып, өріс жаяды», – дей келе көбіне: «...ұнамсыз кейіпкерді дөрекі, ақылсыз, парықсыз етіп көрсету машығы өріс алып келгені белгілі.... Осы тас қорғанды орасан зор көркемдік күш-қуатпен талқандаған дарын – М.Әуезов... Тамырына құрт түсіп, келешегі тұмандаса бас-таса да бәйтеректігінен айрылмай өткен Құнанбай образы ғана...», – дейді зерттеуші (171-б.). Осы ой арқылы ол кеңестік кезеңдегі әдебиетте қалыптасқан қасаң түсінікті түбірінен құртып, қатып қалған қағидаға айналған қасаң «жағымды, жағымсыз образдар» деген жалған пікірге тосқауыл қоюға тағы да М.Әуезовтей ұлының ғана парасаты жеткенін паш етеді. Құнанбай мен Абай сынды әкелі-балалы екі тұлғаның ондай жалған ұғымға бой бере бермейтін ой мен парасатқа құрылған ішкі рухани байлығы мол ойлы образдары «ұнамсыз кейіпкерді» келмеске кетірді. Кейіпкер – адам, образ – тұлға таптық тұрғыдан емес, адами қасиет т.б. тұрғысынан, ал көркем шығарма таптық идея емес, көркемдік категориялар арқылы кәсіби тұрғыдан талдана бастады. Бұл да біздің ұлттық әдебиеттану ғылымы үшін тың ғылыми тұжырымдар еді.

Зерттеуші ұлы жазушының 4-ші ерекшелігіне «Көркемдік шеберліктің өресін өрлете түскен психологиялық суреттеу тәсілі де

осы эпопеяда жарқырап көрінді. М.Әуезов қаламгерлігінің ұлылығы сол, психолог суреттеуді қай деңгейде, қандай мөлшерде пайдалану керектігінің ұтымды үлгісін көрсетуінде...», – деп нақтылап көрсетіп береді (172-б.). Қазіргі кездегі кейбір жазушылардың сезім дүниесінің қыр-сырын тереңірек ашамыз деп көп сөзділікке ұрынатындарын, ішкі сезімді іркіліссіз баяндаудың, бейнелеп, суреттеудің жөні осы екен деп тіршіліктің кейбір тұрпайы тұстарын тәпшітеп, ұсақ-түйекті теріп кететінін қатты сынға алады. М.Әуезовтей «шындықты сезініп, шамадан асырмауға (чувства меры) ...» тырысу керектігін, сонда ғана шынайы психологиялық сезімдерді кәсіби шеберлікпен бейнелеуге болатынын ескертеді.

«Бұлардан кейінгі, менің түсінігімше, ең негізгі тағылым – «Абай жолы» эпопеясы арқылы М.Әуезовтің қазақ прозасының ұлттық дәстүрін қалыптастыруы», – дей келе, қазақ прозасының тарихын, М.Әуезовтер жеткен жетістікті кешегі кеңестік кезеңнен бастайтын шовинистік көзқарасты қатты сынға ала отырып: «...Өнгені былай қойғанда, Абайдың өзін көркемдіктің керемет бесігінде тербетіп, ер жеткізген қазақтың халықтық творчествосы....көркемдіктің кезеңдік сатылары екенін ескермей, «Абай жолын» жападан-жалғыз даралап қою көрер көзге ұят, тарихқа қиянат, әдеби шындыққа жанаспайтын нигилистік түсінік», – деген батыл ойлар айтады (172-б.). Кеңес кезеңінде осындай батыл пікірлер айту, сірә, Тұрсынбек Кәкішұлы сынды ұлтжанды әдебиетшіге ғана тән қасиет болса керек-ті. М.Әуезовтің бұл эпопеясының қазақ прозасының ұлттық дәстүрін қалыптастыруда көркемдік құбылыс болып, ұлттық сөз өнерінің өзге өркениетті елдерді мойындатуға мәжбүр болғанын біле тұра оны ұлттық дәстүрден даралауға болмайтынын жүрегі даулап айта алған. Қазақ әдебиетінде бай ауыз әдебиеті, мол фольклорлық мұра, сөздік қоры бай, көркемдігі құнарлы қара сөз үлгілері болмаса, Абай өркендеткен қазақтың жаңа жазба әдебиеті болмаса, XX ғасыр басындағы көркем прозаның кәсіби тұрғыдан қалыптасуы да мүмкін емес еді деген ғылыми пікірді де Т.Кәкішұлы айтқанын мойындауымыз керек. Сол кезеңдегі нағыз классикалық көркем туындылардың ақтаңдақтарға айналып, олардың мектебінен өтіп, кейінгі толқынға алтын көпір болған М.Әуезов шығармаларының тарихи орнын да зерттеуші орынды бағалайды. Өйткені, ол ұлттық ойдың өзегі өнерде ғана үзілмейтіндігін дәріптейді.

Туған әдебиетіміздің көркемдік құндылық тұрғысынан дамып, әлемдік деңгейде бағалануына ең біріншіден, халық өнері мен даналығынан, елдің рухани дәстүрінен нәр алған дарынның ғибратты тағылымының сырын ашады, зерттеуші. Ұлттың ұяты мен арына айналған көркем сөздің көсемі М.Әуезовтің өзі де: «...Халық бізге көркем өнердің баға жетпес мерует-маржандарын қалдырды...сол асылдың асылы – адамзат баласының рухы мен ақыл-ойын барша ұрпаққа паш еткен ескіrmес, өлмес, өшпес өлең-жыр», – деп, нағыз өнердің белгісі – оның ешқашан да ескірмейтіндігінде екендігін ескерткен болатын.

«Сыншыл реализм және Әуезов» атты үшінші мақаласында автор өзін «М.Әуезовке оппозициядағы зерттеуші» деген 50-жылдардың орта тұсынан қалыптасып, әлі күнге дейін кейбіреулердің көкейінен кете қоймаған пікірдің құпия сырын ашып, «мұндай лақап неден тарады?» деген сауалға айтар жауабы ретіндегі мәселелерді көтереді. Өзі туралы осындай пікір қалыптастыруға себеп болған замандастарының әрекеттерін, сөздерін келтіре отырып, оларға ғылыми тұрғыдан дәлелді дәйектер келтіреді. Ел арасында айтылып жүрген алып-қашпа сөздердің ақиқатын ашып, өз тұжырымдарын дәлелдеуге тырысқан Т.Кәкішұлы пен жазушы М.Әуезов арасындағы диалогтардан сол дау-дамайдың себеп-салдарын ұққандаймыз. Сондықтан бұл сыр-сұхбатты толық келтіруді жөн санадық: «– Орыстың XIX ғасырдағы классикалық әдебиетінде қолданылған көркемдік әдісті Абай орнықтырған сыншыл реализмді басшылыққа алып, қалам жебегеніңіз көп шығармаңыздан көрінеді. «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Жуандық» әңгімелерінде осы әдістің іштей түлеуі бар, ал «Қараш-қараш оқиғасы» тұсында ашу-ызаға булыққан өжеттілікті саналы күрескерлікке айналдыру тенденциясы күшейе түседі. Сіз қолданған сыншыл реализм жаңа шындықтың аумағын толық қамти алмай кібіртіктейді, біртіндеп, сатылап, баспалдақтан социалистік реализмге ұласуға беттегені байқалады, – деген кезде, Мұхаң мені жаңа көргендей тесіле қарап, ара-арасында қозғалып қойды.

– Шынында солай еді ғой. Дұрыс көргенсің. Саясат пен эстетиканың тізгінін бірдей ұстай білгенге баяғыдан-ақ көрінер жай еді ғой, – деп Мұхаң терең ойға батқандай кейіпке түсті...» (180-б.).

Міне, осынау шағын сұхбат көп сырды аңғартады. Жас

ізденушінің батыл ойлары мен дәлелді тұжырымдары, ғылыми барлаулары ұлы кемеңгердің көңілінен шығып, шындыққа жүгінуге тура келгендігін дәлелдесе керек.

Қазақ әдебиетіндегі сын тарихын тереңдеп зерттеу барысында әр кезеңдерде белең алған әдеби бағыттар барысын зерделеген зерттеуші өткен ғасыр басында қоңызша қаптап кеткен «измдердің» талайын талдап, әдеби өмірдегі өзіндік орнына барлау жасағаны, олардың қай бағытта дамып, қандай көркемдік әдістерге ұласқаны жайлы ғылыми пікірлері, оның нақты көркем мәтіндерді ала отырып, айтқан тұжырымдары жазушының көңілінен шығуы да әбден түсінікті. Ұлттың рухани мұралары мен дәстүрлерін дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігі мен ерекшелік өрнегін сақтау үшін зерттеушінің ұлттық танымды дәріптеу мәселесін қоюы да маңызды. Өзі қаншама сынға алынса да алған бетінен қайтпайтын принципшіл, қайсар жан М.Әуезовтің жазушылық шеберлігінің сыншыл реализм әдісі қазанында қайнап, әлем әдебиетіне өз үлгімізбен танылғанымызды ашық айтады. Және ғалым: «...сыншыл реализм дәстүрлерінің кейіннен социалистік реализм деп аталатын әдісті аяқтандыруға өнерпаздық ықпал жасағанын аңғармау, байқамау, сайып келгенде, шығармашылық өмірдегі тарихи сабақтастықтың сақталу жөніндегі диалектикалық заңдылыққа карама-қарсы шығуымен тең болмақ», – деп қарсыластарынан қаймықпай, батыл түйін жасайды (194-б.). Бұл әдеби үрдіске тән табиғи заңдылық екендігін көптеген ғылыми деректер мен мысалдар келтіре отырып, дәлелдейді. Әдетте, әдеби дамудағы әрқилы ағым-бағытты аңғару, көркемдік таным-біліктегі ізденістерді зерттеу әр кезеңдерде белең алып отыратын көркемдік құбылыстарды теориялық тұрғыдан түсіну мен түсіндіру қажеттілігі өз-өзінен туындап отырады хақ.

Әдебиет пен ғылым алдындағы ары мен рухы таза көрнекті тұлға Тұрсынбек Кәкішұлы өзінің бүкіл саналы ғұмырын туған ұлтының тарихтағы орнын анықтауға, ел тарихын жасаған Абай мен Мұхтардай тарихи тұлғаларды тану мен танытуға арнағанын жоғарыда талданған еңбектер тағы да дәлелдей түседі. Тәуелсіз ойлау жүйесі қалыптасқан қайраткердің өз ұлтын сүйіп, ұлықтауы да осындай ұлы істері арқылы айқындалмақ.

«ӘУЕЗОВ ТАҒЫЛЫМЫ»

ҚР ҰҒА-ның академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Серік Қирабаевтың «Өмір өткелдері» деген (Естеліктер. – А.: «Білім», 2006. – 480 б.) деген еңбегіндегі «Мұхтар Әуезов» атты мақаласы ұлы жазушының кісілік келбетін ашуға арналыпты. Автор: «...Талантын әлем мойындаған ұлы адамның жазушылығына қоса, кісілік келбетін ашу да оңай емес. Оны ұсақтап алмай, ірі тұлғалы күйінде бейнелеу – қиынның қиыны. Сондықтан бұл естелік Мұқаңның ұлы бейнесін ашарлық кейбір эпизодтардан, онымен кездескен, әңгімелескен, істес болған жайлардан үзік-үзік сыр айтуға құралады», – деп мақала мақсатын түсіндіріп кетеді. Жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы әрбір деталь, әрбір естеліктің кейінгі ұрпақ үшін, жалпы біздің ұлттық құндылықтарымызды жүйелеп, тану үшін қаншалықты қажет, қаншалықты құнды екендігін ескерсек, аға буынның өздері көрген, көңілдеріне түйген, жақсылығын сезінген жанындағы ағалары мен замандастарының ірі істері, адами қасиеті, кісілік келбеті, олардың шығармаларында көріне қоймаған, ал өмірде жыр болып, аңызға айналған даралық қасиеттері мен кесек қимылдары жайлы жылы сөз естудің өзі бүгінде арман болып қалғандай. Кеше ғана дүйім жұрт, бүкіл ұлт кие тұтып, ұрпағына үлгі еткен небір марқасқа ұлы тұлғаларымыздың еңбегі мен ерлігіне қарсы, қайшы жатқан құжаттарды тауып алып, айдай әлемге әшкерелеуге әуес болып кеткен тұста С.Қирабаев ағамыздың Мұхтар Әуезовтің қайшылығы мол қиын тағдырындағы тұлғалық қасиеттері мен бітімі бөлек болмыс-мінезі жайлы мәдениетті сөз қозғауы бүгінгі кейбір әпербақандарға тағылым-тәрбие сияқты. «Өз қадірін білмеген – кісі қадірін білмейді» дегендей, ұлтымызды ұлықтап, тағдырын шешер тұлғаларымыздың қадірін өзіміз білмесек, ол кімге үлгі-пана болмақ? «Ішіміз түтін болса да сыртымыз бүтін болып» ішкі саясатымызды отбасында шешіп, ұлт тағдыры, олардың келешегі мен бақыты үшін құрбан болған ұлы тұлғаларымыз туралы әрдайым жүрек жылытарлық жылы лебіз естігенге не жетсін!

Академик ағамыздың бүгінгі жастарға айтып отырған ойы да осыған саяды: «...ұлыны ұсақтап алмай, ірі тұлға күйінде бейнелеу-қиынның қиыны» екендігін ескертіп, өзі осы төңіректегі ойларын ортаға салады. Ұлы жазушыны көру бақытына 1947 жылы

опера мен балет театрында А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Төлеген Токтаров» деген операсының қойылымында ие болған автор кейін шығармашылық жолда бірнеше рет тілдесіп, әңгімелескенін айтады. Осы естелігінде көп кісі біле бермейтін ұлы жазушының бір қасиеті туралы 1949 жылы «Абай жолы» романына Сталиндік сыйлық берілуіне байланысты Алматының филармония залында үлкен жиналыс өткенін, сондағы Мұханның еңбегін бағалаған партияға, Сталинге рахмет айтуы жөнінде әңгімелейді: «Бұл – бір жаңалық болды. Бұған дейінгі жазғандары мен сөйлеген сөздерінде партияға, оның көсемдеріне сөз арнау Мұқаң әдетінде болмайтын. Ол – басшылыққа елпілдеп, қошемет сөз айтпаған жазушы. Сөз Сталинмен басталып, Сталинмен аяқталатын заманда Мұханның мұндай мінезі қыңырлық, іштей жаңа үкіметті қолдамауы деп саналатын, оның басынан таяқ кетпегені де осыдан. Осы әдетті Мұқаң бүгін бұзды. Жазушының жазғандарын оқыған, сырын түсінетін адамдар (Айқын Нұрқатов екеуміз бірге отырғанбыз) тағы да айтпай кетер ме екен деп қирыжықтап отырды. Жұрт разы боп қалды... Бірақ Мұқаң сөзінің бұл бөлігін созбай, езбей, «рахмет» деген бір ауыз сөзбен қысқа қайырды. Төгіліп, шашылған жоқ» /159-б./. Бір ғана эпизод, бірақ Мұхтардың беймәлім мінезі мүсінделіп, ұлы тұлға көз алдымызда тағы бір биік тұғырға көтеріліп қоя береді. Ірі адамның ісі де, сөзі де осылай ірі болуы керек-ті.

1947 жылғы ҚКОК-ті «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателіктер туралы» деген қаулыдан «мәдени мұраға сын көзбен қарамағаны, өткенді дәріптегені үшін деп» таяқ жеген көптің алдыңғы легінде болған М.Әуезов сол жылы ер жасы – елуге толып жатса да аталып өтпепті. «Социалистік Қазақстан» газетінде С.Бәйішевтің «Профессор Мұхтар Әуезов өткендегі қателіктердің шырмауында» деген мақаласында: «...Жазушының тарихты жазуға құмарлығы, бүгінгі заман тақырыбына елеулі шығарма бермегені кінә боп тағылады» /159-б./. Оның артынша 1950 жылы «Правданың» «Қазақстан тарихы маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалған» деген мақаласына орай қуғынға ұшырап, Мұхтар Әуезов Москваға кетеді. Алайда, жазушы өзінің ел алдындағы жауапкершілігін сезінеді. Өйткені «түйінді сөзді елдің сол кісіден күтетінін біледі». Осы жылдары менің байқағаным; Мұқаң әдебиетке келген кейінгі жастардың

жазғандарын оқып қадағалап жүреді екен. Оларды әпербақан сыннан қорғаудан да ол бой тартқан емес.

Қ.Шаңғытбаев, С.Сейітов, Қ.Жармағамбетов шығармаларын талқылау кезінде ол жас ақындардың (сол тұстағы) өлеңдерінен саяси қате іздемей, таза көркемдік баға беруге тырысты», – деген сөздері ұлы тұлғаның көркем шығармадағы басты талап пен өлшем-көркемдік екендігін әсте ескерусіз қалдырмайтынын ұғындырады. Алаш қайраткерлерінің қайсының әдебиетке қатысты мақалаларын оқысаңыз да осы өлшем талап етілетініне куә боласыз. Бұл өлшемнің барлық өнер түріне қатысты басты көркемдік қағида екендігін М.Әуезовте әр кездері талап етіп отырған. Дарынды тұлғаның даралық қасиетін танытатын да осы өнерге, ондағы көркемдікке ғана саятынын, олардың өмірін де өнерін саясиландырмай шығармашылық тұлғаға тән құбылысты, қасиетті, оның табиғи талантынан, қаламгерлік қасиетінен, шығармашылық құндылығынан ғана іздеп, тануды академик сыншы мәдениетті түрде меңзейді. Сөйтіп, «болар елдің баласы бірін-бірі батыр дейдіге» түйіндейді.

Сондай-ақ, ұлы жазушының еңбек тәртібі мен жұмыс стилі жөнінде де өзі куә болған жайларға тоқтала кетуді мақұл көреді: «...Мұқаң ерте тұрып, 7 мен 8-дің арасында далада қыдыратын да, жас ғалымдарды, аспиранттарын сағат сегізден тоғызға дейін қабылдайтын. Тоғызда таңертеңгі асын ішіп, жұмысына отыратын. Есікті өзі ашатын. «Ешкімді де жұмсамаймын. Өйткені қонақ маған келеді ғой», – дейтін. Өзімен бірге есіктің алдында Дос деген иті тұратын» /161-б./, – дейді. Бұл тәртіп те бүгінгі біздерге үлгі алатын тағылым екен. Өзінің беделі мен атағын малданып, өз жұмысын өзгеге істетіп, біреу үшін еңбек етіп, өмір сүретіндей кісі жұмсағыш жандарға ой саларлық тәрбие болса, шығармашылық еркіндік дегенді еріншектікке, өз уақытын желге жіберіп жүрген кейбір жастарға да өнеге боларлық тәлім бар, мұнда. Өз уақытын да, өзгенің уақытын да бағалай білетін жазушы өзі жетекшілік жасап жүрген жастарды ерте тұрып, еңбек етуге, шақырған жерге уақтылы барып, өзінің де, өзгенің де уақытын бағалауға баулу нағыз мәдениетті кісінің көрегендігі болса керек-ті. Ол жөнінде С.Қирабаев: «... Мұқаңның ерекше бір қасиеті – уәделі жерге дәл келетіні еді. Бұрын да кешікпей жүретінін көргем. Бұл жолы да дәл алтыда келді», – деп өз үйіне қонаққа келгендігі жайлы оқиғаны да осындай ойлы дүниеге құрады. Кез-келген кешті әдебиет,

өнер, мәдениет туралы әдемі әңгімеге айналдырып жіберетін ұлы жанмен болған ғибратқа толы отырыстың тағылымды тұстарын былайша баяндайды: «... қонақ күтуді «ішіп-жеуге арнамай, мәдениетті дем алуға айналдыру керектігі, Европаның қонақ күту дәстүрінің жақсы жақтарын қабылдап, оны ұлттық дәстүрмен байланыстыру керектігін», – айтады. Қонаққа қалада да далада кешігіп келудің, әсіресе салтанатты тойлардың уақытылы басталмай елдің уақыты мен жүйкесін жұқартатын қазақы мінезді мінейді. Шынында қанша өркениетті елдің өнегесі өркен жайды, оқыдық, тоқыдық, мәдениетіміз марқайды дегенмен, қазақтың қонаққа келуінің кемшіліктері әлі де жеткілікті ғой.

Мақалада М.Әуезовтің бірнеше жақсы қасиеттері баяндалған. Мысалы: 1957 жылы кезекті бір өңдеуден өткен «Еңлік-Кебек» атты пьесасының» қойылымы туралы редактор Қасым Шәріпов пен Орталық Комитеттің хатшысы Н.Жангелдиннің тапсырмасымен сын мақала жазу керектігі, онда «заманның азуы» деген сарынның бар екендігін жасырмай жазу керектігі жөнінде нұсқау берілгендігін, оны автор өзге атпен бергенін, алайда ол кемшіліктерді жазушының елей қоймай, керісінше жақсы жақтарын айтып, алғыс білдіруі жайындағы дерек – Мұхтар сынды сирек жаратылысты тұлғаға тән қасиет болса керек-ті. Күні кеше «заманның азуы» деп сыналған ұлт тағдыры мен келешегі жөніндегі сарынның мәңгілік құндылығына ғалым: «Ұлы шығарма қашанда бүгінгіше естіледі деген осы да», – дей отырып: «... Осындай мәңгілік сарын Мұқаң шығармаларының көбіне-ақ тән еді. Ол кесек, кең масштабта ойлайтын. Драмада ол Шекспир ұстанған ұлы мұраттарды жырлады. Эпос кейіпкерлерін тірілтіп, аңыздан өмір үшін, адам бақыты үшін күрескен қайсар тұлғаларды ашты. Тіпті сахнаға шығып үлгермеген «Дос – бедел достың» өзінде де сахнаның тар шеңберіне сыймастай тарихтың кең бейнесі танылатын. Мұнда жазушы XX ғасырдың қайшылықты тарихын басынан кешкен адамның көзімен заман өзгерістерін бейнелеуге тырысты. Ол ескі сүрлеумен жүрмеген, ылғи жаңадан жол салған жазушы еді. «Абай жолы» романын қалай жазғанын, жаңалығын өзі де айтқан. Зерттеушілер де жазып жүр. «Қилы заман», «Қараш-қараш та» әр дәуірдің кесек туындылары. «Өскен өркен де» ол өз заманының ұлылығын ашуға ұмтылды» /166-б./, – деп зерттеушілік бағасын да береді.

Көрнекті суреткердің жұрттың бәрі біле бермейтін мінездері жайлы да мәдениетті сөз болған шағын мақалада мол мағлұматтар баршылық. Бүгінгі ұрпақ үшін ұлы тұлғаның барлық қасиеті құнды болғандықтан, оларға мүмкіндігінше кеңірек сілтеме жасауға тырыстық. Өйткені, бүгінгі таралымы аз туындылардың көп оқырмандарға жету-жетпесі ықтимал. Ал, Мұқаң жайлы бәріміз білгіміз келеді: «Мұқаң жазушылық ұлылығына қарамастан, тіршілікте қарапайым, кішіпейіл адам еді. Менмендігі, астамшылығы болмайтын. Кейде алды тар, әңгімені еркін айтуға мүмкіндік бермей, адамды жасқап отыратын бір пенделер болады. Мұқаң олай емес-ті. Онымен еркін, қысылмай әңгімелесуге болатын еді. Ол кім болса да өзімен тең санап, тең сөйлесетін. Тек қытығына тиіп алмасаң болғаны. Қытығына тисе, мұрнын жұлқып, ашуланып, қап-қара боп түнеріп кететін, кейде қатты сөздер айтып тастауға да баратын. Елуінші жылдардың айтыс-тартыстарында оның мұндай мінезін де көрдік. Өзін сыйлай білгенге құшағы кең, мейірімі мол еді. Үйіне барғанда, есігін қиналмай ашып, «бәрекелді жақсы келдің» деп қарсы алатын. Сөзге сенгіштігі сондай – кейде бала мінезді болатын. Кім бұрын барып айтса, соның айтқанына сеніп, кейін барған оның қарсыласына қырын қарап отыратын кезі де болатын. Бірақ, жаны күймей қатты сөз айтпайтын. Сыпайы, мәдениетті, боқтау дегенді білмейтін кісі. Ең қатты айтқаны (өзінің бір қарсыласы боқтағанда) «өзіңнің барлық боқтық сөздеріңді өзіңе қайтардым» дегенін естігенбіз...» /168-б./.

Енді бірде жазушы дарынының даралық қасиеті жөнінде бұрынғы естеліктерде айтылмаған жаңа бір қырлары жөнінде көбірек әңгіме қозғайды. (Бұл мақалаға кеңірек тоқталып отыруымыздың себебі де естелік еңбектерде кездесе бермейтін кесек мінездері жайлы ойлары-тын): «...Шешен, тапқыр, ойлы сөйлейтін. Тіл заңын еркін меңгергені сондай, кейде сөз жасап тұратын. Орысшасы да сондай болатын. Бірақ бүкіл ойлау жүйесімен қазақ еді. «Орысша жақсы білесіз, неге орысша жазбайсыз» деген сұраққа:

– Пәлі, орысша жазу үшін орысша тіл білу жеткіліксіз. Орысша түс көру керек. Мен ылғи түсті қазақша көремін, – деп жауап берген.

– Жай сөйлегеннің өзінде бейнелі сөздерді көп қолданатын.

– Ғабитқа бір ашуланғанда:

– Ой, сен өзің, бұзаулай алмай жатқан сиырша ыңыранасың да отырады екенсің, – деген.

– Шәкен Аймановқа бір ренжігенде:

– Ой, сен өзің, бет-аузың өгіздің әукесіндей болып... деген сөздері ел есінде» /169-б./, – дейді. Бірақ, бұл деректер олардың өздерінің естеліктерінде кездеспейді.

Тағы бірде: «Бірде мезгілсіз қайтқан жас адамның үйіне барып отырып, әке-шешесіне:

– Өлім арсыз ғой. Көрінбей келіп ұрады. Жас адамды аямайды. Егер көзге көрінсе, қолыма түссе, мен оның осы арсыздығын айтып, бетін шиедей қылар едім, – деп көңіл айтқан» екен» /170-б./. Сол сұм ажалдың өзін де тым ерте алып кететінін сезді ме екен, «өмір мен өлімнің тайталасын шиедей-шиедей ететін шынайы шығармалар шоғырын шұғыл жазып тастауға тырысып, жанына бір тыншу бермей тынымсыз еңбек етті емес пе? Халқымыздың тарихында ойып тұрып орын алатын ұлы оқиғалар мен ұлы тұлғалар туралы классикалық туындыларын тәмамдай салысып, асығыс тағы да бүгінгі жаңа өмір жайлы ...«Өскен өркенді» 7 томдық роман-эпопеяға айналдыруды арман етті емес пе?

Мақалада автор Мұқаңның өмірі қаншалықты күрделі, ауыр жағдайда өтсе де, бақытты өмір сүрген адам» болғандығын, әсіресе 50-жылдардың екінші жартысынан кейін үлкен шығармашылық, адами бақытқа кенеліп, солардан ләззат алып, шуақты да шабытты шақтарын өткізгенін сөз етеді. Кеңес жазушыларының атынан сөз сөйлеп, елінің, ұлтының рухани көсемі, мәңгілік рухани құндылықтардың жоқтаушысы мен жақтаушысы болғанын зерттеуші аға ұрпақтың осындай ұлы мінездерін аңсаған, сағынған сезіммен баяндайды. Інілік ізетпен ірі сөздер айтып, ұлы тұлғаның табиғи болмысынан ұлтқа, ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық ерекше қасиеттерін, бәрінен бұрын өзі білетін, өзі куәгер болып, көз көргендерімен, содан көкейге түйгендерін түгінде қалдырмай бір мақалаға сыйдыра біліпті. Аз сөзге көп мағына беріп, мағлұматы мол талай ұрпақты ұлы тұлғаға тағзым еткізерлік тағылымын тамызықтай отырып, тәрбиенің түп қайнарына айналдыра алыпты, автор.

– «Оның мейірімі, адамға деген ықыласы, колпаштау сөздері жалпақшешейлік емес, байсалды, ұстамды тілектестіктен туатын. Осылар оның адамдық келбетін де айқындады.

– Ұлы жазушы біздің көз алдымызда Ұлы адам болып та қала береді» деп аяқтайды автор естелігін /170-б./.

– Халқымыздың қадірін танытып, ұлтымыздың ұлылығын ұлықтайтын Мұхтар Әуезов сынды сирек кездесетін тұлғаларымыз туралы естеліктер осындай ойлылығымен, тағылымды тәрбиесімен тұшындырса бұл дәстүр кейінгі ұрпаққа да ұлағат екені де сөзсіз.

ҚР ҰҒА-ның академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Серік Қирабаевтың тәуелсіздік тұсындағы басты тақырыбы Ж.Аймауытов шығармашылығы болды. Алайда оның қазақ әдебиетінің классигі М.Әуезовтің шығармашылығы туралы «М.Әуезов қазақ әдебиетінің тарихы туралы», «Әуезов тағылымы», «Біздің рухани әкеміз», «Мұхтар Әуезов» («Өмір өткелдері») (Естеліктер. – А.: «Білім», 2006. – 480 б.) т.б. еңбектері кешегі ақтандақтар орнын толтырып, қазақ әдебиетінің тарихын, жалпы көркемдік әлемін бүгінгі тәуелсіздік тұрғысынан көркемдік-эстетикалық тұтас құбылыс ретінде қарастырады.

Қазақ әдебиеті тарихы мен сыны саласына бүкіл саналы ғұмырын арнаған ғалымның көп томдық шығармалар жинағының 5-томындағы (Алматы: «Қазығұрт», 2007. – 464 б.) «М.Әуезов қазақ әдебиетінің тарихы туралы» атты мақаласында жазушының ұлт әдебиеті тарихына арналған зерттеулерінің арнайы қарастырылмағанын, Абай мұрасын игерудегі еңбектерін М.Мырзахметұлы фольклорға қатысты ойларын Ә.Молдахановтың ғана арнайы зерттеу нысанына алып жүргенін айта келіп, 1927 жылы жарық көрісімен зиянды кітаптар қатарында репрессияға ұшырап ғылыми айналымнан алынып, тек тәуелсіздік алып «Ұлтшылдық ағым» ақталғаннан кейін ғана, яғни 1991 жылы қайта жарияланған «Әдебиет тарихына» бүгінгі рухани азаттық талап тұрғысынан талдау жүргізеді. Ауыз әдебиетін тұңғыш рет жанрлық тұрғыдан жүйелеп, жазба және ауызша шығарылған әдебиеттің байланысы, олардың тақырыптық, идеялық, жанрлық, көркемдік ерекшеліктері Абай мезгіліне дейінгі ұлт сөз өнерінің түрлері, белгілері арқылы анықталып, «Әдебиет көшінің ұлы сүрлеулерін табу» міндегі зерттеу авторының зерделі ойы, білімдарлығы нәтижесінде абыроймен орындалып, бұл саладағы көшбастаушы болғанын қазақ әдебиетінің тарихын терең білетін маман ретінде мәлімдейді.

Ауыз әдебиетін дәуірлеу, жіктеу, сала-саламен зерттеу саласындағы кейінгі еңбектерге (Х.Досмұхамедовтің «Казахская народная литература», Ташкент, 1928, С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті», Алматы, 1932) жол көрсетіп, бағыт берген М.Әуезовтің дәлелді ғылыми жүйелеуі мен әдебиет пен тарихты тұтас бірлікте қарастырған құнды

пікірлерін «алғашқы ғылыми ойлардың басы» (267-б.), – деп әділ бағасын береді.

М.Әуезовтің жазба әдебиет тарихын Абылай заманынан, Бұқар дәуірінен бастайтынын, өйткені ол кезде жалпы түріктік ортақ мұралардың жазба әдебиетке бастау болғаны жөніндегі ой да, болжам да, тіпті тарихи дерек те, мәтін де болмағанын айта келіп, ол дәуірді «Зар заман әдебиеті» деп атағанын (Шортанбай өлеңінің атын алғанын), оларды екі топқа: «бірі – келер күннің жұмбағын шешіп беріп, елге өсиет айтатын қария, екіншісі – толғау айтқан жырау» деп бөлгенін және бұл дәуір әдебиетін Махамбеттен бастап Ы.Алтынсаринге дейінгі аралықтағы Шортанбай, Мұрат, Нармамбет, айтыс ақындарынан Шернияз, Досқожа, Күдеріқожа, тарихи жыр айтушылардан Нысанбай мен Ығылман, т.б. шығармаларын қарастырғанын айтады.

М.Әуезовтің қазақ әдебиеті тарихын тұңғыш зерттеуші ретіндегі құнды пікірлерінен сілтемелер алып, өз тұжырымдарын нақты мәтіндер негізінде талдаған С.Қирабаев бұл еңбектің ұлттық әдебиеттің даму жолы туралы алғашқы талпыныс болғандықтан да кемшіліктің де болмай қалмағанын, әдебиет тарихына, оның жеке өкілдерінің өмір деректері мен шығармашылығына қатысты деректердің аз болуы, дер кезінде өз бағасын ала алмауы, оған себеп сол тұстағы ақындардың туындыларының жиналмауынан болғандығын, әдебиет тарихын зерттегенде сол кезеңдегі тарихи жағдайды қатты назарда ұстау керектігін, оған уақыт пен ұрпақтың әділ көзқарасы, тарихтың төрелік бағасы берілуі тиіс екендігін де ескерте келе: «Негізгі концепциясында осындай біржақтылық байқалғанмен, Мұхтар зерттеулері аталған дәуір әдебиеті мен оның көрнекті өкілдері жайлы алғашқы айтылған пікір, әдебиеттік талдау болып табылады. Ақындар шығармашылығы жайлы, олардың көркемдік сипаттары жайлы қызғылықты байқаулар жасайды. Бұқарға байланысты ол жыраулық дәстүрдің ерекшеліктерін, олардың әдеттегі ақындықтан айырмасы жайлы бірінші сөз айтты» (273-б.), – деп бұл еңбектің жаңалығын жаңылыспай тап басып, айқындап береді. Академик С.Қирабаев М.Әуезовтің қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасып, дамуына зор ықпал еткен бұл зерттеуінің әлі де талай ізденушілерге ой салып, келешекте де әдебиеттің тарихи мәселелеріне рухани тірек болатынына сенімді.

Сондай-ақ ғалым ұлы жазушының қай еңбегінде болса да ерекше байқалып отыратын ел тағдыры, ұлт мүддесі жайындағы ойларының құндылығына айрықша тоқталады: «...Бұл кез – ғалым-жазушының Қазақстандағы ұлтшылдықпен байланысты деген сылтаумен айыпталып, біраз қуғын көріп оралған тұсы. Сондықтан да оқулықта бұрынғы әдеби мұраға коммунистік идеология тұрғысынан қараудың салқыны байқалады. Автор ескі әдебиетке таптық көзқарас деңгейінен талдау береді, әдеби шығарманы бағалауға оның әлеуметтік төркінін таныту арқылы көшеді» (272-б.), – деген пікір айтады. Бұл жердегі әңгіме болып отырған жайт – «1933 жылы М.Әуезов Ә.Қоңыратбаев, Ж.Жолдыбаевпен бірігіп, орта мектептің 7-классына арналған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» атты оқулық жазуға қатысуы, ондағы «Бұқар жырау», «Махамбет», «Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталы дәуірлей бастаған кездің әдебиеті» (1870 жылдар мен 1905 жылдар арасы), «Шортанбай шығармалары», «Әбубәкір», «Шәңгерей» атты тарауларын жазуы сөз болады (272-б.).

М.Әуезовтің әдебиет тарихы мәселелеріне кейін де үнемі көңіл аударып, құнды пікірлерін жазып, айтып отырғанын және олардың қай-қайсысы болса да ұлт әдебиеті тарихының қалыптасып, дамуына дәнекер болғандығын нақты ғылыми деректер мен өзінің тұжырымдары арқылы бүгінгі ғылыми талап тұрғысынан оң баға береді.

1997 жылы жазылған тағы бір мақаласы «Әуезов тағылымы» деп аталады (С.Қирабаев «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет». Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 448 б.). Әр дәуір әдебиетінде бүкіл әдеби үдеріске үлкен рухани қозғау салып, ұлт әдебиетінің әлемдік өркениетке өзіндік үлесін қосатын тарихи тұлғалар болатынын, солардың санатындағы саусақпен санарлық ұлы суреткер, ғұлама ғалым, әмбебап әдебиетшінің бірі ғана емес, бірегейі Мұхтар Әуезовтің қазақ әдебиетінің профессионалды деңгейде дамуына дәнекер болғанын, ұлт көркем ой жүйесінің, сөз өнерінің жалпы адамзатқа ортақ мұраға айналуына айтарлықтай үлес қосқанын «Әуезов тағылымында» жан-жақты талқыланады: «Мұхтар Әуезов өзінің жазу үлгісімен де, шындықты бейнелеу, типтендіру жолындағы ізденістерімен де қазақ әдебиетінде жаңа жол бастады. Оның тарихи туындылары болсын, өз заманын суреттеуге арналған шығармалары болсын, жаңа жазушылық концепцияға негізделді, қоғамдық ой-пікірге соны ойлар қосты» (184-б.).

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы ұлт әдебиеті тарихының білгір маманы болып танылған С.Қирабаев көркем сын мен ұстаздықты қатар алып жас ұрпаққа Әуезов тағылымын терең танытып, насихаттап жүрген тұлғалардың бірі. Ұлы суреткердің қиын да күрделі тағдыр талқысын тартса да «өліп бара жатқан көшпелі мәдениеттің соңғы куәсі ретінде оның халықтық үлгілерін, көркемдік өнерін сақтап қалуға күш салғанын», «шындықты тану мен көркем бейнелеудегі ұлт әдебиетінің өзгеше беталасын,...характер жасау, образ шындығы, сурет байлығы, тіл шеберлігі, психологизмді, профессионализмді...» дамытудағы шығармашылық ізденістерін, адам тануға жаңа бетбұрыс жасағанын, т.б. зерделеген зерделі зерттеуші Абай тақырыбына ерекше тоқталады. Шығармашылық психологияны өз басынан да кешіп, оның оң мен солын танып, қуанышы мен қасіретін қатар шегіп, Абай өмір сүрген ортада өсіп, оның даналық ойларының тууына себеп болған тарихи жағдайларды титтейінен көкейіне түйген ұлы тұлғаның: «Абай жолы» ескі сүрлеумен жүре алмайтын, жаңашыл жазушы» екендігін, «ол тарихқа өзгеше көзқарас, жаңа концепция қалыптастырғанын» айта келіп, «төрт томдық романның әр кітабының құрылымы мен стилінің бірін-бірі қайталамауының өзі жаңалық» (186-б.) екендігін роман-эпопеяның көркемдік құрылымының өсу сатысы мен кейіпкердің рухани толысу сәттерімен салыстыра отырып, нақты ғылыми тұжырымдармен түйіндеп береді.

Әлемдік деңгейде мойындалған классикалық туындыларға тән мәңгілік құндылықтың М.Әуезовтің әрбір шығармасына тән қасиет екендігін, олар бүгінге ғана емес, ертеңге де, келешекке де рухани қызмет атқаратынын айта келіп, зерттеуші: «Мұхтар көп нәрсеге бас болды, тыңнан жол салды. Көне сүрлеумен жүре беруді ол мұрат тұтқан жоқ. Оның «Абай жолынан» кейін де жеті жылдық жоспардың әр жылы оқиғасына бір-бір роман (барлығы жеті романдан тұратын цикл) арнамақ ойы да күрделі, әрі кесек еді. Онда ол Абайдан кейінгі ұрпақтың бүгінге дейінгі өмірін суреттеуді көздеді. «Өскен өркен» сол романдар сериясының соңғы кітабы болады деп есептеді.

«Өскен өркен» арқылы Мұхтар қазақ әдебиетіндегі ұнамды кейіпкерлер туралы бұрынғы ұғымды түгелімен жаңартты» (187-б.), – деп қорытынды жасайды.

С.Қирабаев бір бұл емес өзге де әдебиеттің тарихы мен даму барысы, әдеби сыны сынды көкейкесті мәселелері жөнінде жазылған

зерттеулерінде де М.Әуезовтің көркем шығармалары мен ғылыми еңбектеріне тоқталмай өте алмайды. Мәселен, «Қазақ прозасының бастауында», «Қазақ романының даңқы» еңбектерінде М.Әуезовтің көркем шығармалары, оның ұлт сөз өнеріндегі тарихи орны, көркем прозаны дамытудағы рөлі жөнінде айтылса, «Абайтанудың кезекті міндеттері туралы», «Абай-қазақ әдебиетінің классигі», «Абай туралы естеліктер», «Абайтану ғылымының бел-белестері», «Алашорда және «ұлтшылдық» әдебиет» деген зерттеулерінде ұлы суреткердің өз халқын, әдебиетін, оның тарихи тұлғаларының туындыларын әлемге паш етіп, ұлт абыройын асқақтатуды өмір бойы армандап кеткені жөнінде көшелі сөздер айтады.

Ұлылық пен қарапайымдылықты қатар жүгендеп, қай салада қызмет етсе де классикалық кәсібиліктің үздік үлгісін көрсетіп, талай ұрпақтың ұстазы атанған М.Әуезовтен үйрену – өсер елдің белгісі екендігін осы зерттеулерінде академик С.Қирабаев тағы да еске салады. Өйткені, М.Әуезов шығармашылығы туралы сөйлеу жалпы қазақ әдебиеті, оның тарихы, әдеби үрдісі, көркем прозасы, драмасы, театры, сыны, аудармасы, олардың көркемдік әлемі, т.б. туралы толғану екендігі түсінікті.

С.С.Қирабаев «Әуезов тағылымында»: «Ол өліп бара жатқан көшпелі мәдениеттің соңғы куәсі ретінде, оның халықтық үлгілерін, көркемдік өнерін сақтап қалуға күш салды... Мұқаң осы ұрпақтың істелмей қалған ісін істеді, сөйленбей қалған сөзін сөйледі, өзі көрген қуғын-сүргінге қарамастан туған халқының мүддесін жоғары қойып, оған адал қызмет жасады. Оның шығармашылығында адамның еркі, бостандығы мәселесі өткір қойылатыны да сондықтан» /95-б./, – дейді.

Біздің замандасымыздың «барша қауымның бақытын тілейтін, жалпақ дүниенің жан лебін жүрегімен ұғатын «биік интеллектуалды адам екенін ол атап көрсетті». Оны тебіренентпейтін нәрсе жоқ – ел өмірі, достар мен қастар жайы ойын бөледі, саясат та, ғылым да, өнер де, еңбектегі жеңіс пен жетімсіздік те, отаршылдыққа қарсы күрес те – бәрі-бәрі де оны толғандырды», – деп жазды ол.

С.Қирабаев М.Әуезовтің ізденімпаз, талантты жастарға аға, ұстаз бола білгендігін өз басындағы, 1956 жылы ұлы жазушыға жолығып, кандидаттық диссертация жұмысына ресми оппонент болып, ғылымдағы жолының тұсауын кескені жөнінде жылы лебіз

білдіреді. М.Әуезовтей ұлы тұлғаның әрбір сөзі тағылымды, тәрбиелік мәні бар екендігін ескеріп, осы орайдағы сөздерін толық беруді оң көрдік: «Пәлі, болам, болғанда қандай! Сынға араласып жүрген жас жігіттердің барлығы да ғылымға келуге тиіс. Анау Тахауи да, Тәкен де, (сол кезде бұл жігіттер сыншы есебінде белгілі болатын). Зейнолла да – бәрі де кандидаттық диссертация қорғауы керек. Бәріңді де қолдаймын» (216-б.), – деген еді».

Әдебиеттанушы ғалым С.Қирабаев М.Әуезовтің қазақ және әлем әдебиетіндегі тарихи орны мен көркемдік ойлау жүйесіндегі тағылымды дәстүрін жоғары бағалай келіп, өзінің ғылыми ойын В.Белинскийдің мынадай даналық ойымен дәйектейді: «Ұлы ақынның басқа ақындарға әсері оның поэзиясының сол ақындар еңбектерінде көрініс табуында емес, солардың өз бойындағы қуатты қозғап отыруында. Мәселен, күн сәулесі жерге жарық түсіргенімен, оған өз қуатын бермейді, тек жылу арқылы жердің бойындағы қуатты қоздырады. Кімде талант болса және ол Пушкин поэзиясын ұғынатын, соның мазмұнын бойына дарыта алатын болса, ол Пушкинді білмей тұрып жазғаннан, оны оқығаннан кейін, сөз жоқ, әлдеқайда артық жазатын болады» (217-б.).

Жалпы, М.Әуезов шығармашылығы мен оның тағылымды тағдыры таусылмайтын тақырып. Оны өз замандастары да кейінгі ұрпақ та, болашақта инемен құдық қазғандай қопарып, өздерінше қорытып, өз шамаларынша бағалап, басын иіп, зерделеп оқып, зейін салып зерттей берері де сөзсіз. Олай болса, қазақ руханиятындағы мәңгілік тақырыптың бірі де – осы Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы толғаныстар.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ӘУЕЗОВ БЕЙНЕСІ

10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихының» 10-томындағы «Проза. Роман» деген көлемді тарауда (авторы Ш.Елеукенов) «тәуелсіз дәуірі» деген әдеби ұғымды иеленген 1991 жылдан бері жарық көрген әр жанрдағы көркем туындыларға шолу жасалады (Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006. – 528 б. Жалпы редакциясын басқарған – ф.ғ.д., профессор Шериаздан Елеукенов). Мұнда автордың айтуынша «сөз өнерінің зор саласы-проза, жетекші жанры – роман» талданады. М.Әуезовтің өмірі

мен шығармашылығы, адами қасиеттері мен әдебиет әлеміндегі орны көркемдікпен сөз болған Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі, Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» романы, Дүкенбай Досжановтың «Мұхтар асуы» (1986), «Мұхтар жолы» (1988), «Алыптың азабы (құжаттардан құралған Әуезов тағдыры. Роман)» (1997) туындылар талданған.

Әдебиетші ғалым Ш.Елеукеновтің тәуелсіздік жылдары жарық көрген қазақ романдарын талдау барысында қазіргі қазақ әдебиетінде өріс алған әдеби үрдістер мен көркемдік бағыттарға, заман талабына сай туындап жатқан жаңашыл ойларға, жанрлық түрлерге, соны стильдік ерекшеліктерге, құрылымдық, тілдік құбылыстарға, көркем прозаның жалпы поэтикасына жан-жақты талдау жасайды. Біз тек М.Әуезов өмірі мен шығармашылығына қатысты деген туындылар туралы ғылыми пікірлеріне ғана тоқталамыз. Осы тараудың 65 бетінде талданған Рамазан Тоқтаровтың 5 кітаптан тұратын «Абайдың жұмбағы» (1999) атты роман-хамсасы жөніндегі пікірінде ғалым М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы арасындағы айырмашылықтарға айрықша көңіл бөледі. Өйткені, екі туынды екі кезеңде туып, заманы мен көркемдік ойлау жүйесі екі түрлі шығармашылық тұлғалардың деңгейіндегі дүниелер болғандықтан да ерекшеліктердің болуы табиғи. Ол жөнінде зерттеуші: «...Соңғысы энциклопедия өресіне ұмтылмаса да, ұлы ақын өмір сүрген дәуірдің бұған дейін көркемдік зерттеу назарына ілікпеген тұстарына ден қойған. Тек бұл шығармада тарих кілтінің бұрауын өз қолында сезінетін халықтан гөрі, оның маңдайға басқан перзенттерін суреттеуге көбірек күш салғанын айту керек. Бастапқы кезде үлкен үміт күткізетін Кенесары қозғалысының тақырыбы, яки ұлт-азаттық қозғалыс әуені біраздан соң, шолақ сайдан аққан бұлақтай сарқылады. Есесіне хан Кененің ұлт мұңын мұңдайтын шері Шоқан, Халиолла, Сыздық, Әлихандар желілері арқылы ел тамырларын қуалайды. Өзге тартыс, күрес шиелерінің шешілуі – Абайдай алып тұлғаның өзінен артылмай жатады» (65-б.), – дейді. Одан әрі ғалым Тоқтаров шығармасында рәміздік сипатты жайлардың, Абайдың рухани жан дүниесіне ғарыш сарындарының енгізілуі, алайда оның әрі өрістемегі романның көркем кеңістігі мен уақытын шектегенін, Әуезов секілді Тоқтаровтың да ақынның өмірбаян деректерін әр өлеңінің туу тарихымен байланыстырып, бір сюжеттік желіде өретіндігін және бір жаңалығы ретінде Абайдың өз заманың орыс білгірлерімен

терезесі тең ұстайтындығын, Әуезов романында айтыла бермейтін орыс отаршылдығының ақтаңдақ тұстарының ашық айтылуын, қазіргі әлемдік әдебиетте кеңінен өріс алған постмодернизмге баса көңіл бөліп, аты шулы Қодар мен Қамария (Қамарды осылай өзгерткен) арасындағы байланысты басқаша, яки жақындастыру арқылы шешкенін, біреудің қара жамылған жесірі Зуратайдың Абайға ғашық болу хикаясы енгізілгенін, т.б. жаңа тұстарына көбірек тоқталады.

5 кітаптан тұратын көлемді дүниенің роман-хамса деген жанрлық атау алғанына теориялық түсініктеме бере келіп, зерттеуші әр кітаптың мазмұндық мәніне көңіл бөледі. Айталық, 1-кітабы – Толғақта (Кенесары, Құнанбай, Қодар) «Құнанбайдың Кенесары қозғалысына іш тартып, жасырын түрде қолқабыс еткенін, тіпті Қодарға дейін ұлт тағдырын өз тағдырымен байланыстыруын, ал «Жұлдыз құрбандық» атты 2-кітаптағы Шоқан, Достоевский, Құдайберді секілді ойшылдардың ел тәуелсіздігі жөніндегі ойларын Халиолла, Михаэлис, Шәкәрім «Қызғаныш» атты 3-кітапта ұлттық идеяға ұластырса, «Хақиқат мекені» деген 4-кітапта ұлы Абайдың интеллектуалды, ойшыл ортасын кеңейткен Саққұлақ шешен, Мұса мырза, Долгополовтардың адами қасиеттері 5-кітап – «Нұрсипаттағы» Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш зияларының ұлт-азаттық көтеріліске рухани күш бергені байдалады.

Ш.Елеукенов өз талдауын былайша қорытады: «Рамазан романы-тәуелсіздік дәуірінің ұлттық мәдени мұрамызды қайта қарап, жоғын жоқтап, барын түгендеп жинақтап, жүйелеп тәртіпке келтіру талабының өзінше бір жемісі. Роман-хамса Абайдың бұған дейін ақтаңдаққа саналған ортасын, «интеллект тынысын» кеңейтті, адамгершілік биік парасатының жаңа беттерін ашты. Ол бүгінгі Қазақстанның тіршілік-тынысына қызмет ететін бағалы туынды. Роман прологынан: «Абай өмірінің соңында өзіне қастық ойлаған жауларының бәрін досы етіп кеткен», – дейтін тұжырымды оқимыз. Абайдың: «Біріңді қазақ, бірің дос, Көрмесен істің бәрі бос», – деп насихат беріп қана қоймай, сол қағидасын өз үлгісінде орындап шыққанын көрсету – романның үлкен жаңалығы. Тәуелсіздікті нығайтудың басты шарты – елдің береке-бірлігін сақтау болса, бұл іске Рамазан Тоқтаровтың роман-хамсасы сүбелі үлес қосқан деп, ауыз толтырып айтуға болады» (69-б.). Шынында да бір романға бүкіл саналы ғұмырын арнаған ғұлама ғалым, аса дарынды суреткер М.Әуезовтен кейін ұлы ақын Абай туралы

шығарма жазудың өзі үлкен жауапкершілікті қажет ететінін ескерсек, көрнекті ғалымдар Ш.Елеуқенов пен Б.Майтановтың (алдыңғы тарауларда айтылған) берген жоғары бағаларына сүйенсек, тәуелсіздікті ту етіп еркін ойлы жақсы бір туындының өмірге келгенін қуаныш етеміз. Алайда, классик жазушы Ғ.Мүсіреповтің: «Мұхтар Әуезовтің әлемді мойындатқан тарихи шығармасы – қазақ әдебиетінің былайғы дамуына зор шарапаты тиген, «бір елдің іші-тысын түгел көрсетіп, болашақ үшін айнымас, бұлжымас қор жасаған «ұлттық роман», – дегеніндей, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының қазақ әдебиетіндегі орны қашанда шың биікте екендігін де ұмытпағанымыз абзал (Ғ.Мүсірепов / Суреткер парызы. – А.: 1970, – 164-б.).

Тәуелсіздік кезеңінің демократиялық жолмен дамуы ұлттық көркем ойдың өркендеуіне жаңа тыныс, кең өріс ашқанын бұрындары бара бермейтін тарихи тақырыптар өз ақиқатында, мұрағаттық құжаттармен, құнды деректермен дәлелденіп, төл тарихымыздың ақтаңдақ беттері түгенделіп, әдеби, ғылыми айналымға енгенін, бұрындары бір жақты бейнеленген тарихи тұлғалардың бейнелері толыққанды суреттеліп, ол образдардың жаңа галереясы дүниеге келгенін жан-жақты баяндаған зерттеуші осы жетістің бәрінің басында М.Әуезов негізін қалаған тарихи роман жанрының бай тәжірибесі тұрғанына мән береді. Осы кезеңдегі әдеби процесті терең зерттеген ғалымның байқаған кемшіліктерін де көңілден таса етпей оқырманға жеткізуі шынайы жанашырлықтан туған лебіз екені де белгілі. Оқылық: «Кей шығармалар бұрынғы бірталай кемістіктерден әлі толығынан арылмағанға ұқсайды. Иллюстративтілік, архивтен, жә болмаса оқығаннан тапқанды жорға тілге салып көшіре берушілік, материалдың философиялық мәнін екшемегендік салдарынан жайдақ ойға ұрынушылық, ең бастысы-автордың өз тұжырымдамасының жоқтығы, зерттеп суреттеп отырған дәуірге дара көзқарасын қалыптастырмаушылық кеселінен түбегейлі арылып болмағанымызды мойындау керек» (120-б.). Тәуелсіздік жылдары туған жаңа тарихи романдарға талдау жасаған әдебиет тарихының білгірі Ш.Елеуқеновтің дәлелді тұжырымдары сөз жоқ, бүгінгі әдебиеттанушы ғалымдарға үлгі-өнеге болса керек.

Ш.Елеуқенов «тарихи ұлы бұрылыстарда әдебиеттің мемуарлық, естелік, өмірбаяндық түрі қарқынды дамитынын, соның бір дәлелі ретінде тәуелсіздік алған 1991 жылдан бергі тұста осы жанрдағы шығармалар шоғырының өскенін, оның бірі З.Қабдоловтың «Менің

Әуезові» атты роман-эссесі (1997) екендігін және оның оқырман қауымнан жақсы баға алып, Мемлекеттік сыйлыққа ие болғанын айтады (122-б.).

Ғалымның бұл еңбегінде көркем мемуардың ататегіне бір-шама тоқтала келіп, жанрлық жаратылысына тән – құжатқа көп жүгінетіндігі, публицистикаға үйірлігі, фактологиялық материалға, хаттарға, фотоға, цифр, цитатаға тәуелділігі, осы ерекшелігінің көбіне кемшілікке ұласып жататыны жөнінде атап айтылған. З.Қабдолов роман-эссесін сыр тарқатар дүние (исповедальная проза) екенін оның жазылу, баяндау стилінен айқындап, әр тарауындағы авторлық толғаныстары сипатталған. «Менің Әуезові... өзге емес өзімнің тек қана өзімше таныған, өзімше білген, өзімше бас иген Әуезові», – деген автордың (Менің Әуезові. – А.: 1997, – 14 б.) көркемдік мақсатын анықтап, осы төңіректе талдау жүргізеді. Таңырқау, табыну мәнерінде жазылған роман-эссенің әңгімешісі де, кейіпкері де автор – З.Қабдолов екенін, бас қаһарманның өзі білетін өмірбаянына, шығармаларына, ондағы кейіпкерлер тағдырына «Әуезов сөзі» тұрғысынан тамсана эстетикалық талдау жасауын, өз айтпағын көбіне мәтіннің әр тұсынан жазуы-сызуы жоқ ақтандақ, бос жер арқылы беруін, сол тәсіл арқылы оқушысын ойлантуға, онымен ойласуға шақырған тосын тәсілдерді тиімді пайдаланғанын бірнеше мысалдар ала отырып дәйектейді. Және мұндай «ойық-ойық ақтандақ мәтін қазақ романдарында дәл мына түрде бұрын-соңды кездепегенін» (128-б.), мұндай секіртпе стильді ебін тауып әдемі қолданып отырған Қабдоловтың «пішін, форма жағынан ілгерілегендігіне, әлемдік әдеби үрдіске ілесіп, тынбай ізденіс үстінде жүретіндігіне» де жете көңіл бөледі, зерттеуші.

Автор өз ұстазының ұлылығын, тағдыр тарту еткен шығармашылық та жеке де өмірінің тек тартыспен, өмір мен өлім арасындағы мәңгілік құндылықтар майданында өткенін, бірінші жары Кәмиладан «Қарагөз», Райхан мен Валентинадан «Үйлену» мен «Сөніп-жану» дүниеге келгенін, ол сезімдердің кейінгі көркем шығармаларынан да («Абай жолы») көрікті орын алғанын жүрек сырымен суреттегенін Ш.Елеуқенов нақты ғылыми стилмен қысқа қайырып талдаған еңбектің көркемдік құндылығын дәл ашып берген.

Осы тәуелсіздік жылдары Дүкенбай Досжановтың «Құжаттардан құралған Әуезов тағдыры Романы» деген жанрлық анықтаманы

алған «Алыптың азабы» (1997) атты туындысына тоқталады. Бұдан бұрында мұхтартану мәселесіне көркемдік шығармалары арқылы зерттеу жүргізіп жүрген жазушының «Мұхтар жолы» (1988) және «Мұхтар асу» (1986) атты шығармалары жарық көргенін, бұл жолы да қаламгердің Мұхтар Әуезовтің осы күнге дейін бәймәлім болып келген тағдыры мен шығармашылығының көлеңкелі тұстарына көз жіберіп, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аса құпия мұрағатындағы мәліметтерді сөйлетудегі шеберлігін: «Бұл роман бір жағы автордың өзі көрген білгендерінен құралған мемуар да, бір жағы дерек, естеліктерге сүйеніп жазылған ғұмырнама» (131-б.), – деп жанрлық анықтама арқылы айқындайды. Романда Әуезовтің түрмеде өз қолымен жазған жауап, түсініктері, ОГПУ мен замана ұлықтарын жазған хаттары келтірілгенін, ондағы жазушы көзқарасының көбі кезінде, 1932 жылғы 10 шілдеде «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде «Әуезұлы Мұхтардың хаты» деген атпен жарияланған атақты құжаттар арқылы белгілі екендігін, алайда Д.Досжановтың характер сомдаудағы шеберлігі көркем шындықтың ақиқаттығын тұшымды детальдар арқылы ашып, нанымды бейнелеуінде деп бағалайды. Осы жерде оқырмандарға ой саларлық үзік бір үзіндіні келтірмей үндемей кетсек кешірімсіз болатындай көрінеді. Еңбегіміздің көлемі көтермесе бұл ғылыми факт тарих үшін, ұлы тұлғаның табиғи болмысын терең тану үшін керек-ті. 1951 жылғы 13 маусымдағы Абай мұрасы мен кенесары қозғалысына қарсы науқаннан сырттап, Мәскеуге жүргелі жатқан Мұхтарға: «...апырай, «Хан Кенені» бекер жазған екенсің деп өкінген ақын інісі Әбділда Тәжібаевқа жат та кеп ашуланады. «Бә-ә-ә-лі, не деп тұрсың! Мәселе жазған тақырыпта ма екен, тақырып менің тағдырым, уақытша ел көзіне түскен бишікеш белсенділердің ығына еніп, ыңғайына көніп, солар айтқан тақырыптан айнымасам «Әуезов болмағаным!», – дейді. Жаздым, жаңылдым деп жүрген күннің өзінде де жан әлемінің қанға сіңген қасиетінен бір минут тартпаған», – дей келіп: «...Есеп бар да, Құдай берген мінезден айнымау және бар. Әуезов характері не тозақ отына шыдап бергенін Дүкенбай романы да растайды. Тұшымды детальдар тауып сөйлетеді» (132-133 бб.), – деп жоғары баға береді.

Жинақтай келгенде тәуелсіздік рухымен жаңаша жазылып жатқан бүгінгі мұхтартану мәселесінің нақты тарихи деректермен, мұрағаттық

құжаттармен безендіріліп, мол әдеби мұраларды жаңаша сөйлетуі сөз жоқ қаламгердің зор жетістіктерге жеткенін айғақтайды, жан-жақты ізденісін танытады.

XXI ғасыр қазақ әдебиеттану ғылымының алдына жаңа міндеттер жүктеп отырғаны айтылады.

Тәуелсіздік тұсында қазақ әдебиеттануы ұлттық идея тұрғысынан арнайы зерттелгені осы еңбектерде жан-жақты сөз етіледі.

Үздіксіз өсу мен өзгеру үрдісінде болатын ұлттық идеяның көркем әдебиетте көрініс табуы мен оның тарихи, философиялық, мәдени, саяси, әлеуметтік, психологиялық аспектілері әр ғылым салалары тарапынан талданып, бір-бірімен байланыстыра қарастырылуы қазіргі ғылымға тән құбылыс. Басынан талай кезеңдерді өткізген қазақ әдебиеттануы қазіргі тәуелсіздік тұсында ақталған Алаш идеясы, ұлт-азаттық идеясын қозғаған ақын-жыраулар, көркем сөз шеберлері, өзге де сөз өнері өкілдерінің өмірі мен шығармашылығын терең әрі әділ, саясатқа араластырмай тек көркемдік құндылық тұрғысынан талдау өріс алғаны ақиқат.

Тәуелсіздік тұсында зерттеліп жазылған 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» мен 2 томдық «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» және 100 томдық «Бабалар сөзінің» жарық көруі соның айғағы.

Тәуелсіздік алған жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры болып, алаш қайраткерлерінің ақталуына зор үлес қосып, олардың шығармашылықтарының зерттеліп, жазылуына, жариялануына, Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын зерттеуге қатты зейін қойды. Оның шығармаларын зерттеген бірнеше монографиялық еңбектер жазған мағжантанушы ғалым Ш.Елеукенов әдебиеттің, жалпы ұлт руханиятының қандай да бір көкейкесті мәселесін көтеріп, мақала жазбасын көбін Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығымен байланыстыра қарастырғанды жаны қалады. Оның бірден-бір дәлелі – «Мағжан, Мұхтар: ұлттық тақырыпты дамытудағы ізденістер» атты көлемді еңбегі. («Әдебиет және ұлт тағдыры». Алматы: «Жалын» ЖШС, 1997. – 368 б. 58-87 бб.).

М.Әуезов пен М.Жұмабаевтың тағдырлары ғана емес, ұстанған ұлы мұраттары да ұқсастығын: «Ол арнаның әлеуметтік аты – ұлттық тақырып. Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақ деген елдің елдігі-

не байланысты ішкүса, жүрекке шер боп байланған мәселелерінің көркемдік шешімі... Бір кереметі – жастықтың жалын отына орана жүре, Мағжан мен Мұхтар жазу-сызуында әуел бастан жасамыс адамның мінезіне салады, соларша уағыз айтады» (53-54 бб.), – деп бағалайды, ғалым.

Ғалым бұл зерттеуінде өмірмен бірге өзгеріп отыратын сөз өнерінің міндеті мен мақсатына, XX ғасыр басындағы Алаш зиялылары бастаған «байшыл, ұлтшыл» деп айыпталған таппен аяусыз күрес жүргізген «кедейшіл, пролетарлық» тап өкілдерінің (С.Сейфуллин, С.Мұқанов) тартысына, олар көтерген тақырыптарға талдау жасайды. М.Жұмабаев пен М.Әуезовтің жаңа өмірдің жалаң үгітшілігінен әлдеқайда биік болып, ұлт жоқтаушысы, келешекті көксеуші болғанын, ал қолына қалам ұстаған қазақ оқығандарына тар шеңбердегі тақырып ұсынып ақырында өздері абыройсыздыққа ұшырағандар жайлы: «Сәбит Мұқанов «Трактор» деген повесть жазып, оның қалай от алып жүретінін жазумен әуреленді. Сәкен Сейфуллин атақты «Көкшетау» поэмасын телефон, телеграф, аэроплан секілді темір-терсектерді жырлаумен аяқтады», – дей келе, Мұхтар мен Мағжандар әдебиетімізді осы науқаншылықтан, конъюктурадан арашалап қалғысы келгендігіне назар аударады. Олардың қайсысының шығармасы да әлеуметтік тақырыпқа қазақы әр бергеніне, ұлт қамы бірінші кезекте тұрғанына нақты көркем мәтіндерден алынған мысалдар арқылы талдаулар жүргізеді. Ұлттық психология, ұлттық сезім, ұлттық мінезділік екі тұлғаның туындыларында аса мәдениеттілікпен, білгірлікпен, ешбір ұлттың намысына тимейтіндей тапқырлықпен бейнеленетініне жоғары баға береді. Осы ретте 1926 жылдың 4-қазанында пролетар қаламгерлердің жиналысында қабылданған ҚазАПП платформасы мен «Алқа» атты құрылуға тиісті, бірақ құрылмаған әдеби үйірменің «Табалдырық» атты бағдарламасының тағдыры, ондағы көтерілген мәселелер жөнінде көптеген тың, бұрындары жарияланбаған деректер келтіріледі (67-б.). Осынау орындалмай қалған бағдарламаның мақсатын кейінгі жоспарларында да ұстанып келгендігін М.Әуезовтің 1950 жылдары жазылған «Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы» деген мақаласындағы, ал Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» (Алматы: «Ана тілі», 1992. – 115 б.) атты зерттеуіндегі ана тілінің тағдыры, ұлт келешегі қазақ тілінсіз дамымайтыны жөніндегі құнды пікірлерге ұласып, олардың өмірлік, өнерлік ұстанымдарынан айнымағандығын

айғақтайды. Екі тұлғаның бір-бірін танып, бағалап, мойындауын: «...Олардың ұлт мәдениеті мен әдебиеті шеңберінен шығып, басқа озық халықтардың табыстарын ұлт игілігі еткен шығармаларды жиырмасыншы жылдардың басында-ақ туғыза алғандығына тамаша айғақ», – деп мәлімдейді (71-б.).

Халықтың ұлттық рухын көтеруді көкसेген қос қаламгер тап бір уәделесіп алғандай Кенесары ханның тарихи тұлғасын тірілтіп, төл тарихымыздың бар екендігін, оны осындай ұлы қолбасшылар, дара дарындар, ел көсемдері мен шешендері құрайтынын алға тартып, өзгелерге өзінің кім екендігін танытпақ болатына зерттеуші зер салады: «Кенесары – Мағжанның «Оқжетпестің киясында» (1920 жылдардың бас кезі) поэмасының бас қаһарманы. Сондай-ақ ақынның «Ертегі» (1922), «Батыр Баян» (1923) поэмаларында елес беріп өтеді. Мұхтар Әуезов 1934 жылы өзінің «Хан Кене» пьесасын тамамдап, Қазақ драма театрында қойғызады... Мағжан, Мұхтарларды қызықтырған және бір ерекшелік – Кенесары көтерілісінің бүкіл Кіндік Азиялық реңк алуға ұмтылғандығы», – деп орынды баға береді (74-б.).

Ғалым екі туындының тақырыптық мазмұны мен идеялық мәніне, көркемдік ерекшеліктеріне көптеген мысалдар келтіріп, талдайды. Оларға толық тоқталып жатпай ортақ мақсат пен міндетіне тоқталсақ: «Көтеріліс көсемдері Кенесары-Наурызбайлардың күші басым жауға беріспегендігі, мойымаған қайсар қайраты қос данамызды шабыттандыра түскендігі поэма, пьеса тууына себепші факторлардың бірі болды. Кенесары қозғалысы аталған жазушылардың идеялық бағдарламасына сайма-сай келді», – деген зерттеуші тұжырымы Мағжан, Мұхтарлардың елдің елдік, ұлттық санасын көтеру жөніндегі ойларымен астасып жатқандығын жеткізеді (74-б.).

Ш.Елеукеновтің «М.О.Әуезов мемориалдық мұражай-үйіне – 50 жыл» атты ғылыми жинаққа енген «М.Әуезов шығармаларының Ресей және ТМД елдерінде бағалануы» деген мақаласы мәскеулік профессор, филология ғылымдарының докторы Николай Анастасьевтің «Молодая гвардия» баспасынан «ЖЗЛ» («Өнегелі өмір») сериясымен 2006 жылы жарық көрген «Мұхтар Ауэзов» туындысы туралы ой толғайды. Зерттеуші бұл еңбектің құндылығын үш арнадан іздейді. Бірінші – М.Әуезовтің қайшылығы мол күрделі өмірі мен туындыларының тағдыры, жалпы шығармашылық тұлғасы туралы мұндай кең көлемде арнайы еңбектің жазылмағандығын, екінші – қазақ, орыс тілдерін-

де жарық көрген осы күнге дейінгі зерттеулерден мұның ғылыми деңгейінің жоғары әрі құнды екендігін, үшінші – Батыс әдебиетінің білгір маманының әдебиеттің қазіргі даму заңдылықтарына сәйкес ғылыми үрдістері біздің ізденушілерімізге ізгі әсерінің болатындығын алға тартады. Николай Анастасьевтің бұған дейін де Эрнест Хемингуэй, Уильям Фолкнер, Владимир Набоков секілді әлемге әйгілі жазушылардың зерттеушісі ретінде «ЖЗЛ» шоғырын жазып, ал қазақ әдебиетімен осы орайдағы таныстығын «Небо в чашечке цветка. Абдижамиль Нурпеисов и его книги в мировом литературном пейзаже» (2004) деген еңбегімен бастағанын айта келіп, 2007 жылы М.Әуезов туралы еңбегін қайта өңдеп, толықтырып «Трагедия триумфатора» деген атпен жариялауы сөз жоқ, автордың ұлы тұлғаға деген шығармашылық тәнтілігін танытса керек-ті. Ол туралы ойларын автор 63-бетте Н.Анастасьевтің зерттеуінен сілтемелер ала отырып, ризашылықпен сөз етеді. М.Әуезов шығармаларындағы шоқтығы биік көркемдік детальдарды әлем әдебиетіндегі классикалық үлгілердегі үздік көріністермен, атап айтсақ, Испаниядағы Дон Кихот ескерткіші мен Еңлік-Кебек ескерткіштер арасындағы байланыстар, бұл пьесаның көркем мәтініндегі мазмұндық, психологиялық, философиялық, көркемдік құндылықтардың Шекспирдің «Ромео-Джюльетта» трагедиясындағы шешімдермен іштей тұтасып жатқандығын әдеби типологиялық салыстырулар арқылы айқындаудағы тосын тәсілдерін талдаудағы зерттеушілік пікірлері де қызғылықты. Көшпелі өмір тарихындағы ешкімге ұқсамайтын ерекшелік – ру таластары-найман мен тобықты арасындағы бітіспес дала дүрдараздықтарының Веронадағы Монтеки мен Капулетти кландары арасындағы айтыстармен, ал Кебек-Еңлік-Есен үштігі мен Парис-Джюльетта-Ромео арасындағы махаббат мәселелерінің, Шекспирдегі Герцог пен Әуезовтегі Абыз монологтарының мән-маңызының үндестігі турасындағы салыстырулардың ғылыми нақтылығы мен көркем мәтіндегі сабақтастықтың сырларына, сапалық деңгейіне ой жіберіп, өзіндік талдауларын жасайды. Орыс әдебиеттанушысының М.Әуезовтің шығармашылық табыстарын әлемдік классикалық шығармалармен салыстырып, тең дәрежеде талдауларына тәнтілік таныта отырып, зерттеуші Ш.Елеуенов қазақ әдебиетінің көне тарихымен, далалық даналықтың небір жауһарларымен, бай әдеби тілдің көркемдігімен таныс болса бұдан да тереңірек толғауларға бараты-

нына сенім білдіріп, ұлттық шығарманың ерекшелігін тауып, жанр табиғатына тән көркемдік шартты талап ету барысындағы шалағайлық, олқы тұстарды да әділдікпен атап көрсетеді: «...Анастасьев: түрмеден босанған Әуезов өз жазушылық табиғатына жараспайтын жазу-сызумен амалсыз айналысты да, өңшең әжетке жарамайтын пьесалар туғызды, – дейді. Қазақ әдебиеттану ғылымы мен сыны Анастасьевтің талап деңгейіне түсіністікпен қарай отырып, Мұхтар Әуезовтің драматургиясы оның жазушылық ыстық жүрегінен құйылғанын, бар пьесасы бас құрап келіп, «Еңлік-Кебек», «Айман-Шолпан», «Абай», «Түнгі сарын», «Қарағөз», «Қобыланды», «Аққайың», «Сын сағатта», «Төлеген Тоқтаров» (либретто) қазақ тарихының белесті кезеңдерін қамтитынын, біздің ұлттық драматургиямыздың іргетасын шайқалтып алмауға тиісті екенімізді естен шығармауы керек» (68-б.).

Зерттеуші Ш.ЕлеуKENOV «Абай жолы» мен өзге де прозалық шығармаларын түгелдей шетелдік шығармалармен салыстыру, солардың көлеңкесінде қарастыру, оның кәсіби суреткерлік шеберлігіне шәк келтіру сияқты шолақ ойлы, саяси астары күдікті пікірлердің орыс әдебиеттануында бұрындары болғандығын («Вопросы литературы» журналы. 1971, №9), алайда осы ұзақ уақыт мерзімде соған соққы берелік сынның болмауын, осы олқылықтың орнын толтырып отырған профессор Н.Анастасьевтің еңбегінің құндылығы осында екендігін атап көрсетеді. Алайда, «Абай жолына» махаббат романы, натурастік роман, мифологиялық роман, шытырман оқиғалы, тіпті әскери роман ретінде сараланып, орыс және батыс әдебиетінің шығармаларымен салыстыруларын ұната қоймайтыны аңғарылады (70-б.). Анастасьевтің кей дәлелсіз салыстыруларының сырдаң, жеңіл мәселеге құрылып, көбінде асығыстықпен атүсті пікір айтушылық аңғарылатынын ЕлеуKENOV Ромен Ролланның «Жан Кристофы» мен Абайды салыстырудағы талдаудан таниды. «Абай жолындағы» «Абай және ислам», «Орыс революциясы және Абай» деген тақырыптарды талдағанда романның насихаттық сарынға салынғанын, оны тіпті «публицистика емес, дидактика, мораль оқу» деген пікірлеріне өзінің қарсы ойларын айта отырып, тап сол мазмұндас келетін жайттар Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романында да барлығын, алайда олардың шығарма биігін аласартып тұрмағанын және Анастасьевтің роман жанрын анықтауда өзіне дейінгі қазақ әдебиеттанушыларының (З.Ахметов, М.Қаратаев, т.б.) берген бағаларына мән бермегендігіне көңіл тол-

майтынын, бұл олқылықтардың келешек ізденушілерге дұрыс пікір қалыптастырмайтынына қауіп етеді: «...Жазушы Мұхтар Әуезовтің ендігі зерттеушілерінің бұдан былай Анастасьевтің еңбегіне соқпай өте алмайтыны хақ. Орыс ғалымы да өз тарапынан қазақ әдебиеттану ғылымының ізденістеріне бұрылмай кетуге тиісті емес еді. Әттеген-айы, оған уақыт тапшылығы мүмкіндік бермеген тәрізді. Әйтпегенде, көп әдеби есімдерді шатастырып бұзып айтпаған болар еді. Тіпті романның өзінің де қай тұсы атүсті оқылған ба деп қаласың», – деп өткір сынды өңменнен өткізе айтады (72-б.). Алайда, романдағы қазақ есімдеріне байланысты ағаттықтардың кейінгі «Трагедия триумфатора: Мухтар Ауэзов – судьба книги» деген кітабында біраз түзетілгенін, келешекте де жөнделер деген үмітін де үзбейді. Қазақстандық орыс сыншысы Любовь Шашкованың «Н.А.Анастасьев: путь к Ауэзову» атты мақаласындағы, Алматыдағы ҚР Ұлттық кітапханада өткен «М.О.Әуезовтің мұрасы және қазіргі мәдени ахуал» атты дөңгелек үстелдегі Мұрат Әуезовтің қорытынды сөзіндегі жоғары бағалардың заңды екендігін де ескертеді, автор.

Одан әрі Ш.Елеуенов 1997 жылы жарық көрген «М.Әуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисі» атты жинақтағы мәскеулік профессор А.Б.Куделиннің, Санкт-Петербург профессоры Е.А.Костюхинның, Қырғызстан профессоры А.Ахматалиевтің, Ташкент профессоры Л.Каюмовтың, татар ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор Х.Миннегуловтың, украин әдебиетінің классигі, жазушы О.Гончардың, т.б. М.Әуезовтің шығармашылығы, әр ұлт халықтары арасындағы әдеби байланыстар жөніндегі пікірлеріне тоқтала келіп, Ресей мен ТМД елдері ғалымдары мен жазушыларының (М.Шолохов, А.Фадеев, Н.Погодин, В.Иванов, Н.Тихонов, Л.Соболев, К.Симонов, М.Гусейн, Айбек, Берды Кербабаяев, Тұрсынзаде, Шыңғыс Айтматов, т.б.) біздің әдебиет туралы жылы лебіздері мен жоғары бағаларына ризашылық сезімін білдіреді.

1987 жылы Р.Нұрғалиевтің құрастыруымен жарық көрген «М.Әуезов тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер» (Алматы: Жазушы, 1987. – 432 б.) атты ұлы жазушы шығармашылығы туралы таңдаулы, түбегейлі зерттеулер мен көркем сын мақалалар жинағына Ш.Елеуеновтің «Ұлы суреткер роман жанры хақында» деген еңбегі іріктеліп алынған болатын. Мақаласында автор М.Әуезовпен кездейсоқ кітапханадағы кездесуде табысып, «Абай» романының қалай туып,

қалай жалғасатынын жөніндегі тағылымды дәрісін тыңдағанын, ондағы ғұлама ғалымның өзіміздің көне әдеби жәдігерлерімізден басталып, әлемдік классикалардың сүбелі туындыларына тоқталып, шығармашылық тұлғаны қалай көркем бейнелеу керек деген келелі мәселені бірнеше сағатқа созылған кеменгерлік кеңесін, оны: «Өмірбаяндық мағлұматтардан гөрі, содан өрілген шығармашылық ой-өріс дамуы көбірек ынтық ететінін» (174-б.), өткенге өрелі биіктен қарап, солардың бәрін эстетикалық талғам сүзгісінен өткізе отырып, керегін екшей білу де кісінің көрегенділігіне байланысты екендігіне мән береді, автор. Ескі күш пен жаңа күштің ымыраға келмейтін мәңгілік күресі, өміршең тақырып экзистенциализм мәселелері Ш.Елеуқеновтің талдауында жаңаша қырынан қарастырылып, ондағы ғылыми ойлардың бәрі ұлы суреткердің роман жанры хақындағы толғақты теориялық тұжырымдарымен түйінделіп отырылады. Зерттеушіні М.Әуезовтің: «Романда қан мен сөл болуға тиісті, жанды баурап аларлық ыстық леп болуға тиісті... Шығарманы бастан-аяқ лиризмге, поэзияға, сүйіспеншілікке, арманға құштарлану мен талпынудың драмалық қақтығыстарына бөлу керек...» (М.Әуезов. 12-том, 519 б.), – деген көркемдік танымдары табындырады, тамсандырады (183-б.). Әуезов прозасындағы пейзажы мен портретінен бір сөзін де алып тастай алмайтыныңды, алдың бітті бүтін бір көркем шығарманың күл-талқаны шығып, тұтастықтан түк те қалмайтынын алға тартады. Осы орайда ғалым мынадай маңызды ғылыми мәселені алға тартады: «...Тіл мәдениеті деген үлкен салада М.Әуезов қалдырған дәстүр-зерттеуін күтіп тұрған өз алдына бір сала. Алдымен жазба әдебиеті мен ауызша сөйлем тілдің арасындағы жігі қанша ажырасқан, ажыраспағанын да қарастыру керек. ...Қысқасы, М.Әуезов қазіргі роман хақында толғаған пікірлерінің әлі маңызын жоймағаны былай тұрсын, бүгінгі әдеби процестің дұрыс, өнімді бағытта дамуына игі ықпалын да тигізетіні даусыз» (186-187 бб.).

Көрнекті әдебиеттанушы ғалым Ш.Елеуқеновтің бұл еңбегі қазақ әдебиеттануындағы мұхтартану мәселесінің әлемдік әрі ТМД елдері әдебиеттануында қандай бағытта зерттеліп, бағаланып жүргенін, жалпы әрбір ұлт әдебиетіндегі классикалық туындылардың бүкіл адамзаттық ортақ рухани құндылықтар екендігіне кәсіби білгір маман ретінде ғылыми талдаулар жасауымен бағаланары сөзсіз.

Т.ӘЛІМҚҰЛОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӘУЕЗОВ ДӘСТҮРІ

Әдебиеттанушы Қансейіт Әбдезұлының «Тәкен Әлімқұлов және қазақ прозасы» (Алматы: «Арыс», 2006. – 174 б.), «Тарих және тағдыр» (Алматы: «Қазығұрт», 2004. – 208 б.), «Жазушы және заман шындығы» (Алматы: «Қазақ университеті», 2003. – 185 б.), «Таным көкжиегі» (Алматы: «Қазақ университеті», 2007. – 270 б.) зерттеулеріндегі тарихи тұлғалар тағдыры және олардың әдеби шығармаларындағы көркемдік жинақтау, көркемдік шешім, суреткерлік шеберлік, кәсіби тәжірибелердің тарихи тағылымы сынды әдебиеттану ғылымының категориялары М.Әуезовтің шығармашылығымен байланыстырыла зерттеледі. Қазақ қаламгерлерінің М.Әуезовтен үлгі алмаған, оны ұстаз тұтпаған, одан тәжірибе жинақтамаған, оның шеберлік мектебінен өтпегендері жоқ десек өтірік айтпаған болар едік. Қазақ көркем прозасының негізін қалап, оның көркемдігі мен эстетикалық құндылығын әлемдік деңгейге жеткізген, үлкен шеберлік мектебі міндетін атқарған ұлы суреткер М.Әуезовтің шығармашылық мұрасы қай кезеңде де өзінің рухани қажеттілігін тудыратын, ұлттық сөз өнерінің байлығы мен әсемдігіне тәнті талай ұрпақты тәрбиелейтін аса құнды рухани қазына. Әсіресе қолына қалам ұстаған қаламгерлердің ең әуелі М.Әуезовтен нәр алып, сөз түзеулері, оның шеберлік мектебінен өтуі табиғи заңды.

Әдебиеттанушы, тәкентанушы Қ.Әбдезұлының аталған еңбектерінде М.Әуезов шығармашылығы қазақ әдебиеттануындағы дәстүр мен жаңашылдық категориялары арқылы айшықталып, арнайы зерттелуі де осы сипатта жүргізілген. XX ғасыр басындағы көркем прозаның көшбасшысы саналған М.Әуезов туындылары қазақ көркем сөзінің көкжиегін кеңейтіп, кәсіби деңгейі мен шеберлік өресін өсіруге қосқан үлесін қазіргі ұлт әдебиетінің ұланғайыр табысымен, жеткен жетістігімен бағалауға болады. Көрнекті жазушы Тәкен Әлімқұловтың шығармаларынан бастап бүгінгі жас толқынға дейінгі прозашылардың туындыларынан М.Әуезов стилінің, тілінің, баяндау тәсілдерінің, сөйлеу машығының мәнерін байқауға ұмтылушылық Қ.Әбдезұлының зерттеулерінің құндылығын арттырмаса кемітпейді.

Мәселен, «Дәстүр сабақтастығы», «М.Әуезов пен Ш.Айтматов прозасының дәстүрлі арналары және қазақ әдебиеті» («Жазушы

және заман шындығы» кітабындағы) және «М.Әуезовтің суреткерлік дәстүрі және «Ақ боз үй» трилогиясындағы замана шындығы» («Таным көкжиегі» жинағындағы), «Заман шындығы және көркемдік шешім» («Әдебиет және өнер» монографиясындағы) атты деген мақалаларындағы қазақ әдебиетіндегі М.Әуезов дәстүрі мен кейінгі толқын жастардағы жаңашылдық категориялары әдебиеттанудағы тұрақты сабақтастықта қарастырылатын тақырыптар. XX ғасыр басындағы қазақ көркем прозасының көшбасшылары Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, т.б. сынды сирек кездесетін талантты топтың шығармалары ұлттық рухани мұрамыздың алтын қорына қосылғанын айта келіп, әдебиеттанушы ғалым Қ.Әбдезұлы: «Бұл туындылар енді ұлтымыздың мәңгі рухани құндылықтары санатында кейінгі толқын қаламгерлерге суреткерлік шеберліктің, жазушылық талап пен талғамның айнымас өлшеміндей жарқырап тұра беретіндігінде дау жоқ. Ал енді осындай құнды көркем туындыларды дүниеге келтірген құнарлы орта, әдеби дәстүр қазақ прозасының 60-80 жылдардағы кезеңіне де өз әсерін тигізді. Әсіресе, тарихи кезеңдер шындығын, айтулы өнер адамдарының өмір-тағдырын арқау еткен прозалық шығармалар оқырман назарына көбірек ілікті», – деп баға береді («Жазушы және заман шындығы» 17-б.). Шығармашылық тұлғалар туралы туындылардың көбеюі әдебиеттің көркемдік, танымдық, философиялық, психологиялық тұрғыдан дамып, өресінің өскендігін, күрделі тілдік, стилдік, ерекшеліктерді қажет ететін құбылыс. Өткен ғасырдың 60 жылдары әдебиетке келген тегеурінді толқынның М.Әуезовтің шекпенінен шыққанын, ал оның толқындары, яғни XX ғасыр басындағы көшбастаушылардың тамыры көне әдеби жәдігерлерден өріс алғаны ақиқат. Міне, осынау ұлы мұраттар жолындағы ұрпақтар сабақтастығын жаңа сипатта талдаған әдебиеттанушы Қ.Әбдезұлы өзінің ғылыми пікірін М.Әуезов дәстүрімен байланысырып, дамытып отырады.

Тәкен Әлімқұловтың шығармашылығын өзінің ғылыми тақырыбына айналдырып, жүйелі зерттеуді кәсіби ұстанымы еткен ғалым қай зерттеуінде де қазақ әдебиетіндегі М.Әуезов дәстүрін шеберліктің шыңы дәрежесінде бағалап, тәнтілік танытып отыратыны қуанарлық құбылыс.

М.Әуезов шығармашылық тұлға Абай туралы романын жазарда бүкіл әлем әдебиетіндегі өнер иесі жайлы классикалық шығармалардың

бәрін бірдей шолып шығып, жақсысынан қалай жақсы жазудың үздік үлгісін үйренсе, нашарынан қалай жазбау керектігін көкейге түйгені тарихи шындық. Ұлы суреткердің сол шеберлік зертханасынан жақсы таныс қазақ қаламгерлері де алдымен өз ауылындағы асуға шығып, биіктікке бой түзеп, ой шалдыруы тағы да табиғи заңдылық. Әсіресе, күй табиғаты мен күйші тағдырына әуелден әуес болып, шығармашылық тұлғалар туралы тәнтілікпен жазатын талантты суреткер Тәкен Әлімқұловтың өзінің ұстазы әрі әріптес, талай рет сапарлас, серіктес болған сырлас шәкірті ретінде Мұхтар Әуезовтей шығармашылық тұлғалар тағдырын таңдап, сол жолда жанкештілікпен ізденуде де ұлы ұстазымен тағдырлас болғаны белгілі. Әрі десе тағдыры қиын, табиғаты күрделі, ішкі рухани болмысы бөтен, жұмбақ жандар болып келетін киелі өнер иелерінің жан дүниесін ашу, олардың өнердегі өресіне жетіп, зерделеу де зейіні зерек сирек кездесер тума таланттарға ғана бұйыра бәт болса керек. Т. Әлімқұлов та ұстазынан тым ұзап кетпесе де жете ғабыл, өзінше өрнек тоқып, ерекше көзге түскен, бойындағы тума таланты мен табанды талпынысы арқылы әлемдік классикалық әдеби мұралармен мейлінше таныс, өте білімдар, айтары жоқ асқан талантты қаламгер-тін. Сондықтан да ол ұлы суреткерге көп сапарында серік болу бақытына ие болды, сырлас, шығармашылықта тағдырлас, пікірлес болды. Бұл жөнінде ұзақ жылдар бойы зерттеу жүргізіп келе жатқан әдебиеттанушы ғалым Қ.Әбдезұлы: «Алдымен, Тәкеннің бүкіл туындыларын түгелдей қамтып, қорыта отырып қарасақ, жазушының Мұхтар Әуезов шығармаларының тіліне, композициялық құрылысына, көркемдік амал-тәсіліне, суреткерлік стиліне терең ден қойғаны бірден аңғарылады. Бұл ерекшелік, әрине, өзінен-өзі келе қойған жоқ, жанында дос іні, шәкірт іні ретінде жай жүрген жоқ, іні болып, шәкірт болып болып үйренумен, оқумен, тоқумен жүрді. Ұлы Мұханның шығармаларынан қара танып, сауат ашқан кезден бастап нәр алды, буыны бекіп, оңы мен солын танып, жазушы атанған тұста да Әуезовтен үйренуді, шеберлік шыңдауды бір сәтке де тоқтатқан жоқ» (20-б.), – дейді.

Тәкентанушы ғалым Т. Әлімқұловтің барлық жазбаларында, әдеби-сын мақалаларында, атақты «Жұмбақ жан» зерттеуінде де, тіпті барлық көркем прозасындағы күйші-кейіпкерлерінің күрделі табиғаты мен шығармашылық зертханаларының тылсым сырларын, құпия катпарларын, олардың шабытты шақтары мен тоқырау тұсындағы

толғағы терең ішкі жан иірімдерін зерттеудегі ізденістерінде де М.Әуезовтің көркемдік дәстүр мектебінің ізі сайрап жатқанын осы саланы терең меңгерген моралдық құқығы бар кәнігі кәсіби маман ретінде анықтап береді. Тіршілік пен шығармашылығы да тығыз бірлікте, ынтымақтастықта еңбек еткен екі шығармашылық тұлғаны әсіресе М.Әуезовтің 1961 жылы Оңтүстік сапары ерекше табыстырып, етене таныстырған-ды. Осы сапардың қазыналы олжасы – Әуезовтің Әлімқұловқа еткен әсері, соның нәтижесінде бұрындары арнайы көңіл бөлініп, киелі күй өнері иелерінің тағдыры мен талантының тылсым табиғаты туралы тұңғыш жазылған туындылардың тұсауы кесілуі және қазақ әдебиетінде Тәкендей дара тұлғаның танылуы еді.

1961 жылы М.Әуезовтің Т.Әлімқұловты ертіп Оңтүстік өңірін, оның ішінде Тәкеннің туған жері – Созақ ауданын, оның қарашанырағында болып, үлкен анасының қолынан дәм татуы, т.б. секілді жан тебірен-терлік сәттердің Патсайым Пәрімбекованың (Тәкеннің қарындасы) естелігінде әсерлі баяндалатынына тоқтала келіп, ғалым Қ.Әбдезұлы: «Тәкеннің шеберлік мектебінің қайнар бастауы ұлы Мұханның су-реткерлік табиғатымен, қаламгерлік болмысымен сабақтас, тамырлас десек қателеспейміз. Осы әсер, ықпалының бір ғана арнасы Тәкен әңгімелеріндегі табиғат көріністерінің бейнелену ерекшелігінен, осындағы жазушы қолданған көркемдік әдіс-тәсілдерінен анық аңғарылады» (21-б.), – дейді.

Қос қаламгердің шығармашылық қабілетін салыстыра қарастырып, олар қолданған әдеби бейнелеу құралдарының көркемдік қызметіне, олардың кейіпкерлердің ішкі иірімдерін зерттеудегі рөліне арнайы тоқталған әдебиеттанушы: «Күйдің, әннің, өлеңнің өмірге келу сыры құпиясы қаламгердің ақиық ақын Махамбет туралы «Қараой», әйгілі қобызшы Ықылас туралы «Қара қобыз» әңгімелерінде, сұңғыла күйші Сейтек туралы «Сейтек сарын» повесінде әсерлі баяндалады» (23-б.), – деп суреткерлік шеберлік сырын, оған әсер еткен М.Әуезовтің көркемдік дәстүр мектебінің тағылымына тәнтілік танытады.

Мұндай мазмұндағы талдау Қ.Әбдезұлының өзге де зерттеулеріне тән. Айталық, «Жазушы және заман шындығы» еңбегіндегі «Қазақ сөзінің хас шебері» атты мақаласында М.Әуезов пен оның сүйікті шәкірттерінің бірі, көрнекті әдебиеттанушы, теоретик ғалым, ҚР ҰҒА-ның академигі Зейнолла Қабдоловтың шығармашылығы, ұлттық көркем проза саласындағы ұлы суреткердің сара жолы мен дәстүр

тағылымы, оны 1960 жылдары қазақ әдебиетіне келген талантты толқынның жарасымды жалғастырып кетуі, профессионалды прозаның интеллектуалды деңгейін көтеріп, әлемдік дәрежеде танылған рухани әлеуетіміздің әуелден-ақ М.Әуезов арқылы танылып, ажарланғанын айрықша атап өтеді.

Өзінің сөз өнеріндегі алғашқы талпынысын көркем прозадан бастаған жазушы-академик З.Қабдоловтың өз ұстазы М.Әуезовтің қаламгерлік шеберлігінен көп тағылым алғанын, оның қайталанбас қолтаңбасын өзінше өрнектеп, жаңаша жаңғыртуға талпынғанын зерттеуші «Жалын» және «Ұшқын» романдарын (кейін қайта өңделіп, «Біз жанбасақ...» деген атпен дилогия болған) талдау барысында байыппен талдап, нақты көркем мәтіндердерден мысалдар ала отырып, дәлелдейді. М.Әуезов шығармаларынан бастау алған қазақ прозасындағы көркемдік дәстүр мен кәсіби шеберлік жайы З.Қабдоловтың үйрену мектебі мен қаламгерлік тәжірибе тұрғысынан сабақтастырыла зерделенеді. Өзі де шешен сөйлеуге, көркем тілмен сөз кестесін тігіп, терең біліммен толыққан ой оралымдары оқушысына орасан зор ықпал ететін З.Қабдоловтың құнарлы прозасының тамырын Қ.Әбдесұлы кемеңгер жазушы М.Әуезовтің шығармашылығынан шырамытып тауып алып отырады. Әйтсе де З.Қабдоловтың ұлттық сөз өнерінде өзіндік өрнегі, орны бар қаламгер болып қалыптасқанына былайша баға береді: «Екіншіден, кейінірек өз туындыларында Әуезов салған, Әуезов қалдырған қайталанбас көркемдік дәстүрлерді қайта жаңғыртты. Өзіндік қолтаңбамен жаңаша қайталады, суреткерлік, қаламгерлік тәжірибесінде пайдаланды. Әдебиеттегі Әуезов дәстүріне арқа сүйеген қаламгер өзі де қос қыртыс, қатпарлы, терең де тартымды көркем шығармаларды жазуға осылайша әдебиетте Әуезов салған суреткерлік дәстүрдің арқасында қол жеткізді» (34-б.), – дейді.

Әр қаламгердің даралығын танытатын жазушылық шеберлік, шығармасындағы көркемдік әлем, тілдік, стилдік, композициялық құрылым-құбылыстар екі тұлғаның туындыларына да тән қасиеттер екенін ғалым жан-жақты талдау барысында баяндайды. Зерттеуші жазушы Зейнолла Қабдоловтың «Біз жанбасақ...» деген роман-дилогиясындағы жаңалықты сол кездері қазақ прозасына тың тақырып болып енген замандастар бейнесін – басты екі кейіпкер Сардар Сұлтанов пен Қабен Оразов бейнелері арқылы парасатты (интеллектуалды) прозаның да тұсауы кесілгенін, бұлардың бәрінің бастауында

ұлы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының көркемдік дәстүрі тұрғанын, қарапайым кейіпкердің тұлғалық деңгейге жетуіне жол салған Абай бейнесінің кейінгі қазақ прозасында әртүрлі кейіпке еніп, сан алуан қырынан жанданғанын, жеке шығармашылық иесінің тағдыры жайлы туындылардың көптеп жазылуына себепкер болуына әдеби фактілер келтіре отырып, талдаулар жасайды. Алайда біздің бұл жолғы міндетіміз тек М.Әуезов шығармашылығына қатысты құнарлы ойларға, ғылыми пікірлерге тоқталу болғандықтан З.Қабдоловтың да, Қ.Әбдезұлының да шығармашылықтарына тоқтала қоймаймыз. Ол жеке талдаудың нысаны.

Мұндағы міндет – Қ.Әбдезұлының зерттеулеріндегі М.Әуезовтің көркемдік дәстүрі, оның кейінгі қазақ прозасына игі әсері деген тақырып төңірегінде ғана болғандықтан «М.Әуезов пен Ш.Айтматов прозасының дәстүрлі арналары және қазақ әдебиеті» деген мақаласындағы тамыры тереңде жатқан қазақ-қырғыз әдебиетінің байланысы, әсіресе М.Әуезовтің бұл достыққа әдеби, ғылыми, адами құндылықтар тұрғысынан қарап, ұлы ағартушы, этнограф Шоқан Уәлиханов бастаған, абыз атамыз Жамбыл Жабаев жалғастырған екі ел арасындағы ағайыншылық пен әріптестікті бүкіл адамзаттық деңгейдегі рухани әлемге биіктеткеніне баса көңіл аударады. Шоқанның Қашқария сапарында қырғыздың бренді болған жыры «Манастың» бір нұсқасын жазып, әдебиет тарихында қалдыруын, ал бірнеше жылдан соң сол «Манастың» тағдыры қыл үстінде тұрғанда Әуезовтің кеңестік саясаттың қанды қанжарынан тайсалмай әлем әдебиетшілерінің алдында ақтап, аман алып қалуы, т.б. көптеген әдеби фактілер аталған жеке тарихи тұлғалардың ғана емес «Қазақ» деген ұлы жұрттың дархан пейілін, табиғи тазалығы мен тектілігін танытпай ма? М.Әуезовтің әулиелігі де осында, бүкіл әлем әдебиетіне екі бірдей ұлы мұраны сыйға тартты емес пе? Бірі – әлемдік әдебиет тарихында кездесе бермейтін көп көлемді бірнеше мың жолдық «Манасты», екінші – адамзаттың Айтматовы атанған Шыңғысты шығыстың шок жұлдызы қатарына қосып кетуі. Мұндай мәрттік мен тектілік, көрегенділік пен кемеңгерлік, ерлік тек Мұхтар Әуезовтей тұлғаға ғана тән құдірет пен қасиет болса керек.

Ұлы ұстазының ұлағатты тағылымына ғұмыр бойы тағзым етіп өткен Ш.Айтматовтың: «...кезінде орыс әдебиетінің дамуына, өркендеуіне, құнарлануына Пушкин қалай әсер етсе, күллі Орта Азия

әдебиетінің дамуына да М.Әуезовтің әсері сондай», – деп бағалағаны белгілі. Екі елмен, екі әріптес, ұстаз бен шәкірт арасындағы жарасымды жолдастық қатынас әдебиетіміздің тақырыптық, идеялық, көркемдік, стильдік тарапынан да өзара өсіп, өркендеуіне қосқан үлесі жайлы да зерттеуші біршама барлау жасайды. М.Әуезовтің тарихи тақырып пен жеке шығармашылық тұлға тағдыры туралы толғағы тоқсан, тәсілі тың туындыларының қазақ және туысқан елдердегі тарихи романдардың қарыштап өсуіне өзек болса, өзінің өзгеше өрнегімен, бұрындары әдебиет әлемінде әңгіме болмайтын бөтен, бұзықтау (мысалы «Жәмиласы») бедерімен таптаурын болған тақырыптарды тас жарғандай бұза-жарып келген Ш.Айматовтың да қазақ прозасына да соншалықты әсер еткені аян.

Әдебиеттанушы Қ.Әбдешұлы, М.Әуезов, Ш.Айматов, Т.Әлімқұлов шығармашылықтарындағы байланысты, олардың арасындағы үйрену, тәжірибе алмасу, шеберлік шыңдау, т.б. сияқты қаламгерлер арасындағы уақыт пен кеңістікті керек етпейтін әдеби үрдістің үнемі үзіліссіз жүріп жататынын мәңгілік мәселе екендігіне мән береді (59-61 бб.).

Осы жинақтағы «Жазушы және заман шындығы» деген мақалада да осы мәселелер жалғасын тауып, М.Әуезовтің «Өскен өркен» романына деректер жинау, кеңестік кезеңнің жиынтық бейнесі бола алатын кейіпкерлерінің тыныс-тіршілігін зерттеу мақсатындағы тәжірибелері, оның кейінгі толқынға, Т.Әлімқұловқа әсері арнайы әңгімеленеді. Ол жөнінде ғалым: «Бүгінгі заман шындығына қалам тарту үшін жазушы қандай деңгейден табылу керектігін Әуезов тәжірибесі, Әуезов дәстүрі айқын көрсетті. Осы дәстүрге табан тіреген Т.Әлімқұлов та кеңес дәуірінің шындығын арқау еткен туындыларында адам мен қоғам, адам мен орта қатынасын әрдайым басты назарда ұстайды. Әрқилы тағдыр иелері өздерінің арман-мұңымен, қасірет-қайғысымен, қуаныш-ренішімен бой көрсетіп жатады» (116-б.), – дейді. Осы мақалада талданатын Т.Әлімқұловтың «Қақпақыл» атты повесіндегі мал шаруашылығындағы қиыншылықтар, жергілікті әкімдердің қырсыздығынан шығынға ұшырауы, екі ортада талкекке түскен шопандар тағдыры, т.б. кеңестік кезеңдегі келеңсіз көріністер М.Әуезовтің «Өскен өркендегі» өмір шындығының көркемдік шешім табуадағы тәжірибесімен тығыз бірлікте қарастырылады.

Қ.Әбдешұлының «Сыншы сарабы» деген мақаласында сыншы Сайлаубек Жұмабековтің («Сын пернесі» 1990 жылы «Жазушы»)

шығармашылығын талдай келе, бүгінгі мұхтартану мәселесіне орынды тоқталады: «Әрбір әдебиетте үнемі қадағалап, қайта-қайта оралып отыруды қажет ететін кіндік мәселелер болады. Қазақ әдебиетіндегі сондай іргелі мәселенің бірі – Өуезов дәстүрі, Өуезов мұрасы. Бұл жалпы қазіргі әдебиеттану ғылымында, әсіресе, соңғы жылдар аз жазылып, аз айтылып жүрген жоқ» (166-б.).

Қазақ прозасындағы М.Өуезов дәстүрі, бүгінгі мұхтартанудың зерттелуі Қ.Әбдезұлының қай еңбегінде болса да міндетті түрде сөз болатын, үнемі өзі назарда ұстайтын сүйікті тақырыбының бірі болса керек.

Айталық, М.Өуезов дәстүрі ғалымның «Әдебиет және өнер» (Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 300 б.) атты оқу құралындағы «Заман шындығы және көркемдік шешім» (220 б.), «Таным көкжиегі» (Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 270 б.) еңбегіндегі «М.Өуезовтің суреткерлік дәстүрі және «Ақбоз үй» трилогиясындағы замана шындығы» деген мақалаларында да әңгіме болады. Мәселен, соңғы мақаласында: «Әсіресе М.Өуезов көбірек иек артқан психологиялық талдау әдісі кейінгі қазақ қаламгерлерінің шығармашылығында дәстүрлік үлгі ретінде өз жалғасын тапты», – дей келе осы дәстүрді әдемі жалғастырып жүрген жазушының бірі Смағұл Елубаевтың «Ақбоз үй» трилогиясындағы замана шындығын бейнелеудегі ізденістері мен кәсіби тәжірибесін М.Өуезовтің «Қилы заман» және «Қараш-Қараш оқиғасы» атты шығармаларымен байланыстыра талдайды.

Әдебиеттанушы ғалым Қансейіт Әбдезұлының қазіргі қазақ прозасы және Өуезов дәстүрі, бүгінгі мұхтартану туралы ғылыми пікірлері тәуелсіздік тұсындағы әдебиеттану ғылымында әлі де тереңдей зерттеуді талап ететін тақырып екендігін еске салады.

ҰЛЫЛАРДЫҢ ДЕРТІ – ҰЛТ ҚАМЫ

«Ұрпақ үшін, Мұхтаржан, Абайды жаз» деп өсиет еткен Алаш көсемі, XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының рухани көшбасшысы Әлихан Бөкейханов («Астана ақшамы», 22 желтоқсан, 2012 ж.) бозбала Мұхтар Өуезовке соншалықты сенім артса, Ахмет Байтұрсынов: «Сен келешекке керексің, біздің идеяларды оларға жеткізу үшін ең болмағанда сен тірі қалуың керек», – деп, 1930-32

жылдардағы қамаудан аман қалуы үшін «Хан Кене», «Қилы заман» сияқты шығармаларынан бас тартуға көндіргені жөніндегі тарихи деректер ұлы тұлғаның ұлт үшін қаншалықты қажеттілігін ұғындырады. Идеялас, рухтас аға толқын Алаш зиялыларының сол сенімін ақтап, Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясын дүниеге әкелді. Үміт ақталды. Өсиет орындалды. Алайда, ұлты үшін ұзақ жылдар бойы сарылып еткен еңбегіне сенімсіздік танытқан ағайындар болмай қалмады. Сонда қазақтың классик жазушысы Ғабит Мүсіреповтің: «...Мұхтар сақтанбаса, өзгелеріміз сақтандырмасақ, онан айрылармыз. Онан айрылу – Абайдан айрылу. Абайдан айрылу – халықты ар-намысынан айыру, егер қазіргі бетінен тез қайтпаса, халықты осындай апатқа ұшыратушы Мұхтардың өзі болуы мүмкін» деп нақақ жазадан қағып, дау көтеруі, сөз жоқ ұлы суреткер Мұхтардың ұлтына адал ұл, тағдыры халқымен тұтасқан тұлға екендігін ескертеді (Т.Бейісқұлов «Халықтың Ғабені, әдебиеттің Ғабиті», «Түркістан» 5 шілде, 2012 ж).

Міне, бұл деректердің бәрі Мұхтар Әуезовтің рухани ұстаздары Абай мен Алаш көсемдерінен бастап, бүкіл қазақ жұрты ұлы суреткерге ұлт пен ұрпақ тағдырын сеніп тапсырар тұлға ретінде танығанын танытса керек. Қаршадайынан «Қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз аузыңа түсті-ау, мұртың» деп қайғырған қайран бабасы Абайдың тағылымынан дүние танып, «Алашорда» үкіметі мен «Жас азамат» атты Бүкіл қазақтық жастар ұйымының (1918) белсенді мүшесі ретінде саяси сауаты ашылып, бүкіл саналы ғұмырын ұлт қамына арнаған Мұхтар Әуезовтің ұлы Мұрат Мұхтарұлының да есімі елге «Жас тұлпар» ұйымы» (1965) арқылы жақсы таныс. Әрбір қазақ Мұрат Мұхтарұлы десе, ең бірінші «Жас тұлпарды» еске алады. Ал, оның тамыры тереңде жатыр. Ал, биыл, 2013 жылы XX ғасырдың 60-70 жылдары басталған қазақ студент жастарының патриоттық қозғалысы – «Жас тұлпарға» 50 жыл толады екен.

Қазақтың тұңғыш ұлт зиялылары саналған санаулы саңлақтарының сүйіктісі болған, елден ерек көрікті, парасатты ана Фатима Ғабитованың тәрбиесін тал бесіктен бойына сіңіріп өскен Мұрат қазақтың асыл ұлдары Біләл Сүлеевтің сүйікті ұлы Азатпен, Алаштың арқалы ақыны Ілиястың Үміт, Ильфа, Болат сынды ұрпақтарымен бір отбасында тәрбиеленіп, тектілердің тегі ретінде дүйім жұртқа титтейінен танылған-ды. Осындай ойлы ортада өсіп, ұлылардың ұрпағы болудың

өзі оларға үлкен үміт, зор жауапкершілік жүктеген-ді. Ұлы болудың жүгі қаншалықты ауыр болса, ал олардың ұрпағы болып, сол атақ-даңқты абыроймен алып жүрудің өзі қаншалықты жауапты екендігі айтпаса да түсінікті. Қазақтың рухани болмысын қалыптастыруға бар қабілеті мен ғұмырын арнаған осынау аталған Алаштың айтулы азаматтарының рухы осы ортада қайнап өскен Мұрат Мұхтарұлын да бейтарап қалдырмағаны белгілі. Ұшқан ұясында көрген ұлттық тәрбие бертін келе ұлт қамын ойлайтын қайраткерлікке алып келген. Тұлпардың тұяғы, асылдың сынығы саналған Мұрат мектептегі кезінде-ақ өзінің көшбасшылық қасиетін байқатып, үнемі игі істердің басы-қасында болып, ұйымдастырушылық қабілетімен қасындағыларын қайран қалдырып отыратын-ды. Бұл жөнінде Мұрат ағаның өзі де үнемі сұхбаттарында сыр ғып шертеді. («Өмірдің өзі мейірімнен тұрады». «Айқын» газеті, 29.12.12.).

Ұлтжандылық қанына сіңіп өскен жас Мұрат Әуезовтің «Жас тұлпарды» құруға себепші болған Алаш идеясын келешекке ұластырған ұлы тұлға – әкесі Мұхтардың әсері-тін. Ол жөнінде ұлы былай сыр шертеді: «Отец был со мной ласков. Воспринимаю его через вкус и запах шоколада. Всегда нес мне много материального. Во время поездок на Иссык-Куль и загородных выездов я впитывал его манеру говорить, думать, ходить, и сами слова его всегда врезались в душу мою. ...Хорошая была перспектива: моя поездка по аулам и встреча с ним на Иссык-Куле. Тогда начинался «Жас тулпар». Пресловутая мягкость-это заикание после комсомольского собрания в Институте восточных языков, где я столкнулся с шовинизмом. Тогда я начал сомневаться. И это называют мягкостью! О черт, такие встречи не повторяются! Хотя нет, они есть и будут теперь на всем моем жизненном пути. Сразимся» (Мурат Ауэзов. Дневники. «Уйти, чтобы вернуться». Алматы: ИД «Жибек жолы», 2011. – 296 с. 16-17 стр.). Кеңестік кезеңдегі өршіп тұрған шовинистік көзқарасты Ресейде білім алып жүрген жастар жақсы сезінетін еді. Әрбір сәт сайын алдынан шығып, аяқтан шалып, астамшылдық танытатын үстемшілдік Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған жастарды еріксіз ұйымшыл болуға, сапалы білім ғана алып қоймай өз елінің ұлтжанды ұл-қызы болуды үйретті. Қаладағы орыс мектептерінде оқыған жастар шетте жүргенде қазақша сөйлемеудің өзі өрескел әрі өткір сын екендігін сезді. Бүгіндері Елбасы үнемі құлаққағыс ететін «қазақпен қазақ

қазақша сөйлессін» деген сөзін сол кездері-ақ ұран етіп, кім орысша сөйлесе 5 тиын айып салуды салтқа айналдырған екен.

Алаш зиялыларымен тығыз қарым-қатынаста болған анасы Фатима мен ұлтымыздың рухани көсеміне айналған әкесі Мұхтар Әуезовтің тәлімінен тағылым алып, өзі құрған «Жас тұлпар» қоғамынан бері қазақтың қамын ойлап, келешегіне көсемдікпен көз салған ойшыл, мәдениеттанушы, көрнекті қоғам және мәдениет қайраткері Мұрат Әуезов бүгінде шын мәніндегі ұлтымен тағдыры тұтасқан бірегей тұлға атанды. Қазақтың рухани кеңістігіндегі Әуезовтер әлемінің өзі көп нәрсені әйгілейтіндей. Әдебиет пен мәдениетті тамыры терең тарих арқылы танып, оны философиялық күрделі пайымдар негізінде парақтауды парыз санайтын Мұрат Әуезов көшпелілер мәдениетіне ерекше мән берген маман. Интеллектуалды прозаның табиғатын білімнің негізі құрайтынын сұңғылалықпен сезінетін ол 1976 жылы өзінің алғашқы кітабы «Эстетика кочевьяны» шын мәніндегі танымды туынды дәрежесінде жазған болатын. Алайда, ол туындыны Қазақстан КП Орталық Комитетінің ұзын құрығы жарыққа шықпай жатып жер жастандырған-ды. Бірақ, оған мойымаған Мұрат Әуезов керісінше күрескерлік, іскерлік қабілетін, идеялық бағыт-бағдарын жетілдіріп, ұлт қамы жолында қайраттана, шабыттана еңбек етті. Өзінің саяси өресін өсіріп, тұлғалық қасиетін шыңдау барысында үзбей ізденуді өзіне мақсат тұтты. «Уйти, чтобы вернуться» атты «Күнделік» жазып, өзінің жүрегіндегі жараларды жасқанбай жариялап та жіберді. Бұл қадам, сөз жоқ, қоғам мен саясаттан кету, жеңілу емес еді. Тек оған енді есейіп, толыққанды дайындықпен, саяси сауаттылықпен, сергек көңіл, тың көзқараспен жаңаша бір рухани әлем ашуды көздеген мақсаттан туған байлам болатын.

Тегінде эпистолярлық жанрда жазылған тарихи тұлғалардың күнделіктері ұлылар дерті – ұлт қамы екендігін дәлелдеп келгені ақиқат. Кезінде «Жас тұлпар» атты студент-жастар қозғалысы арқылы шетелдегі қазақтардың ұлттық құндылықтары жолындағы қайғы-қасіретті жастыққа тән албырттықпен болса да дер кезінде алғыр да алымды ойлармен айта білсе, енді өзінің «Күнделігі» арқылы ішкі жан дүниесіне (ол жалғыз автордың ғана емес, бүкіл қазақ жұртының жүрегі деп түсінген жөн – Г.П.) үңіле отырып, өз халқының қоғамдық, саяси, әлеуметтік, рухани әлеміндегі қайшылықтар мен қақтығыстар туралы сыр шертеді. XX ғасырдың 60-70 жылдарынан бастау алған

жастар қозғалысы кешегі 1986 жылғы Желтоқсан қозғалысына себепші болғаны да белгілі. Сол жылдары қазақтың жалпы рухани-ятында іштей бір дүмпудің болып жатқаны, тарихи романдардың бұрқырап жарияланып жатуы, әдебиетке келген жастардың интеллектуалды прозаға жаппай бет бұруы ұлтымыздың сапалық деңгейінен өскендігінен сыр бергендей болатын. Қазақ зиялыларының қалалық жерлерде көптеп қазақ мектептері мен балалар бақшаларын салуды талап етуі, ана тіліміздің мәртебесін көтеруді күн тәртібіне қоя бастауы, ұлт кадрларының даярлануына, жұмысшы мамандардың қалыптасуына көңіл бөлуі, қалада қазақтарды көбейту, баспаналарды қазақ жастарына көбірек беру секілді сын көтермейтін жергілікті халықтың мұң-мұқтажына қатысты маңызды мәселелердің мемлекеттік тұрғыдан шешіле бастауы, сөз жоқ сол кезеңдегі рухани өміріміздегі жаңаша көзқарастардың қалыптасуына «Жас тұлпар» бастаған жастар арасындағы қозғалыстардың әсері болды.

Ұлтжандылық – шын мәніндегі ірі құбылыс. Ол қозғалса небір сендердің сетінеп, шытынары сөзсіз.

Қайда жүрсе де әке, оның арғы жағында Абай атасы мен Алаш зиялылары аманат еткен ұлт қамын арқалап, ауыл аралап, ел жайымен, қарапайым қазақ жұртының жағдайымен таныса отырып, әлемдік деңгейдегі мәңгілік мәселелер мен ұлттық құндылықтарды мансұқтайтын автор монолығынан тұратын «Күнделік» қазіргі қазақ әдебиеті үшін үлкен жетістік, әрі жаңалық. Бір адамның көргені мен көңілге түйгені сөз болғанымен онда әлемдік құндылықтар талданады. Алашшыл тұлғаның ауылға барып өзін іздеуі қызғылықты тосын құбылыс. Жанын жеген жан жарасын жазу үшін жалғыздықты аңсап, жазуды қалап барғанымен қаламдас досы Сатымжан Санбаевтың ата-анасының тағдыры арқылы әр қазақтың алтын бесігі болған ауыл, ондағы қарттар мәселесі – ұлт қамы баяндаушы – авторды терең толғаныстарға түсіреді. Тұлға болып қалыптасудың, ерік пен жігерді жанудың, тұрмыстағы қиындық пен санадағы қақтығыстан кейіпкердің өзін іздеу жолдары оқырманды өзіне ынтықтырып, қызықтырып отырады. Қарапайым тілмен қарапайым қазақы ауылдың тыныс-тіршілігін тілге тиек ете отырып, көшпенділердің көнеден келе жатқан тарихынан, мәдениеті мен әдебиетінен тамтұмдап, тамаша тілмен, өзгеше стилдік өрнекпен ой өру Мұрат Мұхтарұлындай әмбебап білгір әдебиетшіге ғана тән қолтаңба.

Қандай әңгіме қозғаса да көнекөз қариялар секілді тереңінен толғап, жан-жақты қамти шежіре шертетін шешен де ойлы баяндаушы шын мәніндегі интеллектуал – кейіпкер. Мәңгілік өмірдің мәні мен құндылығы жөніндегі философиялық ой толғаулар «Күнделіктегі» өзекті жайт. Ұлттың тарихи тағдыры деңгейінде ой толғауды өз өмірбаянымен өзектестіріп, өрбіте өрнектеу шығыстанушы ғалым, әмбебап ойшылға тән даралық қасиет болса керек. Неше ғасыр бойы отаршылдықтың неше түрлі опасыздықтарын көріп, өздерінің көне түркіден қалған тәкаппарлығынан, ержүрек батырлығынан айрылып, бодан болып босаңсып қалған қазаққа қайта қайрат беруге бағытталған бұл еңбек өзінің көздеген мұратына жеткендей.

1970-79 жылдардағы қазақ қоғамында өріс алған саяси-қоғамдық ахуалдың себеп – салдарынан сыр шертіп, жігер жаныған бұл жазбалар оқырманына ой салуды, сананы сілкіндіріп, қоғамға қозғау салуды өз міндетіне алғандай. Ол жөнінде автор: «Это мои дневники 1970-1978 годов. Времена были сложные. Особенно для тех, кто мечтал и действовал во имя свободы», – дейді кітаптың эпиграфында.

Кітаптың кіріспесінде Сариев атты балама баяндаушы сөз алады. Ал, күнделік «Мақат» 1970 жылдың 11-жұлдызынан басталып, 29-жұлдызында аяқталады.

Жеке бір тұлғаның тағдырымен тамырласып жатқан жай қарапайым тіршіліктегі түйткілдер мен көзбен көрген, көңілге түйген жайттар қатпары қалың қазақ қайғысының құпияларына көз жүгіртеді. Айдаладағы азғана үйі бар шағын ауылдағы өмірдің өзі отаршылдықтың ордасындай. Құрылысшылардың жергілікті қазақтармен төбелесуі, бір орыстың сегіз қазақ жігітін сабап тастауы, ешқандай өркениеттің исі жоқ ауылдағы жабайы тұрмыс, екі қазақ тұрса да Хамит шалдың орысшаны таза білуі, баласы Санжардың орысша роман жазуы, оған әкесінің қынжылуы, шешесінің өмірі тек тіршіліктен тұратыны, ауылда қараусыз қалған қарттар тағдыры, бәрі де ой мен тұрмысты жаулаған отаршылдықты аңғартады. Өзгелер мен өз ұрпағы алдында ұялмайтындай өмір сүруді көксеген кейіпкер «Кім кінәлі?», «Не істеу керек?» деген сауалдарға жауап іздейді. Сөзбен емес, істі әрекетпен бастауды ойлаған ол «Жас тұлпар» қозғалысымен көзге түсіп, Алаш зиялылары бастан кешкен тағдыр бұған да тиесілі болды. Кандидаттық диссертация қорғаса да ЖОО-да оқытушы болуға болмайды деген бұйрық алған ол түрлі қоғамдық-саяси ұйымдармен бірлесіп, ұлт

қамы жолында еңбек етті. Бұл еңбегі «Күнделігі» – ойшыл, философ-публицист, әдеби сыншы және эстет, жазушы, мәдениеттанушы Мұрат Әуезовтің өз ұлтының тағдыры туралы толғаулары. Тәуелсіздік жолында табандылық танытқан көрнекті тұлға әрқашан ел алдында, ұлтының ар-абыройы бола білді. Ол ешқашан ұлт тағдыры дегенде үнсіз қалмады. Ұлы Мұхтардың тап өзіндей жарқырап топ алдында жүрді. Елдің рухани көшбасшысы ретінде қай додада ешкімге дес бермейтін дана ойшыл, әмбебап интеллектуал, ұлтжанды тұлға ретінде танылды. Оның ойшылдығы, жан-жақты білімдарлығы, көшпелілердің көне тарихынан тамыр тартқан білімдарлығы тап осы «Күнделіктен» жақсы көрінеді. Күнделіктегі күрделі ойлар, қиын тағдырлар, ой-толғаныстар оқырмандардың санасына салмақты жүк артады. Ол ой қозғайды, сананы оятады. Қазақтың көркемдік ойлау жүйесінде өзгеше тіл өрнегімен, жаңаша баяндау тәсілімен, стилдік ерекшелігімен танылған «Күнделік» ұлттық интеллектуалды прозасының кеңістігін кеңейтері хақ.

«Жаның, құрғыр, тәттісі-ай!» деген Жания апайдың сөзін өзіне өмірлік ұстаным еткен «Күнделіктің» кейіпкері Мұрат Мұхтарұлы сынды ұлы перзенттің жаны да, мұраты да – қазақтың қамы, келешегі, соның еркіндігі, жаннан тәтті тәуелсіздігі. Мұхтардай алашшыл азаматтың артында қалған ұрпағы ғана емес, әке мен ел аманатын абыроймен арқалаған халқының қалаулысы, ол. Мұхтар мен Мұратты қазақ халқы өзінің абыройы, ары, жаны санайтыны да сондықтан. Қазақ: «қай жерің ауырса жаның сол жерде» дейді емес пе?. Сол айтқандай, қай заманнан бері ұлылардың дерті – ұлт қамы екендігі бесенеден белгілі. Ел-жұртының жарасын өзіне еншілеген елім деген азаматтың да жаны елімен бірге жанып-күйеді: «...Вопрос: хотел бы ты, чтобы прямо сейчас казахи получили независимость? – бессмысленен. Сейчас и никогда независимость не дарят, за нее борются, ее добиваются. В борьбе за независимость народ вырабатывает способность быть самостоятельным и независимым...» /49 стр./.

«Шынында да біздің тарихымыз кеңес дәуірінен кейін ғана басталды ма?» деген күдікті сауалға жауап іздеген ол өз елінің тарихы сонау көне дәуірден басталатынын, оның керемет мәдениеті мен әдебиеті, өзіндік өркениеті бар екендігіне «Эстетика кочевья» /1976/ деген зерттеуі арқылы көз жеткізеді. Ал, тәуелсіздікті тек теориямен, сөзбен емес, ол үшін жан беріп, күресу керектігін түсініп, түйіндей

білді. «Күнделіктегі» кезектесіп беріліп отырған шалғайдағы шағын ауылдағы қарттар тағдыры мен кейіпкердің ұлт тағдыры туралы толғамдары оқырманды терең ойларға тартып, жігерін жанып отырады. Бүгінгі қазақтың көшпелі өмірінен бір үзік сыр мен кішігірім көріністерді бейнелейтін «Күнделіктегі» кеңістік пен уақыт категориясы кешегі мен келешек арасындағы сабақтастықтың сырын ашады. Кейіпкер көңілдегісін кібіртіктемей ашық жазады: «Разобрался ли в себе как в общественном человеке? Это невозможно. Понять свою общественную сущность в бегах-попытка бессмысленная. Это нужно делать в практике и подводить итоги перед смертью. Сейчас -все еще впереди. Что же дала мне эта поездка? Пожалуй, и об этом рано еще говорить. Но все же – дышал чистейшим степным воздухом, никуда не спешил, делал только то, что имеет смысл и видимый, наглядный результата (носил воду, рубил дрова, ходил в Макат за продуктами, кормил скот, приводил овец и верблюдов издалека, топил печь). Писал все, что придет в голову. Не кривил душой. Услышал множество всякого из уст Жании и Хамзы. Узнал крепкую жизнь крепких людей...» /55 стр./. Шынында да бұл сапар кейіпкердің өзінен қашуы емес, керісінше: «...И удрать куда-нибудь мечтал бы. И удрал бы. И снова вернулся бы. И так было бы (так будет) не раз. Погибнуть раньше времени не входит в мои планы. Не трогайте меня до сорока лет. Десять лет-срок достаточный. Я сделал очень хорошо, уехав из Алма-Аты именно в тот день!» /51 стр./, – дейді. Бұл көрініс кешегі Лев Толстойдың, Шәкәрім Құдайбердиевтің, Ақан серінің елден жыраққа қашып, өз ой-толғаныстарымен болып, шығармашылықтың шуағына шомылған шағын еске түсіреді.

Бұл сапар кейіпкердің ойын жинақтауға, келешегін жоспарлап, алдағы ұлы мақсаттардың міндеттерін айқындауға мүрсат береді: «Я совершу нечто менее понятное, но нужное, если уловлю сущность кочевья и расскажу на хорошем эссеистском уровне. Я напишу книгу, значение которой будет серьезным. Полураскрытые символы. Национально-художественные символы я раскрою ровно настолько, насколько вижу в них символическое значение. Тот, кто поймет национально-художественный символ, мной расшифрованный, поймет затем и мой шифрованный символ. Это пробудит в читателе вкус к поиску потаенного смысла, и этот поиск будет результативным лишь по видимости...» /58 стр./. Бұл – тұңғыық мұхиттай терең білімді, болмы-

сынан бекзат тұлға Мұрат Мұхтарұлының шығармашылық даралығы, табиғи талантының ерекшелігі. Оқырманын терең ойға сүйрейтін символдық детальдар, құпия қатпарлары мол қазыналы ойлар, шешуі қиын астарлы тұжырымдар, шығармашылық тұлғаның өзіндік дара феноменін танытады. Мұрат Әуезов кез-келген шығармасында көшпелі көне мәдениеттен бастап бүгінгі интеллектуалды прозаның өзекті мәселелеріне мән бере отырып, әлемдік мәдениеттер диалогының көркемдік құдіретін өрнектейді. Өзінің жеке тағдырын халқына теліп, сонымен синонимдес сезіну, әрине, сирек жаратылған дара тұлғаларға ғана тән қасиет болса керек. Ел-жұртының мұң-қамын өзіне қамыт етіп киіп, соның жолында құрбандыққа бару – Мұхтарұлы Мұратқа тән мінез екендігін мойындамасқа шараңыз жоқ, «Күнделікті» оқысаңыз.

Енді бір сәт «Күнделіктегі» басты кейіпкерлер Жания мен Хамзаның образдарына тоқтала кетсек, олар кәдімгі өмірдегі шынайы мінез-табиғатымен, тек өздеріне ғана тән болмыс-бітімімен бедерленген. Көркем шығармадағыдай көркем кейіпкер кейпінде емес, кәдімгі тарихта бар қарапайым қариялар. Әке Хамза баласының орыс тілінде жазатынына назалануы арқылы ана тіліміздің тағдыры, келешек ұрпағымыздың өз тамырынан, тарихынан, тілінен, дәстүр-салтынан ажырап қалу қаупі, бірнеше ғасырға созылған орыс патшалығының отарлау саясатының салдарынан екендігі туралы толғаныстары оқырмандарын ойландырмай қоймайды. Ал, ақ кимешегін киіп немерелерінің ортасында отыруға тиісті Жәния әжеміздің: «Мақатқа барсақ, бірден ауырып қаламыз, даланың әуесімен сақталып жүрміз» деген сөзі, сірә, сылтау болса керек. Ол жөнінде автор: «...Вряд ли Хамза думает так же, но молчит. Я тоже молчу» /48 стр./, – дейді. Бұл қарттардың ішкі жарасы секілді. Кемпірдің келіндері туралы жақ ашпауы да көп нәрсені түсіндіргендей. Тағдырдың барлық ауыртпалығын қайғырмай, қайсарлықпен көтере білген кемпірдің бейнесі оқырман алдында ажарланып, биіктей түседі. Оның портреттік бейнесін суреткер шынайы әрі шебер береді: «У Жании малый размер обуви. Женственная, стройная. И в то же время-сильная, крепкая. Кости рук широкие, широкая ладонь, крепкие большие пальцы. Ладони и пальцы в трещинах. Кожа твердая, плотная. Удивляюсь, как сумела заноза пробиться в ладонь. Я иглой долго не мог расковырять кожу, чтобы занозу вытащить, -такая она была прочная, как кожа верблюда, из которой сделан торсык» /48 стр./. Осы бір психологиялық деталь

– алақанға кірген тікенек арқылы қазіргі ауылдағы жалғызілікті қарттардың қиын тағдыры тілге тиек етіледі. Ананы өз табиғатына тән көркем, нәзік, мейірімді етіп бейнелегісі келгенімен олар өмір сүріп жатқан ортаның, өмірдің, табиғаттың, тағдырдың қаталдығы эстет қаламгердің қалауына көңгісі келмейді. Мұндағы өмір шынайы көзбен көргендей, бірақ өте дәл, психологиялық тұрғыдан нанымды көріністермен көмкерілген. «Күнделік» көркем шығарма болмаса да мұнда қала мен даланың диалогы, қарт пен жастың сұхбаты, екі түрлі көзқарастар, екі түрлі тағдырлар, екі ұрпақ арасындағы алшақтық пен қарым-қатынастар мен қақтығыстар секілді өмірдің мәңгілік мәселелері сөз болады. Қарама-қарсылық тудыратын табиғат пен адам арасындағы қақтығыстар, жеке адамның рухани бостандығы мен ұлт тәуелсіздігі турасындағы трагедиялық ахуалдар уақыт пен кеңістік шеңберінде шынайы бейнеленген. Сондай-ақ, олардың бәрі баяндаушының көзқарасы, қабылдауы, тануы мен бағалауы ретінде беріледі. «Күнделік» эпистолярлық жанрдың өзіне тән көркемдік шарты бойынша тек күндерді тізіп, өзінің ішкі сырларын ашу ғана емес, сол толғаныстарды қазақтың тағдырымен, кешегісі мен келешегі арасындағы ұрпақтар жалғастығымен жарасымды жымдастыра отырып, ұлт қамын ойлауымен құнды. Өмір деген таусылмайтын күрес, ал қозғалыссыз тамағың да тәніңе тармайтынын сөз еткен Жәния әже іс-әрекетсіз еш нәтижеге қол жеткізе алмайсың деген даналық ой айтады. Автордың да айтпағы осы ой-тын. Адам өз еркіндігі үшін, рухани құлдықтан арылуы үшін үнемі талпынып әрекет етпей ешқандай нәтижеге, ең бастығы тәуелсіздікке қол жеткізе алмайтынын басты нысана етеді.

Тәуелсіздік – өмір мен өлім арасындағы арпалыстың жемісі. Тәуелсіздік туралы толғаулар шығармадағы диалогтар арқылы дамитын драматизмді толықтырып, психологиялық нанымдылықпен бейнелеуге дәнекер бола білген. Ауылдағы бір бөлмелі киіз үйде жатып бүкіл қазақтың қасіретін жұтып, әр қазақтың жан айғайын, ішкі запыран-зарын күнделігіне ешкімнен ықпай, авторлық санадан тыс ырықсыздық жолымен ақтарып салу – тек Мұрат Мұхтарұлы Әуезов сынды сирек дарынды шығармашылық тұлғаға тән мінез-болмыс болса керек. Күнделіктің көксегені де көркемдік емес, кеменгерлік. Ондағы ой терең де астарлы. Көрнекті қоғам қайраткері, философ, мәдениеттанушы, әдебиетші, сыншы, Қазақстан Жазушылар одағының

мүшесі, «Тарлан» және «Алтын ғасыр» ассоциациясының «Алтын асық» сыйлықтарының иегері Мұрат Әуезовтің «Күнделігіндегі» тәуелсіздік туралы толғаныстарының уақыты шектелмейтін мәңгілік құндылықтар негізінде нысанаға алынып, күн артқан сайын оның мазмұндық, көркемдік-эстетикалық мән-маңызы аса түсуімен бағалы.

М.ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ Л.Н.ТОЛСТОЙ

1977 жылы көрнекті жазушы, философ, драматург Асқар Сүлейменов даңқты дарын иесі Мұхтар Әуезовті «Толстойдың деңгейіндегі суреткер» деп баға беріпті, «Болмыспен бетпе-бет» деген мақаласында. Осындай ойды біз 2014 жылдың тамыз айының 11-15 аралығында Ясная Полянада өткен «Лев Толстой и мировая литература» деген тақырыпта өткен ІХ-шы Халықаралық ғылыми конференцияда жасаған «М.Әуезов прозасындағы Л.Н.Толстой дәстүрі» атты баяндамамызда да атап көрсеткен едік. Әдетте, Әуезов шығармашылығындағы Толстой дәстүрі Абайды тану мен таныту тарихымен тікелей сабақтас, үзілмеген үндестікте үзегілес дамуын есте ұмытпағанымыз абзал. Бір кезеңде өмір сүріп, бір-бірін түстеп танымаса да шығармалары арқылы сан сұхбаттасып, пікір алмасқан екі елдің ой алыптары күллі адамзатқа қажетті рухани құндылықтарды өз ауылдарынан аспай-ақ айдай әлемге таратып жатты. Бірі өз усадьбасы – Ясная Полянада, бірі Жидебайда әлемнің алпыс тамырының солқылын тап басып, талай-талай толғақты ойларға ерік беріп, рухани төңкерістер жасағаны тарихтан мәлім. Л.Толстой қарапайым орыс шаруаларымен теңдей тіршілік кешіп, олардың ұл-қыздарын өз қабілеттеріне қарай түрлі бағытта білім беріп, еркін ойлы етіп тәрбиелеуде таңғажайып жетістікке жетсе, ешқандай арнайы оқу орнын бітірмей-ақ өзінің табиғат берген ішкі түйсік білімімен айналасына шәкірт жинап, ақындық мектебін қалыптастырған Абай арасындағы ой үндестігі мен шығармашылық байланысты бірінші Әуезов таныды. Лев Толстойдың тірі кезінде-ақ қалыптасқан толстойтанушылардың туындыларымен танысып, сол кезеңнің көсемі атанған В.И.Лениннің Толстойға берген бағаларын бас алмай оқып, екі алыптың рухани туыстығын тапты. Мұрағаттанушы әрі мұхтартанушы ғалым Талат Әкім екеуіміз өткен

жаз бойы М.Әуезовтің кітапханасында отырып, бүкіл кітаптарға түскен белгілермен танысып, қағазға түсіру барысында оған біз көз жеткіздік.

М.Әуезовтің кітапханасындағы В.И.Лениннің 1941-жылдардан бастап шығарылған 50 томдық толық шығармалары жинағының 15-томындағы «Лев Толстой, как зеркало русской революции» деген мақаласын әрбір абзац, әрбір сөйлеміне дейін қызыл қарындашпен сызып, мұқият оқығанын байқадық. Кеңестік кезеңде әрбір азамат білуге тиісті еңбек болғандықтан осылай мән бере оқып, ой түйген болар деген ойымыз бекер екен. М.Әуезов В.И.Лениннің еңбегінен де өзінің Абайына қатысты ойларды іздепті. Тіпті оны тауыпты да. Мәселен, 183-бетте қара қарындашпен найзағайдың ұшындай (стрелка) белгі қойып, қасына «Абайда солай» («У Абая также») деп жазып, кішкене аққағазбен желімдеп қойыпты. Толстойдың 80 жылдығына орай легалды орыс баспасөздерінің көп мақала жаздығына мән берген Л.И.Ленин жазушының шығармаларындағы, көзқарастарындағы, біліміндегі, оның мектебіндегі орыс өмірінің теңдессіз көрінісіне баға берген: «...Толстой смешон, как пророк, открывший новые рецепты спасения человечества, – и поэтому совсем мизерны заграничные и русские «толстовцы», пожелавшие превратить в догму как раз самую слабую сторону его учения. Толстой велик, как выразитель тех идей и тех настроений, которые сложились у миллионов русского крестьянства ко времени наступления буржуазной революции в России. Толстой оригинален, ибо совокупность его взглядов, взятых как целое, выражает как раз особенности нашей революции, как крестьянской буржуазной революции», – сөздеріне ерекше тоқталып, Абайдың пікірлерімен орайластырып, өз көкейіне құйып, қасына белгі қойған. Тіпті мазмұндағы осы мақаланың тұсына да «У» белгісін қоюды ұмытпапты. Ал, 16-том мазмұнында да «У» белгісі түскен мақалалар саны әдеуір. Атап айтсақ, олар: «Л.Н.Толстой» (293-297 б.), «Л.Н.Толстой и современное рабочее движение» (300-302 б.), «Толстой и пролетарская борьба» (323-324 б.) т.б. атты мақалалар. Л.Толстойдың қайтыс болуына орай жазылған мақаласының 295-бетіндегі: «...В произведениях Толстого выразились и сила и слабость, и мощь и ограниченность именно крестьянского массового движения. Его горячий, страстный, нередко беспощадно-резкий протест против государства и полицейски-казенной церкви передает настроение

примитивной крестьянской демократии, в которой века крепостного права, чиновничьего произвола и грабежа, церковного иезуитизма, обмана и мошенничества накопили горы злобы и ненависти», – деген В.И.Лениннің сөзінің бір шетіне араб әрпімен «У Абая иначе. Его непонимание другое» деген сөздер жазылған. М.Әуезов жазып, белгі соғылған бұл айқара беттер (294-295 бб.) қазақ және орыс тілдерінде жазылып 1997 жылға дейін мұражайдың өзінде қойылатын көрмеге қойылып келген. Және де 323-беттегі «Толстой и пролетарская борьба» деген мақаланың осы бетінде «М» және «арабша асты сызылған «Абай» деген сөз жазылған. 324-беттегі 3 абзацтың екеуіне де белгі қойылып, асты түгелдей сызылып, аса ыждаһаттылықпен оқылғаны көрінеді. 17- томның мазмұнында белгі болмағанмен 29-беттегі «Л.Н.Толстой и его эпоха» деген мақаланың 31-32 беттерінде қара қарындашпен белгі қойған. Міне, мұның бәрі Мұхтар Әуезовтің Абай танымы мен санасындағы бүкіл ойлау жүйесінің динамикасы мен өзгерістерді, саяси, мәдени, әдеби құбылыстардың құпия қалтарыстарын сол қоғамның ахуалынан аңдап, Толстой деңгейіндегі данышпандық пен даралықты дөп басып, дәріптей білгенін байқатады. Қалай десек те ұлылардың ұлағаты осы, бүкіл адамзатқа ортақ рухани үндестігінде болса керек. Соны сұңғыла білгірлікпен байқап екі шығармашылық тұлғаның ортақ ой иірімдерінен ізгіліктің іздерін, кемеңгерліктің көзін, данышпандықтың дәнегін іздеген М.Әуезов өзі де сол Абайдың жырлары арқылы сәби кезінен Толстойдың есімін есіне сақтап, қағидаларына қанығып өсті. Атасы Әуездің күндіз-түні құлағына құйып, сәби санасына сіңірген ұлы суреткердің есімін есіліп, шығармаларын жата-жастанып оқығанын, елге келгенде енді Мұхтар атасына Толстойдың «Қажымұрат», өзге де шығармалары туралы тамсана тамылжытып әңгімелейтіні жөнінде Евгения Лизунованың «Аңыз адам» атты еңбегінде айтылған. Тамсану мен табысу тереңдей келе рухани туыстыққа айналып, «Көксерек», «Қараш-Қараш», «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихы Толстойдың тарихи романдарымен тамырласып, шығармашылық тәжірибе алмасқандығын аңғартары ақиқат. Алайда, М.Әуезовтей шебер суреткер ешкімге елтіп еріп кете қоймасы хақ. Әлем әдебиетіндегі бар жақсыны сіңіріп, өзінше, өзгеше көркемдік құбылыс жасаған классик жазушы Мұхтар Әуезов ешкімге ұқсамайтын ұлы тұлға.

Енді бәрімізді ойландыратын бір жайт – әлгі Ресейде әлемнің

43 елінен жиналған ғалымдардың, әсіресе қазіргі жастардың қазақ әдебиеті, оның ірі өкілдері, т.б туралы мәліметтерінің мардымсыздығы. Бұл қазіргі қазақ әдебиетінің әлемдік рухани кеңістікте кеңінен насихатталмайтынын, туындыларды өзге тілдерге тәржімеленуінің төмен деңгейде екендігін көрсетке керек. Лев Толстойдың мұражайында өтетін дәстүрлі халықаралық ғылыми конференция қонақтары біздің әдебиетіміз мен тілімізге қызығушылық танытты. Мәселен, Канадан келген ғалым Донна Орвин: 1-2 ауыз қазақ тілдінде сөз айтыңыздаршы, үнін, қалай дыбысталатынын естийік деген өтініш айтты. Және «Толстой қазақ елінде болған ба?» деп сауал қойды. Толстой сияқты ұлы тұлғаның қазақ елін тануы, олардың өмір тіршілігіне деген қызығушылығы болуы мүмкін бе, деген күдікті ой қылаң бергендей. Бұл сауалға жауапты төмендегі мәліметтер береді. Мәселен, көзі тірісінде-ақ әлемге танылған Лев Толстойдың шығармаларымен көзі ашық, көкірегі ояу сауатты қазақ жастары да жақсы таныс болған екен. Тіпті тарихи деректерге сүйенсек, бірнеше қазақ оқығандары хат жазып, пікір алмасып, кеңес алып тұрған. Соның бірі семейлік мұғалім Рахматулла Менғалиұлы Елкібаев (1877-1919 жж.) 1901 жылдары Толстойға хат жолдап, шығармаларын өз шәкірттеріне түсінікті болуы үшін түрік және араб тіліне аударуға рұхсат сұраған. Оған жазушының жолдаған хаты бар екен. М.Елкібаевтың 1912-14 жылдары Толстой туындылары туралы мұсылман журналдарына бірнеше танымдық мақала жариялағаны да белгілі. Бұл өзі арнайы зерттелуді қажет ететін құнды дерек. Сондай-ақ, Қасым Шубай деген кісінің 1909 жылдың 17 қаңтарында Толстойға хат жолдап, «Ильяс» деген әңгімесін қазақ тіліне тәржімелегені, енді «Корней Васильев» атты туындысын аударғысы келетінін айтып жазған хатына жазушының алғыс айтып, жауап жазғаны анықталған. Және басқада көптеген шәкірттердің де хат жазғандары жөнінде деректер бар. Осы ретте «Экскурсия по Дому Л.Н.Толстого, проведенная Н.П.Пузиным, в изложении И.В.Толстого» деген мақаладағы мына мәліметтер бұл ойды толықтыратындай: «...Переписка Толстого была необыкновенно обширна, а содержание писем крайне разнообразно. Кто только не писал ему! Одни присылали свои сочинения-прозу или стих – с просьбой дать о них отзыв или поместить куда-нибудь, другие просили совета по личным делам, кто, думая, что Толстой богат, просил прислать денег-на окончание образования, на лечение,

покупки коровы, лошади, швейной машины и тому подобное. Были письма сочувственные, ругательные, многие обращались с просьбами прислать авторгаф, фотографию и т.д.» (*Хранитель здешних мест. Памяти Николая Павловича Пузина*) (*Асная Поляна*, 2011. – 284 с. 71 с.). Л. Толстойдың 90 томдық шығармалар жинағының 30 томы тек хаттардан тұратындығын, 1910 жылғы бір ғана дерек бойынша әр күн сайын 20-25 хат алғанын ескерсек, Толстой мен Шәкәрімнің шығармашылық байланысын анықтайтын хаттардың тағдырындай бұл мұралардың әлі ашылмай жатқан талай құпия сырлары болуы әбден мүмкін. Оның қазіргі куәсі – Толстой мұражайының кіре берісінде ілулі тұрған үлкен теріден тігілген хат таситын коржыны (сумкасы). Мұхтар Әуезов «Экскурсия в Ясную Поляну» деген жолжазбасының 8-ші бетінде жеке жолға «Сумка-почта» деп ерекше мән бере жазып қойыпты. Бәлкім, осы сөздің сыртында суреткер көкейіне түйген талай толғақты ойлар болған шығар?

Ендігі бір дәлелді дерек – біздің өз көзімізбен көріп, Толстойдың қазақ жеріне келгенінде қымыз ішкен кішкене торсықтың жазушы мұражайында ілулі тұруы дер едік. Конференцияға келген қонақтармен бірге Толстойдың музейін аралағанда байқаған мал терісінен болу керек, кішкентай торсықтың ілулі тұрғанын, онда арабша жазылған сөздер барлығын көріп, қызығушылық танытқанымызда осы музей қызметкерлері Толстойдың 1862 жылдары қатты сырқаттанып, сол кезеңде кеңінен танымал болған қымыз ішіп, емделу үшін Қазақстанның Орал, Самара, Орынбор қалаларында болғандығын, әлгі торсықты сонда бір таныстарының сыйға тартқандығын айтты. Бізде осы сапарға барар алдында біраз кітаптарды ақтарып, осы сауал төңірегінде ақпараттар жинағанымызда, шынында да Толстойдың сол жылдары қазақ еліне келгендігі, жазушыны Қырым соғысында бірге болған Аркадий Столыпин өзінің саяжайында (бүгінде Орал қаласындағы ең көрікті орталық паркі) күткені, жергілікті халықтардың өмір-тіршілігімен, қазақ ақындарының өнерімен танысқандығы, тіпті сол сапарлары жөнінде «Много ли человеку земли нужно?», «Ильяс». «За что?» (1906) деген әңгімелер жазғандығы жөніндегі фактілер әдеби дерек ретінде өте қызығлықты. Бұл сапар себебінің тағы бір нұсқасы – ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Николай Щербановтың пікірі бойынша 1853 жылы бастап, аяқтай алмай жүрген «Казаки» романын тәмамдау үшін, казактар туралы

ойларын жаңартып, жаңа әсер алу үшін келген» деген пікірі. Оны жазушының замандастарының естеліктері де растайды.

Ендігі бір тың дерек – Мұхтар Әуезовтің 1949 жылдың мамыр айында Тула қаласы жанындағы Ясная Полянадағы Лев Толстойдың мұражайында болуы. Белгілі әуезовтанушы ғалым Талатбек Әкімнің *«Алыппен алып сырласты» («Даналық дәнегі»*. – Алматы: «Ана тілі», 1997. – 189 б. 65-75 бб.) және «Мұхтар Әуезов танымындағы дін және ұлттық бітім» деген мақалаларында Л.Н.Толстойдың Шәкәріммен хат жазысқан тарихын, Толстойдың өскен ортасына, музей-үйіне, кітапханасына, усадьбасына, исламдық рәсіммен жерленген бейітіне (басына белгі қойылмай, тек жылына екі рет жаңартылып отыратын) барып, тағзым еткен М.Әуезовтің 1949 жылдың 28-29 мамырында Ясная Полянаға барған сапары жайлы құнды әдеби-мұрағаттық құжаттар негізінде ғылыми сараптама жасалады. Алайда, бұл мақалаларда да М.Әуезовтің өз қолымен жазылған жазушы мұрағатындағы №480 папкадағы 16 беттік «Экскурсия в Ясную Поляну» атты жолжазбасында да бұл сапардың мақсаты мен сапарластары жөнінде сөз қозғамайды. Біз барған сапарда білгеніміз: М.Әуезов Ясная Полянаға жалғыз бармапты. Мәскеуден жасақталған арнайы делегациялармен барған сияқты. Л.Толстойдың музей-усадьбасына келушілерді, әсіресе аса қадірлі қонақтарды тіркейтін кітапта: «28/У Казахский писатель Ауэзов и др. Таумбай Абдильде Таумбаевич (Әбділда Тәжібаев болуы керек) поэт, Жаталин (Жангалин болу керек) Мухтар Омарович писатель, Куситов Сарре Усен писатель, (?), Фаизова Разия литературный критик. Алма-Ата Казахстан», – делінген. Мұнда 4 кісінің аты-жөні берілген де 1 кісінің аты-жөні айтылмаған. Сонда ол кім? – деген сауал туады?. Бізге берілген архивтік құжаттың көшірмесінде 1949 жылдың 28 мамырындағы қазақстандық жазушыларға сол кездегі ғылыми қызметкер Н.П.Пузин (1944-2008 жж.) қызмет көрсетіп, экскурсия жүргізген. Кітапта М.Әуезовтің жеке қолтаңбасы қойылған екен. Алайда біз оның көшірмесін ала-алмадық. Ол арнайы келісімшартқа отырып, құжаттардың бәрі ресми тіркеліп болғаннан кейін ғана ол өтініштер орындалады екен. Сондықтан көп сауалдарымызға содан кейін ғана жауап ала аламыз деп ойлаймыз. Осы сапарымызда М.Әуезовті көріп, мұражай эксонаттарымен таныстырып, Лев Толстойдың өмірі мен шығармашылығы, музей тарихы жөнінде көптеген мәліметтер, жазушының жеке тағдырына

қатысты қаншама құнды деректер айтқан Н.П.Пузин туралы осы мекеменің аға ғылыми қызметкері Елена Белоусовадан өте жақсы пікірлер естідік. «Хранитель здешних мест. Памяти Николая Павловича Пузина» («Ясная Поляна» 2011. – 284 с.) деген жинақтағы ол кісі туралы жазылған жылы лебіздер М.Әуезовтің жақсы адаммен кездесіп, қаншама құнды деректерге қаныққанын дәлелдесе керек. Осы орайда әдебиетші Э.Коротковтың «Яснополянский чародей» атты естелігіндегі: «..Тот, кто хоть однажды услышал рассказ Пузина о жизни Толстого в Ясной Поляне, кто прошел с ним по музейным залам, молча постоял рядом с ним у скромного могильного холмика в Старом Заказе, уже никогда не забудет этого и станет мечтать о новых встречах...», – деген сөздері біздің болжамымызды нақтылай түсетіндей (203 стр). Өйткені, Елена Белоусова да М.Әуезовтің біз апарған жолжазбасын оқып отырып: «Пузин біз білмейтін көп деректерді айтқан екен, мысалы Ұлы отан соғысы кезіндегі қаншама экспонаттардың жоғалғаны мен өзі қайтыс болғанда қай жерге қабірін қондыру керектігін ең сүйікті қызы Марьяға 4 жыл бұрын аманат еткен сөзі жөнінде біздің көпшілігіміз біле бермейміз. М.Әуезов те естіген – білгенін өте мұқият, әрі толық баяндапты. Бұл құжат біздің мұражай үшін де өте құнды қолжазба екендігі сөзсіз», – деді. Бұл сөзді мұражайдың ғалым хатшысы Галина Васильевна Алексеева да құптап, алғысын айтты. Шынында жоғарыда аталған естеліктегі Н.П.Пузин жүргізген мағлұматы мол мазмұнды экскурсиясындағы әрбір бөлме, әрбір экспонат туралы толық деректер М.Әуезовтің жазбасында да кеңінен әңгімеленген. Шежірешіл мұрағаттанушы Н.П.Пузиннің кең тынысты баяндау тәсілі, Л.Толстойдың балалық шағынан бергі тарихынан тамыр тартып, әр тарихи деректерді аңыз-әңгімелермен байланыстырып қызықты, толық әрі жан-жақты мағлұмат беретін өзіндік мәнері М.Әуезовтің №480-ші папкадағы 16 беттік жолжазбасында анық аңғарылады.

Қалай дегенмен де бір-бірімен деңгейлес екі шығармашыл тұлға – Лев Толстой мен Мұхтар Әуезовтің шығармашылықтарындағы рухани үндестік келешекте кеңінен зерттелері хақ... Лев Толстой деңгейлес суреткеріміз, бүкіл түркі және әлем әдебиетінде өзіндік орны бар тұлғамыз Мұхтар Әуезов мұражайындағы тарихи, мәдени, әдеби, т.б. мұрағаттарды, ойлы, іргелі, мәңгілік есте қалатындай маңызды мәселелерді, елусіз қалып келе жатқан тақырыптарды, оның кәсіби

суреткерлік шеберлігі мен жеке тағдырына, әдеби ортасына, замандастарына, т.б. қатысты зерттеуді қолға алу керек-ақ. Осы ретте тағы бір тағылым аларлық тәжірибе – Лев Толстойдың мұражайы туралы тарихи, әдеби деректерге мол мағыналы, танымды кинофильмдер түсіру дәстүрі. Сала-сала бойынша, мәселен, Л.Н.Толстойдың отбасы, жеке тағдыры, оның замандастары, балаларының, кейіпкерлерінің тағдыры, т.б толып жатқан жазушының шығармашылық өмірбаянына тікелей қатысты құнды-құнды фильмдер шығарылған. Оларда мұражайдағы құнды мәліметтер, деректер, суреткердің түрлі жанрадағы мұралары мен қолжазбалары, фотосуреттері, қолтаңбалары, т.б. орын алған. Тегінде, жазушының әдеби, ғылыми, тарихи мұралары мұражайларда мызғымай бір орында тұруы міндетті емес, олар үнемі қозғалыста, әр кезең ұрпақтарының санасын сілкіп, рухани түлеулеріне түрткі болулары керек. Сонда ғана М.Әуезов мұражайындағы әдеби, мәдени ескерткіштерді жиі-жиі жаңғыртып, жаңаша тәсілдермен оқырманға, көрермендерге, жас ұрпаққа таныстырып отыру, сол арқылы ұлттық құндылықтарымызды, әдеби жәдігерлерімізді, мұрағат құжаттарын т.б әлемге насихаттау, дәріптеу мәселелері қолға алынары анық. Ұлттық және әлемдік ой-сананы танытатын М.Әуезов туындылары мен әдеби мол мұрасы ғылыми, мәдени айналымға түсіп, жалпы адамзаттық өркениетке қосылған құнды дүние болар еді. Әдетте, әдебиет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, ұлттың жаны мен ақыл-ойы, парасат пайымы десек, өркениетті ұлт өзінің ұлттық рухани құндылықтарымен танылуы табиғи заңдылық десек, әлемдік әдебиет қорына қысылмай қосылып, қазақ елін дүниежүзіне танытып, мойындата білген ұлы ойшылымыз, даңқты суреткеріміз, ғұлама ғалымымыз Мұхтар Әуезовтің мол мұрасы бүгінгі заман талабына сай барлық техникалық-инновациялық жетістіктер негізінде нығайтылып, насихатталуы – бүгінгі уақыт талабы.

Тағы бір көңілімізге қонған дүние – Л.Толстойдың өмірі мен шығармашылығына байланысты бір тақырып, бір сала бойынша арнайы әмбебап кітаптардың шығарылуы дер едік. Мәселен, «Лев Толстой и его современники» деген энциклопедияға 160-тан астам автор ғалымдар тартылған. Бұл еңбек ұлы суреткердің заманы мен замандастары, олардың жазушы шығармашылығына қатысы, т.б. туралы толық мәлімет береді. Осындай ойлы, мағыналы істер көңілге түрлі ой салады.

АДАМЗАТ ОЙ-САНАСЫН ТҮБІРІМЕН ӨЗГЕРТКЕН КЕМЕҢГЕР

«Аңыз адам» журналына жауап:

1. *Кемеңгер ойшыл ғана емес, ұлы жазушы Л.Н.Толстой жалпы әдебиетке нендей жаңалық әкелді?*

Лев Николаевич Толстойдың өзі де шығармашылығы да бүтін бір әлем. Ол әдебиетті ғана емес, адамзат ой-санасын түбірінен өзгерте алған пайғамбар. Адамзатты барлық құлдықтан, тәуелділіктен рухани азат етудің үздік үлгісін танытып, оның жаңа парадигмаларын ұсынған тарихи тұлға. Өзі ірі дворянның тікелей ұрпағы бола тұра орыс шаруаларымен теңдей дәрежеде тіршілік кешіп, іс жүзіндегі ізгілікті құрып, мәңгілікке мирас етіп кеткен жан. Оның шығармаларындағы, көзқарастарындағы, біліміндегі, мектебіндегі адамгершілік, ізгілік, туыстық, бауырластық, т.б. бағытындағы ұлы мұраттар өзінің мәңгіліктігін бірнеше ғасырдан бері әлем жұртшылығына мойындатып келеді. Ең біріншіден, ол – адамзат атаулыны биік адамгершілікке тәрбиелеудің теңдессіз тағылымын туындыларымен де тағдыр табиғатымен де танытып кеткен кемеңгер. Өз кезеңінің ғана емес бүгінгі де келер ұрпақты да тәрбиелейтін таңғажайып ұлы туындылары әлем әдебиетінің рухани зор қазынасы. Оның әдебиетке әкелген жаңалығының өзі осы өлмес өнегесінде жатыр.

Ал көркем прозада Толстой тұңғыш рет баяндаушының сөзінен кейіпкердің сөзін ажыратып, яғни монологтың жеке тәсіл болып танылуына себепкер болған. Егерде ұлы жазушының сөз өнеріне әкелген идеялық, мазмұндық, формалық, көркемдік және стилдік жаңалықтарына тоқталар болсақ ол таусылмайтын тақырып. Толстойдың жалпы әдебиетке әкелген жаңалығы ретінде – жоғары сапалы тіл, сөйлем жасау мәдениетінің үздік үлгісімен, кейіпкерінің табиғаты мен тағдырын, психологиясын, сезімдік құбылыстарын терең танытарлық ерекше талантын атап өтуге болады.

2. *Оның дәуіріндегі, одан кейінгі әдебиетке ықпалы қаншалықты болды?*

– Ұлы жазушының өз замандастары мен әріптестеріне әсері орыс әдебиеттануында кеңінен зерттелген. Қоғам мен сол кезеңнің рухани өміріне ірі көркемдік құбылыс болған оның шығармашылығы сөз жоқ орыстың сөз өнеріне кең өріс ашып, тың серпін бергені белгілі. Ол өз

заманында-ақ әлемге мойындалған, дүниежүзінің түкпір-түкпірінен ұлы тұлғаны көріп танысуға ағылған адамдар легінде, хаттар да есеп болмаған екен. Оған Ясная Полянадағы Толстой мұражайында болған қонақтар тізімі мен жазушы мұрағатында сақталған 5 мыңнан астам оқырмандар хаттары куә.

Осы жуырда ғана М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты абайтану бөлімінің бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Айгүл Серікқызы Ісімақовамен бірге ұлы жазушының туған жері Ясная Полянада 11-15 тамыз аралығында өткен «Лев Толстой и мировая литература» атты IX Халықаралық ғылыми конференцияға барып қайттық. Сол конференцияға әлемнің түкпір-түкпірінен толстойтанушы ғалымдар жиналды. Конференция программасына тіркелген 43 баяндамашы түгелдей жиналып, әрбір ғалымның пікірлері кеңінен сұрақ-жауап түрінде талқыланды. Толстой туындыларының қазіргі әлемдік әдебиетке қаншалық ықпалы бар екендігі осы баяндамалардың тақырыптарынан-ақ танылады. Бір-екеуін ғана атап өтейін: «Толстовские следы в творчестве Густава Шпета» (Стефана Сини-Италия), «Лев Толстой и Уильям Джеймс» (Коити Итокава-Жапония), «Фагоциты Мечникова и толстовский синтез религии и науки» (Анна Барман-Канада), т.б. Екі ғасырдан бері бүкіл әлем әдебиеттануында жүйелі түрде зерттеліп келе жатқан ұлы жазушының шығармашылық мұрасының адамзаттың адамгершілік мұратына, рухани қажеттілікке ие болуы, әрине, оның ықпалдылығын танытса керек. Әлем ғалымдарын (Америка, Англия, Израиль, Италия, Канада, Жапония, Румыния, Франция, т.б. елдерден келген ғалымдар тек Толстой шығармашылығы, оның қазіргі әдебиетке әсері, олардың зерттелу деңгейі туралы күрделі теориялық мәселелер көтерді. Мен «Әуезов прозасындағы Толстой дәстүрі» деген тақырыпта, А.Ісімақова «Толстой және Шәкәрім шығармаларындағы үндестік» деген тақырыптарда баяндама жасадық. Көп ғалымдар қазақ әдебиетінің өзекті мәселелеріне қызығушылықтарын танытты. Канадалық ғалым Донна Орвин қазақ тілінің дыбысталуын өтінді.

3. Оның ізімен жүрген жазушылар бар ма?

Тендессіз деуге болар. Себебі, Толстой туындыларымен таныспаған, одан рухани сусындамаған, одан шығармашылық қуат алмаған қаламгер қай елде болсын табылары табиғи заңдылық. Толстойдай табиғаттың өзі тарту еткен талантты, құдіретті бір жаратылыстың куәсіндей

болған Пайғамбарлық парасатқа ие тұлғаның туындыларын оқымау, оны ұстаз тұтпау мүмкін емес. Сондықтан олардың саны да есепсіз екендігіне күмәнсізбін. Оларды атасақ тізімге тоқтау болмас.

4. Толстой өзінің кәсіби әдебиетшімін деп есептемеген. Неге деп ойлайсыз?

Лев Толстой өзі қаншалықты дана, ғұлама ойшыл, құдіретті қаламгер болса да өте қарапайым болған. «Ұлық болсаң кішік бол» деген даналықты дәлелдейтін, пайғамбар, ол. Ясная Полянаға барған сапарымызда оның музейіндегі жұмыс кабинетіндегі кішкентай орындыққа көзіміз түскенде таңғалдық. Сондай өзі де ойы да алып адамның баланың ойыншық орындығындай жерге қалай сыйып, қалай әлемді таңғалдырып, табындырған тамаша туындылар жазған деп. Және даңғайыр даңққа ие бола тұра өз усадьбасындағы ең бір тамаша тұсты таңдап, тал бойына титтей де ауырлық түсіртпей, өз жұмағынан азғантай ғана жерді иеленіп, жап-жасыл шөпке, жаңа ғана суарғандай нулы, нұрлы жер жанныатында жатқанын көріп және таңдандық. Тағы бір таңғалғанымыз соншама рухани да материалдық та байлыққа ие бола тұра өмірлік серігі София Андреевна Толстаяның өз қолымен тігіп беретін молынан пішілген ақ жейдемен жүретіндігі. Қасындағы шаруалармен теңдей жүріп, теңдей киініп, өзін өзгеден биікпін демейтін ұлының қарапайымдылығы соншалықты өзін зиялы қауым өкіліне де қоспаған ғой. Ал, адамгершіліктің биік үлгісін танытқан, бүкіл адамзаттың санасына ұлылықтың ұясын салып, теңдік, әділдік, білімділік, мәдениеттіліктің мәйегін орнатып, рухани төңкеріс жасаған ұлы тұлғаны кім «интеллигент емес» деп айта алады? Айтқан, ойлаған адамның өзі зиялылықтан мақұрым деген сөз. Алайда ол: «Я рад что не интеллигент» деген. Ал, енді «кәсіби әдебиетші емеспін» дегеніне келейік, оның «Что такое искусство?» деген көлемді де күрделі еңбегінде не жоқ, әдебиет тарихы да, сыны да, теориясы да бар. Ол өзінің замандастары мен әлем әдебиетіндегі әдебиеттің ірі өкілдерінің шығармаларын дер кезінде оқып, талдап, танып, өз пікірін білдірген. Өзінің замандастары Тургеневтің, Пушкиннің, Чеховтың шығармаларын, В.Белинскийдің сындарын қадағалап оқып, жүйелі түрде жеке пікірін жазып қалдырған. Тіпті Белинскийдің сынынан соң Пушкинді енді таныдым деп тамсанғаны да белгілі. Ал, Пушкин шығармаларын оқып-түсіну арқылы өзін тапқан, өз өзінің шығармашылық мұратының мәнін ұққан десе де болады. Ол үнемі

әйеліне: «Многому я учусь у Пушкина, он мой отец...», – дейді екен (Толстая С.А. Дневники: В 2 т. М. 1978. Т.1. С. 500). Ал, енді өзінің өмір бойы жазған күнделіктеріндегі әдеби ойлары мен толғаныстары, шығармашылық зертханасы, сыншылдық пікірі кәсіби әдебиетші болмаса да әуесқой әдебиетшіден недәуір биік. Әрине, қолынан қалам ұстаған ақын да жазушы да кәсіби әдебиетші емес. Алайда олардың сөз өнерінің құдіреті, замандас және арғы-бергі қаламгерлердің шығармашылық қыр-сырлары туралы өзіндік пікірлері, көзқарастары, біліктілігі, талдаулары бар. Толстойда кәсіби әдебиетші болмағанмен суреткерлік шеберлік, тіл, стиль, кейіпкер, т.б. өзге де әдебиеттің өзекті мәселелері мен категориялары туралы өзіндік ой-пікірлері болған. М.Әуезов те әлемге талантты, әрі кәсіби жазушы бола тұра кәсіби әдебиетшілерден озық, озғын ойлар айтқаны белгілі. Ал, есептемеу себебі – оның мәдениеттілігінде, зиялылығында жатыр.

5. Қазақ жазушыларына Толстой шығармашылығы қаншалықты әсерін тигізді?.

Әсіресе кеңестік кезеңде, өзге өркениетті елдермен қазіргідей ашық экономикалық, мәдени, әдеби байланыс болмаған жағдайда біздің бой мен ой түзеріміз тек орыс әдебиеті болғаны рас. Өзгені былай қойғанда туған әдебиетіміздің көшбасшысы, мақтанышы болған көрнекті суреткеріміз Мұхтар Әуезовтің өзі бала кезінен оның шығармашылығын құлай сүйіп, адам жанының небір құпия қалтарысын тереңдей зерттейтін құдіретті қаламгердің қолтаңбасына қызығушылық танытып, тағылым алғаны ақиқат. 1928 жылы С.Сәдуақасовтың анкета сауалына берген жауабында: «Орыс жазушыларынан анық сүйетінім – Лев Толстой мен Федор Достоевский. Олар секілді адам жанының құпиясын қойма ақтарғандай болмаса, яғни психология араласпаса өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы» деген сөзі соның дәлелі. Және ол алғашқылардың бірі болып, 1918 жылы «Будда», кейін «После бала» (1936), 1938 жылы «Булька» деген әңгімелелерін аударып, көркемдік шеберлік пен стилистикалық тәсілдерін меңгергені де мәлім. Әсіресе, Әуезов «Абай жолы» роман эпопесын жазар алдында әлем әдебиетіндегі ең озық үлгідегі тарихи романдарды, шығармашылық тұлға туралы туындыларды талғаммен тандап, танысқаны, көркемдік, кәсіби шеберлік тәжірибе жинағаны да белгілі. Сол кезеңдерде Толстойдың тарихи шығармаларының көркемдік әлеміне («Война и мир», «Хаджи-Мурат», «Анна Каренина», «Воскресение», «Казаки»)

көп көңіл бөлген. М.Әуезов кітапханасындағы В.И.Лениннің көп томдық еңбегіндегі Толстой шығармашылығы жөніндегі пікірлерін өте ыждағаттылықпен оқып, талантты тұлғаның творчествосын тереңнен тануға талпынған. Оған Лениннің көп томдығының 15-томындағы «Лев Толстой, как зеркала русской революции» деген мақаласына қызыл қарындашпен көп белгі түсіруі, тіпті (183 бетте): «Абайда солай» («У Абая также») деген сөздері айғақ.

Ал, 16-шы томындағы «Л.Н.Толстой» (293-297 б.), «Л.Н.Толстой и современное рабочее движение» (300-302 б.), «Толстой и пролетарская борьба» (323-324 б.) деген мақалаларының бәрінің тұсына «Ү» белгісі түсіп, Л.Толстойдың қайтыс болуына орай жазылған мақаладағы Лениннің: «В произведениях Толстого выразились и сила и слабость, и мощь и ограниченность именно крестьянского массового движения. Его горячий, страстный, нередко беспощадно-резкий протест против государства и полицейски-казенной церкви передает настроение примитивной крестьянской демократии, в которой века крепостного права, чиновничьего произвола и грабежа, церковного иезуитизма, обмана и мошенничества накопили горы злобы и ненависти» (294 б.). 295 беттегі парақтың бір шетіне жазылған араб әрпімен қазақша және орысша (У Абая иначе. Его непонимание другое» деген сөздері аса ыждағаттылықпен танысканы көрінеді. Бұл сөздер ескі машинкамен терілген күйі 1997 жылға дейін мұражайдағы көрмеге (294-295 б.) бертінге дейін қойылып келді. Бұл әдеби деректердің бәрі екі ұлы суреткердің шығармашылық үндестігін танытқандай.

6. Абай секілді қазақ данышпаны Толстой еңбегін тәржімелеген себебі неде деп ойлайсыз?

Толстой мен Абай замандас болған. Ойлап отырсаңыз, олардың өмірге деген көзқарастары да шығармашылық мұраттары да ортақ. Екеуі екі ұлттың өкілі, текті жердің тұқымы, алайда ақсүйектер аулынан алыстап, дала даналығын дәріптеп, қарапайым тіршілік кешіп, бүкіл адамзатқа ортақ әділеттілікті өнеге етіп, бүкіл саналы ғұмырларын соған арнаған алып даналар болды. Екеуі әлемнің екі бұрышында отырып, ортақ ой қозғады, адамгершілікті ту етті, халықтың көкірек көзін ашуға ұмтылды. Қастарына білім қуған, өнерге асық, көкірегі ояу жастарды жинап, әдеби орта құрды. Айталық, Абай ауылында үсті-үстіне ағылып келіп жатқан ақындар, әншілер, домбырашы, қобызшы-күйшілер, бишілер, шешендер мен көсемдер керуені

үзілмесе, Толстойдың атақты Ясная Полянасында да дүниежүзіндегі атақты ақын-жазушылар, ғалымдар мен өнерпаздар, суретшілер, небір зиялы қауым өкілдері ағылып келіп жататын. Бүкіл әлем Толстойдың талантты туындыларымен сусындап, тәнті болып, табынып жатса, ұлы қазақ даласында да Абай жырлары арқылы әлемдік өркениетті саналарына сіңіріп, көкіректері күмбірлеген күй мен әнге, ертегі мен жырға, жұмбақ пен жаңылтпашқа, шежіре мен шешендіктің небір кәусар бұлағынан нәр алып, нұрланып, шабыттың шуағына шомылатын ерекше творчестволық орта қалыптасты. Күні бүгінге дейін Толстойдың Ясная Полянасы осы қарқыннан, осы шығармашылық шуақтан арыла қоймапты. Өйткені, Толстойға табынып келушілер саны толастамайды екен. Өкінішке орай, бүгінгі Абай ауылы, жалғыз данамыз ғана емес, Шәкәрім, Мұхтар дүниеге келген «Ұлылар мекені» жапандағы жалғыз үй болып, жетімсіреп тұрғанын көргенде көкірегің еріксіз шымырлап, «өз қадірін білмеген қайран қазағым» демеске лажың қалмайды. Кезінде қазақ руханиятының ордасы болған Абайдың атақты Жидебайында әлемдік ойлар туып, дамып, бүкіл далаға тарап, ұлы ақын тәрбиелеген небір ғұлама ғалымдар, ақпа ақындар, кемеңгер ойшылдар сол кезеңнің өзінде Толстойдың шығармаларын тәржімелеп, қазақ оқырмандарына таратып жатқанын қай қазақ ұмыта қойсын. Алайда, Абайдың Жидебайы да Толстойдың Ясная Полянасы сияқты қонағы арылмай, ырыс-берекесі қашпай, қазақ халқының әдептілігі мен адамгершілігін, әні мен жырын, өнері мен өркениетін жұтатпай, бөтен жұртқа жарқыратып көрсетер жыр жұмағы, жер жаннаты болса ғой шіркін деген арман ой осы жолғы сапардан соң жиі мазалайтын болды. Абай ауылының барлық құндылықтары ішкі-сыртқы құнарымен қайта қалыптасып, әлем әдебиетшілерінің табынар, табысар құтты мекеніне айналса нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Енді өз әңгімемізге көшер болсақ, Абай Толстойдың шығармаларын өзі тәржімелегенімен айналасындағы шәкірттеріне (Шәкәрім Құдайбердіұлы, Халиолла Өскенбайұлы, т.б.) оқытып, әр туындысын талдап, мазмұн мағынасын ашып, түсіндіріп, аударуына бағыт беріп, бақылап отырған. Өзі де Толстойдың туындыларындағы даналық ойларға қанығып, ойына тамызық етіп отырған. Әйтпесе: «Ойында жоқ бірінің Салтыков пен Толстой, Я адвокат, я тілмаш, Болсам деген бәрінде ой...», – деп жазар ма еді? Бұл бір таусылмайтын тақырып және күрделі, айтсаң әдеби дерегі мол мұхиттай мол мұра. Ол арнайы зерттеуді талап ететін

тақырып. Қалай дегенде де бір-бірін түстеп танымаса да таланттары мен ой-танымдары тамырлас жатқан екі ұлттың өкілі, бір дәуірдің ұрпағы – Абай мен Толстой XIX ғасырдың жартысы мен XX ғасырдың басындағы адамзатқа ортақ рухани өмірге ерекше әсер еткен өзгеше көркемдік құбылыс иелері болғанын бүгінгі ұрпақ жақсы біледі. Орайы келгенде айта кетер жайт, Абай айналасындағы ақын балалары мен шәкірттері ғана бұрын 2 ғасыр бұрынғы, яғни Толстойдың тұсындағы жерлестеріміздің өзі оның шығармаларымен жақсы таныс болып, тіпті өз ризашылықтарын білдіріп хат жазып, тәржімелеуге рұхсат сұраған әдеби деректер жеткілікті.

7. Кейінгі жазушылар Толстойдан нені үйренуі керек деп есептейсіз?

Шынында да Толстой шығармашылығы әлем жазушыларына суреткерлік шеберліктің шыңы мен мызғымас мектебі болып отыр. Адам жанының тамыршысы, психологиялық талдаудың үздік үлгісі, адамтанудың атасы Лев Толстойдың туындылары тағылымы таусылмас тәрбие Меккесі. Сондықтан да әрбір саналы ойдың иесі Лев Толстойдың «Жить по совести», – деген даналығының мән-маңызын түсініп, «Соғыс пен бейбітшіліктің» мәңгілік ымыраға келмейтін қайшылық екендігін, әлемді барлық әділетсіз атаулыдан аулақ ұстау тек қана көзі ашық, көкірегі ояу саналы адамзаттың қолынан келетін қайыр екендігін өмір бойы шығармасымен де өзінің басынан бақайына дейін тазалықтан, биік адамгершіліктен тұратын табиғатымен де танытып, тұрмыс-тіршілігімен үлгі етіп кеткен ғұлама ойшылдан үйренбеуге қақымыз жоқ. Оның қайшылық пен қиындыққа толы тағдыры мен табиғатымен тұтасқан көркемдік бітім-болмысы, шығармашылық шеберлігі, әр шәкіртін өз қалауы мен қабылетіне қарай тәрбиелеу керек деген ұстаздық ұстанымы мен ұлылық ұлағаты, тіпті өмір сүру салты, қарапайым тіршілігі де табындырмасқа, тандандырмасқа қоймайды да, үйренуге, үлгі етпеуге мүлдем мүмкіндік те бермейді. Әрбір қазақ шаңырағының төрінен орын алып, ақсақалы мен алты жасар баласына дейін тамсана оқитын Толстой туындыларынан тағылым алмаған және алмайтын ұрпақ болмасы тағы да шындық.

Ал, шығармашылық тұрғысынан келсек, Толстойдың әдебиетке әкелген психологиялық талдауынан («диалектика души») тәлім алмаған, көркемдік тәжірибе жинамаған жер жаһанда жазушы атаулы жоқ десем артық емес. Оған бүгінге дейін саны артпаса кемімейтін

орыс әдебиеттануы ғана емес, бір ғана Жапонияда арнайы Толстой шығармашылығын зерттейтін ғылыми институт барлығының өзі нақты дәлел болса керек. Олай болса, әрбір қазақ қаламгері Лев Толстойдың туындыларынан суреткерлік шеберлікті, кейіпкерінің ішкі сезімдерін терендей талдаудың таңғажайып тәжірибесінен тағылым алуы тиіс деп есептеймін. Өйткені, Толстойды оқымай әдебиетті білем деу әдепсіздік сияқты.

*Сұхбаттасқан Мөлдір Дарханбаева.
«Аңыз адам» журналы. 2014, қазан. №19. 38-39 бб.*

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ӨМІРБАЯНЫНДАҒЫ ӨНЕГЕЛІ КЕЗЕҢ

– Сіздердің Санкт-Петербургға ғылыми мақсатпен барған сапарларыңыз жайлы естіп, кеңінен білгіміз келіп еді.

– Адам өмірінің ең бір шұрайлы және естен кетпес жалынды жастық шағының шыңы студенттік өмір. Нағыз саналы жеке өмірдің бастауы болған бұл белесте білімнің мұхитына молынан шомылатын да осы шақ. Ұлы Мұхтардың да студенттік өмірі нағыз білімнің тұңғығына еніп, талмас талаппен табанды ізденісті бастан кешкен керемет кезеңі де әрі өміріндегі жиі болатын қуғын-сүргіннен алыстау, тыныш ең бір бақытты кезеңі де осы 5 жылдық студенттік өмір сияқты.

Замандастарының айтуынша Ленинград университетінің 1 курсына қабылданған студенттерге әдеттегідей факультет жанындағы тақтайшаға оқылуға тиісті әдебиеттер тізімі ілініп қойылады екен. Сонда білімге сусап келген жастар жапырлап келіп, қолма-қол қағаздарына жазып алып жатқанда кеудесін тіке ұстаған келбетті азиялық пішінді жігіттің әлгі тізімге төбеден қарап, бір сүзіп шығып, тек 2-3 әдебиеттің тізімін жазып алғанына жан-жағындағы жастар таңырқай да тамсана қараған ұқсайды. Кейін сұрастырып білсе, ол М.Әуезов екен.

Өркениетті елдердің ЖОО-да тыңдаушыларға еркіндік беріледі. Өзінің қалаған пәндері мен таңдаған оқытушыларының дәрістерін ғана тыңдауға, қатысуға қақысы бар. Сол дәстүр бойынша М.Әуезов те өзінің көңілі ауған, қажетті деген дәрістерін ғана тыңдаған. Және тек алдыңғы қатарда отырып, мұқият тыңдап, керекті кеңестерді

қалдырмай тізіп жазып отырған. Студенттен тек курс бағдарламасы бойынша дер кезінде «зачет» қана талап етілген. Мұхтар Әуезов мұрағатында барлық пәннен «өтті» деген матрикулының фото көшірмесі сақталған....

6 жасынан Абайдың жырларын жаттап, білім бұлағымен еркін сусындаған ұлы суреткер студенттік кезге дейін де көптеген көне көркем дүниелерді, замандас зиялылардың, атақты Алаш ардақтыларының көркем, ғылыми еңбектерін оқып, білімін пісіріп барғандықтан ондағы әрбір минутын зая жібермей, қолы жетпес атақты профессор, ғалымдардың дәрістеріндегі филологиялық білімнің негіздеріне, ғана мән берген. Осы жерде Валентина апамыздың естелігіне көз салсақ: «...Мұхтар университеттің шығыс факультеті сабақтарына үздіксіз қатысты. Ол Бартольд, Самойловичтің, т.б. лекциясын тыңдады. Өз мамандығы – орыс әдебиетінен профессор В.В.Спиновскийдің лекциясын тыңдайтын, үйіне де баратын. Пушкин мен Лермонтовтың шығармалары В.В. Спиновскийдің зерттеу тақырыбы еді. Сол кездегі жас доценттер (кейінгі академиктер) С.Обнорский, В.Виноградов, Тіл мамандығының лекцияларына да қатысатын, ал орыс тілі фонетикасынан оның ден қоятыны – академик В.Щерба еді», – дейді (Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. Алматы: «Білім» баспасы, 2007. – 288 б. 96 б.). М.Әуезовтің өмірбаянындағы Ленинград кезеңі – әдеби және ғылыми саладағы ең бір сапалы, ғибратты, баянды беттер болды. Осында жүріп орыс және әлем әдебиетінің небір жауһарларымен танысып, білімін тереңдетті, небір ғұлама ғалымдардан дәріс алды, қаншама танымал тұлғалармен танысып, достар тапты. Кейін басына бұлт көлеңкесі түскенде солардың бәрі жанына сая, рухани серік болды. Өзі де әлемдік деңгейдегі әдебиет, мәдениет, театр, кино өнерінің рухани ортасында болып, кәсіби шеберлікке қол жеткізді, қоғам және қалам қайраткері болып қалыптасты. Бүгінгі Санкт-Петербургтегі көптеген көше аттары мен адресстер, мекенжайлар Мұхтар Омарханұлының есімімен тікелей байланысты қарастырылуы да сондықтан.

– Әрине студенттік өмір тек сарылып сабақ оқумен шектелмесі анық. Ол әрбір жастың тағдырының да бастау бұлағы. М.Әуезов те өзінің өмірлік жарын осы студенттік кезеңде тапты емес пе?

– Иә, жастыққа бәрі жарасымды. Біз барып қайтқан Санкт-

Петербургтегі, кеңестік кезеңдегі Ленинградтағы бүкіл орыс қаламгерлерінің туындыларынан жақсы таныс Невский проспектісінде 1925 жылдың көктемінің бір күнінде 2 қазақ жас жігітті бір цыган әйелі тоқтатып, бал ашуды ұсынады. Жігіттер әуестікпен қарсыласа қоймайды. Жігіттің бірі-Қаныш Сәтбаев екен. Оған келешекте үлкен ғылыми карьера болатынын, атақ пен беделге ие болатынын айтады. Шынында кейін ол ҚазССР ҒА-ның тұңғыш академигі, даңқы дүниежүзіне мәлім ғалым болғаны белгілі. Ал, Мұхтар Әуезовке атақ, даңқтан кенде болмайтынын, бірнеше рет отбасын құрайтынын, әсіресе әйелдердің көп ғашық болатынын, алайда алда ауыр сынақтардың болатынын, жаулары мен достарының көреалмаушылығынан көп қуғын көріп, бірнеше рет өлім қаупі туатынын, алайда ажалдың өткір пышақтан болатынын айтады. 1950 жылдардың соңында осы цыган әйелінің көріпкелдігіне таңырқап, әзілмен Әуезов Шыңғыс Айтматовқа «Болжаудың бәрі болды-атақ та даңқ та, әйелдер де. Тек енді бұзақылардың пышағынан қорқам, кешкілікте көшеге шықпаймын» деген екен («Ш.Айтматов Шаханов М.Плач охотника над пропастью ((Исповедь на исходе века): Пер.с каз./Послесл. В.Коркина. Алматы: Рауан, 1996. – 57 с.). Алайда Алланың жазуынан қай адамзат баласы қашып құтылған дейсіз? М.Әуезовтің 1961 жылы 27 июньде операция үстінде қайтыс болғанын қазақ жұртшылығы жақсы біледі.

Ал, әйелдерге келетін болсақ, шынында жазушы 3 рет үйленген. Бірінші әйелі – Райхан Кәкенқызы, екіншісі – Абайдың немересі, Мағауияның қызы – Кәмила, үшіншісі Валентина Николаевна Кузьмина. Онымен Мұхтар студенттік кезде, бір факультетте оқыған. Өлгі цыган әйелдік айтқанындай әйел атаулы Әуезовке көп ғашық болған екен. Соның бірі – осы Валентина Николаевна (1904-1977 жж.). Үнемі алдыңғы қатарға отыратын Мұхтар Әуезовтің шаштары қалың, әрі бұйра болыпты. Оның керемет көркі мен кеменгерлігі небір көркем қызды да өзіне табындырып отырған. Өзінен кейінгі қатарда отырған Валентина Николаевнадан «Сіздің шашыңыз кедергі жасайды» деген хаттар жолдап, сөйлесе келе көңілдері жарасып, қосылады. Негізі, Мұхтар мен Валентина 1923 жылы Ленинград университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінде, әдебиет-лингвистика бөлімінің славян-орыс секциясында (қазіргі филология факультеті) бір семестр ғана бірге оқыған. М.Әуезов 1922 жылы

түскенімен Семейге оқытушылыққа шақырылып, 1925 жылы ғана оқуын қайта жалғастыруға мүмкіндік алған.

Біз осы жолғы сапарымызда Валентина Николаевнаның студент кезінде тұрған үйі – Васильев аралығындағы 3-линияның 46-үйдің (63-пәтері) сыртынан көріп, суретке түсіріп алдық. Ленинградтың зиялы отбасының (әкесі – Николай Кузьмин орман шаруашылығы маманы болған) қаланың ортасында, университетке жақын маңда болуы заңды да секілді. М.Әуезовпен Валентина университет бітірген 1926 жылы отбасын құрап, алғашқы жеке отауы болған, жалға алған бір бөлмелі пәтері Декабристов көшесі, 14 үйдің де сыртынан көріп, сүйсініп тамашаладық. Даладан келсе де, студентпіз деп сараңдық жасамай қаланың қақ ортасындағы әдемі тұрғын үйде тұруға қалтасы көтеріп, еңсесі биік жүргеніне шүкірлік жасап, тәубе еттік. Ұлы суреткер ленинградтық қыз Валентинамен 35 жыл өмір сүріп, Елдес, Елдар, Ләйла, Ернар есімді ұл-қыз сүйген. «Алғашқы жылдар» деген естелігінде Валентина апамыз былай жазады: «Ленинград. 1926 жыл, 25 февраль – менің туған күнім. Мұхтар алғаш рет өзінің фотосуретіне: «Сүйгенім Валечкаға. Күн шуақты қызық шағымыздың ескерткіші үшін ұмытпассың. Ұмытылмассың деген үмітті сеніммен сыйлаймын. Мұхтарың», – деп жазса, соңғы хатында: «Валечка, жаным! Не сен немесе мен бір-бірімізден айрылып, қайғы шегер мезгіл әйтеуір бір келеді ғой. Менің сенің артыңда қалғым келмейді, балалар үшін де, бір семьяның ақыры дұрыс болып бітуі үшін де сенің қалғаның жөн. Қайратты, адамгершілігі таза қалпында, менің сүйікті балаларымның алтын анасы болып қал. Міне, сондай жағдай бола қалса деп, мына «Өсиет хат» жазылды. Тағдырдың күтпеген талқысы келе қалса, осы хат әрдайым сенде болсын. Сағынышпен сүйдім, өзіңді. Әмәнде менің сүйіктім. Сенің М.» – депті («Мұхтар Әуезов туралы естеліктер». Алматы: «Білім» баспасы, 2007. – 288 б. 96 б.). Міне, ленинградтық кезеңнің ұлы тұлғаның жеке тағдырында да қаншалықты қымбат болғаны осы хаттардан да айқын байқалады. М.Әуезовтің тілегі орындалып, 1961 жылы өзі 64 жасында, Валентина Николаевна 1977 жылы 73 жасында, жұбайынан 16 жылдан кейін қайтыс болады. Студенттік кездегі махаббат сезімі соңғы күнге дейін суымағаны сезіледі.

...Және 1936 жылы қаңтар мен ақпан айларында М.Әуезов пен С.Мұқанов екеуінің Ленинградтағы атақты академик Борис Вла-

димирович Асафьевпен «Ақан мен Зайра» атты драмасына опера жазбақ болып келісімшарт жасап, соның нәтижесін күтіп жатқан Ленинградтағы «Европейская» қонақ үйі де біз күнделікті өтіп жүрген көшеде болып шықты. Екі ұлы тұлғаның күн сайын күндіз шаруаларымен, кешкілікте серуендеп, түрлі театрлар мен әдеби кездесулерге барған, аяқ басқан іздерімен жүргенде керемет мақтаныш сезімдері туды. Бұл жөнінде Ленинград университетінде оқыған Т.Нұртазинның естелігінде кеңінен баяндалған («Жадымдағылар». «М.Әуезов тағылымы» 1987, 57 б.).

... – Студенттік өмір шынында нағыз ізденісте болатын, өзінің қабілетін жан-жақты сынайтын шақ емес пе? М.Әуезовтің Ленинградтағы студенттік кезіндегі шығармашылық ізденістері қай бағытта болды?

– Басқаны білмеймін, өз басым студенттік кезде республикалық баспасөзде бір-екілі мақалаларымыз жарқ ете қалса, төбеміз көкке жеткендей болатынмын. Бұрында оқып, біліп жүретін М.Әуезовтің өмір дерегін осы сапар алдында тағы бір мұқият қарап шыққанда байқағаным, ол студент кездің өзінде Абай шығармашылығын зерттеуді бастаған, екі бірдей ұлы туындыны өмірге әкелген. Ол – Қараш-Қараш оқиғасы» (1927 жылдың күзінде повесті «Жаңа мектеп» баспасына жіберген) мен «Қилы заман» (1927 жылдың желтоқсанында ұзақ әңгіме жазып, Мемлекеттік баспаға жіберген) (382-папка, 1-6 б.). 1926 жылы жазылып, 1927 жылы жариялаған «Әдебиет тарихы» және бар. Өкінішке орай, 1930 жылы қамауға алынғанда бүкіл кітап, қолжазбалар қолды болып, саяси репрессияға ұшырағанымен кейін олар қазақ көркем әдебиетінің алтын қорына қосылған құнды шығармалар болып танылды. Ойлап қараңыз, студент болып жүріп осыншама мол дүниені және керемет кәсіби шеберлікпен жазып шығуы адам сенгісіз жанкештілікті аңғартады.

М.Әуезов студенттік кездің өзінде ғылыммен жүйелі айналысып, бірнеше зерттеу еңбектер жазған. Оны жазушының: «...в спецсеминарах по драматургии я выступал с авторефератами о драмах Чехова. В иную пору я и переводил Чехова на казахской язык», – деген сөзі растайды (245-бума, 12-15 бб.). Мұнда «Дядя Ваня», «Сестры», «Вишневский сад» деген 3 пьесасына талдау жасайды. Ал, «Особенности драматургических приемов в Пушкина» атты ғылыми -теориялық семинарға жасаған баяндамасы мұражайда

сақталған. Мұнда А.С.Пушкиннің «Борис Годунов», «Пир во время чумы» деген пьесалары талданған (238-бума, 147-150 бб.). Жалпы М.Әуезовтің Ленинград университетіндегі кезеңге тікелей қатысты 4 мақаласы әлі әзірге белгілі. Олар: «Экпозиция и завязка символической драмы», «Драмы Чехова», «Особенности драматического искусства 60-х годов» деген мақалалары.

Д.А.Жданов атындағы Ленинград университеті Ресейдегі байырғы және ірі жоғары оқу орны. Петербургтегі Бас педагогика институтының негізінде 1819 жылы құрылған. Университет Ресейдің негізгі ғылыми, мәдени, білім орталығы ретінде елдегі, одақтас республикалардағы зиялы қауымның қалыптасуына, қоғамдық қозғалыстардың дамуына зор ықпал еткен. М.Әуезовтің де әдеби-ғылыми ой-санасы мен танымының қалыптасуына үлкен ықпал еткен бұл университетте көптеген қазақтың алғашқы оқымыстылары, Алаш ардақтылары оқыған. Николай Анастасьевтің «Жизнь замечательных людей» деген сериямен шыққан «Мухтар Ауэзов» (2006) деген кітабындағы жазушының 1927 жылы Ленинградта бірге оқыған жерлестерімен түскен суреттеріне зер салсақ та қаншама қазақ қыздары мен жігіттерінің сол кездің өзінде білім алғанына куә боламыз.

– Бүгінгі Санкт-Петербург жұртшылығы, жалпы орыс оқырмандары қазақтың ғана емес әлем таныған Мұхтар Әуезовтің мұрасына қалай қарайды екен?

– М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығындағы Санкт-Петербург кезеңі біз үшін де олар үшін де ең бір күрделі де мазмұнды кезең болып табылады. Жоғарыда шолып өткендей қаншама ғылыми, әдеби, көркем туындылар өмірге келген, қазақ-орыс әдебиетінің байланысын нығайтқан дәуір әдебиеті жалпы зиялы қауымға құнды рухани кеңістікті танытары сөзсіз. Санкт-Петербург университетінің ұжымы ұлы жазушының дәріс тыңдаған аудиториясына: «С 1923-го по 1928 год в университете учился Мухтар Ауэзов, выдающийся казахский писатель, академик, лауреат Ленинской и Государственных премий» деп жазылған ескерткіш тақта қоюы да соның дәлелі. Оның эскизін белгілі суретші А.Вовк жасаған. Ғұлама ғалым, кемеңгер ойшыл, даңқты драматург, көрнекті суреткер, Сталин және Лениндік мемлекеттік сыйлықтың иегері, Санкт-Петербург университетінің түлегі М.О.Әуезовтің өмірі мен

шығармашылығын жүйелі зерттеп, әрбір мерейтой қарсаңында арнайы әдеби-мәдени шараларды, халықаралық ғылыми конференцияларды ұйымдастыруды ұмытпайтын сияқты. 1997 жылғы ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен 100 жылдық мерейтой Мәскеу мен Санкт-Петербургте де аталып өткені белгілі. Содан бері ұлы суреткердің туған күнін ЮНЕСКО адамзаттың естелік күні ретінде күнтізбеге енгізді (в календарь памятных дат человечество). 2009 жылдың 3 қарашасында Ресей Федерациясы Президентіне қарасты геральдикалық Кеңесінің Гуманитарлық қоры М.Әуезовті «Личность Петербурга» деп танып, мұражайға куәлікпен бірге Ұлы император І Петрдің қырынан бедерленген күмістен жасалған медалін табыс еткен. 50 мыңнан аса экспонаттар жинақталған 1945 жылдан жұмыс жасайтын Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің музейіндегі XX ғасыр басындағы кезең бейнеленген бөлімі күрделі жөндеуде болғандықтан таныса алмадық. Ол жерде де М.Әуезовке жалпы сол 1922-27 жж. аралығына арналған құнды құжаттар болуы мүмкін. «Индустриальная Караганда» газетінің 2007 жылдың 9 қазанында жарияланған өлкентанушы, Қарқаралы ауданының құрметті азаматы, М.Әуезовтің 110 жылдығына арналып Санкт-Петербургте өткізілген XXXIV Халықаралық ғылыми конференцияға қатысқан Юрий Поповтың «Посланцы родной стороны» деген мақаласындағы: «...При обсуждении ученый секретарь музей истории университета Ю.А.Ендольцев заметил: – В числе будущих знаменитостей у нас, кроме Саттара Ерубаева, из Казахстана обучался Мухтар Омарханович Ауэзов, в последствии писатель, ученый, академик. Среди экспонатов университетского музея есть документы из его личного дела. Этого крайне недостаточно. У Ауэзова была в Ленинграде своя жизнь, свое ощущение, о чем мало известно» деген сөзі дәлел болса керек.

Ол көрнекті қазақ публицисі, қазақ ұлтының алғашқылардың бірі болып осы университетте білім алған Саттар Ерубаев (1914-1937 жж.) туралы баяндама жасаған.

2013 жылдың 9 қыркүйегінен 15-ші қазан аралығында М.Әуезовтің 115 жылдық мерейтойына орай орыс оқырмандары мен зиялы қауымының, жалпы оқырмандарының көңілін аудару мақсатында Ресей ұлттық кітапхана мен СНГ парламентаралық Ассамблеясының ұйымдастыруымен Санкт-Петербургте «Мухтар

Ауэзов в фондах национальной библиотеки» атты көрме өткізіліпті. Көрмеге М.Әуезовтің әр жылдары жазылған шығармаларының қолжазбалары, жинақтары, аудармалары, 1948 жылы жарияланған «Абай» романының аударма жасау барысында түскен көптеген белгілері, жазулары бар Леонид Сергеевич Соболевтің фрагменттері, «Широкий путь Абая: Страницы из переписки М.Ауэзова и Л.Соболева» деген құнды материалдар, Абай Құнанбаевтың шығармаларын аударған Всеволод Рождественскийдің қолжазбалары қойылыпты. Осындай жиі ұйымдастырылып отыратын түрлі көрмелерге Санкт-Петербургтегі «Атамекен» атты қазақ қоғамының мүшелері де өте сирек кездесетін құжаттар мен суреттер беріп, қолдан келген көмегін көрсетіп отырады екен. Бұл жөнінде осы қазақ қоғамының белсенді мүшесі, Санкт-Петербургтегі жерлесіміз, орман шаруашылығының маманы Есбол Ағыбаев көптеген мысалдар келтіріп, әңгімелеп берді.

– Сонымен бұл сапардағы ең басты олжаларыңыз не болды?

– Ең басты олжамыз – ұлы Мұхтардай дананың оқып, білім алған ордасымен танысып, студенттік жылдары жиналған 72 беттік ресми құжаттарын түгелдей дискіге түсіріп әкелгеніміз. Мұнда жазушының қолы қойылған, өз қолтаңбасы түскен бірнеше құжаттар бар. Сол кезеңдегі университет басшыларының да түрлі себептерге байланысты берілген бұйрықтары, өзге де толып жатқан ісқағаздары бар. Өзге өркениетті ел де ұлылардың қолтаңбасы түскен немесе аты-жөні жүрген әрбір құжат қаншалықты қадірлі екендігін ескерсек, осы күнге дейін, жарты ғасырлық тарихы бар М.Әуезов атындағы мұражайда бұрын-соңды мұндай мол мәліметі бар аса бағалы тың деректер, құнды құжаттардың қолға түсуі сирек құбылыс дер едік. Бұл біріншіден, бүгінгі инновациялық техникамен жабдықталып, компютерленген заманның жетістігі. Өйткені, бүкіл мұрағаттық құжаттардың электронды нұсқасын жасауды қолға алған Санкт-Петербург Мемлекеттік орталық мұрағаты қызметкерлерінің айтуынша әлі көптеген материалдар түсіріліп үлгерілмеген, жазулары өшіп, қағаздары тозған ол материалдарға көшірме жасауға рұхсат берілмейді екен. Ал, біздің бағымызға М.Әуезовке қатысты бүкіл материалдың электронды нұсқасы жасалынған болып шықты. Және М.Әуезовтің осы студенттік кезінде танысып, отбасын құраған, өмірінің соңына дейін ұл-қыздарының асыл анасы ретінде ардақтап,

өзінің қызықты да қиын өмірін бірге өткізген ақылдас серігі Валентина Николаевна Әуезованың да (Кузьмина) 29 беттік студенттік ісқағаздары түгелімен суретке түсіріліп, әкелінді. Бұл да біздің мұражай экспонаттарына қосылған қомақты дүниелер деп ойлаймыз. Бұлардың бәрі келешектегі үлкен ізденістердің, көлемді ғылыми зерттеу жұмыстарының нысанасына айналары ақиқат. Оларды зерттеу, ұлтымыздың ғылыми рухани қазынасына айналдыру алдағы уақыттың еншісінде. Және бір сапардан көңілге түйіп қайтқан жақсы жайт—Санкт-Петербург секілді әлемдегі ірі әдебиет, мәдениет, тарих, жалпы рухани орданың атмосферасын сезінудің өзі адамға шабыт беріп, рухынды көтереді екен. Кешегі бүкіл орыс әдебиетінің әйгілі өкілдері өмір сүріп, небір ғажайып туындылар жазған қаланың тынысы да ерекше. Сәті түсіп, өзіміздің жерлесіміз, белгілі әдебиетші, Достоевский атындағы әдеби-мемориальдық музейдің директоры Н.Т.Әшімбаеваның жетекшілігімен өткен Достоевскийдің туғанына 192 жыл толуына орай өтіп жатқан «Достоевский и мировая культура» атты XXXVIII халықаралық оқуына қатыстық. Қарашаның 11-14 аралығында өткен Достоевский оқуына әлемнің бірнеше елінен, США – Бостон, Аргентина, Германия – Дрезден, Польша – Познань, Жапония – Токио, Уфа, Барнаул, Мәскеу, Томск, т.б. секілді ірі ғылыми орталардан бірнеше көрнекті ғалымдар келген. Таңғы және кешкі мәжілістер деп бөлініп, екі секциядан күн сайын бөлініп жұмыс істеген шығармашылық топтарды көргенде көңілің толады. 4 күн бойына үздіксіз жұмыс жасайтын ғылыми мәжілістерде қызу талқылаулардың, ғылыми пікір алмасудың үздік үлгісін көрдік. Бізде бір ғылыми мәжілістер, халықаралық конференциялар бола қалса, өзге түгілі өз қызметкерлерімізді жинай алмай, бұйрықпен тізім жасап тексеріп отырсақ, олар 100-ден астам халық сиятын музейдің театр залына кісі сыймай, бірі түрегеп тұрса, енді біреулері еш қымсынбай-ақ еденге жайғасып жатты. Әрбір баяндамадан соң қызу пікірталас жүріп, уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамайды да екенсіз. Әсіресе, жиналған жұрттың арасында ақ сақалдылар мен ақ шашты аға буынды кісілердің ешқандай марапатты күтпей аса зиялылықпен ғылыми әңгімелелерге араласқанын көріп, әлі де болса ұлылықтың кішілікті көрсететіне, өзінде жоқты өзгеден көріп қорсынып қалатының бар. Дәл осындай таза ғылыми ортаны Пушкин үйіндегі әдеби музейдегі И.С.Тургеневтің туған күніне орай өткізіліп жатқан конференциядан да байқадық.

Осы мұражайларда жеке жазушылардың әрбір өмір белестеріне арналған альбомдардың шағын кітапшалардың, түрлі тақырыптағы фото-альбомдардың, көркем шығармалардағы кейіпкерлерін, олардың белгілі бір өмір кезеңдері бейнеленген ашықхаттардың сатылуы, оны бүгінгі нарық заманының талабына сай жүйеге келтіруі де көңіл толтырады. Өйткені, шеттен келгендердің бір аралағанда барлық эконаттарды түсініп, тани бермесі ақиқат. Сондайда көмекке келетін тым қымбат емес әлгіндей шағын кітапшалар керек-ақ. Бұл да бір есте болатын шаралар екен деген ойда болдық. Әсіресе, осы он күн бойында жиі болған Санкт-Петербург Мемлекеттік орталық мұрағаты мен Ресей ұлттық кітапханасының 3 корпусындағы, қызметкерлердің қызмет көрсету мәдениеті, жөн сілтеу, кеңес берудегі ілтипаттары, әбден қалыпқа түскен жүйелі жұмыстары да жүрек жылытарлық.

Біз М.Әуезовтің өмірбаянында өшпес те өнегелі өзіндік ізін қалдырған ленинградтық кезеңіне көңіл көкжиегінен көз салып, куә болып қайттық. Санкт-Петербургтегі сапарымыз сәтті болды деп есептейміз.

– Өңгімеңізге рахмет!

*Сұхбаттасқан Динара Мыңжасарқызы.
«Түркістан» газеті 9 қаңтар, бейсенбі, 2014 жыл. 6 б.*

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ТУҒАН КҮНІ ҚЫРКҮЙЕКТІҢ 15 МЕ, ӘЛДЕ 28-І МЕ?

**(Бұл сауал ұлы суреткердің өмірі мен шығармашылығы
қызықтырар әрбір оқырманды ойландыруы мүмкін.**

**Сондықтан біз осы сауалға өз тарапымыздан
жауап іздеп көрдік)**

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 1923-1928 жылдары Ленинград мемлекеттік университетінің тарих-филология факультетінде (ол кездегі атауы бойынша этнология-лингвистическим, ал қазір филология факультеті) оқығаны белгілі. 2013 жылдың қараша айында М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әуезов үйі»

мәдени-ғылыми орталығының 3 қызметкері (Г.Пірәлі, Р.Әбдіғұл, Е.Ханкей) М.Әуезовтің студенттік өмірі жөніндегі тарихи құжаттармен танысу барысында осы жоғары оқу орнына іссапармен барып қайтқан болатын. Алайда, жыл сайын сан мыңдаған студенттер бітіретін университет мұрағаты мұншалықты мол мұраны өздерінде сақтау мүмкіндігі болмайтындықтан біраз жылдан соң студентке қатысты бүкіл құжаттарды Санкт-Петербург Мемлекеттік орталық мұрағатына жіберіп отырады екен. Орталық мұрағаттың 3 корпусындағы құжаттарды қадағалап тексеру барысында Мұхтар Әуезовтің «72 беттен тұратын «Делосы» табылды. Студенттің оқуға түскеннен бастап бітіргенге дейінгі бүкіл құжаттары түгел, әрі мұқият жиналған жеке ісқағаздарда жазушының өз қолымен толтырған өтініштері, түсініктемелері, анкеталары, өмірбаяндық деректері және сол кезеңдегі университет тарапынан берілген бұйрықтар, түрлі ресми қағаздары тіркелген. Бір ғасырға жуық мерзім бойы мұқият сақталып келген құжаттардың қағаздары ескіріп, кейбір әріптері өшіп, оқылуы қиындап қалған. Сондықтан да мұрағат қызметкерлері бүкіл құжаттардың бүгінгі заманауи талапқа сай электронды нұсқаларын жасап қайта жүйелеп жатыр екен. Олардың айтуынша біздің жолымыз болып М.Әуезовтің ісқағаздары осы электронды нұсқаға түсіп үлгерген екен. Әйтпесе электронды нұсқалары түспеген құжаттарды қолға беру мүмкін емес. Ісқағаздардың алғашқы бетінде кім, қашан пайдаланғаны жөніндегі тізімде М.Әуезовтің ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен 100 жылдық мерейтойына орай болуы керек университет, кітапхана, мұрағаттың өзі көрмеге қоюға алыпты. Ал, Қазақстаннан Керімбек Сыздықов қана диссертациялық жұмысына орай 1965 жылдың 29 маусымында болып, қарапты.

Осы сапарымызда танысқан жазушының жеке ісқағаздарындағы туған күнінің 15-қыркүйек деп таңбалануына тосырқай қарап, біздің санамызға сіңген, жыл сайын тойланып жүрген 28-қыркүйектің сырына бұл мәселеге арнайы көңіл бөліп, зер салмағандықтан алғашында көңілге күдік енгені күмәнсіз. Келісімен жазушының өмірдеректеріне қатысты зерттеу еңбектерді шолып шыққанда оның себебіне анықтама берілмегенін аңғардық.

Қазақ елінен бірінші болып М.Әуезовтің студенттік ісқағаздарымен танысқан мұхтартанушы ғалым К.Сыздықовтың осы деректер

негізінде жазған «Мұхтар Әуезовтің өмірі мен творчествосының беймәлім беттері» деген тарауында («Мұхтартанудың беймәлім беттері» А.: Қазақстан баспасы. – 220 б.): «... М.О.Ә. 1897 жылы 28 қыркүйекте қазіргі Семей облысы, Абай ауданы, М.Әуезов атындағы совхоздың Берді ауылында (бұрынғы Семей уезі, Шыңғыс болысының 8-аулы) дүниеге келді...», – делінген. Бірақ өзі қолымен ұстап, танысқан құжаттағы «15 қыркүйек» туралы ешқандай пікір білдірмеген, тіпті көңіл де аудармаған сияқты (6-б.). Арнайы іссапармен барып, өзінің диссертациялық жұмысына қажетті құнды деректер іздеген ғалым 1950 жылғы «Менің өмірбаяным» деген мақаласындағы «28 сентябрь» деген дерекке сүйенген. Зерттеуші Керімбек Сыздықов сол кездегі Ленинград облыстық мемлекеттік мұрағатындағы жазушының өз қолымен толтырылған екі құжаттағы, атап айтсақ, «АНКЕТА для определения на плату или стипендию при Ленинградском Государственном Университете» деген құжаттың «4. Год, месяц, число и место рождения» деген тармағындағы «15 сентября 1897 г. в ауле Чингиской вокруг Семипалатинского уезда и губернии» және «ДЕКЛАРАЦИЯ для студентов, облагаемых платой за учение в Ленинградской Государственном Университете» деген құжаттың: «3. Год, число, месяц и место рождения. 1897 г. 15 сентября Чингистау вол.Семипалатинского уезда и губернии» делінген мәліметке неге мән бермеген деген сауал еріксіз туады. Мұхтар Әуезов сынды сирек кездесетін әлемдік деңгейдегі көрнекті тұлғаның өміріне қатысты әрбір ғұмырнамалық деректің, кез келген цифрлық көрсеткіштің, тіпті әрбір санның таңбалануының құнды және тарихи маңызы ерекше екендігін ескерсек, осы сан айырмашылығы зерттеушіні шынында да селт еткізбеді ме екен, әлде оның мәнісін білгендіктен сөз етуді ерсі санады ма екен? Қалай болғанда бір пікірдің, ғылыми түсініктің берілуі қажет-ақ еді.

Бұл сауалға жауап іздеу барысында студенттік жылдарынан кейінгі толтырылған жазушының өз қолымен толтырылған ісқағаздарға жүгінсек, 2011 жылы жарияланған «Мұхтар Әуезов. Энциклопедияның» (Алматы: «Атамұра», 688 бет) соңғы беттеріндегі «Қосымшалар М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы» «Шежіреде»: «Мен 1897 жылы қыркүйектің 15-інде туыппын. Туған жерім Семей уезіне қараған тобықты іші. Шыңғыс болысын-

да Менің аталарым – қожа, алғашқы шыққан жерлері Қаратау деуші еді...» («Өз жайымнан мағлұмат» «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 382-п) делінген. Міне, осы құжаттар мен М.Әуезовтің өзі жазып, толтырған тарихи өмір деректері неге кейінгі жазбаларда 28-і болып өзгеріп жүр деген сауал туары сөзсіз. Осы орайда, мұрағаттанушы Талат Әкімнің «Мұхтар Әуезовтің жазбалары жайында» деген мақаласындағы: «...Өзі жөнінде жазуды онша құнттай бермейтінін (Даналық мәйегі / Мұхтар Әуезов туралы деректер. – Алматы: «Ана тілі», 1997. – 189 б. 29 б.) ескерсек, жазушының өзі жазған көп өмірбаянында шынында туған күні ескеріле бермейді екен. Мәселен, тәуелсіздік тұсында жарияланған туындының бірі – «Неизвестное в наследии Мухтар Ауэзова. Архивные документы». – Алматы: Издательский дом «Библиотека Олжаса», 2013. – 400 с. деген кітапта келтірілген «Анкетаға» жауапта: «Личный листок №4. ...3. Год рождения 1897» делінген де, күні көрсетілмеген (АП РК. Ф.139. Оп.3. Д.28) 10 стр.). 30-беттегі «Регистрационная карточка №...» деген құжатта да туған жылы ғана көрсетілген (30-б.).

Ал, 13 беттегі «Областной Комитет Российской Коммунистической Партии (большевиков) К.С.С.Р.. Личная карточка» деген құжатта да солай.

14-беттегі «Биографии и характеристики 50-е годы» Председатель Президиума Союза сов.писателей КССР /С.Муканов/ берген «Творческая характеристика на писателя Мухтара Ауэзова» деген мінездемесінде: «Один из крупнейших писателей Казахстана и ученый Мухтар Омарханович Ауэзов родился в 1897 году, по существующему административному делению, в Абаевском районе Семипалатинской области Казахской ССР.», – делінген, күніне мән берілмеген. (АП РК. Фонд 708. Опись 15. Дело 290. 14 стр.).

18 беттегі Мұхтар Әуезов өзі 1951 жылы октябрь, Алма-ата, деп толтырылған «Автобиография» деген мақаласында да: «Я родился в 1897 году в семье казаха-кочевника Чингиской области (ныне Абаевской район) семипалатинской области: дедо мой Ауэз (от имени которого и моя фамилия) и отец Омархан были по арабской письменности книжнограмотными людьми...» деп, туған күнін ескеріп жаза бермейтіндігі байқалады (АП РК.Ф.708.Оп.15.Д.290). Мүмкін, көп нәрсенің көмескі тартып, шынайы бет-пердесі ашыла берме-

ген кеңестік кезеңнің кесірі ме, кемеңгер ойшыл өз өмірбаянын кеңейтіп жазуға құлшыныс танытпағаны байқалады.

1950-жылдардан бергі жазған өмірбаяндарында М.Әуезовтің өзі туған күнін «28 қыркүйек» деп жазады. Жазушының көзі тірісінде тұңғыш рет тұсауы кесілген «Әуезов күндері» де 28 қыркүйек күні, яғни 60 жылдық мерейтойы мен шығармашылық қызметіне 40 жылдығына орай салтанатты түрде аталып өтеді.

2001 жылдан бері әр жылдың 28-қыркүйегінде М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында дәстүрлі түрде «Әуезов оқулары» атты жас ғалымдардың ғылыми-теориялық конференциялары өтіп тұрады. Жазушының «Өмірбаянына қатысты жаңа деректер» деген тақырыптар жөнінде де арнайы дәрістер өткізілген. Алайда, М.Әуезовтің туған күніне қатысты осы екі санның өзгешелігінің себебі жөнінде қызығушылық танытқан кейінгі ізденушілерге, жалпы оқырман қауымға түсіндіріле қоймапты.

Біз осы сауалдың жауабын көне күнтізбе мен жаңа күнтізбенің айырмашылығынан табамыз. М.Әуезовтің өз қолымен толтырылған 1920 жылдардағы өмірбаяндарындағы 15 қыркүйектің кейінгі деректерде, ұлы суреткердің өмірі мен шығармашылығын зерттеп жүрген ізденушілердің, ғалымдардың, мұрағаттанушылардың еңбектерінде 28-інші қыркүйек деп таңбалануы осы көне мен жаңа күнтізбенің ауысуының, яғни олардың аралығындағы 13 күндік айырмашылықтан екендігі белгілі болады. Кеңес одағы Жоғарғы кеңесінің 1918 жылғы 1-ақпан жұма күнін 14 ақпан деп өзгертуге қарар қабылдаған күннен бастап көне күнтізбе жаңа күнтізбемен тураланып, күнтізбелік мәліметтер өзгере бастайды. Сол себепті М.Әуезовтің туылған күні – 15 қыркүйекке 13 санын қосса 28 қыркүйек болып өзгертіледі екен. Енді М.Әуезовтің өмір деректеріне қызығушылық танытқан жастар үшін оның ісқағаздарында екі түрлі беріліп жүрген өмір деректерінің сыры анықталып, таңбалауының тарихы бір ізге түсуі үшін ғылыми мақалаларда, ресми деректердегі мәліметтерде 15-тің (ескі стиль бойынша) қасына жақша ішінде 28 деп (жаңа стиль бойынша) көрсетіп отырса да артық болмас еді. Өйткені, көптеген ғылыми, тарихи еңбектерде оқиғалар мен тұлғалардың туған жылдары мен күндері де екі түрлі санмен беріледі. Және олардың туған күндеріне байланысты екі жақты пікірлер де жоқ емес. Бұл көне күнтізбе мен жаңа

күнтізбедегі уақыттардың айырмашылықтарын білдіретін тарихи дерек. Біздің қазіргі күнтізбеміз 2100 жылға дейін көне күнтізбемен 13 күн айырмашылықпен жүретінін ескерсек, 15-тің жанына жақша ішіне 28-деп жазғаннан ұтылмасымыз анық.

Сонда кейінгі зерттеушілер М.Әуезовтің туған күні төңірегіндегі екі санның таңбалуына, тосырқамай түсіністікпен қарайтын болады.

Гүлзия ПІРӘЛІ

ҚАЗІРГІ МҰХТАРТАНУ

2-КІТАП

Редакторы Дәулет Маханов
Суретшісі Ринат Құрмашев
Беттеген Оңдасын Әшім

ИБ №1542

Пішімі 60x84 $\frac{1}{16}$. Офсеттік қағаз.

Б.т 14. Шарт. б.т. 13. Таралымы 100 дана.

“Елтаным баспасы”-ның баспаханасында басылды.

050052 Алматы қ-сы, Садовый бульвар к-сі, 1.

E-mail: eltanym@mail.ru.

Тел.: +7 701 698 25 49

+7 777 246 91 21

Ескертпе үшін

Ескертпе үшін

Ескертпе үшін

Ескертпе үшін

Ескертпе үшін